АБАЙ

2

АБАЙ

Шывармаларының екі томдық толық жинавы

екінші том

Өлеңдер мен аудармалар

Поэмалар

Қара сөздер

Алматы
"Жазушы"
2002

ББК 84 Қаз 1-5
А 13

Редакторы

Байбота Серікбайұлы Қошым-Ноғай

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы.
А 13 Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы.–Т. 2: Өлеңдер мен аудармалар.– 2002 – 336 бет.

ISBN 5-605-01856-6 (том 2.)
ISBN 5-605-01825-6 (общ.)

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармаларының екі томдық толық жинағының екінші томына ақынның 1896 жылдан кейінгі өлеңдері мен аудармалары және поэмалары, қара сөздері, сондай-ақ „Үкімет билігіндегі сенатқа" атты шағым пікір сніп отыр.

А $\frac{4702250102-28}{402(05)-02}$ құлақтандырусыз-2002 **ББК 84 Қаз 1-5**

ISBN 5-605-01856-6 (том 2.)
ISBN 5-605-01825-6 (общ.)

© „Жазушы" баспасы, 1995
© „Жазушы" баспасы, 2002

Өлеңдер мен аудармалар

1896

* * *

Малға достың мұңы жоқ, малдан басқа, (137)
Аларында шара жоқ, алдамасқа.
Табысына табынып, қалтаң қағып,
Тойғанынан қалғанын берсе алашқа.

Мал жияды мақтанын білдірмекке,
Көзге шұқып, малменен күйдірмекке.
Өзі шошқа, өзгені ит деп ойлар,
Сорпа-сумен, сүйекпен сүйдірмекке.

Ақылды деп, арлы деп, ақпейіл деп
Мақтамайды ешкімді бұл күнде көп.
Осы күнде мал қайда, боқ ішінде,
Алтын алсаң, береді боғынан жеп.

Осыны оқып, ойлай бер, болсаң зерек.
Еңбекті сат, ар сатып неге керек?
Үш-ақ нәрсе — адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

* * *

Туғызған ата-ана жоқ, (138)
Туғызарлық бала жоқ.
Туысқан-туған, құрбылас
Қызығымен және жоқ.

Тулайын десе шара жоқ,
Толықсып жүрер шама жоқ.
Ұйқы мен астан дәм кетіп,
Сақалда, шашта қара жоқ.

Байбайшыл тартып, баға жоқ.
Жастарға жаппас жала жоқ.
Жат қораны күзеткен
Қартаң шалда сана жоқ.

* * *

Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында, (139)
Хан да жанын қыяды қыз жолында.
Алтын-күміс кигені, қамқа, торғын,
Күтуші қыз-келіншек жүр соңында.

Деген сөз: „Бұқа буға, азбан дуға",
Хан қарық боп түсіп жүр айғай-шуға.
Етімді шал сыйпаған құрт жесін деп,
Жартастан қыз құлапты терең суға.

Сән-салтанат жұбантпас жас жүректі,
Кім де болса тұрғысын көксемек-ті.
Мезгілі еткен дәуренді қуалаған
Не қылсын бір қартайған қу сүйекті?

Кәрі, жас дәурені өзге тату емес,
Епке көнер ет жүрек сату емес.
Кімде-кім үлкен болса екі мүшел,
Мал беріп алғанменен қатын емес.

Есерлер жас қатынды тұтады екен,
Жас қайғысын білдірмей жұтады екен.
Ортасында бұлардың махаббат жоқ,
Тұсап қойып қашырар бұқа ма екен?

Бай қартайса, малына берер шылбыр,
Мал өмірді жаңғыртпас, құдай ұрғыр.
Біреудің қызын алып малға сатып,
Баяғыны іздеген қандай құрғыр?

Қатыным қалай демес ақсақал бай,
Сонымен дос боп жүрсің, япырым-ай!
Қу қатының майысса, мәз боласың,
Шайтанның шәкіртінің қылығын-ай!

Қартаң бай, қатты сақ бол, тілге көнсең,
Мүйіз шығар қатынның тіліне ерсең.
Тіпті оңбассың, өзіне өзің мәз боп,
Дастарқан мен қатынды мақтан көрсең.

Кінәсіз бәйбішемен болады араз,
Жастың көңілі жылымас, ол өзіне аз,
Біреуі — көк балдырған, бірі — қурай,
Бір жерге қосыла ма қыс пенен жаз?

Үнем болмас құйрықты бұлаңдатқан,
Сауырына шапақтап, сүйіп жатқан.
Екі көңіл арасы — жылшылық жер,
Оны қайтіп қосады ол ант атқан?

* * *

Сағаттың шықылдағы емес ермек, (140)
hәмишә[1] өмір етпек — ол білдірмек.
Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас,
Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек.

Сағаттың өзі — ұры шықылдаған,
Өмірді білдірмеген, күнде ұрлаған.
Тиянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті,
Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман.

Өткен өмір белгісі — осы сыбдыр,
Көңілді күнде сындыр, әлде тындыр.
Ақыл анық байқаған қылығыңды,
Қу шыққансып қағасың босқа бұлдыр.

Күн жиылып ай болды, он екі ай — жыл,
Жыл жиылып, қартайтып қылғаны — бұл.
Сүйенген, сенген дәурен жалған болса,
Жалғаны жоқ бір тәңірім, кеңшілік қыл.

* * *

Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа, (141)
Адам ойы түрленіп ауған шақта.
Салған ән — көлеңкесі сол көңілдің,
Тактысына[2] билесін ол құлаққа.

Шырқап, қалқып, сорғалап, тамылжиды,
Жүрек тербеп, оятар баста миды.
Бұл дүниенің ләззәті бәрі сонда,
Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды.

Үйқтап жатқан жүректі ән оятар,
Үннің төтті оралған мәні оятар.
Кейі зауық, кейі мұң, дертін қозғап,
Жас балаша көңілді жақсы уатар.

---

[1] hәмишә (парсыша) — هَمِيشَه — ылғи, үнемі.

[2] Такт (орысша) — бұл жерде оленнің ырғағы ретінде алынып отыр.

Адам аз мұны біліп ән салармық,
Тындаушы да аз ол әннен бәһра аларлық.
Мұңмен шыққан, оралған тәтті күйге
Жылы жүрек қайда бар қозғаларлық?

Көбінесе ән басы келеді ашы,
„Кел, тында!“ деп өзгеге болар басшы.
Керім толғап, тауысар қаңғыр-күңгір
Сол жеріне ойыңмен араласшы.

Әннің де естісі бар, есері бар,
Тындаушының құлағын кесері бар.
Ақылдының сөзіндей ойлы күйді
Тындағанда, көңілдің өсері бар.

Білімдіден аяман сөздің майын,
Алты өлеңмен білдірдім әннің жайын.
Ездің басы қаңғырсын, ердің көңілі
Жаңғырсын деп ойладым айтқан сайын.
Көкірегінде оты бар ойлы адамға
Бұл сезімнің суреті тұрар дайын.

Өмірдің алды – ыстық, арты – суық,
Алды – ойын, арт жағы мұңға жуық.
Жақсы әнді тыңдасаң ой көзіңмен,
Өмір сәуле көрсетер судай тұнық.

Жаманға „жар“ деген-ақ ән көрінер,
Жақсы ән білсе, айтуға кім ерінер?
Жарамды әнді тыңдасаң, жаның еріп,
Жабырқаған көңілің көтерілер.

* * *

Адамның кейбір кездері (142)
Көңілде алаң басылса;
Тәңірінің берген өнері
Көк бұлыттан ашылса.

Сылдырлап өңкей келісім
Тас бұлақтың суындай,
Кірлеген жүрек өз ішін
Тұра алмас әсте жуынбай.

Тәңірінің күні жарқырап,
Ұйқыдан көңіл ашар көз.

Куатты ойдан бас құрап,
Еркеленіп шығар сөз.

Сонда ақын белін буынып,
Алды-артына қаранар.
Дүние кірін жуынып,
Көрініп ойға сөз салар.

Қыранша қарап қырымға,
Мұң мен зарды қолға алар.
Кектеніп надан, зұлымға,
Шиыршық атар, толғанар.

Әділет пен ақылға
Сынатып көрген-білгенін,
Білдірсе алыс, жақынға
Солардың сөйле дегенін.

Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сия, ащы тіл
Не жазып кетсе, жайы сол,
Жек көрсеңдер, өзің біл.

* * *

Көк ала бұлт сөгіліп, (143)
Күн жауады кей шақта.
Өне бойы егіліп,
Жас ағады аулақта.

Жауған күнмен жаңғырып,
Жер көгеріп күш алар.
Аққан жасқа қаңғырып,
Бас ауырып, іш жанар.

(РАХЫМШАЛҒА)

Сұлу аттың көркі – жал, (144)
Адамзаттың көркі – мал.
Өмір сүрген кісіге
Дәулет – қызық, бала – бал.

Бал болатын бала бар,
Бал болар ма Рахымшал?!
Бүйтіп берген баланды,
Берген құдай, өзің ал!

(ҚАТЫНЫ МЕН МАСАҚБАЙ)

– Сырмақ қып астына (145)
Байының тоқымын,
Отының басына
Төрінің қоқымын
Бүксітіп,
Бықсытып,
Қоқсытып келтірді.
Осының бәрімен
Көңілінде міні жоқ,
Жүзінің нәрі мен
Бойының сыны жоқ.
Бүкшиіп,
Сексиіп,
Түксиіп өлтірді.

Күлкі боп көргенге,
Құрбыға қадірсіз.
Ас қылып бергенге
Шыдамас, сабырсыз.
Келді, ойбай,
Салды айғай,
Түк қоймай боқтады.
Сөзінің жөні жоқ,
Ақылсыз томырық,
Қатынның күні жоқ –
Қамшы мен жұдырық.
Барқылдап,
Тарқылдап,
Салпылдап тоқтады.

КҮЙІСБАЙҒА

Дұғай сәлем жазамын Күйісбайға, (146)
Бермек болған айғырдың көзі қайда?
Көзді көрсең – бересің, тайсаң – танып,
Алдамшы атанғанның несі пайда?

(ДҮЙСЕНҚҰЛҒА)

Саудайы-ай[1], сауды алмадың-ау, сырқауды алып, (147)
Бір пәлеге жолықтың шырқау барып.
Ала жаздай көгалды бір көрмедің,
Сары жұртқа қондың ба ірге аударып?

РАЗАҚҚА

Мына үйде отыр Разақ, (148)
Елдің жөнін айтар ма,
Шақырып алып сұрасақ.
Үлкен қожа – ортан қол,
Өзгелері – аты жоқ пенен шынашақ.

Сонда Абайдың немересі Әубәкір: – Омархан ағам ше?- дегенде:

Оны дағы байқармыз,
Біраз ғана сынасақ.

* * *

(М. Ю. Лермонтовтан)

Ғашықтық іздеп тантыма, (149)
Аз күн әуре несі іс?
Өзіңнің қара артыңа,
Өткен өмір бейне түс.
Өлгенше болар бар ма дос?
Қуаныш, қайғы – бәрі бос.

ОЙ

(М. Ю. Лермонтовтан)

Қарасам қайғыртар жұрт бұл заманғы, (150)
Салқып, қуыс – омірі я қараңғы.
Білім де жоқ, білімге сенім де жоқ,
Өнерсіз қартаяр деп біл баланды.

---

[1] Саудайы-ай, саудаяй (парсыша) – سودا – мәжнүн, меңіреу, ғашықтықтан мәжнүн болу.

Жасынан білер ескі шалдың мінін,
Аптық жерін, ақылға кеш енгенін.
Өзі өнерсіз, өмірден тез суынар,
Ойлаған жолаушыдай бос жүргенін.

Жамандық жақсылыққа қарар салқын,
Долығы тез басылып, қайтар қарқын.
Ұлыққа қошеметшіл, құл сықылды,
Қатерге аяқ баспас, көрмей артын.

Дәл бейне ерте шыққан бүлдіргенше,
Суық соғып бүрісер, дәмі енгенше.
Көзге де, ауызға да қызығы жоқ,
Қызығы — үзілгені бос жүргенше.

Пайдасыз ғылымменен ми кептірер,
Дос-жарға мақтан етіп, бұлдап көрер:
Жақсы сөз, жақын үміт, тәттілікті
Кемітер, көңіл қоймас, кекеңкірер.

Қуаты қызық қызмет тойларының
Қос қыртысын кетірмес ойларының.
Лап бергіш, к... айналғыш, қайта ойланғыш
Тиянақ оты сөнген бойларының.

Келісімді тәтті ой, әр шеберлік
Қуантпас ойын қозғап пәлен дерлік.
Өз кеудесін өзі аңдып, бой салдырмай,
Тоқымдығы бусанбас неткен ерлік?

Жек көрер, жақсы көрер — кезі білер,
Ашуы, махаббаты босқа сөнер.
Жанында суықтық бар бір жасырын,
Қаны отты жас күнінде шықпас өнер.

Бала мінез ойыншы бұрынғылар
Аңқау екен, мазақтап соны сынар.
Артқа қарап, ақ пейіл шалға күліп,
Абұйырсыз, атақсыз көрге құлар.

Көп салқын бірін бірі ойына алмас,
Кетер жым-жырт, артына із қалдырмас.
Ой қозғарлық артқыға түк қалдырмай,
Ұмыт болар, жоғалар, көпке бармас.

Досың жоқ, дұшпаның жоқ, тыныш жатасың,
Мал үшін аш қатасың, жан сатасың,
Әкесі аштан өлген кісідей-ақ,
Неткен жұрт мал өлтірген жеті атасын?!

ҚАНЖАР

(М. Ю. Лермонтовтан)

Сүйікімді болат қанжар, тұрсың жайнап, (151)
Ыстық, суық майданда шығады ойнап.
Грузин ашулы үста кекке соққан,
Ер шеркес соғыс үшін алған қайрап.

Еркелі нәзік қолмен маған тиді,
Ұмытпа деп айрылған жерде берді.
Қан сорғылар жүзінде жас сорғалап,
Қайғымен өртенгеннің белгісі еді.

Қарп көз қырап маған көп қадалған,
Құпия қайғы өртеніп бойын алған.
Болатша дірілдеген жалын көрген,
Бір күңірт тартып және оттай жанған.

АЛЬБОМҒА

(М. Ю. Лермонтовтан)

Сал демеймін сөзіме ықыласынды, (152)
Қайғылы өлең еттім өз басымды.
Көкірегім бар сырын өз әлінше
Көрінгенге көрсетпей, көп жасырды.

Қол жазуды ермек ет, жатпа бекер,
Бұл көңілсіз дүниеден көп жыл өтер.
Өзі қысқа, өзі асау, тентек өмір
Арттағыға бір белгі қойса нетер?

Кім біледі, кез болса арттағылар
Ойға салып оқыр да, сөзін сынар.
Көзін салып, ойланып кейбір сөзін,
„Рас-ау“ деп мағынасын о дағы ұғар.

Кім білер, жабырқаңқы жазған сөзім
Жібермей, кеп тоқтатар оның көзін.
Жолаушы жол үстінде тамаша еткен
Сықылды еткен жанның бір күмбезін.

* * *

Көк тұман – алдындағы келер заман, (153)
Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған.
Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр,
Сипат жоқ, сурет те жоқ, көзім талған.

Ол күндер – өткен күнмен бәрі бір бәс,
Келер, кетер, артына із қалдырмас.
Соның бірі – арнаулы таусыншақ күн,
Арғысын бір-ақ алла біледі рас.

Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,
„Мені“ мен „менікінің“ мағынасы – екі.
„Мен“ өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
„Менікі“ өлсе өлсін, оған бекі.

Шырақтар, ынталарың „менікінде“,
Тән құмарын іздейсің күні-түнде.
Әділеттік, арлылық, махаббат пен –
Үй жолдасың қабірден әрі өткенде.

Малға сат, пайдаға сат қылығынды,
Ылайла ылай оймен тұнығынды,–
Сонда өмірден алдамшы бола алмассың,
Ол білдірмей ұрламақ қызығынды.

Адам ғапыл[1] дүниені дер менікі,
Менікі деп жүргеннің бәрі оныкі.
Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде,
Сонда, ойла, болады не сенікі?

Мазлұмға[2] жаның ашып, ішің күйсін,
Харекет қыл, пайдасы көпке тисін.
Көптің қамын әуелден тәңірі ойлаған,
Мен сүйгенді сүйді деп иең сүйсін.

---

[1] Ғапыл (арабша) – غَافِلٌ – қапы қалу, байқамау.

[2] Мазлұм (арабша) – مَظْلُومٌ – зұлымдыққа ұшыраған адам.

Көптің бәрін көп деме, көп те бөлек,
Көп ит жеңіп көк итті күнде жемек.
Ғадәләт[1] пен мархамат[2] — көп азығы,
Қайда көрсең, болып бақ, соған көмек.

Әркімнің мақсаты өз керегінде,
Біле алмадым пысығын, зерегін де.
Саяз жүзер сайқалдар ғапыл қалар,
Хақиқат та, дін дағы тереңінде.

* * *

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап, (154)
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.
Өзіне сен, өзінді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап.

Өзінді сенгіштікпен әуре етпе,
Құмарпаз боп мақтанды қуып кетпе.
Жұртпен бірге өзінді қоса алдасып,
Салпылдап сағым қуған бойыңа еп пе?

Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме,
Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме.
Жүрегіне сүңгі де, түбін көзде,
Сонан тапқан — шын асыл, тастай көрме.

* * *

Алла деген сөз жеңіл, (155)
Аллаға ауыз қол емес.
Ынталы жүрек, шын көңіл,
Өнгесі хаққа жол емес.

Денесінің барша қуаты
Өнерге салар бар күшін.
Жүректің ақыл суаты,
Махаббат қылса тәңірі үшін.

---

[1] Ғәдәләт (арабша) — عَدَالَةٌ — әділет, шындық.

[2] Мархамат (арабша) — مَرْحَمَةٌ — рақым, жақсылық, жаны ашушылық.

Ақылға сыймас ол алла,
Тағрипқа[1] тілім қыска ah!
Барлығына шүбәсіз,
Неге мәужүт[2] ол куә.

Ақыл мен хауас[3] барлығын
Білмейдүр, жүрек сезедүр.
Мүтәкәллимин[4], мантикин[5]
Бекер босқа езедүр.

* * *

Құр айқай бақырған (156)
Құлаққа ән бе екен?
Өнерсіз шатылған
Кісіге сән бе екен?

Өңкей надан антұрған,
Қанша айтса, жан ба екен?
Бос жүріп құр қалған
Өміріңе кән бе екен?

* * *

Мен сәлем жазамын, (157)
Қарағым қалқама.
Қайғыңнан азамын,
Барушы айта ма?

Күн бойы күтемін
Келер деп хабарың.
Қайғырмай не етемін,
Бізде жок, назарың.

---

[1] Тағрип, тағриф (арабша) – تَعْرِيفٌ – түсіну, білу, анықтау.

[2] Мәужүт (арабша) – مَوْجُودٌ – бар нәрсе, болмыс.

[3] Хауас (арабша) – خَوَاصٌّ – ерекше қасиетті, сипат, сапа, түр. Бұл жерде сезім мүшелері мағынасында.

[4] Мүтәкәллимин (арабша) – مُتَكَلِّمِين – сөйлеушілер. Бұл жерде діні дәлелдеушілер.

[5] Мантикин (арабша) – مَنْطِقٌ – сөйлеушілер. Бұл жерде терең ой, қисынды сөз.

Көңілге жұбаныш,
Сен едің базарым.
Сенсіз жоқ қуаныш,
Тозды енді ажарым.

* * *

Соры қалың соққы жеген пышанамыз, (158)
Қайтіп суып, жалғаннан күсе аламыз.
Құр дәрімен атқанға өлмейді екен,
Өмірі мақтаншаққа нысанамыз.

(ҒАБИДОЛЛАҒА)

Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын, (159)
Қайдан білсін өмірдің көбін-азын.
Бәйтеректі күндейді жетемін деп,
Жылы күнге мас болып, көрсе жазын.
Күз келген соң тамырын үсік шалып,
Бетегеге жете алмай болар жазым.

Мен дағы кеп есіттім жастың назын,
Қол жетпеске қол созар бар ма ылажың?
„Боламынмен“ жүргенде болат қайтып,
Жалын сөніп, жас жүзін басады ажым.

* * *

Құлақтан кіріп, бойды алар (160)
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй.

Дүние ойдан шығады,
Өзімді өзім ұмытып.
Көңілім әнді ұғады,
Жүрегім бойды жылытып.

Аңсаған шөлде су тапса,
Бас қоймай ма бастауға?
Біреу түртсе, я қақса,
Бой тоқтамас жасқауға.

Бір күйгізіп, сүйгізіп,
Ескі өмірді тіргізер.
Өмір тонын кигізіп,
Жоқты бар қып жүргізер.

Есіткендей болады
Құлағы ескі сыбырды.
Ескі ойға көңілім толады,
Тірілтіп өткен құрғырды.

Ішіп, терең бойлаймын,
Өткен күннің уларын.
Және шын деп ойлаймын
Жұрттың жалған шуларын.

Тағы сене бастаймын
Күнде алдағыш қуларға.
Есім шығып қашпаймын,
Мен ішпеген у бар ма?

* * *

Ерекше естен кетпес қызық қайда? (161)
Жолығатын қыз қайда терең сайда?
Сұлулығын қояйын, мінезі артық,
Ақылды, асыл жүрек, сөзі майда.

Бұл өмірдің қызығы махаббатпен,
Көрге кірсең үлгілі жақсы атақпен.
Арттағыға сөзің мен ісің қалса,
Өлсең де, өлмегенмен боласың тең.

Жүректен ізі кетпес қызық көрсек,
Жақсылықты аянбай жұртқа бөлсек,
Жақынның да, жардың да, асықтың да —
Бәрінің де қызығын көріп білсек.

* * *

(М. Ю. Лермонтовтан)

Боска әуре боп келдің бе тағы мұнда? (162)
Хүкімші шалдар мәз боп отыр ма онда?
Антұрғандық қылығын алла ісі деп,
Нандырар қандай сопы, қандай молда?

Мені өлтірді-ақ, не пайда осыларға?
Менің өмірім оларға қосылар ма?
Ол шалдар қыршын жасты қиғанменен,
Өз бойына жапсырып тұшынар ма?

Сопысынсын, хақ десін, хақты ұмытсын,
Әділетсіз бір жастың басын жұтсын.
Қайнап тұрған қанымды ішкенменен,
Қаңсыған, қатқан ішін не жылытсын?!

Өлтірер, жерге тығар, мола қылмас,
Сүйтсе де жер томпайтпай қойып болмас,
Дірілдеп сол молаға шықса шалдар,
Басқыш болып аспанға шығара алмас.

Бейкүнә зорлықпенен шыққан жаным
Бейішке басшы болар деме, залым!
Суық қабір — қайғысыз ұйқы орны ғой,
Оңай ма жас өмірден айрылғаным?

Мен жаспын, білесің бе жастықты сен?
Не қызықты үміт бар ойға келген!
Көріп пе ең, я болмаса, ұмыттың ба,
Іштегі отты достық пен қастық деген?

Ай, жұлдыз, ағарған таң, жарық күн бар,
Жазғы құс, жапырақта қандай мін бар?
Күндізгі харекеттен босағанда,
Өзіне өзің тиген тәтті түн бар.

Сағыныш бар, дүниеде жұбаныш бар,
Көңілді көтеретін қуаныш бар.
Құлын-тайдай айқасып, ойын салып,
Кептерше сүйеніскен демалыс бар.

Дүниедегі қызықтың бүгін бәрі
Саған салқын тартқандай, сен — бір кәрі.
Болсам деген талапты ұмытқан соң,
Құр кеудеге өмірдің несі дәрі?

Мен — сен емес, жас күнім жайнап тұрған,
Жүректе түрлі талап қайнап тұрған.
Сендер сүрдің, мен де өмір сүрмес пе едім?
Бір шырақ сөнер, кетер саулап тұрған.

Есіткелі келдің бе сырымды сен?
Олардың мақсаты не — білмеймін мен.

Менің ісім өзіне мәлім шығар,
Көңілді түгел айтып болмайды екен.

Менің кеудем сендерге сандықпен тең,
Мүмкін болса, қақ жарып ашып көрсең.
Ішін түгел көрген соң өз көзіңмен,
Тахқиқ[1] мені күнәкар, қу демес ең.

Мейлің өзің, монастырь қылған істі
Алла ісі деп көңілінде көрсең күшті.
Хақ салған бұл кеудемде бір закон бар,
Оны құдай өзгеннен кем демес-ті.

Ақтығымды біледі сол көкірек,
Сол законге билеткен біздің жүрек.
Алла берген хауіпті осы сырым
Көрге бірге өзіммен барса керек.

Мен – өлі жан, ешкімді талғамаймын,
Рақымсыз билерінді қарғамаймын.
Мен кешерлік сүйтсе де іс қылған жоқ,
Разымын деп жалған сөз жалғамаймын.

Қазір тірі, дүниеге мен де ортақпын,
Осы күн батпай, батып жоғалмақпын.
Алдындағы асау жас қайнап тұрған
Мен болмаспын – бір уыс топырақпын.

* * *

(М. Ю. Лермонтовтан)

Менің сырым, жігіттер, емес оңай, (153)
Ешкімнің ортағы жоқ, жүрсін былай!
Нені сүйдім, дүниеде неден күйдім,
Қазысы оның – арым мен бір-ақ құдай.

Жүрегім екеуіне жалбарынар,
Рақымдық пен әділ сор деп жалынар.
Мен тентек пе, түбінде кім жазалы,
Қайғыны жіберуші өзі сынар.

Надандар былшылдайды, құп алмайды,
Үлкен жанның қиялын ұға алмайды.

---

[1] Тахқиқ (арабша) – تحقيق – анық, айқын, рас.

Теңізден таудай толқын соқса дағы,
Жағадағы жартасты жыға алмайды.

Құдай мықты жаратқан үлкен жартас,
Былш-былш еткен, бет бұрып, судан қайтпас.
Бұлтта суық дауыл, жаймен сырлас,
Өзгені жан екен деп сырын айтпас.

ДҰҒА

(М. Ю. Лермонтовтан)

Өмірде ойға түсіп кем-кетігің, (164)
Тулағыш мінезің бар, жүрек, сенің.
Сонда сенің отынды басатұғын,
Осы өлең — оқитұғын дұғам менің.

Ішінде бір қуаты барға ұқсайды,
Тірі сездің жаны — сол, айрылмайды.
Қасиетті нәфәсі[1] желдей есіп,
Қайнап тұрған ыстық қан салқындайды.

Жаныңның ауыр жүгі жеңілгендей,
Көңілден кернеген кек кемігендей —
Болады жылауға да, сенуге де,
Жүректің басынан у төгілгендей.

ҚАСИЕТТІ ДҰҒА

(М. Ю. Лермонтовтан)

Өмірден тепкі жесем жазығым жоқ, (165)
Ешнәрсеге көңілім болмаса тоқ,
Қайта-қайта оқысам бір дұғаны,
Сөніп қалған жүректе жанады шоқ.

Қуаты бар дұғаның қуантарлық,
Қапаланған жүректі жұбантарлық.
Адам ұқпас бір тәтті лебізінен
„Уан“ деген естілер ұлы жарлық.

Көңілім ауыр жүктен бір құтылар,
Кек арылып көкіректен ұмытылар.
Адамның баласына ашып жаным,
Ізгілікке жүрегім бір ұмтылар.

---

[1] Үрлеу, үшкіру. Бұл жерде үні, сөзі деген мағынада.

1898

* * *

Болды да партия, (166)
Ел іші жарылды.
Әуремін мен тыя,
Дауың мен шарыңды.

Құрбыдай хош тұттым
Жасың мен кәріңді.
Жоқтамай, ұмыттым,
Ақыл мен нәріңді.

Ортаға көп салдым
Өзімде барымды.
Япырым-ау, неңді алдым,
Сау қоймай арымды?

Ойымнан ой бөліп,
Қозғадың тамырды.
Көңілге тік келіп,
Кетірдің сабырды.

Ойым да ақ, жарым да ақ,
Кеңімді, тарымды
Қарасам пайымдап,
Сөзің сол сарынды.

Өсекке салмаңдар
Ойымды, жарымды.
Өлшеуге алмаңдар,
Ойым бек тарылды.

Ұрыңнан асырдың
Сұм тілді қарыңды.
Жасырдым, жасырдым,
Енді айттым зарымды.

* * *

Қуаты оттай бұрқырап, (167)
Уәзінге[1] өлшеп тізілген.
Жаңбырлы жайдай сырқырап,
Көк бұлттан үзілген.
Қайран тіл, қайран сөз —
Наданға қадірсіз.

Тәуекел мен батыр ой
Өткір тілді найза етіп,
Сайысып-ақ бақты ғой,
Неше түрлі айла етіп.
Оянбай. қайран жұрт,
Ұялмай қал жым-жырт!

Ақылмен ойлап білген сөз
Бойыңа жұқпас, сырғанар.
Ынталы жүрек сезген сөз
Бар тамырды қуалар.
Ән салар, жатқа алар,
Түбінде құр қалар.

* * *

Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма? (168)
Баяғы күш, баяғы түсің бар ма?
Алды үміт, арты өкініш алдамшы өмір,
Желігін жерге тықпас кісің бар ма?!

Дәмі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма?
Бір бес күннің орны жоқ аптығарға.
Қай қызығы татиды қу өмірдің
Татуды араз, жақынды жат қыларға?

Ет жүрексіз ерніннің айтпа сөзін,
Тіл үйренген нәпсінің қу мінезін.
Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма,
Шымылдық боп көрсетпес шынның жүзін.

---

[1] Уәзін (арабша) — وَزْن — өлшеуіш.

* * *

Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма? (169)
Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?
Махаббат, ғадауат[1] пен майдандасқан
Қайран менің жүрегім мұз болмай ма?

Амалсыз тағдыр бір күн кез болмай ма?
Біреуге жай, біреуге тез болмай ма?
Асау жүрек аяғын шалыс басқан
Жерін тауып артқыға сөз болмай ма?

Сонда жауап бере алман мен бишара,
Сіздерге еркін тиер, байқап қара.
Екі күймек бір жанға әділет пе?
Қаны қара бір жанмын, жаны жара.

Жүрегіннің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!

Жасымда албырт өстім, ойдан жырақ,
Айлаға, ашуға да жақтым шырақ.
Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,
Етекбасты көп көрдім елден бірақ.

Ой кіргелі тимеді ерік өзіме,
Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме.
Өзі ермей, ерік бермей, жұрт қор етті,
Сен есірке, тыныш ұйқтат, бақ сөзіме!

Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей,
Мен келмеске кетермін түк өндірмей.
Өлең шіркін — өсекші, жұртқа жаяр,
Сырымды тоқтатайын айта бермей.

* * *

Жүректе қайрат болмаса, (170)
Ұйқтаған ойды кім түртпек?
Ақылға сәуле қонбаса,
Хайуанша жүріп күнелтпек.

---

[1] Ғадауат (арабша) – عَدَاوَةٌ – дүшпандық, ашу, жек көру.

Аспаса ақыл қайраттан,
Тереңге бармас, үстірттер.
Қартыңның ойы шар тартқан
Әдеті жеңіп күңгірттер.

Тән сүйгенін бермесе,
Жан шыдамас жаны ашып.
Бере берсең бер десе,
Үміт етер таласып.

Малда да бар жан мен тән,
Ақыл, сезім болмаса.
Тіршіліктің несі сән,
Тереңге бет қоймаса?

Атымды адам қойған соң,
Қайтіп надан болайын?
Халқым надан болған соң,
Қайда барып оңайын?!

ЖАМАНБАЛАНЫҢ БАЛАСЫ ӨЛГЕНДЕ

Белгілі сөз: „өлді, өлді“, (171)
Белгісіз оның мекені.
Не халатқа[1] әурілді[2],
Қайда қандай екені.

* * *

Күн артынан күн туар, (172)
Бір күн дамыл еткізбес.
Ой артынан ой қуар,
Желге мінсең, жеткізбес.

---

[1] Халат (арабша) – حَالَةٌ – хал-жай, жағдай. Бұл арада не халге, нендей күйге ұшырады деген мағынада.

[2] Әурілді (парсыша) – آوارہ – ел-жұртынан айырылып, шет жерде қаңғып жүруші. Бұл арада қай жаққа кетті деген мағынада.

* * *

Ауру жүрек ақырын соғады жай, (173)
Шаршап қалған кеудемде тулай алмай.
Кейде ыстық қан басып кетеді оны,
Дөңбекшіген түндерде тыншыға алмай.

Қараңғы саңырау қайғы ойды жеңген,
Еркелік пен достықты ауру көрген.
Ақылы жоқ, ары жоқ шуылдақты
Күнде көріп, тұл бойы жиіркенген.

Тірілтіп өткен күнді, тағы шөлдеп,
Осы күнді күн демес қарғап, міндеп.
Кейде тілеп бақ пенен тағы тыныштық,
Кейде қайғы, азапты тағы да іздеп.

Кейде ойлайды жылауға қайғы зарын,
Тыныпсыз күнде ойлаған дерттің бәрін.
Кейде онысын жасырар жұрттан ұрлап,
Кетірер деп мазақтап беттің арын.

Ауру жүрек ақырын соғады жай,
Өз дертін тығып ішке, білдіре алмай.
Кейде ыстық тағы да қан басады,
Кейде бір сәт тыншығар үн шығармай.

* * *

(Белгісіз автордан)

Қалқам-ай, мен үндемей жүремін көп.(174)
Ойлама отсыз, ойсыз, суық жан деп.
Жүректегі жалынды көзден жас қып,
Ағызғаным болады ол неге сеп?

Антұрған ел көзіне тік қараймын,
Соңымды сен сөгеді-ау деп ойлаймын.
Жүрегімді кескілеп сатып жүрген
Арсыздарды досым деп неге аяймын?

Ішімде қайғым қалың, көз жасым кем,
Адам жоқ, кімді дос деп мен шағушы ем?
Әйел адам гүлмен тең, дымды сүймек,
Көзінен жасы шыққа, бойына ем.

Көңіліңе дайын тұр ғой жайым менің,
Дұшпандығың қатайған шығар сенің.
Егер менің ішімді жарып көрсең,
Жылауынды ұмытып, шошыр едің.

ТЕРЕКТІҢ СЫЙЫ

(М. Ю. Лермонтовтан)

Асау Терек долданып, буырқанып, (175)
Тауды бұзып жол салған, тасты жарып.
Арыстанның жалындай бұйра толқын
Айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып.

Кавказдан шықты жайнап, қылып у-шу,
Түзу жерден жол кернеп ұлғайды су.
Қалың қайрат бойында, беті күліп,
Момынсынған пішінмен ағады қу.

— Кавказдай құзда туған перзенттенмін,
Бұлттың сүтін еміп ержеткенмін.
Казбектен, ағам, сені көксеп шығып,
Кім қақтықса жолымда күйреткенмін.
Зор кеуде адамзаттың айласына
Кенбей, бүгін күшімді көрсеткенмін.
Екі езуім көпіріп, айғайласам,
Шын құтырсам шың тасты тербеткенмін.

Аптығып асау інің келді, ақсақал!
Тау, тасқа, адамзатқа салып жанжал.
Дем алайын деп келдім, аш қойнынды,
Сәлем-сауқат әкелдім, қош көріп ал.

Әкелген бұғы менен маралым бар,
Адамнан тартып алған көп малым бар.
Ер-тоқымы, атымен, қаруымен
Ер шеркесті әкелген амалым бар.

Мұның бәрі — тартуым сізге, — дейді,
Ақылынды айт, ақсақал, бізге, — дейді.
Бақша, зауат, жайларды қылдым талқан,
Әрбір бай жалдап жатыр жүз кедейді.
Қартаң Каспий қалғыған бойыменен
Терекке көзін ашып үндемейді.

– Азырқандың, білемін, ақсақал шал,
Тентегіннің сөзіне құлағың сал.
Казак-орыс қатыны бір сұлуды
Әкеліп ем, қайтейін, оны дағы ал!

Кәрі Каспий қара көк көзін ашты,
Жылы жүзбен Терекке амандасты.
Жыбыр қағып, қозғалып, сылқ-сылқ күліп,
Қатынды алды, қитықсыз араласты.

* * *

(М. Ю. Лермонтовтан)

Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз, (176)
Тастақ жол жарқырайды буға амалсыз.
Елсіз жер тұрғандай боп хаққа мұлгіп,
Сөйлесіп ымдасқандай көкте жұлдыз.

Мен көрдім көктің ғажап жасалғанын,
Жер үйқтап, көкшіл шықпен бу алғанын,
Менің не мұнша қапа, қысылғаным?
Үміт пе, өкініш пе ойланғаным?

Дүниеден үмітім жоқ менің деймін,
Өмірге өткен титтей өкінбеймін.
Азаттық пен тыныштық, көксегенім,
Ұйқтамақ пен ұмытпақ деп іздеймін.

Өлімнің ұйқысы емес іздегенім,
Ұйқы, тыныштық, ұмыту – бер дегенім.
Көкірегімде өмірдің күші тұрып,
Іздеймін дем алысты үзбегенін.

Су сылдырап, жел гулеп, күн шуақтап,
Жылылық пен достықты тұрсын мақтап.
Өнген, өскен жақсы деп емен ағаш,
Теңселіп айтып тұрса, ол шайқақтап.

ШАЙТАН

(М. Ю. Лермонтовтан)

Мұңлы шайтан – құдайдың қуған жаны, (177)
Күнәлі жер кез келіп бір ұшқаны.

Өткен жақсы дәурені ойында оның,
Сондағы не көргені, не қылғаны.

Ол күнде нұрлы бейіш ішінде екен,
Өзі де періштелер түсінде екен.
Жылы жүзбен жұлдыздар жылжып жүріп
Сәлемдесер, сөйлесер күшінде екен.

Ол күнде көз жетпесті көп көздеген,
Түгел білем қайда екен деп іздеген.
Жапа-жалғыз білімнен бақ шықпайды,
Өлшеусіздің сыймасын бір сезбеген.

Босағасы кең еді, төрде орын тар,
Төрде жалғыз отырмақ ойында бар.
Жалғыздық – бір тәнірінің сыбағасы,
Өршілдікпен лағнетке болған душар.

Құдайым шайтансың деп, лағнет етті,
„Лағнетпен“ де қор бола қалман депті.
Алладан қарғыс алған кеудесінен
Сүю мен сол сағатта сенім кетті.

Адаммен сонан бері болды кекті,
Өлмес, өшпес өзіне көзі жетті.
Не қылғанмен қуанар болмаған соң,
Несіне жер дүниеге пәле септі?

Тиянақ, сенім, сүю көрмей өтті,
Алаң-жұлаң етіпті, тентірепті.
Алласыз дос таппады, сыр таппады,
Неше мың жыл кезсе де төңіректі.

Жаманды күнде азғырса, жан демейді,
Жақсы жаннан кей-кейде таяқ жейді.
Күнінде неше бүлік шығарса да,
Еңбегі жанған жан боп сүйінбейді.

Сүйтсе де жамандыққа бір тоймаған,
Антұрғандық қылығын еш қоймаған.
Баяғы алдау, ескірген көрі иттікпен
Не қылдым, не бітірдім деп ойлаған.

„Ақылға, өмірге де адам кенде,
Өлмес өмір, қайрат, күш – бәрі менде.
Күнінде жүз қуанып, күліп жүрген
Осы адам уайымсыз не еткен пенде?..

* * *

(В. А. Крыловтан)

Мен көрдім үзын қайың құлағанын, (178)
Бас ұрып қара жерге сұлағанын.
Жапырағы сарғайып, өлімсіреп,
Байғұстың кім тындайды жылағанын?

Мен көрдім ойнап жүрген қызыл киік,
Кеудесіне мылтықтың оғы тиіп,
Қалжырап, қансыраған, қабақ түскен, –
Кімге батар ол байғұс тартқан күйік?

Мен көрдім сынық қанат көбелекті,
О дағы білер өмірді іздемекті.
Күн шуаққа жылынар қалт-құлт етіп,
Одан ғибрат алар жан бір бөлек-ті.

Мен көрдім ғашық жардан уәдесіздік,
Өмірдің қызығынан күдер үздік.
Жылы жүрек суыды, жара түсті,
Шықпаған шыбын жанмен күн өткіздік.

Мен көрдім дүние деген иттің көтін,
Жеп жүр ғой біреуінің біреуі етін.
Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда,
Көбінің сырты бүтін, іші түтін.

ЕМЕН МЕН ШІЛІК

(И. А. Крыловтан)

Шілік пен емен бір күн сөйлесіпті: (179)
– Аллаға, сорлы, неден жаздың? – депті.
Торғайға да майысып солқылдайсың,
Жел бүлк етсе, тебесің әлпеншекті.

Құдай басқа салмасын сен секілді
Желмен жерге жығылып, жар сүзбекті.
Обалың бір құдайға, байғұс, сенің,
Қақтырып қойған мұнша бос селтекті.

Қарашы маған, сендей сорлы емеспін,
Тау, жартасқа, ұзарып, бой теңестім.

Сенің қорыққан дауылың – маған өлкек[1]
Маңыма сәуле өткізбей, күнге егестім.

Тырп етпес менің күшім жауын, желге,
Жапырағым көлеңке талай жерге.
Ығыма сені де алып қорғар едім,
Иең сені бітірген иен дөңге.

– Есіркегіш екенсің, – деді шілік,–
Онша сорлы емеспін, тартпа күйік!
Сынбаймын майыссам да, солқылдаймын,
Желден маған келмейді еш кемшілік.

Бүгінгі аман бола ма үнемі аман?
Кердендікпен деп тұрсың не бар маған.
Шалқақтық иілмейтін кімге жаққан,
Екпінге ерегіссең, қатер саған.

Кавказға бір қап-қара бұлыт мінді,
Естіп тұрған кісідей тау күңіренді.
Жер-дүниені шаң, тұман қабат басып,
Ойнақ қағып, құтырып дауыл келді.

Арты бұршақ, алды шаң жел құтырды,
Шілік жерге бас ұрды, емен тұрды.
Басы көкке, сирағы жерге енсе де,
Ақырып долданғанда алып ұрды.
Майысқаннан шіліктің несі кетті,
Батыр, мақтан күйлеме сен де о ғұрлы.

ҚАЗАҒА ҰРЫНҒАН ҚАРА ШЕКПЕН

(И. А. Крыловтан)

Қорасына бір байдың (180)
Түнде кірді ұрылар.
Қазынасы қайда сондайдың,
Аңдығыш, білгіш құрғырлар.

Біліп кеп тұрған лапкесін
Бұзып, талқан етіпті.

---

[1] Майда жел.

Түк қалдырмай әммесін,
Үптепті де кетіпті.

Қайғысыз жатып, қарны тоқ,
Ұйқысы қанып тұрды бай,
Тыр жалаңаш, түк те жоқ
Лапкесі, үйі айнадай.

Есі шықты, көрді де,
Ұры иттің қылғанын.
Ойбай салды, білді де,
Қаса сорлы болғанын.

Кешегі елдің бір байын
Бір түнде қалай мұнша алу?
Ояна келсе, дап-дайын
Қайыршы болу, қап салу.

Ойбай салды, зарлады,
Құр қайғыдан пайда жоқ.
Төңіректі шарлады,
Ұрыны табар айла жоқ.

Қарны да әбден ашады,
Ішеріне шай да жоқ.
Қайтерін білмей сасады.
Осындайлар қайда жоқ?

Ағайынын, дос-жарын
Жиып алып үйіне,
Жылады шағып мұң-зарын,
Болыстық қыл деп күйіне.

Бәрі ақылды, бәрі есті,
Бәрі желдей еседі.
—Болмас еді бұл, — десті,—
Өзіннен болды,— деседі.

Біреуі айтты: — Лапкенді
Мұнша алысқа салмау ғой,
Аулаққа тастап әр неңді,
Бүйтіп ғапыл қалмау ғой.

— Аузың күйді аулақтан,
Енді жақын салсаңшы.
Қабаған біздің мойнақтан
Бір күшікті алсаңшы.

Бір күшікті сіз үшін
Берейін, құда, келтіріп.
Жылда талай күшікті
Бос қырушы ем өлтіріп.

Бөз орнына сөз беріп,
Құда, тамыр, дос кетті.
Қол ұстамай, көз көріп,
Айтқан арыз бос кетті.

Ағайынға іс түспек –
Ол бір үлкен қарғыс қой.
Аларың сонда ең күштеп –
„Бишара“ менен „байғұс“ қой.

ЖАРЛЫ БАЙ

(И. А. Крыловтан)

Жаман үйде жалғыз шал, (181)
Өзі – кедей, күңіренді.
Өзі көрген байлардың
Мінезінен жиренді.

Өзіне өзі сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
„Обал жоқ осы байларға
Мал қызығын көрмеген.
Жақсы төсек, тәтті ас жоқ,
Жан қадірін білмеген.

Салпыл қақты, түн қатты,
„Мал-мал!“ деді, мал тапты.
Байыған сайын күтім жоқ,
Пейілі кетті, ант атты.

Қартайғанша қақаңтап,
Бұл тәңірі атқан талмай ма?
Иттеніп жүріп өлмей ме,
Өлсе, бәрі қалмай ма?

Маған бітсе осы мал,
Жанымды неге қыстар ем?
Мың теңгені бір сомдай
Қызығыма ұстар ем.

Сән-салтанат жүруім
Болар еді татымды.
Есітер еді алыс жер
Қызықты жомарт атымды.

Байлықпен пайдам тигізіп,
Сыйлар ем алыс-жақынды.
„Сараңның – дәулет – өз соры“,–
Деп айтыпты ақылды.

Аузын жимай бір адам
Кіріп келді тесіктен,–
Жәдігөй ме, шайтан ба?–
Әйтеуір әлгі сөзді есіткен.

Келе сала сөйлейді:
– Байлықты керек қылдың сен.
Қылайын деген ісінді
Мен есіттім байлықпен.

Сен мына бір ішінде
Ділдәсі бар дорбаны ал!
Бірін алсаң және бір
Ділдә дайын, қолың сал.

Санап ала бер дағы,
Дегеніндей бола қал.
Қанша керек болса да,
Міне дәулет, міне мал.

Бірақ, байғұс, айтайын
Мұның бір сертін, қатты антын:
„Дорба қолда тұрғанда,
Ұстауға жоқ бір алтын.

Дорбаны әуел дарияға ат,
Тойғаныңша ал дағы.
Онан соң өзің білесің,
Ұстай бер қайтып бар дағы“.

Дорбаны беріп, жоғалды,
Аң-таң қылып байғұсты.
Есін жиып алған соң,
Дорбаға кедей жабысты.

Айтқанындай дорбаға
Қолын салды, бірді алды.
Және бірі дап-дайын,
Есі шығып таң қалды.

„Таң атқанша осылай
Бере берсе бұл дорба,
Талай алтын жиям ғой,
Ертең менен бай бар ма?

Қалбалақтап түн бойы,
Алып бақты бұл сорлы.
Қанша алтын алса да,
Тоя алмады ол ғұрлы.

Қарайды да алтынға,
Қомсынады „аз ғой“,— деп,
„Қыстау керек, үй керек,
Сән-салтанат, расход көп.

Азар болса аштыққа
Тағы бір күн шыдармын.
Алтын ассын есептен,
Содан кейін армансыз
Қыл дегенін қылармын“.

Үйіндегі бір нанды
Бір ай жеді аз-аздан.
Бір күн түгіл, бір айды
Ынсап қылмай ол жазған.

Дорбаны суға салғалы
Дарияға таман жүз барған.
„Бүгінше тұрсын, өлмен“,— деп,
Үйіне қайта апарған.

Дорбаны сауып тыныштықсыз
Бір ай түгіл, жыл өтті.
Алтындай жүзі сарғайды,
Қол дірілдеп, әл кетті.

Ассыз, сусыз, дерт жеңіп,
Өзі де әбден жүдепті.
Тоғыз миллион санарда
Ажал жетті, күн бітті.

Алтын қайда, сөз қайда?!
Қу нәпсіден не пайда?

ЕСЕК ПЕН БҰЛБҰЛ

(И. А. Крыловтан)

Тойған есек шөпті оттап маңайдағы (182)
Соныркап шатқа кетті қай-қайдағы.
Тентіреп өлкені өрлеп келе жатып,
Жолықты бір бұлбұлға тоғайдағы.

– Сенбісің ақын бұлбұл, жаңа көрдім,
Атыңа жұрт мақтаған құмар едім.
Бір сайрап берсең, қалқам, өзім естіп,
Рас па екен жұрттың сөзі, сынар едім.

Өнерге салды бұлбұл сонда аңыратып,
Шыңғыртып, шымырлатып, сорғалатып,
Мың түрлі күйге салып толқынтады,
Маңайда жан біткенді таңырқатып.

Қой жатыр, қойшы тыңдап тұрды елбіреп,
Көзіне қып-қызыл боп жас мөлдіреп.
Жел соқпай, құс шуламай, бәрі жым-жырт,
Әнге көңіл жіберіп тұрды елжіреп.

Бұлбұл болды, тосып тұр есек сөзін,
Есек жерге қаратып екі көзін:
„Іш пыспай-ақ тыңдарлық бар екенсің,
Әттегене-ай, білмепсің әтешті өзің!

Екенсің ән салуға сен дағы епті,
Сен біраз әтеш әнін үйрен!“– депті.
Бұл сықылды сыншының сөзін естіп,
Көз көрмеске бұлбұл да ұшып кетті.

Демеймін жұрт мақтасын,
Я жақсын, я жақпасын.
Сүйтсе де мұндай сыншыдан
Құдайым бізді сақтасын.

ҚАРҒА МЕН БҮРКІТ

(И. А. Крыловтан)

Қой жайылып жаздыгүн (183)
Шыққан екен қияға.
Аспаннан бүркіт құйқылжып,
Сорғалап келіп ыраға[1],
Бір қозы іліп ап кетті
Құздағы қиын ұяға.
Екпіні күшті ер үшін,
Еңбек қылды жем үшін
Үядағы балаға.
Көрді де мұны бір қарға,
Желікті бір іс бастарға:
„Қозыны да тамақ деп,
Кім ап шықсын тастарға!
Ең семізін ілейін
Қызық қылып ашарға",—
Деді дағы, аралап,
Жабысты келіп қошқарға.
Қалшылдап, дірілдеп
Тырнағын салады,
Қанатын қайқайтып,
Өкетпек болады.
Бүркіттей емес екені
Кешікпей-ақ білінді.
Жабағыға тырнағы
Шықпастай боп ілінді.
Жалпылдап, салпылдап,
Қойшыларға көрінді.
Әддін[2] білмес шіркінді
Құдай өбден қарғады.
Қойшылар көріп күлісіп,
Үстап алды қарғаны.
Құрысын да шіркіннің,
Семіз қойды алғаны.
Үшпасын деп қимаған
Қанат, құйрық қалмады.
Бір жіпті берік бек байлап,
Аяғына жалғады.

---

[1] Таудың құлама етегі.
[2] Күш, шама деген мағынада.

Балаларға ойын боп,
Қор болып сүйтіп қалғаны.

Азат басың болсын құл,
Қолдан келмес іске ұмтыл!

ШЕГІРТКЕ МЕН ҚҰМЫРСҚА

(И. А. Крыловтан)

Шырылдауық шегіртке (184)
Ыршып жүріп ән салған.
Көгалды қуып гөлайттап,
Қызықпен жүріп жазды алған.

Жаздыгүнгі жапырақтың
Бірінде тамақ, бірінде үй,
Жапырақ кетті, жаз кетті,
Күз болған соң кетті күй.

Жылы жаз жоқ, тамақ жоқ,
Өкінгеннен не пайда?
Суыққа тоңған, қарны ашқан
Ойын қайда, ән қайда?

Онымен тұрмады,
Қар көрінді, қыс болды.
Сауықшыл сорлы бүкшиді,
Тым-ақ қиын іс болды.

Секіру қайда, сүрініп,
Қабағын қайғы жабады.
Саламда жатып дән жиған
Құмырсқаны іздеп табады.

Селкілдеп келіп жығылды,
Аяғына бас ұра:
— Қарағым, жылыт, тамақ бер,
Жаз шыққанша асыра!

— Мұның, жаным, сөз емес,
Жаз өтерін білмеп пе ең?
Жаның үшін еш шаруа
Ала жаздай қылмап па ең?

– Мен өзіндей шаруашыл,
Жұмсақ илеу үйлі ме?
Көгалды қуып, ән салып,
Өлеңнен қолым тиді ме?

– Қайтсін, қолы тимепті,
Өлеңші, әнші есіл ер!
Ала жаздай ән салсаң,
Селкілде де, билей бер!

ӘНШІЛЕР

(И. А. Крыловтан)

Көршіні көрші шақырды, (185)
Болды да сыйлап ас бермек.
Қулығын ішке жасырды:
Баланың әнін есіттірмек.

Балалар шулап, бақырды,
Ынтасы – даусын білдірмек.
Қонақтың күйіи қашырды,
Басты ауыртты көп дүрмек.

Алды-алдына кетеді,
Қосылмайды әндері.
Құлағынан өтеді
Құр айғай салған сәндері.

– Япырмай, көрші-ай, не қылды?
Бас ауырды, қаңғырды.
Құлағын басып жалынды,
Қойғыза көр деп құрғырды.

– Тым-ақ даусы күшті екен,
Бекер де емес сенікі.
Сүйтсе де арақ ішпеген
Есті ұлдар ғой менікі.

Есі шықпай мұнан да ішкен артық,
Қисыны жоқ қышқырған не еткен тантық!

АЛА ҚОЙЛАР

(И. А. Крыловтан)

Бір таудағы хайуанды бір арыстан (186)
Билеген патшасы екен әуел бастан.
Әділ атақ алмақшы ниеті бар,
Ешкімді ауыртпастан, жылатпастан.

Онысы рас, басында тәуір болған,
Сөйтсе де кімді бұзбас бақ антұрған.
Алдынан жан шықпаған патшамыздың
Ала қойды көргенде көзі ауырған.

Ала қойда кінә жоқ жүннен басқа,
Қойдан қашып шығыпты патша тасқа.
Көрсе қаза тұрады аза бойы,
Болмады бұған айла ойламасқа.

Тұрды патша қайғырып уайым жеп:
„Ала қойды болады қайткенім еп?“
Аю, түлкі – қасында уәзірлері,
Кеңеседі оларға „қайтемін?“– деп.

Қолбаң етіп, қорс етіп сөйледі аю:
– Батыр патшам, не керек көп ойлану?
Қойды жан деп, есіркеп кім аяйды?
Ақылы ала қойдың – қырып салу.

Қабағын түйді арыстан сөзін ұғып:
– Өлтірмегім оңай-ақ қойды сығып.
Өз жұртын өзі қырған патша бар ма?
Жаман аттан қорқамын, кетсе шығып.

– Бекер қан төктірмеңіз, әділ патшам,
Сөкпеңіз,– деді түлкі,– мен сөз айтсам.
Оңаша бір өзенді қойға беріп,
Қайраңында семіртіп, кең жайлатсаң.

Жарлықты кешіктірмей тез беріңіз,
Жаманды жақсыменен тең көріңіз.
Ала қой қорыққаннан өзі азаяр,
Қойшылыққа қасқырды жіберіңіз.

Қара деп қатты тапсыр ала қойды-ақ,
Өзгесі өсер, ол кемір, сөзіме бақ.

Жақсы сөзбен біреуге тапсырған соң,
Жаман аттан боласыз сіз дағы аулақ.

„Құп“ деді, оны арыстан қабыл көрді,
Қасқырға „жақсы бақ“ деп жарлық берді.
Ала түгіл ағынан тыныш бопты,
Түлкінің айтқанындай қылып еді.

Түлкінің айтқаны рас, жұрт – ақылсыз,
Көре салды қасқырдан баяғы арсыз.
Антұрғандық түлкі мен арыстанда,
Ол болмаса, не қылмақ қасқыр жалғыз?

ҚАРҒА МЕН ТҮЛКІ

(И. А. Крыловтан)

Жұрт біледі, күледі, (187)
Сұрқия тілдің жаманын,
Қошеметшілердің амалын.
Сонда да солар қайда жоқ?
Ептеп айтса, ересің,
Артынан өкінсең де пайда жоқ.

Ірімшікті құдайым
Кез қылды бір күн қарғаға.
Алып ұшып барды да,
Қонды бір биік ағашқа.
Үлкен олжа емес пе
Ірімшік деген қарны ашқа?
Бір жеп алып, шүкірлік
Қылайын деп аллаға,
Тұмсығында ірімшік,
Ойланып қарап тұр еді,
Бір ку түлкі сорына
Жақын жерде жүр еді,
Ішіне сақтап қулығын,
Ептеп барып барлайды,
Бұлтақтатын құйрығын,
Қарғаның көзін алдайды.
Тотті тілмен, тотті үнмен
Сойлесуге айналды:
„Қарағым, не еткен сұлу ең!“ –
Деп таңырқап таңданды, –
„Не еткен мойын, не еткен көз,

Осыдан артық дейсің бе
Ертегі қылып айтқан сөз?
Қалайша біткен, ұпырмай,
Мұрныңыз бен жүніңіз!
Періштенің үніндей
Деп ойлаймын үніңіз.
Осы көріктен, бұл жүнмен,
Әншілігің белгілі,
Ұялмай, қалқам, бір сайра,
Біз де алалық үлгіні.
Құс төресі біздерге
Сіз боларсыз бір күні".
Басы айналды қарғаның
Сұмның айтқан сөзіне.
Қуанғаннан бөртініп,
Бір мастық кірді өзіне.
Өзіне біткен өңешін
Аямастан қарқ етті,
Ірімшік жерге салп етті,
Іс бітті, қу кетті.

ҚАРҒА МЕН ТҮЛКІ

(И. А. Крыловтан)

Боқтықта талтаңдап, (188)
Жан-жаққа жалтаңдап,
Бір қарға жүр еді.
Бір жатқан ірімшік
Көзіне түседі,
Көңілі өседі.
Ірімшікті көрінген
Тістеп ап ұшады.
Бір ағашқа қонды да,
Асықпай жемек болды да,
Мазатсып қарады
Оңына, солына.
Ағашқа қонып, қаранып,
Қанатын, жүнін таранып,
Болмақшы еді мәз-мейрам
Дейтін емес қу қайдан,
Жем іздеген бір түлкі
Кездей келді сорына.
Ағаштан төмен түспеген,
Ірімшікті тістеген
Қарға түсті көзіне.

Қу құмар ақымаққа
Алдап, арбап соқпаққа
Кеңеседі өзіне.
Жуасып, жабырқап,
Таң қалып, таңырқап,
Қарады жүзіне.
Қарашы залымның,
Бұл жұртқа мәлімнің
Алдаған сөзіне:
— Есен-сау жүрсіз бе?
Ақынның төресі?
Көп жерден белгілі
Тегін құс емесі.
Жүніңіз, үніңіз,
Мұрныңыз, көзіңіз,
Құлаққа көп тиген
Мақталған кеңесі.
Басынан өзгеше
Бітіпті денесі.
Көп жерден, қалқам-ай,

Құмарым тарқамай,
Сізді іздеп келіп ем.
Сүйінсін құлағым,
Тарқасын құмарым,
Әніңе бір салшы,
Асық боп келіп ем.
Мақтауға есіріп,
Барынша көсіліп,
Ырғалып қарқ етті,
Ірімшік жерге салп етті.
Тап етті, шап етті,
Ап кетті қу түлкі.
Антұрған, сол тұрған
Жеріңде бол күлкі.

БАҚА МЕН ӨГІЗ

(И. А. Крыловтан)

Қарасаң, тым-ақ көп (189)
Көре алмас іші тар.
Несі артық, бізден деп,
Салыспақ жұрт та бар.

Су ішкелі бір өгіз
Барып еді бұлаққа.
Бақалар қорқып, тарбақтап
Қашып шықты әр жаққа.

Бақаға өгіз таумен тең,
Ұшып кетті зәресі.
Мақтаншақтың, сен көрсең,
Бақада екен төресі.

Өз-өзінен бір бақа
Күшенді де, бөртінді.
Қарны үлкейді қампайып,
Өгіздей болам деп ісінді.

Қасындағы жолдасқа:
„Қарашы,— деді, — сен бізге!
Қиын ба екен үлкею,
Жеткем жоқ па өгізге?“

„Ісіндің, кебіндің,
Сонда да не пайда?
Түрі жат өгіздің,
Сен қайда, ол қайда?“

Күшенді кеп кіжініп,
Келгенінше шамасы,
„Өстім ғой“,— деп ісініп,
Дейді: „Енді бір қарашы!“

Қарады да: — „Дәнеме
Болған жоқ қой, қой!“— деді.
Қызып алған антұрған
Айтқан сөзге көнбеді.

Ыңқыл қағып, тыпырлап,
Күшенді де, бөртінді.
Іш жарылды сытырлап.
Мақтанам деп өзі өлді.

Таласпа, жаным-ай,
Қолыңнан келмеске.
Боларсың бақадай,
Көп түссең егеске.

ПІЛ МЕН ҚАНДЕН

(И. А. Крыловтан)

Көшеде піл жетелеп біреу жүрді, (190)
Кім көріпті хайуанды мұндай түрлі.
Көрсеткелі ап жүрген жануарды
Тамашалап, артынан жұрт боп ерді.

Көшеде кез боп бір қанден
Ұмтылды пілге шаптығып.
Шаңқылдап үрді ерленіп,
Тартынбай ұрысар жан шығып.

Қанденге бір ит кездей боп
Деді: „Әлінді білсеңші,
Пілмен ұрысар сиқың жоқ,
Мазақ болмай, қой, көрші!

Қырқылдап қалдың, не бітті?
Әуре болмай, қой! — деді.
Сен бұлқындың, ол кетті,
Жан деген жоқ ол сені".

„Мен де соны білемін,
Сондықтан ер боп келемін.
Ұрыс, соғыс қылмай-ақ,
Ер атанып көремін.

Жұрт мұнымды көрмей ме?
Батыр атақ бермей ме?
Қой, бұл қанден — ер шіркін,
Пілге де үрген демей ме?"

ЕСЕК

Қырық-елу қос бір жерден (191)
Қайтқан екен керуендер.
Мал айдап барып әр елден
Сауда қылып жүргендер.

Алтын артқан бір есек
Соларменен келеді.
Ол жай жүрсе, жұрт та жай,
Ол желсе, жұрт желеді.

Тамам қостың байлары
Маңайынан кетпейді.
Қошемет қылып бәрлері
Шомын да жөндеп ерттейді.

Ортаға алып әлгіні
Бәрі бірдей сыйлайды.
Бірі сүйіп құлақтан,
Бірі жүнін сыйпайды.

Сылап-сыйпап, қадірлеп,
Беретұғын жем де артық.
Есер шіркін есіріп,
Болып алды тым тантық.

Көш бойы жұрт қасында,
Өзгеменен жұмыс жоқ.
Атты теуіп, адамды
Тістесе де сөгіс жоқ.

„Құдай аман сақта,— деп, —
Жарда, суда!“— бата алған.
Еркелетіп ат қойып,
„Жаппарқұл мырза“ аталған.

Алтын үсте жүргенде,
Сол қадірмен көп жүрген.
Өз ойында көк есек
Өзгеше тудым деп жүрген.

Алтынды бір күн бай алды,
Есектен жұрт та түңілді.
„Жаппарқұл“ аты жоғалды,
Бок тасуға жегілді.

Қарасаңшы бойына,
Ұзын құлақ қалпың ғой.
Жұрт ергені соңына —
Үстіндегі алтын ғой.

* * *

Есіңде бар ма жас күнің, (192)
Көкірегің толық, басың бос,
Қайғысыз, ойсыз, мас күнің –
Кімді көрсең, бәрі дос.

Махаббат, қызық, мал мен бақ
Көрінуші еді доска ортақ.
Үміт жақын, көңіл ақ,
Болар ма сондай қызық шақ?

Құдай-ау, қайда сол жылдар,
Махаббат, қызық мол жылдар?
Ақырын, ақырын шегініп,
Алыстап кетті-ау құрғырлар!

Жалынасың, боқтайсың,
Сағынасың, жоқтайсың.
Махаббат кетті, дос кетті –
Жете алмайсың, тоқтайсың.

Көзіме жас бер, жылайын,
Шыдам бер, сабыр қылайын.
Жаралы болған жүрекке
Дауа бер, жамап сынайын.

* * *

Жүрегім менің қырық жамау (193)
Қиянатшыл дүниеден.
Қайтып аман қалсын сау,
Қайтқаннан соң әрнеден.

Өлді кейі, кейі – жау,
Кімді сүйсе бұл жүрек.
Кімі – қастық, кімі – дау,
Сүйенерге жоқ тірек.

Кәрілік те тұр тақау,
Алдымызда айла жоқ.
Қайғысыздың бәрі — асау,
Бізге онан пайда жоқ.

Қан жүректі қайғылы-ау,
Қайырыла кет сен маған.
Қасиетін ойлан-ау,
Қам көңілдің тынбаған.

* * *

Адам — бір боқ көтерген боқтың қабы, (194)
Боқтан сасық, боласың өлсең тағы.
Мені мен сен тең бе деп мақтанасың,
Білімсіздік белгісі — ол баяғы.

Кеше бала ең, келдің ғой талай жасқа,
Кез жетті бір қалыпта тұра алмасқа.
Адамды сүй, алланың хикметін сез,
Не қызық бар өмірде онан басқа?!

* * *

Күшік асырап, ит еттім, (195)
Ол балтырымды қанатты.
Біреуге мылтық үйреттім,
Ол мерген болды, мені атты.

* * *

Сүйсіне алмадым, сүймедім, (196)
Сүйегім жасып, сор қалың.
Сүйісіп саған тимедім,
Бола алмадым сенің жарың.

(ДҮТБАЙҒА)

Жылуы жоқ бойының, (197)
Жылмиғаны неткені?
Құбылуы ойының –
Кетпей құйтың еткені.

Мұнды, жылмаң пішінін
Кезек киіп, ел жиып,
Болыс болса, түсінің
Түксігін салар тырсиып.

Бір көрмеге тәп-тәтті
Қазаны мен қалбаңы.
Дөң айналмай ант атты,
Бүксіп, бықсып ар жағы.

Сенен аяр түгі жоқ,
Бүгін сыйлас көрініп,
Бүгін жалын, ертең шоқ,
Сөзі мен өзі бөлініп.

Әлі үміт, әлі серт,
Жын сықылды бұзылып.
Қулық емес, бұл – бір дерт,
Тұрлауы жоқ құбылып.

* * *

Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен, (198)
Менмен, кердең, қайғысыз ер көңілмен,
Жазғытұрым жасырып жердің бетін,
Жасыл шөппен, бой жеткен егінмен тең.

Сонан бері рахымсыз көп жыл өтті,
Орақ келер, орылар мезгіл жетті.
Жылы менен суықтың бәрін көріп,
Қайран көңіл қайыспай қайрат етті.

Ауыр ойды көтеріп ауырған жан,
Қайғы-қасірет жүзіне белгі салған.
Дәні толық, басы үлкен егіндей-ақ
Сенің де басың имек жерге таман.

Өлейін деп өлмейді өлерлік жан,
Әсте өлмесін білгендей қылық қылған.
Ажал келіп бас салса, жанды ұрласа,
Өмір қайда, сен қайда, соны да ойлан.

Адамзат – бүгін адам, ертең топырақ,
Бүгінгі өмір жарқылдап алдар бірақ.
Ертең өзің қайдасың, білемісің,
Өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ.

ЖАЛАУ

(М. Ю. Лермонтовтан)

Жалғыз жалау жалтылдап (199)
Тұманды теңіз өрінде.
Жат жерде жүр не тындап?
Несі бар туған жерінде?

Ойнақтап толқын, жел гулеп,
Майысар діңгек сықырлап.
Ол жүрген жоқ бақ іздеп,
Қашпайды бақтан бойды ұрлап.

Астында дария – көк майдан,
Үстінде сәуле – алтын күн.
Қарашы, ол бүлік құдайдан
Сұрайды дауыл күні-түн.

ЖАРТАС

(М. Ю. Лермонтовтан)

Қонады бір күн жас бұлт (200)
Жартастың төсін құшақтап.
Жөнелді ертең, қалды ұмыт,
Көк жүзіне ойнақтап.

Ажымды жүзі тершіген
Кәрі жартас таң қапты:
– Бәрі осы-ау,– деп,– құз деген,
Томсарып тұрып жылапты.

* * *

(Я. Полонскийден)

Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы, (201)
Теңіздің түбіндей-ақ қарап бақшы.
Сол жүректен жылылық, достық пенен
Бұлақша ағып ғаламға тарамақшы.

Жан шөлдер өзіндеймен танысканша,
Бірінен бірі үлесіп алысқанша.
Құмарланар, сүйісер жүрек тауып,
Қытықсыз қызықпенен бас қосқанша.

Жұрттың сөзі: тағдырға адам көнбек,
Бір антұрған еріксіз мезгіл келмек.
Осы сенің қызығың, қуанышың
Сағымша жоқ боп кетіп түгесілмек.

Бейне бір сол қазынаны бір жау алмақ,
Жүректің кең дариясы құрып қалмақ.
Суық ақыл жүрекке бұйрық жазып,
Оны бір өзі өзгеше жолға салмақ.

Жүрегін пайдасы үшін жұрт ұсатпақ,
Кірмен өлшеп базарға ұстап сатпақ.
Оны сатып, ол кімді уатады?
Оның өзін тағы да кім уатпақ?

Жұрт айтқан сол ант мезгіл келсең керек...
Мен де пенде, амалсыз көнсем керек.
Қызығы зор қайран дос, қайран тату,
Сендер өлдің, мен дағы өлсем керек!

* * *

Жүрегім, нені сезесің, (202)
Сенен басқа жан жоқ па?
Дүниені, көңілім, кезесің,
Тиянақ жоқ па, қой, тоқта!

Сезгеніңді сездіріп,
Жете алмадың ортаққа.
Тірі жаннан бездіріп,
Апарасың қай жаққа?

Ортақтық, тыныштық достық қой,
Оның қадірін кім білер?
Әркімге-ақ тілеу қостық қой,
Бәрі — алдамшы саудагер.

Халықтың аты керек қой
Я мақтауға, боқтауға.
Құбылға бәрі зерек қой,
Бәрі жайсыз тоқтауға.

Досты қайдан табасың,
Кеңесерге адам жоқ.
Әрлі-берлі шабасың,
Жалғыздықтан жаман жоқ.

Ақыл айтсаң біреуге
Ішің еріп, егіліп,
Ұялмас ақы тілеуге,
Бермесең қалар түңіліп.

Ақы беріп тындатқан
Сөз көкейге қонар ма?
Құлағын сатқан тәңірі атқан
Ондырар ма, оңар ма?

Күйесің, жүрек, күйесің,
Күйгеніннен не пайда?
Дүниеде нені сүйесің,
Өмір қайда, дос қайда?

* * *

Көлеңке басын ұзартып, (203)
Алысты көзден жасырса;
Күнді уақыт қызартып,
Көк жиектен асырса;

Күңгірт көңілім сырласар
Сұрғылт тартқан бейуаққа,
Төмен қарап мұңдасар,
Ой жіберіп әр жаққа.

Өткен өмір – қу соқпақ,
Қыдырады талайды.
Кім алдады, кім тоқпақ
Салды, соны санайды.

Нені тапсаң, оны тап,
Жарамайды керекке.
Өңкей уды жиып ап,
Себеді сорлы жүрекке.

Адасқан күшік секілді
Ұлып жұртқа қайтқан ой
Өкінді, жолың бекінді,
Әуре болма, оны қой.

Ермен шықты, ит қылып,
Бидай шашқан егінге.
Жай жүргенді уерд[1] қылып,
Тыныш өлсеңші тегінде.

---

[1] Уерд (арабша) – وَرْطَة – жай жүрген адамды қиыншылыққа ұшырату.

* * *

(М. Ю. Лермонтовтан)

Көнілдің күйі тағы да (204)
Өмірсіз жанның алды ішін.
Аударды өлең жағына,
Нәпсінің сынған қайғысын.

Жат жерде елге қосылмай,
Сенімді доссыз жалтақтап,
Көк қанат бейіш құсындай,
Қу ағашқа қонақтап.

Ол бұтақтан қозғалмас,
Өкіріп дауыл, соқса жел.
Өзгеге бола жырламас,
Ыстық күнді жоқтар ол.

Жанымның жарық жұлдызы,
Жамандық күнде жарымсың.
Сөз болсын ескі ер сөзі,
Кейінгіге қалынсын.

* * *

(М. Ю. Лермонтовтан)

Күнді уақыт итеріп (205)
Көк жиектен асырса,
Көлеңке басын көтеріп,
Алысты көзден жасырса –

Сонда көңілім жоқтайды
Татуы мен асығын,
Көзі жетіп тоқтайды
Өткен күннің қашығын.

Көкке бақтым алла деп,
Тамаша етіп құдіретін.
Рахматы оның онда көп,
Бізге тұк жоқ тиетін.

Неге сүйсін ол мені,
Өзім ақымақ, алмадым,
Көрдім артық бір сені
Рахматынан алланың.

* * *

Қуанбаңдар жастыққа, (206)
Елірме күлкі, мастыққа.
Көзің қайдан жетеді
Достық пенен қастыққа?
Құрбыңның қызық дегенін
Сөз екен деп ап шықпа.
Адалдан тапқан тиынды
Сал да сақта қапшыққа.
Қолдағыңды қорғап бақ,
Мал арзан деп аптықпа.
Сыпайы жүр де, шаруа ойла,
Даңғойланып қақтықпа.
Бет алды жанға бой салма,
Қорлық жүрмес сақтыққа.
Елу бесте біз дағы
Сенісер адам таптық па?
Арсыз құмар болғандар
Опыр-топыр, шақ-шұққа
Түспей жүр ме, көрдің бе,
Жалаң-жұлаң, тақ-тұққа?

* * *

Ұяламын дегені көңіл үшін, (207)
Ұсақ күлық бір ғана өмір үшін.
Татымды достық та жоқ, қастық та жоқ,
Жігері жоқ, маңызы жеңіл үшін.

Жалығу бар, шалқу бар, іш пысу бар,
Жаңа сүйгіш адамзат, көрсе қызар.
Ар мен ұят ойланбай, тән асырап,
Ертеңі жоқ, бүгінге болған құмар.

Туысқаның, достарың – бәрі екіұшты,
Сол себепті досыңнан дүшпан күшті.
Сүйсе жалған, сүймесе аянбаған,
Бұл не деген заманға ісім түсті?!

Өзің үлкен, қылығың – бала-шаға,
Балаша мәз боп жүрсің тамашаға.
Әкесі ұрысса балаға, ол да – достық,
Баласы ұрысса әкеге, жараса ма?

* * *

Жапырағы қуарған ескі үмітпен (208)
Қиял қып өмір сүріп, бос жүріппін.
Жыбыр қағып, көңілді тыншытпайды
Қашанғы өтіп кеткен бұлдыр көп күн.

Ол дәурен өмір емес, бір көрген түс,
Ойға түйме қызықты қиялдан күс.
Қарашы, өз бойында түгел ме екен
Ыстық жүрек, өң-шырай, қуат пен күш?

Төңкеріліп құбылған жұрт — бір сағым,
Шынға шыдап, қоса алмас ынтымағын.
Көптің аузын күзетсең күн көрмейсің,
Өзінді өзің күзет, кел, шырағым!

* * *

Осы қымыз қазаққа (209)
Мақтаның ба, асың ба?
Қымызды басар артынан
Ет даяр ма қасында?
Бойына сіңіп, уерд болған
Қызба бастық жасында.
Қызылшыл семіз, жаз қымыз —
Бір үлкен борыш басында.
Жуасты мін де, айран іш,
Жоқ немеге шатылма.
Ұры, залым, қуларға
Нысанаға шаншылма.
Жылқыны андып ұры жүр
Әр төбенің тасында.
Ой көзімен қарасаң,
Қойдан жылқы асыл ма?
Мақтанға бола жиям деп,
Жылқы үшін жұртқа бас ұрма.
Қымыз, семіз дегенің
Бір мақтан ғой, жасырма.
Мақтан қума, керек ку,
Ойсыздарға қосылма.
Қойында ақша, қолда қой
Күзетке оңай, шошынба!

* * *

Буынсыз тілің, (210)
Буулы сөзің
Әсерлі адам ұғылына.
Кісінің сөзін
Ұққыш-ақ өзің,
Қисығын түзеп тұғырыға.

Сезімпаз көңіл
Жылы жүрек
Таппадым деп түңілмес.
Бір тәуір дос
Тым-ақ керек,
Ойы мен тілі бөлінбес.

1902

* * *

Тоты құс түсті көбелек (211)
Жаз сайларда гулемек.
Бәйшешек солмақ, күйремек,
Көбелек өлмек, сиремек.

Адамзатқа не керек:
Сүймек, сезбек, кейімек,
Харекет қылмақ, жүгірмек,
Ақылмен ойлап сөйлемек.

Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек?
Заманға жаман күйлемек,
Замана оны илемек.

* * *

Алланың өзі де рас, сөзі де рас, (212)
Рас сөз ешуақытта жалған болмас.
Көп кітап келді алладан, оның төрті
Алланы танытуға сөз айырмас[1].

Аманту[2] оқымаған кісі бар ма?
Уәктубиһи[3] дегенмен ісі бар ма?
Алла өзгермес, адамзат күнде өзгерер,
Жарлық берді ол сіздерге, сөзді ұғарға.

Замана, шаруа, мінез күнде өзгерді,
Оларға кез-кезімен нәби[4] келді.

---

[1] Ерекше айтып отырған төрт кітабы: Мүса пайғамбарға келген – Тәурат, Дәуіт пайғамбарға келген – Зәбүр, Иса пайғамбарға келген – Інжіл және Мұхаммед пайғамбарға келген – Құран.

[2] Аманту, аманту билләһи (арабша) – آمنتُ – Аллаға сендім, барлығына және бірлігіне (жалғыздығына) нандым.

[3] Уактубиһи (арабша) – وكُتُبِهِ – және кітаптарына сендім. Бұл арада иманның жеті шартының екеуі келтірілген.

[4] Нәби (арабша) – نَبِيٌّ – пайғамбар.

Қағида[1] шариғаты өзгерсе де,
Тағриф[2] алла еш жерде өзгермеді.

Күллі махлұқ өзгерер, алла өзгермес,
Әһлі кітап[3] бұл сөзді бекер демес.
Адам нәпсі, өзімшіл мінезбенен
Бос сөзбенен қастаспай, түзу келмес.

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті.

Осы үш сүю болады имани гүл,
Иманның асылы үш деп сен тәхқиқ[4] біл.
Ойлан дағы, үшеуін таратып бақ,
Басты байла жолына, малың түгіл.

Дін де осы, шын ойласаң, тағат[5] та осы,
Екі дүние бұл тасдиқ[6] – хақтың досы.
Осыларды бұзатын және үш іс бар:
Пайда, мақтан, әуесқой – онан шошы.

Руза, намаз, зекет, хаж – талассыз іс,
Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс.
Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті
Қылғанменен татымды бермес жеміс.

---

[1] Қағида, қағидә (арабша) – قَاعِدَةٌ – негізгі шарт, ереже мағынасында.

[2] Тағриф, тәғриф (арабша) – تَعْرِيف – түсіну, білу, анықтау.

[3] Әһли кітап (арабша) – أَهْل الكِتَاب – қасиетті кітаптың ішінде аталған адамдар (мұсылмандар, евреилер, христиандар, т. б.)

[4] Тахқиқ (арабша) – تَحْقِيقٌ – анық, айқын; орындау, іске асыру. Бір мәселенің дұрыстығын тексеріп, шындығына көз жеткізу деген мағынада.

[5] Тағат (арабша) – طَاعَةٌ – Аллаға ибадат қылу, бойұсыну.

[6] Тасдиқ (арабша) – تَصْدِيق – шындық, сенім.

Бас жоғары жаралған, мойын төмен,
Қарашы, дене біткен ретімен.
Істің басы — ретін танымақтық,
Иман білмес тағатты қабыл демен.

Имамдар ғибадаттан[1] сөз қозғаған,
Хуснизән[2] мен иманды білді ойлаған.
Иманның тазалығын жақсы ұқтырмай,
Сыртын қанша жуса да, іші оңбаған.

Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ,
Мүʼмин[3] болсаң, үйреніп, сен де ұқсап бақ.
Құран рас, алланың сөзідүр ол,
Тәʼуилін[4] білерлік ғылымың шақ.

Алланың, пайғамбардың жолындамыз,
Ынтамызды бұзбастық иманымыз.
Пайда, мақтан, әуесқой — шайтан ісі,
Кәні біздің нәпсіні тыйғанымыз?

Мүʼмин болсаң, әуелі иманды бол,
Пендеге иман өзі ашады жол,
Шын илан да, таза ойла бір иманды,
Мұнафиқ[5] намаз қылмап па, мағлұм ғой ол.

Алла ішінді айтқызбай біледі ойла,
Пендесіне қастықпен кінә қойма.
Распенен таласпа мүʼмин болсаң,
Ойла, айттым, адамдық атын жойма!

---

[1] Ғибадат (арабша) — عِبَادَة — табыну, құлдық ету.

[2] Хуснизән (парсыша) — حُسْن ظن — жақсы ниет, көркем ой, жақсы пікір.

[3] Мүʼмин (арабша) — مُؤْمِن — ислам дінін жақтаушы, мұсылман.

[4] Тәʼуил (арабша) — анық мағынасына жете білу.

[5] Мұнафиқ (арабша) — екі жүзді, іші кәпір, сырты мұсылман.

* * *

Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас, (213)
Сол қызықсыз өмірде жүрек қалмас.
Жүректен қызу-қызба кете қалса,
Өзге тәннен еш қызық іс табылмас.

Достық, қастық, бар қызық – жүрек ісі,
Ар, ұяттың бір ақыл – күзетшісі.
Ар мен ұят сынбаса, өзге қылық,
Арын, алқын – бұл күннің мәртебесі.

Қартаң тартқан адамнан от азаймақ,
От азайса, әр істің бәрі тайғақ.
Шаруаң үшін көрінген ақыл айтып,
Жолың тайғақ, аяғың тартар маймақ.

* * *

(М. Ю. Лермонтовтан)

Асау той, тентек жиын, опыр-топыр, (214)
Ішінде түсі суық, бір жан отыр.
Алысты тұманданған ол ойлайды,
Өзге жұрт ойды нетсін, өңкей соқыр.

Ішкен-жеген, таласқан, ойнап-күлген,
Кезек жоқ, келісім жоқ, сөйлей берген.
Дауырыққан, күліскен, өлендеткен
Қайғысызға қайғырып, жиіркенген.

Көп отырды, қозғалды сөйлегелі,
Құлағымда бүгін тұр соның үні:
Сендерге не жұмыс бар тағдырменен,
Ойнай бер де, күле бер күні-түні.

Ойынға ойсыз надан бәрі құмар,
Дүние істеп өз жұмысын жатқан шығар.
Елемесең, елетер, бір танытар,
Қайда айдаса, барасың, кім тартынар?

* * *

Жалын мен оттан жаралып, (215)
Жарқылдап Рағит[1] жайды айдар.
Жаңбыры жерге таралып,
Жасарып шығып гүл жайнар.

Жайына біреу келсе кез,
Белгілі жұмыс, сор қайнар.
Қуаты күшті нұрлы сөз,
Қуатын білген абайлар.

Жалын мен оттан жаралған
Сөзді ұғатын қайсың бар?
Партия жиып пара алған,
Пейілі кедей байсындар.

Қулық пенен құбылдан
Жалықсаң, жақсы жансыңдар.
Түзелмесе шұғылдан,
Арсылдар да қалшылдар.

Несі өмір,
Несі жұрт?
Өңшең қырт,
Бас қаңғырт!

[1] Дін ұғымында нажағайды, күнді күркіретуші періштенің аты.

Кейін табылған өлеңдер

* * *

Домбыраға қол соқпа, (216)
Шымырлатып бір-бірлеп.
Жүрегім, соқпа, кел тоқта,
Жас келер көзге жүр-жүрлеп.

Қайғылы көңілім қайдағы
Бұрынғымды жаңғыртар.
Қайратты алып бойдағы,
Басымды қайғы қаңғыртар.

Онан да жылы жүзіңмен
Кел, жарым, қара бетіме.
Жылы, тәтті жауап айт
Іштегі қайғы дертіме.

Іштегі ескі жалынды
Сөндір жаңа қылықпен.
Сөйлесші жақсы, жағымды
Мендей көңілі сынықпен.

Сынық көңілім көп кешер,
Майда қолмен ұстасаң.
Көңілге түрлі ой түсер,
Әр тереңге нұсқасаң.

Күйлі, күйсіз бәйгеге
Қажыды көңілім көп шауып.
Көп қинамай әрнеге,
Енді семірт, жем тауып.

* * *

Ойға түстім, толғандым, (217)
Өз мінімді қолға алдым.
Мінезіме көз салдым,
Тексеруге ойландым.
Өзіме өзім жақпадым,
Енді қайда сыя алдым?

Қалап алған көп мінез,
Қалайша қылып тыя алдым?

Бойдағы мінді санасам,
Тау тасынан аз емес.
Жүрегімді байқасам,
Инедейін таза емес.
Аршып алып тастауға,
Апандағы саз емес.
Бәрі болды өзімнен,
Тәңірім салған наз емес.

Осынша ақымақ болғаным
Көрінгенге қызықтым.
Ғаділетті жүректің
Әділетін бұзыппын.
Ақыл менен білімнен
Әбден үміт үзіппін;
Айла менен амалды
Меруертпей тізіппін.
Жалмауыздай жаландап,
Ар, ұяттан күсіппін.
Қулық пенен сұмдыққа
Құладындай ұшыппын;
„Сіз білесіз“ дегенге
Күнге күйіп, пісіппін;
Мақтанбаска мақтанып,
Деп жүріппін „пысықпын“.

* * *

Мен боламын демендер, (218)
Аяқты алшаң басқанға.
Екі көзің аларып,
Құр қарайсың аспанға.

Бір ғылымнан басқаның,
Бәрі де кесел асқанға.
Өйткен адам жолығар
Кешікпей-ақ тосқанға.

* * *

Ғалымнан надан артпас үккәнменен, (219)
Тағдыр көрмей қоймайды бүккәнменен.
О дағы қалыбынан аса алмайды,
Жауқазын ерте көктеп шыққанменен.

* * *

Түбінде баянды еңбек егін салған, (220)
Жасынан оқу оқып, білім алған.
Би болған, болыс болған өнер емес,
Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған.

* * *

Әйелің – Медет қызы, аты Ырым, (221)
Айында бір жумайды беттің кірін.
Ер кезек ер жігітке үшке дейін,
Бір боқты тағы бас та және сүрін.

* * *

Бөстегім, құтылдың ба Көтібақтан? (222)
„Күйшіл“ деп бабын білмей кінә таққан.
Құл табан, кескіл тұмсық Бөстекбайым,
Кісіге бос берермін бір мін тапқан.

* * *

Жол кермек, жоба білмек, жиһан кезбек, (223)
Бой жеңбек, ер жігітке, гақыл таппақ.
Тағдырын көрушінің хақтан біліп,
Көшелі өнер иесін жүрсе жақтап.

Ниетің түзу болса сенің аппақ,
Екі елі аузыңа қойсаң қақпақ,
Сыбыр, өсек дегенді сырттай жүріп,
Ғылым, өнер, мал таппақ, жұртқа жақпақ.

Поэмалар

ЕСКЕНДІР

Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?
Македония шаһары – оған мекен.
Филипп патша баласы, ер көңілді,
Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен.

Филипп өлді, Ескендір патша болды,
Жасы әрең жиырма бірге толды.
Өз жұрты аз көрініп, көршілерге
Көз алартып қарады онды-солды.

Сұмдықпен ғаскер жиып қаруланды,
Жақын жерге жау болды, тұра аттанды.
Көп елді күтінбеген қырды, жойды,
Ханды өлтіріп, қаласын тартып алды.

Жазасыз жақын жердің бәрін шапты,
Дарияның суындай қандар ақты.
Шапқан елдің бәрін де бодам[1] қылып,
Өкіметін қолына тартып апты.

Ескендір елде алмаған хан қоймады,
Алған сайын көңілі бір тоймады.
Араны барған сайын қатты ашылып,
Жердің жүзін алуға ой ойлады.

Қан ішер қаһарлы хан ашуы көп,
Атағынан қорқады жұрт қайғы жеп.
Сол күнде қошеметші айтады екен,
Ханның ханы, патшаның патшасы деп.

Атағы талай жерге оның жетті,
Жердің жүзін алуға талап етті.
Есепсіз әскер ертіп, жарақтанып,
Есіткен елдеріне жүріп кетті.

Алдынан шыға алмады ешкім мұның,
Бәрін де алды, қорқытты жолдағының.
Жан шықпады алдынан, тоқтауы жоқ,
Жер жүзін жеке билеп алмақшының.

---

[1] Бодам, бодан – орыстың подданный деген сөзінен шыққан.

Жүре-жүре бір елсіз шөлге түсті,
Алып жүрген суының бәрін ішті.
Адам, хайуан бәрі де бірдей шөлдеп,
Басына құдай салды қиын істі.

Сандалды сар далада су таба алмай,
Шөлдеген жұрт қайтеді бос қамалмай?
Қызметкердің бәрін де өлтірмекші
Болыпты, шөлдегенге шыдай алмай.

Мысалы, астындағы ат о дағы ұшты,
Ескендір де атының жалын құшты.
Жалтырап сәуле берген бір нәрсеге
Патшаның ат үстінде көзі түсті.

Барса, бір сылдыр қаққан мөлдір бұлақ,
Таспадай бейне арықтан шыққан құлап.
Түсе сала Ескендір басты қойды,
Ішсе, суы өзгеше, тәтті тым-ақ.

Кепкен балық келтіртті сонда тұрып,
Сол суға балықты алды бір жудырып.
Исі, дәмі өзгеше болып кетті,
Таң қалды, мұның бәрін суға жорып.

Ескендір қолына айтты: „Бұл неткен су?
Бәрін де ішіп, бұл суға бетіңді жу!
Бір бай елден осы су шыққан шығар,
Өрлеп барып, үстіне тігелік ту.

Бұл салқын, тәтті суға қаныңыздар,
Шақ келер маған жан жоқ, наныңыздар.
Менен қалмай, бұл суды шапшаң өрлеп,
Талқан қылып шаһарын алыңыздар!“.

Жарлық шашты, қол жүрді суды өрлей,
Шаһарына жеткенше дамыл көрмей.
Көкпеңбек темір киген өңкей батыр
Тарттырып жөнеледі сырнай-керней.

Сол әскер суды өрлеп талай жүрді,
Судың басы бір құзар шатқа кірді.
Шаттың аузын бекіткен алтын қорған,
Қақпасы бекітулі, көзі көрді.

Қақпаны ашайын деп хан ұмтылды,
Тұтқасын олай-бұлай қатты жұлды.
Аша алмады қақпаны, үміт үзді,
Ақылдасып тәуір-ақ амал қылды.

Ескендір тоқтау көрмей өскен жан ғой,
Келмей ме тоқтаусыздың бәрі даңғой?
Дел-сал болып бәрі де қайта шықты,
Алысып әл келмесін байқаған ғой.

Долдықпен хан Ескендір ашуланды,
Ашуланып қақпаға жетіп барды.
Қақпаны дүбірлетіп қағып-қағып:
— Қақпанды аш!— деп барынша айғай салды.

Қақпаның ар жағынан біреу келді,
Күзетшісі сол екен, дыбыс берді.
— Қақпаны саған ашар рұқсат жоқ,
Бұл — құдайға бастайтын қақпа,— деді

— Білмесең, мен Ескендір патша деген,
Жер жүзінің соғыста бәрін жеңген.
Қақпанды аш, хабарынды айт, білдір маған,
Қорлығым өзім туып, көз көрмеген.

— Мықтымын деп мақтанба, ақыл білсең,
Мықты болсаң, өзіңнің нәпсінді жең!
Іші тар, көре алмастың біреуі — сен,
Ондай кісі бұл жерге келмейді тең.

— Талпынған талаппенен мен де бір ер,
Көп жүрдім, кездей келді көрмеген жер.
Ең болмаса, халқыма көрсетейін,
Сый қылып, белгі болар бір нәрсе бер.

Қақпадан лақтырды бір орамал,
Сыйым — осы, падиша, мынаны ал!
Ішінде бір нәрсе бар ақыл берер,
Апар дағы ойланып, көзінді сал!

Орамалды қуанып қолына алды,
Сый алдым деп халқына қайта салды.
Қараса, ішіндегі бір қу сүйек,
Бұл не еткен мазағы деп аң-таң қалды.

Ашуланып сыйына болды кекті,
— Ең болмаса білмеді сый бермекті.
Осы менің теңім бе? — деп ақырып,
Лақтырып жіберді сол сүйекті.

Жолдасы Аристотель ақылы мол,
Лақтырған сүйекті алады сол.
Ханға айтты: „Қасиет бар бұл сүйекте,
Көзіне көрсетейін, хабардар бол".

Сол күнде Аристотель жеке дара,
Ақыл сөзін тыңдамай бар ма шара:
— Таразыны әпкел де, сүйекті сал,
Бір жағына алтын сап, өлшеп қара!

Бұл сөзге Ескендір де қарай қалды,
Таразыны құрдырып, ортаға алды.
Қанша алтынды күміс пен салса дағы,
Бір кішкентай сүйекті аудармады.

Мұны көріп Ескендір аң-таң қалды,
Бар қаруын алтынға қоса салды.
Енді қайтер екен деп қарап еді,
Бұрынғыдан қу сүйек ауырланды.

Аристотель хәкімге патша келді:
— Мына сүйек қазынаның бәрін женді.
Бұл сүйекті басарлық, нәрсе бар ма?
Ақылыңмен ойланып тапшы!— деді.

Хокім жерден топырақ алып барды,
Бір уыстап сүйекке шаша салды.
Ана басы сылқ етіп жерге түсіп,
Сүйек басы жоғары шығып қалды.

Ескендір мұны көріп аз тұрады,
Хокімді аулақ жерге шақырады.
Таң қаларлық іс болды мұның өзі,
Мәнісін айтып берші, — деп сұрады.

Бұл адам коз сүйегі, — деді ханға.
Тоя ма адам көзі мың мен санға?
Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да,
Өлсе тояр, көзіне құм құйғанда.

Көпір көздің дүниеде араны үлкен,
Алтын сайын дүниеге тоя ма екен?
Қанша тірі жүрсе де, өлген күні
Өзге көзбен бірдей ақ болады екен.

Ашуланба, ей, патшам, айтайын дат:
Алтын қақпа бермеді сізге рұқсат.
Сый сұрадың, бергені — бір қу сүйек,
Мұны көріп, алыңыз сіз де ғибрат!

Ойлап-ойлап патшаның мойны түсті,
Құдайым көрсетті деп бұл бір істі.

Бекерлік екен менің бұл ісім деп,
Қолын алып жұртына қайта көшті.

Аз-ақ сөз айттым, бітті бұл әңгіме,
Мұны бір өзге сөздің бірі деме.
Қарның тойса, қайғырма мақтан үшін,
Тоймас кезің толар деп қайғы жеме.

Қу өмір жолдас болмас, әлі-ақ өтер,
Өз күлкіңе өзің қарық болма бекер!
Ұятың мен арынды малға сатып,
Ұятсызда иман жоқ, түпке жетер.

Мақтанасың біреуге мақтасын деп,
Шаужайымнан еш адам қақпасын деп.
Сен кеткен соң артыңнан күліп қалар,
Антұрғаннан құдайым сақтасын деп.

Ақылсыз өзін мақтап былжырайды,
Бойыңа өлшеп сөйлесең, нең құрайды?
Жақсы болсаң, жарықты кім көрмейді,
Өз бағаңды өзіңнен кім сұрайды?!

МАСҒҰТ

Я, алла, құрметіңде достың Махмұт[1],
Тілге жар бер, білінсін тура мақсұт.
Арун-Рашид халифа заманында
Бағдатта бір жігіт бар аты Масғұт.

Шаһардан бір күн Масғұт шықты тысқа,
Барды ма кезі келіп бір жұмысқа?
Бір ұры бас сап тонап жатқан жерде
Кез болды бір бишара шал байғұсқа.

Шал байғұс айғайлайды аттан салып,
Айырып алған жан жоқ оны барып.
Кім де болса бір ерлік қылайын деп,
Масғұт ұшты ұрыға оңтайланып.

Масғұтты ұры шапты қылышпенен,
Тәуір-ақ жан сақтапты жұмыспенен.
Есен-аман шал дағы құтылыпты,
Масғұттан жау қашқан соң ұрыспенен.

---

[1] Махмұт – Мұхаммед пайғамбар.

Масғұтқа келді әлгі шал көзін тіктеп,
Көрсе, бастан ағып тұр қан дірдектеп.
Мұның қарызын мен де өтеп кетейінші,
Жігіт қой ер көкірек, жау жүрек деп:

— Ей, жігіт, не қылсаң да, ер екенсің,
Көргейсің ерлігіңнің берекесін.
Себеп боп мені ажалдан сен айырдың,
Маған қылған қарызыңды алла өтесін.

Бай емен, батыр емен, хан емеспін,
Атақты артық туған жан емеспін.
Себеп болып айырдың мені ажалдан,
Жақсылықты білмейтін шал емеспін.

Мен бір шал дүниеде жиһан кезген,
Ертең түсте кетемін шаһаріңізден.
Ертерек пәлен жерден тосып тұрып,
Алып қал бір базарлық, жаным, бізден.

Пұл үшін қызықпассың, сен де бір ер,
Сені маған кез қылған пәруардігер.
Бір құданың хақы үшін мен тілеймін,
Қабыл көр, сертім үшін қолыңды бер!

— Ұрыға жібермедім мен намысты,
Кім бұлдар мұндай-мұндай қылған істі.
Алла хақы деген соң амал да жоқ,
Барайын,— деп уағда етіп, қол қағысты.

Ол жерге ерте тұрып жігіт барды,
Шал да душар алдынан бола қалды.
Қолынан үстай алып, ертіп барып,
Далада бір бұзылған тамға апарды.

Барса, тамда бір гүл түр солқылдаған,
Басында үш жеміс бар былқылдаған:
Бірі — ақ, бірі — қызыл, бірі — сары,
— Таңдап ал, мен берейін бірін саған.

Ағын жесен, ақылың жаннан асар,
Сарыны алсаң, доулетің судай тасар,
Егерде қызыл жеміс алып жесең,
Ұрғашыда жан болмас сенен қашар.

Ол жігіт сөзін ұғып тұра қалды,
Көзін төмен жіберіп, аз ойланды.
Ақ пен сары екеуін алмаймын деп,
Қызыл жеміс жеймін деп қолқа салды.

— Мен беремін, танбаймын айта тура,
Өкінбесең түбінде журе-бара.
Ақ пен сары екеуін алмағаның,
Мәнісін айтсаң екен, жаным, сірә.

— Мен болсам, егер ағын жемек те едім,
Ақылды болдым елден бөлек дедім.
Мен ақылды билемен, не қылсам да,
Мені ақыл билесе керек дедім.

Ақылды жан табылмас маған сырлас,
Көріне тентек көп надан мойын бұрмас.
Әділетсіз, ақылсыз, арсыздарды
Көре тура, көңілде тыныштық тұрмас.

Адам дертті болмай ма құса тартып,
Тұшы ұйқы ұйқтай алмай түнде жатып.
Ептеп бағып, есерге ем таба алмай,
Тәтті тамақ жей алман дәмін татып.

Сарыны жеп, мен болсам байдың өзі,
Аузында тамам жанның болдым сөзі.
Пәленшеден бір нәрсе алсақ-ау деп,
Тігілер жан біткеннің маған көзі.

Жұрт күндер жұрттан артық байлық үшін,
Бұлдайды біреу күшін, біреу түсін.
Не қылса да, надандар алмақты ойлар,
Мал антұрған күйдіріп елдің ішін.

Еңбексіз мал дәме етпек — қайыршылық,
Ақылды ерге ар болар ондай қылық.
Оны ойлармық бұл күнде адам бар ма,
Пайда ойламай қылады кім татулық?

Берсең, қалар оларда несі ардың?
Бермесең, сен дағы ит бірге болдың.
Не езің ит, немесе бар елің ит,
Дауасыз бір пәлеге міне қалдың.

Қызылды жесем, мені әйел сүйер,
Арамдықда жүрмесем, не жан күйер?
Ұрғашы да көп жан ғой, досым болса,
Деп едім бір пайдасы маған тиер.

Еркектің еркек адам болса қасы,
Қатын, шеше, қызы жоқ кімнің басы?

Хан қаһар, қара кісі қастық қылса,
Сонда ұрғашы болмай ма арашашы?

Тегінде адам басы сау бола ма?
Бойында тексерілмес дау бола ма?
Ері ашу айтса, әйелі басу айтып
Отырса, бұрынғыдай жау бола ма?

Соны ойлап, қызыл жеміс мен таңдадым,
Берсеңіз жемек болып бел байладым.
Топа-торсақ бұл сөзді айтқаным жоқ,
Басын да ойлап, тегін де абайладым.

Бұл сөзге салып тұрды шал құлағын:
– Ендеше тауып айттың, же, шырағым.
Ақыл, дәулет әуелден өзінде екен,
Өміріңше артылсын, жаным, бағың!

Бұл шал бөтен шал емес, Қыдыр еді,
Ебін тауып даруға кезі келді.
Сөзіне, ақылына, қылығына
Разы болғаннан соң, бата берді.

Сол Масғұт Қыдыр шалдан бата алыпты,
Соңында Шәмсі-жиһан атаныпты.
Мағынасы: „бұл дүниенің күні“ деген,
Жетіліп бізге ғибрат сөз қалыпты.

Сол заманда-ақ надандар шырыш бұзған,
Жалғанның дәмін бұзып, хауіп қылғызған.
Ақыл мен мал екеуін асырай алмай,
Арашаны іздепті қатын, қыздан.

Ендігіге не сұрау бұл заманда?
Ақыл-ой, ар-намыс жоқ еш адамда.
Өлген мола, туған жер жібермейді,
Әйтпесе тұрмас едім осы маңда.

Сол Масғұт халифаға уәзір бопты,
Тарқатыпты алдынан көп пен топты.
Бағанағы Қыдыр шал бір уақытта
Түсінде аян беріп жолығыпты.

– Ей, балам, пәлен күні жауын жауар,
Сол жауынның суында кесапат бар:
Жеті күн жынды болар суын ішкен,
Жеті күн өткеннен соң және оңалар.

Ол судан тамам суға су құйылар,
Сел болып, судың бәрі кесел болар.
Ертерек таза судан су жиып ал,
Бұл – хабарым, сақтансаң, жаным, жарар.

Бұл сөзбен халифаға Масғұт барды,
Хабарын естіген соң хан да аңғарды.
Айтқан кезі жақындап келген шақта,
Ертерек таза судан құйып алды.

Болған соң уәделі күн жауын жауды,
Судан ішкен жынды боп, ақылы ауды.
Күні-түні шуласып, таласады,
Ұмытты тамақ жеу мен және ұйқтауды.

Бұлар шулап бір күні келді ордаға,
Хан мен уәзір қарайды тамашаға.
Бәрі де есі шығып, жынды болған,
Бос шулап жүр кіші іні, үлкен аға.

Ол халқының алдына жиылып барды,
Сөз айтып әрбір түрлі, ақыл салды.
– Бір кеселге, байғұстар, жолығыпсың,
Үйіңе бар, ұйқтаңдар!– деп шығарды.

Олар шықты есіктен ханға өкпелеп,
Көшеде шулап және жылаған көп:
– Хан мен уәзір ақылдан айрылыпты,
Өлтірейік екеуін, жынды екен, – деп.

Өлтіргелі ордаға қайта жүрді,
Бұлардың сөзін естіп, хан да көрді:
– Бұрынғыдан мұнысы қиын болды,
Ойбай, уәзір, ақыл тап, қайттік?– деді.

– Құтылар хал болмады мына дудан,
Біз де ішпесек болмайды жынды судан.
Өлтірер өңкей жынды бізді келіп,
Жынды деп есі дұрыс бізді қуған.

Екеуі жынды судан ішіп салды,
Құтырып көп алдына жетіп барды.
Өңкей жынды, байқамай айтыппыз деп,
Құлдық ұрып, бұларға көп жалбарды.

Сонымен бет-бетімен тарқап кетті,
Әйтеуір, тарқайтұғын уақыт жетті.
Көрдің бе, көп тентектің қылған ісін,
Еріксіз есті екеуін есер етті.

Көптің бәрі осындай, мысал етсең,
Көп айтты деп алданып, уағда күтсең.
Ғапіл боп көп нәрседен бос қаласың,
Аңдамай көп сөзімен жүріп кетсең.

ӘЗІМ ӘҢГІМЕСІ

Бір сөзім „Мың бір түннен“ оқып көрген,
Өлең қып сол сөзімді айтқым келген.
Болыпты ағайынды екі жігіт,
Бағдатта Мұстапа мен Сапа деген.

Екеуі жетім еді әкесі өлген,
Талаптан, жетімбіз деп, бос жүрмеген.
Тігінші, кестеші еді кіші інісі,
Мұстапа суретшілік ғылым білген.

Екеуі екі айрылмақ қамын жеген,
Бір шетке кетпек болып жұрт көрмеген.
Мал тапқаны бір іздеп таппақ болып,
Серт қылып, бір-біріне уәде берген.

Екеуін екі жаққа тағдыр бөлген
Жандар емес қатерден әсте именген.
Шын, Машынға[1] Сапасы кете тұрсын,
Мұстапа Балсураға[2] бұрын келген.

Мұстапа – бойдақ, кедей біраз тұрған,
Кәсібін күннен күнге тәңірі оңғарған.
Аздан соң қатын алып, үй салғызып,
Шаһарда сенімдінің бірі болған.

Пұл құрап, киім түзеп, қарны тойған,
Қағазға өрнек жасап, сурет ойған.
Құдайым кешіктірмей бір ұл беріп,
Молдалар оның атын Әзім қойған.

Бір жасап, екі жасап, Әзім өсті,
Сонан соң медресеге барып түсті.
Аз жылда жақсы ғылым кәсіп етіп,
Жас жігіт жүзі нұрлы, көңілі мас-ты.

---

[1] Шын, Машын – Шығыс мемлекеттерінің аттары. Шин – Қытай, нин – Тай елі.
[2] Балсура – қаланың аты.

Оқудан шыға ұстады ата өнерін,
Асырды атасынан әрбір жерін.
Сол күнде ажал жетіп, Мұстапа өліп,
Жыртық-жетім болмады ол жас өрім.

Атаның харекетін ұстай алды,
Өнері артық шығып, жан таң қалды.
Алушылар көбейіп мұның ісін,
Бұрынғыдан артылып мал құралды.

Бір күні лапкесінде отыр еді,
Торғын тон, алтын кәмәр бір шал келді.
Не қылса бір құрметті адам ғой деп,
Әзім тұрып, иіліп сәлем берді.

Сәлемін алды шал да, амандасты,
Қасына жуық келіп жақындасты.
— Жат жердің адамы едім, ей, шырағым,
Не харекет қыласың?— деп сұрасты.

— Жасымнан жетім едім көңілі сынық,
Өнерім артық емес оңдай ұлық.
Еңбекпенен көз сүзбей күн көремін,
Харекетім — суретші, бояушылық.

— Мінезің, түсің жақсы надан дерге,
Артық өнер қиын ба талапты ерге?
Тесілген күні бойы сендей жасты
Аяймын өнімі жоқ бұл өнерге.

Бұл сөзге Әзім тұрып ашуланды,
— Тұрпайы сөйлейсіз, — деп қарай қалды.
Атамның харекетін қорлама, бай,
Аш емен, болмасам да сендей малды.

— Қорламаймын һәм, балам, зорламаймын,
Тесілген күні бойы сені аяймын.
Химия ғылымын білуші ем, үйретер ем,
Мысты алтын жасаушы ем, алдамаймын.

Шын өнерге қайтер ең көзің жетсе?
Әркімге жарамайды мұны үйретсе.
Өзі үлкен, өзі оңай, артық, өнер,
Аз жұмыспен көп алтын хасил[1] етсе.

---

[1] Хасил (арабша) — حَاصِلٌ — пайда, өнім.

Мен дағы жүргенім жоқ малдан күсіп,
Айттым, балам, басыңа мейірім түсіп.
Ертең ерте мысыңмен дайын болып,
Көңіліңнің дәркүмәнін алшы шешіп.

Әуелі хақтығына жетсін көзің,
Серт қылдым ғой үйретпек болып өзім.
Ертең ерте сол жерден табыспаққа
Екеуі уәде байлап, қойды сөзін.

Шал кетті, аң-таң бала үйге қайтты,
Көргенін анасына келіп айтты.
Химия ғылымы бар дейтін, сүйтсе дағы
Анасы басын шайқап, ішін тартты.

— Апар да мыс бақырды алдына сал,
Алтын болса, болады бір талай мал.
Жалғызым, не қылсаң да сақ болып жүр,
Жәдігөй боп жүрмесін антұрған шал.

Бала айтты: — Тәңірім қақса, пенде не етер,
Жалған болса, білінер, қор боп кетер.
Шын болып, уәдеге бармай қалсақ,
Ғапылдықтан айрылған ызасы өтер.

Не қылса, сол күн бала шала ұйқтады,
Өтірік, расын ойланып таба алмады.
Мыс бақырын қолына алды дағы
Лапкеге күндегіден ерте барды.

Шал дағы дереу дайын бола қалды,
Бір дорбадан көмір мен көрік алды.
Екеуі сәлемдесіп болғаннан соң:
— Мысың қайда, балам? — деп дігір салды.

Мыс бақырды сындырды талқан қылып,
Көмірге салды мысты, дүкен құрып.
Мыс былқылдап еріген кезінде шал
Шөншіктен[1] ұсақ қара алды қырып.

Алды да, ол дәрісін мысқа салды,
Былқылдаған бұрқылдап мыс шайқалды.
Бір нәрсемен азырақ бұлғалақтап,
Алтын қып суынған соң қолына алды.

[1] Шөншік — дорба (қоне сөз).

Алтынын алып берді қолындағы:
— Сарапқа сал бар дағы, шаһарындағы
Алтын емес деп біреу айтса, балам,
Алдамшы, амалым жоқ, болдым дағы.

Алтынды ал да, көрсет жұртқа апарып,
Менің сөзім шын болса тәңірі оңғарып,
Сонау бақша ішінен табылармын,
Егер мені іздесең көңіліне алып.

Әзім ұшты алтынды ала салып,
Не байларға көрсетті мұны апарып.
— Самородный сары алтын екен ғой,— деп,
Кім көрсе, сол айтады аң-таң қалып.

Үш мың үш жүз ділдаға кетті сатып,
Шешесіне ап келді таңырқатып.
Шешесі: — Сол кісіні шақыр!— деді,—
Кетсін, — деп,— үйімізден дәм-тұз татып.

Бағанағы бақшаға Әзім келді,
Жолықты шал да, сонда отыр еді.
— Ей, ата, қылған ісің рас екен,
Қонақ боп, біздің үйден дәм тат, — деді.

Қос уыс ділда берді Әзімге шал:
— Сенің ортақ малың, — деп,— мендегі мал,
Шешілісіп, сырласып отыралық,
Әртүрлі қымбат баға ішкілік ал.

Сырлассақ, сұхбаттассақ, аулақ артық,
Нашалы[1] боламыз ғой сөйлеп шалқып.
Ананды да бір жерге жібер, балам,
Сырымды үйрете алман бойым тартып.

Күн батпай биттей алаң болма бізге,
Қас қарая келермін мен де сізге.
Ішу, жеу арасында сөйлер сөз көп,
Ол үйде жан болмасын сенен өзге!

Әзім кезді базарды аз тентіреп,
Әртүрлі ішкілікті алды күреп.
Алтынды көргеннен соң, анасы да
Кетті көрші үйіне, сеніңкіреп.

---

[1] Нашалы (наша, анаша) — түтікпен тартатын есірткі шөп.

Арақ, жеміс — әртүрлі нығмат[1] дайын,
Қуанды алтын қолға кірген сайын.
Үйіне бөтен жалғыз жанды қоймай,
Оңаша безендіріп тұрды жайын.

Кез байлана сып етіп шал да келді,
Әзім де есік ашты, дайын еді.
Әзімді баласына балағандай,
Жайнандап жарқын жүзбен үйге кірді.

Шал кіріп үйді тегіс аралады,
Бір Әзімнен басқа жан таба алмады.
Біратола пейілді беріп алған,
Әзім де бұл қылықты шам алмады.

Хош уақытсып сөйледі шал барқылдап,
Қол қусырып Әзім тұр, сөзін тындап.
Асын жеп, қолын жуып болғаннан соң,
Әпкел деп ішкілікті қойды ымдап.

Бар іс қой әуелден-ақ ел салтында,
Орыс, неміс болса да, қай халқың да.
Пайда деп тән саулыққа ішетұғын.
Миуадан тартқан хәмір[2] ас артында.

Подноска бөтелкемен арақ толды,
Бір-екі жақсы үремке дайын болды.
Жоқтан барды сөйлесіп, сауқым салып,
Алысты пияланы онды-солды.

Жайма шуақ сұм шалдың іші мықты,
Алғашқы ішкен Әзімге тез-ақ шықты.
Бір аяқ қолдан қолға дегенсініп,
Жәдігөй стақанға дәру тықты.

Онысы түн ортасы болған заман,
Сұм екен талай жанды әуре қылған.
Дәрі қосқан аяқты ішкеннен соң,
Әзім барып жығылды шалқасынан.

Сонда шал терезеден бір ысқырды,
Төрт жігіт табыт алған үйге кірді.
Әзімді сол табытқа салды дағы,
Төртеуі көтеріп ап тысқа жүрді.

---

[1] Нығмат (арабша)— نِعْمَةٌ — тағам, дәулет, байлық.

[2] Хәмір (арабша) — خَمْرٌ — шарап.

Әзімді мас қып алып, шал кенелді,
Есікті жабамын деп аз бөгелді.
Артын жым-жырт қылды да, антұрған шал
Төртеуін ертіп алып, тез жөнелді.

Теңіздің жағасында қалың қамыс,
Ішінде бір кеме бар шалға таныс.
Әзімді сол кемеге салды дағы,
Тұмсығын бұрып алды шетке шалыс.
Қасында жиырма-отыз жолдасы бар,
Қаладан таң атқанша кетіп алыс.

Ел тұрды, ертең кемпір үйге кірді,
Бала жазым болғанын іші білді.
Зар ұрды, ойбай салды, не бітірсін,
Тұра тұр, өзге-жайын сұрама енді.

Әзім есін жиыпты ертең түсте,
Өз басын көрді хауіп-қатер істе.
Қол-аяғы байлаулы жатыр жалғыз,
Темір шеттік қапас боп тұрды үсте.

Ырғалып орнынан ол әрең тұрды,
Түрегеліп антұрған шалды көрді.
— Ақсақал адам мұндай қыла ма екен,
Анамнан мені айырып бұл нең?— деді.

— Көзінді аш, есіңді жи, енді ойнама,
Мені сен өз діндесім деп ойлама!
Мен отқа шоқынамын, дініме көн,
Менде бардың бәрінен хауіп ойлама!

Егерде көнбей қалсаң, наданшылық,
Әр күні сізге дайын бір жүз шыбық.
Мың жаның болса дағы құтылмайсың,
Табылмас енді менен майда қылық.

Бала айтты: — Дінім үшін жаным құрбан,
Жаннан қорқып, отына мен бас ұрман.
Дінім хақ, ісім ақлын, өлсем шәйіт,
Қорқады деп үмітті үз сен антұрған.

Баланың бар киімін шешіп алды,
Жүз қамшы арқасына дүре салды.
Қынқ етіп бір дыбысты шығармады,
Азырақ талмаусырап, нашарланды.

Мұнысын жаратпады, қадір сұбхан[1],
Көк бұзылып, жер жүзі болды топан.
Байлаулы бала жайға қала берді,
Кемемен әуре болды көп антұрған.

Түн бойы ұйқтамады бір де мызғап,
Су сарылдап құйылды кемені ырғап.
Отыз құлы таусылды табанынан,
Су төгіп тан атқанша ол сарпылдап.

Отыз құл ақылдасты басты қосып,
Өлеміз деп ойлады жаннан шошып.
Бір шеттен бір жағаға келе жатқан
Кәрі иттің ұстай алды алдын тосып.

— Ақсақал, іс қыласыз ойланбастан,
Жаннан қорқып қашпаушы ек қара тастан.
Құдай сүймей бұл істі бізге салды,
Қолын шеш, ризалық ал мына жастан.

Қолын шеш, ризалық ал, кісенді бұз,
Шапшаң айт, көнесің бе, уақыт тығыз.
Бұл сөзге көнбей қалсаң, ақыр өлдік,
Сені суға тастаймыз отызымыз!

Сонда шал мына сөзге аң-таң қалды,
Не қыларын біле алмай, аз ойланды.
Пішінін отызының байқаған соң,
Баланың кол-аяғын шешіп алды.

Мойнынан шырағым деп құшақтайды,
Көзінің ағып жасы, бұршақтайды.
Шырағым, мастықпенен қылыппын,— деп,
Өуелгі сөзден танып және алдайды.

Өзім жас, ақ пейілдеу адам еді,
Ойлады: өтірік болса неге именді.
Мастықпен қылса қылған шығар-ау деп,
Іс көрмеген жастықпен және сенді.

Мастықпен қылған болсаң, кештім саған.
Кәрі итте: Шырағым, — деп арсандаған.
Жел тынып, күн айығып баяғыдай,
Хикметімен тоқтатты бір жасаған.

[1] Сұбхан (арабша) سُبْحَانَ алланың есімінің бірі. Бұл жерде күшті құдайым деген мағынада.

Баланы сыйлап жатыр, тамақ қамдап,
Су төккісіз жорға боп шал жылмандап.
Отыз күл мынау тек жан емес қой деп,
Әлінше қызметінде жүр тырбаңдап.

Бір мезгілде шал айтты: — Балам, тоқта,
Мысты алтын қылатын дәрі осы жақта.
Алыс емес, аз күндік жақын жерде,
Болмай ма молықтырып ап қайтсак та?

Бала айтты: — Өзің біл!— деп бұл сөзіне,
Шал қуанды тиген соң ерік өзіне.
Төбесінен тік тұрып қылды қызмет,
Титтей шәргез келмейді мінезіне.

Сып етіп бір жағаға келді жетіп,
Шал жөнелді, баланы қасына ертіп.
Бір барабан тұр екен, қағып еді,
Қамады желмаялар дүбірлетіп.

Үш желмая ұстады жорығына,
Бірінің азық артты қомдығына.
Екеуіне ер ерттеп міниіп алып,
Барабанды қалдырды орынына.

Желмаялар келеді желдей есіп,
Сұм шалдың бір тарапты көзі тесіп.
Шал айтады балаға: — Көрдің бе — деп,—
Бұлт тұр бұлдыраған еленцесіп?

Ол өзі — бұлт емес, Қаптың тауы,
Бір бөлек үлкен таудың бергі бауры.
Бергі таудың басында сол дәрі бар,
Қырандай ап қайтармыз жібек баулы.

Түні бойы жүріпті, болды сәске,
Көрінді жарқыраған үйдей нәсте.
— Бұл не?— деп сұрап еді, тұра қашты,
Биттей аял қылмады кәпір әсте.

— Бұл не, — деп тағы да айтты Әзім сорлы,—
Қашқаның не қылғаның мұнша ғұрлы?
— Шырағым, мұның өзі қатерлі жер,
Бір қаскөй жәдігей дәудің орны.

Соны айтты да, шал сабап жүре берді,
Бір өзен жатыр екен, соны өрледі.
Өзенді өрлегеннен бір айрылмай,
Дәл бесінде ұшыртып тауға келді.

Келді де бір жартасқа түсе қалды,
Азық артқан маяны жарып салды.
Ішін жарып, іштегі ішек-қарнын,
Өкпе-баурын тазалап, бәрін алды.

Сонда шал Әзімге арқан, қанжар берді:
— Маяның ішіне еніп, сен жат!— деді,—
Ішін тігіп, мен кетіп, жасырынам,
Тау басында самұрық бізді көрді.

Бұл жерге мен кеткен соң самұрық келер,
Маяны іліп алып, биікке өрлер.
Бір жерге қонғаннан соң жар дағы шық,
Именіп адамзаттан ұшып кетер.

Тау басында бар кара ұсақ топырақ,
Қапқа толтыр кешікпей жылдамырақ.
Қап толған соң арқанға байлап жібер,
Саспай шешіп алғанша тоқта бірақ.

Сонан соң арқанынды тасқа байла,
Түсетұғын ыңғайлы жерді сайла.
Арқаннан ұста дағы түс сырғанап,
Жарамайды қылмасақ сүйтіп айла.

Қап алды, қанжар алды сонда Әзім,
Сөзінің ұқты бәрін қылмай жазым.
Шырағым, айтқанымды жаңылма, — деп,
Барынша қылып жатыр шал да тағзым.

Әзім де бөгелмеді бойын тежеп,
Талабы, тәуекелі сондай-ақ көп.
Тоңірінің бір жазғаны екі болмас,
Маяның ішіне енді тәуекел деп.

Маяның кетіп қалды ішін тігіп,
Шалекең жасырынды талға кіріп.
Аспаннан самұрық келіп, іліп алып,
Қайқайып қайта шықты бір-ақ ырғып.

Маяны самұрық қонды тасқа апарып,
Ер Әзім шыға келді ішін жарып.
Адамзатты көрген соң бұдан шошып,
Отырды самұрық құс аулақ барып.

Жалтаңдап Әзім шықты тау басына,
Таңты топырақ, толтырды дорбасына.
Қап толған соң арқанға мықтап байлап,
Тау басынан жіберді атасына.

Жіберді әлгі қапты жерге атып,
Антұрған шал дәулетке қалды батып.
Қап жерге түскеннен соң дінсіз кәпір
Арқанды алып кетті жұла тартып.

Айрылып арқанынан Әзім қалды:
— Арқанды неге алдың!— деп айғай салды.
— Талайды осы тауға тастағанмын,
Соның бірі болдың,— деп кете барды.

Сұм шалдың дінсіздігін сонда білді,
Қарамай, бір қайрылмай, жүре берді.
Кәпірдің қайрылмасын білгеннен соң,
Жүгіріп жалтыр тастан жол іздеді.

Көрді, білді ол таста жолдың жоғын,
Сонан соң қамдап бақты қарны тоғын.
Азырақ жеміс тауып жеді дағы,
Көрмекке жата кетті хақ бұйрығын.

Күн де батты, бір жерге Әзім жатты,
Күн батқан соң жан-жағы салдыр қақты.
Қараса қаптап жүрген бәрі айдаһар,
Сонда да біраз жатып ұйқтап қапты.

Ұйқтап кетіп, шошынып тез оянды,
Жұтқалы көрді келген айдаһарды.
Не де болса тәуекел қылды дағы,
Қанжармен қақ басынан шауып қалды.

Өзі де бір тарапқа ыршып кетті,
Бір биік ағаш көрген, соған жетті.
Биік жерде болайын деді дағы,
Сол түні ағаш басын мекен етті.

Әр-бері жатты дағы, ұйқтап қалды,
Шаршаған ғой, күн шыға зорға оянды.
Қараса басқа айдаһар жоғалыпты,
Өзі шапқан таныды айдаһарды.

Ойлады: „Тірі болса кетпес пе еді?“
„Өлген ғой мына айдаһар“,— деп ойлады.
Ағаштан түсе қалып айдаһарға,
Қолына қанжар алып, жетіп барды.

Көрді, білді айдаһар тірі емесін,
Тәңірі ұзын жаратқан сом денесін.
Қанжармен таспадай қып тіліп алып,
Аз уқалап кептірді жон терісін.

Жалғап-жалғап, бір ұзын арқан етті,
Ер Әзім осылайша талап етті.
Бір ұшын тасқа байлап жібергенде,
Түсетұғын орнына әбден жетті.

Ер Әзім тәуекел қып жаннан күсіп,
Арқаннан ұстады да, кетті түсіп.
Қарақат жеп, мойыл жеп, судан ішіп,
Өзенді қулады да, жүгірді ұшып.

Үш қонып, төртінші күн белден асты,
Ол күні алтынды үйге душарласты.
Тау басынан түсірген тәуекелмен
Сол үйге кірмек болып қадам басты.

Қақпадан кірді ішкері қадам басып,
Бір үйінен өрледі бір үйге асып.
Тілдесерге еш адам жолықпады,
Төрдегі үйге кірді есік ашып.

Екі сұлу қыз отыр төрдегі үйде,
Ондай сұлу көрген жоқ бүтін елде.
Екі қыз шатраш ойнап, білмей қалды,
Кірді де, тұра қалды орта жерде.

Екі қыз мұны көрді бас көтеріп,
Адамзатқа таңырқап, тұрды елеріп.
— Ей, жігіт, түсің жақсы жан екенсің,
Жүр едің жәдігөйге не қып еріп?

Сөйледі Әзім дағы аянбай-ақ:
— Мен ғаріп бишарамын жүрген саяқ.
Әуелде өзі көрген бар қысаны
Сөйледі бірін қоймай бастан-аяқ.

Екі қыз естіп білді Әзім жайын,
Есіркеп, мүсіркейді айтқан сайын.
— Сен бізге бауыр болып, тұр осында,
Не керектің қылалық бәрін дайын.

— Құп болсын, олай болса, апаларым!
Дүниенің тартып жүрмін жапаларын.
Сағынсам, өз еліме жеткізе ме,
Айтсаңыз, мархаматты аталарың?

— Көңілді бос суытпа біздей қыздан,
Сізге уәде біздерге тәңірі айтқызған.
Шыдағанша шыдап бақ қасымызда,
Қайтпағың келер біздің қолымыздан.

Сені біз жар етпейміз, бауыр еттік,
Достықпен жүрек еріп тәуір еттік:
Түбінде сен тұра алмас болсаң мұнда,
Еліне жеткізуге біз де жеттік.

Күп болады десті де, серт байласты,
Қатты-қатты айтысып уәделесті.
Көңілінде қара жоқ, ақ ниетпен
Тым жақын дос болуға ынғайласты.

Күн жанғырып, бойына қуат енген,
Алтынды үйдің ішінде еркеленген.
– Жан-жағын қалай сайран қылсаң еркің,
Жалғыз-ақ бір есікке кірме, – деген.

Екі қыз кетіп бір күн, қалды Әзім,
Салған жоқ қыздар оның көңліне ажым.
Тал түсте бағанағы кірме деген
Есікке кіріп кетті – бар ма лажың?

Кірсе, аржағы дөңгелек қалың ағаш,
Ішінде бір хауыз бар, ернеуі тас.
Бүлбүл сайрап, миуасы салбырап тұр,
Салтанатын түгендеп айтып болмас.

Тас ернеуі – меруерт, ол көрінген,
Кеткісі келмес жанның мұны көрген.
Ер Әзім тамашалап қарап тұрса,
Бір түрлі таңғажайып құстар келген.

(Аяғы бітпей қалған)

ВАДИМ

(М. Ю. Лермонтовтан)

I

Батар күнге шымылдық – көк бүлт кең,
Толқынды қызыл торғын өртпеннен тең.
Өткен дәурен секілді нұры жайнап
Арттағы мұнараға береді рең.

Ол монастырь – сопылар тұрар жері,
Кешкі қоңырау соғылған көптен бері.
Сопылар, қызметкерлер басылған жоқ,
Тас көшесін сыпырып жүргендері.

Ұзын қара пешпентті, ұзын шашты
Жамағатты итеріп бір жол ашты.
Мешітіне бастықтың келер жолын
Дайын қылып, сыпырып шаңын басты.

Томсарған, күлкісі жоқ, бір қансыз сұр,
Бір үлкен іс қылғансып асығып жүр.
Ладан деген иісті май тұтатып,
Жаққан шамы жарықта нұр бермей тұр.

Құлшылыққа жиылған көп жамағат
Сыбдыр қағып тосып тұр, сол-ақ қымбат.
Тас күмбезде сыбдыры күңгірлейді,
Ішкі үйіне кіруге тимей рұқсат.

Мұнан басқа қақпада бірқатар жан,
Жанашырсыз дүниеде жетім қалған.
Құдайдан да, жұрттан да күдер үзген,
Амал жоқ, өлмес үшін сұрайды нан.

Бірі – ақсақ, бірі – соқыр, бірі – кемтік,
Киімі – жүз құраулы жемтік-жемтік.
Мойны – қара, қолы – көн, езуі – көк,
Көзі үңірейген, беті ажым, бәрі – өлімтік.

Ұяттан, ар-намыстан не біледі?
Шіркеуге келгендерден тіленеді.
Аш итше бір тиынға топыр қағып,
Бір таласып, бір үрысып, бір күледі.

Ұялғаннан тастаған бір мыс тиын –
Аш кедейге ол дағы – қымбат бұйым.
Кір дорбаға онысын салып алып,
Жағалайды әркімді жыртық киім.

Бір бүкір ортасында, сол қозғалмас,
Жалынып еш адамға қолын созбас.
Арық қара, кең маңдай, қыр мұрынды,
Екі көзден от жанған не қылған жас?

Сұр ерін, өзі жұқа, жиі тістеп,
Ызамен тұрған жандай бойын күштеп.
Кең жауырын, білегі бұлшық етті,
Үйрейген жан секілді қызмет істеп.

Көп қайыршы бір-бірін кимелейді,
Бір тиынға таласып үймелейді.
Қозғалмай тұрған жастан сұйтсе дағы,
Бәрі қорқып, азғана именеді.

Қабағы түйілінкі, сүйінбейді,
Алла бөлек жаратқан түрін дейді.
Жиырма сегіз жасында ажым түскен,
Көк тамырда қан ойнап дірілдейді.

Көзге бүкір, қайраты – болат қырлы,
Сақтап жүрген секілді бұл бір сырды.
Шайтанның суретіне есіктегі
Бірқатар көзін салып қарап тұрды.

– „Егерде шайтандыққа жетсе қолым,
Алдауға арланар ем адам ұлын.
Аллаға асы[1], бейішке қашқын болып,
Онан соңғы бұл емес менің жолым.

Қорыққан кісі секілді бойын барлап,
Теңдес емес адамды алдап-арбап,
Жек көріп алғаннан соң көріне жау боп,
Кегін алса болмай ма сыпыра жалмап?“–

Дүниені ескермейтін паң секілді,
Жатырқап тірі жанды аң секілді.
Сыпатын, түрін көрсе сол бүкірдің,
Бір үлкен мақсұты бар жан секілді.

Қасында жолдастары – ақсақ, соқыр,
Қайыр тілеп шулап жүр, опыр-топыр
Палицын бай есікке келіп еді,
Шыр айналды күңк етіп әлгі бүкір.

II

Елуге келген, шашы бурыл тартқан,
Көзінің түсі оңып, нұры қайтқан.
Жүріс-тұрыс сүйтсе де жас жігіттей,
Қуатына жарамас шал деп айтқан.

Үлкен етік аяқта, көк пешпентті,
Таққан кірес төсінде жарқ-жұрқ етті.
Жүргені тарс-тұрс еткен тәкаппарлау,
Жайған тасқа басқаны жанды үрпитті.

Бай Палицын пандықпен басады аяқ,
Қайыршыға түксиер түйген қабақ.
Екі малай артынан ертіп алған
Күшік иттей қылып жүр байға жалбақ.

---

[1] Күнәлі деген сөз

Кердең басып шіркеуге жақын барды,
Қалтадан бір теңгелік күміс алды.
Есікте шегелеулі құлыбы бар
Бір сандық бар, барды да соған салды.

Ақырып кедейлерге дейді: „Антұрған!
Жалқаулықтан бәрі де мұндай болған.
Қызмет қылса, тамағы тоймас па еді?!“
Құды „кет!“ деп кедейді әлгі тұрған.

Ақырған соң байғұстар әрі тұрды,
Қалтасына қол салып, мойнын бұрды.
„Бәрің бірдей таласпай, бөліп ал!“ – деп,
Бір теңгелік күмісті лақтырды.

– Осылар елдің тынышын алды бүтін,
Бірдің нанын тіленіп, бірдің сүтін,
Құдайым кезін берсе, күтіп жүріп,
Ұялмай бәрін аштан өлтіретін.

Үндемей бүкір жүрді арғы шеттен,
От жалындай сол байға көзін тіккен.
Жай отындай жарқылдап қарауы өзге,
Ызасы қозғалған ба ішке бүккен?

Палицынді артынан қуып жетті,
– Не керек?– деп әлгі шал бір күңк етті.
– Сенен менің сұрауым тым аз ғана,
Өзің айтқан жұмысты берші!– депті.

– Қарама мені әлсіз деп, байым, кердең,–
Бір ауыр тасты жұлып алды жерден.
– Көрген соң көзің жетсін – деді дағы,
Атып, қағып, доп қылып ойнап берген.

Бай көріп, аң-таң қалды, мұның күшін,
Еш адам қылар емес қылған ісін.
– Өз қорама алайын, өзің көнсең,
Боласың ба қызметші менің кісім?–

Алды-артына бүкір де қарамады,
Қуанғаннан қасына жетіп барды.
Азаттығын садаға қылды дағы,
Басына уәдені беріп салды.

Атың кім?– деп, бүкірден бай сұрады.
Атым – Вадим,– деп еді, байға ұнады.
Қошаметтің жөні деп қос жалшысы,
Мағынасыз беталды ыржаңдады.

Жаман көзбен қарады Вадим сонда,
Ертіп жүрген екеуге байды жолда.
Көзіне шыдай алмай, к... н қысып,
Жым-жырт болып екеуі болды молда.

III

Бай: „Ер!“ – деді, артынан ере берді,
Бай шіркеуден үйіне тым кеш келді.
Қақпа соқты, қатты жел дүрілдеп тұр,
Танымай, ырылдасып иттер үрді.

Вадим де іздегенін тапты мына,
Жоғары қарап, түсті ойға аз ғана.
Шіркеудегі сертті ойлап, айтқан сөзі:
„Әділет қайда болса, сонда күнә“.

Дүбірлетті есікті бай да болмай,
Аз кешікті, ашуға жан табылмай.
Бір жалшы келді есікке қалт-құлт етіп,
Жылы орынын тастамақ кімге оңай?

Үйіне бай Вадимді ертіп келді,
Сол заманға лайықты үйін көрді.
Қырықтан асқан семірген қатыны отыр,
Бәйбішесі осы деп ойлап білді.

Ішпек, жемек, семірмек, есінемек,
Еріккеннен жалшыға бос зекірмек,
Бай ұрыспаған кезінде өзі ұрысқансып,
„Олай емес, білмейсің, былай“, – демек.

Бұл қылық – бұрынғыдан бір қалған жол,
Осындай бәйбішелер жұртта бек мол.
Өзге қызық суиын деген шақта
Қартаң тартқан қатынның қуаты – сол.

Соққан боран секілді біздің өмір,
Не тыныштық тауып берді, өзің де көр.
Сол қатынға келеді күншілігім,
Сондай өмір қолыма бір тимей жүр.

Ол қылықпен өлгенше ол да жүрмек,
Бала-шаға жыласып, өлсе өкірмек.
Көршілері: „Адамға залалы жоқ,
Тым-ақ жақсы кісі еді, байғұс!“ – демек.

(Аяғы бітпей қалған)

Қара сөздер

БІРІНШІ СӨЗ

Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық — әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтып, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын.

Ел бағу? Жоқ, елге бағым жоқ. Бағусыз дертке ұшырайын деген кісі бақпаса, не албыртқан, көңілі басылмаған жастар бағамын демесе, бізді құдай сақтасын!

Мал бағу? Жоқ, баға алмаймын. Балалар өздеріне керегінше өздері бағар. Енді қартайғанда қызығын өзің түгел көре алмайтұғын, ұры, залым, тілемсектердің азығын бағып беремін деп, қалған аз ғана өмірімді қор қылар жайым жоқ.

Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгеніңді кімге үйретерсің, білмегеніңді кімнен сұрарсың? Елсіз-күнсізде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар? Мұңдасып шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі — бір тез қартайтатұғын күйік.

Софылық қылып, дін бағу? Жоқ, ол да болмайды, оған да тыныштық керек. Не көңілде, не көрген күнінде бір тыныштық жоқ, осы елге, осы жерде не қылған софылық?

Балаларды бағу? Жоқ, бата алмаймын. Бағар едім, қалайша бағудың мәнісін де білмеймін, не болсын деп бағам, қай елге [illegible] қосайын? Балаларымның өзіне ілгері [illegible] тыныштықпенен көрерлік орын [illegible] бар, не қыл дерімді біле алмай отырмын, [illegible] да ермек қыла алмадым.

[illegible] келген нәрселерді қағазға жаза [illegible] соны ермек қылайын, кімде-кім [illegible] алсын, я оқысын, керегі жоқ [illegible] оны өзінің байладым, енді [illegible]

ЕКІНШІ СӨЗ

Мен бала күнімде естуші едім, біздің қазақ сартты көрсе, [illegible] үйінен, кең қолтық, шүлдіреген тәжік,

Арқадан үй төбесіне саламын деп, қамыс артқан, бұтадан қорыққан, көз көргенде „әке-уке“ десіп, шығып кетсе, қызын боқтасқан, „сарт-сұрт деген осы“ деп. Ноғайды көрсе, оны да боқтап күлуші еді: „түйеден қорыққан ноғай, атқа мінсе – шаршап, жаяу жүрсе – демін алады, ноғай дегенше, ноқай десеңші, түкке ыңғайы келмейді, солдат ноғай, қашқын ноғай, „башалшік[1] ноғай“ деп. Орысқа да күлуші еді: „ауылды көрсе шапқан, жаман сасыр бас орыс“ деп.

Орыс ойына келгенін қылады деген... не айтса соған нанады, „ұзын құлақты тауып бер депті“ деп.

Сонда мен ойлаушы едім: ей, құдай-ай, бізден басқа халықтың бәрі антұрған, жаман келеді екен, ең тәуір халық біз екенбіз деп, әлгі айтылмыш сөздерді бір үлкен қызық көріп, қуанып күлуші едім.

Енді қарап тұрсам, сарттың екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, саудагерінің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ. Өзіменен өзі әуре болып, біріменен бірі ешбір шаһары жауласпайды! Орысқа қарамай тұрғанда қазақтың өлісінің ахиреттігін[2], тірісінің киімін сол жеткізіп тұрды. Әке балаға қимайтұғын малынды кірелеп сол айдап кетіп тұрды ғой. Орысқа қараған соң да, орыстың өнерлерін бізден олар көп үйреніп кетті. Үлкен байлар да, үлкен молдалар да, еттілік, қырмызылық, сыпайылық – бәрі соларда. Ноғайға қарасам, солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды. Еңбек қылып, мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат, әсем де соларда. Оның малдыларына, құзғын тамағымыз үшін, біріміз жалшы, біріміз қош алушымыз. Біздің ең байымызды: „сәнің шақшы[3] аяғың білән пышыратырға қойған идән түгіл, шық, сасық казақ“, – деп үйінен қуып шығарады. Оның бәрі – бірін-бірі қуып қор болмай, шаруа қуып, өнер тауып, мал тауып, зор болғандық әсері. Орысқа айтар сөз де жоқ, біз құлы, күні құрлы да жоқпыз. Бағанағы мақтан, бағанағы қуанған, күлген сөздеріміз қайда?

ҮШІНШІ СӨЗ

Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының, рас сөзі аз болатұғынының, қызметке таласқыш болатұғынының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не? Һәмма ғаламға белгілі данышпандар

---

[1] Үсақ саудагер.

[2] Бұл жерде өлген кісіні орайтын кебін мағынасында.

[3] Лас, былғаныш.

өлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз надан арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады.

Мұның бәрі төрт аяқты малды көбейтеміннен басқа ойының жоқтығынан, өзге егін, сауда, өнер, ғылым — солар секілді порселерге салынса, бұлай болмас еді. Әрбір мал іздеген малым көп болса, өзімдікі де, балаларым да малды болса екен дейді. Ол мал көбейсе, малшыларға бақтырмақ, өздері етке, қымызға тойып, сұлуды жайлап, жүйрікті байлап отырмақ. Қыстауы тарлық қылса, арызы жеткендік, сыйы өткендік, байлық қызметінен біреудің қыстауын сатып алмақ, ептеп алмақ, тартып алмақ. Ол қыстауынан айырылған және біреуге тиіспек, я болмаса орынсыздығынан елден кетпек — әр қазақтың ойы осы.

Осылар біріне бірі достық ойлай ала ма? Кедей көп болса, ақысы кем болар еді, малдан айырылғандар көбейсе, қыстауы босаяды деп, мен ананы кедей болса екен деп, ол мені кедей болса екен деп, әуелде ішімізбен қас сағындық. Әрі-беріден соң сыртымызға шықты, жауластық, дауластық, партияластық. Осындай қастарға сөзім өтімді болсын және де ептеп мал жиюға күшім жетімді болсын деп, қызметке болыстық, билікке таластық.

Сонан соң не момынның баласы бөтен жаққа шығып, ешбек қылып, мал іздемейді, егін, сауданың керегі жоқ болады. Ол болыс өзі осындай таласпенен кісі көбейтеміз деп партия жиындардың бүгін біреуіне, ертең біреуіне кезекпен сатады да жүреді. Ұрылар тыйылмайды. Ел тыныш болса, оның ұрлығын ешкім сүйемес еді. Ел екі жар болған соң, кім ант ішіп, ант ішіп, арамдығын жақтап, сүйеймін десе, соған жақ болып сүйеміз, бұрынғыдан ұрлығын әлденеше есе асырады.

Елдегі жақсы адамдардың бәрінің үстінен бекер, өтірік шаншы, талады" деген әртүрлі уголовный[1] іс көрсетіп, арыз береді. Оған дознание[2] — тергеу шығарады. Өтірік көрмегенін көрдім деуші куәлар да әлдеқашан дайындап қойылған, бағанағы жақсы адам сайлауға жарамасы үшін. Ол адам басын сұлатармақ үшін жамандарға жалынса, оның да адамдығының бәрі, ешбір пайдасыз жалынбаса, тергеулі, сотты адам болып, ешбір пайдасыз жарамай, басы қатерге түсіп өткені. Ол болыс бағанағы куәлық, арамдықпенен болыстыққа жеткен соң, бағанағы куәлерді, ойнаған арам, куәларды қадірлейді,

[1] Уголовный — қылмысты
[2] Дознание — жауапқа шақыру

өзіме дос болып, жәрдемі тиеді деп, егер қас болса, бір түрлі өзіме де залал жасауға қолынан келеді деп.

Осы күнде қазақ ішінде „ісі білмес, кісі білер“ деген мақал шықты. Оның мәнісі: „ісіңнің түзулігінен жетпессің, кісіңнің амалшы, айлалылығынан жетерсің“ деген сөз. Үш жылға болыс сайланады. Әуелгі жылы „Сені біз сайламадық па?“ деп елдің бұлданғандығымен күні өтеді. Екінші жылы кандидатпенен аңдысып күні өтеді. Үшінші жылы сайлауға жақындап қалып, тағы болыс болып қалуға болар ма екен деп күні етеді. Енді несі қалды? Осы қазақ халқының осындай бұзықшылыққа тартып, жылдан жылға төмендеп бара жатқанын көрген соң, менің ойыма келеді: Халықтың болыстыққа сайлаймын деген кісісі пәлен қадәрлі орысша образование[1] алған кісі болсын. Егер де орталарында ондай кісісі жоқ болса, яки бар болса да сайламаса, уезный начальник пенен военный губернатордың назначениесімен[2] болады десе, бұл халыққа бек пайдалы болар еді. Оның себебі: әуелі — қызметқұмар қазақ балаларына образование беруге ол да — пайдалы іс, екінші — назначениемен болған болыстар халыққа міндетті болмас еді, ұлықтарға міндетті болар еді.

Уә және назначение қылғанда тергеуі, сұрауы барлығына қарамаса өтірік арыз берушілер азаяр еді, бәлки жоғалар еді. Уә және әрбір болыс елде старшина басы бір би сайланғандық, бұл халыққа көп залал болғандығы көрініп, сыналып білінді. Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің колынан келмейді. Бұған бұрынғы „Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын“, Әз Тәуке ханның Күл төбенің басындағы күнде кеңес болғанда „Жеті жарғысын“[3] білмек керек. Әм, ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендікпенен ескіріп бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек еді, ондай кісі аз, яки тіпті жоқ.

Бұрынғы казақ жайын жақсы білген адамдар айтыпты: „Би екеу болса, дау төртеу болады“ деп. Оның мәнісі — тақ болмаса, жұп билер таласып, дау көбейте береді дегенмен айтылған сөз. Өйтіп би көбейткенше, әрбір болыс елден толымды-білімді үш-ақ кісі билікке жыл кесілмей сайланса, олар түссе, жаманшылығы әшкере білінгендікпенен түссе, әйтпесе түспесе. Ол билерге даугер адамдар қалмай, екеуі екі

---

[1] Образование— білім.

[2] Назначениесімен — қызметке тағайындау.

[3] Жеті жарғы — Тәуке ханның заңының жеті ережесі.

кісіні билікке таңдап алып, үстіне біреуді посредникке[1] сайлап алып, біте берсе; егер оған да ынтымақтаса алмаса, бағанағы үш бидің біреуін алып, яки жеребемен сайлап алып жүгінсе, сонда дау ұзамай, бітім болар еді.

ТӨРТІНШІ СӨЗ

Әрбір байқаған адам білсе керек: күлкі өзі бір мастық екенін, әрбір мас кісіден ғафил[2] көп өтетұғынын да, әрбір мастың сөйлеген кезінде бас ауыртатұғынын. Бұлай болғанда, күлкіге салынған кісі не шаруадан, не ақылдан, не бір ұят келерлік істен құр, ғафил көп өткізіп отырса керек. Осындай ғафилдік көп өткізіп, өлмеген кісінің не дүниеде, не ахиретте[3] басы бір ауырмай қалмаса керек.

Әрбір уайым-қайғы ойлағыш кісі не дүние шаруасына, не ахирет шаруасына өзгеден жинақырақ болса керек. Әрбір жинақылықтың түбі кәніш[4] болса керек. Енді олай болғанда, үнемі уайым-қайғыменен жүре аламыз ба? Үнемі күлмей жүруге жан шыдай ма екен? Жоқ, мен үнемі уайым-қайғыменен бол демеймін. Уайым-қайғысыздығыңа уайым-қайғы қыл дағы, сол уайым-қайғысыздықтан құтыларлық орынды харекет[5] табу керек һәм қылу керек. Әрбір орынды харекет өзі де уайым-қайғыны азайтады, орынсыз күлкіменен азайтпа, орынды харекетпен азайт!

Шығар есігін таба алмай, уайым-қайғының ішіне кіріп алып, қамалып қалмақ, ол өзі де – бір антұрғандық. Және әрбір жаман кісінің қылығына күлсең, оған рахаттанып күлме, ыза болғаныңнан күл, ызалы күлкі – өзі де қайғы. Ондай күлкіге үнемі өзің де салынбассың, әрбір жақсы адамның жақсылық тапқанына рахаттанып күлсең, оның жақсылықты

---

[1] Посредникке – екі жағына бірдей адам сайлап алу деген мағынада.

[2] Ғафил (арабша) – غَافِلٌ – бейқам, салақ, алаңғасар.

[3] Ахирет (арабша) – الآخِرَةُ – арғы дүние, о дүние.

[4] Кәніш (парсыша) – كَنْشٌ – іс өрекет, жұмыс өрекет.

[5] Харекет (арабша) – حَرَكَةٌ – өрекет, іс, жұмыс.

жақсылығынан тапқандығын ғибрат көріп күл. Әрбір ғибрат[1] алмақтың өзі де мастыққа жібермей, уақытымен тоқтатады. Көп күлкінің бәрін де мақтағаным жоқ, оның ішінде бір күлкі бар-ау, құдай жаратқан орнымменен іштен, көкіректен, жүректен келмейді, колдан жасап, сыртыменен бет-аузын түзеп, бай-бай күлкінің әнін сәндеп, әдемішілік үшін күлетін бояма күлкі.

Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада, бу дүниенің рахатының кайда екенін білмей, бірін-бірі аңдып, біріне бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, қор етіп еткізеді де, таусылған күнде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды.

Кулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ — өнерсіз иттің ісі. Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды.

БЕСІНШІ СӨЗ

Көкірек толған қайғы кісінің өзіне де билетпейді, бойды шымырлатып, буынды құртып, я көзден жас болып ағады; я тілден сөз болып ағады. Қазақтар: „Ә, құдай, жас баладай қайғысыз қыла гөр!“ деп тілек тілегенін өзім көрдім. Оныcы — жас баладан гөрі өзі есті кісі болып, ескермес нәрсесі жоқсып, қайғылы кісі болғансығаны. Қайғысы не десең, мақалдарынан танырсың: әуелі — „Түстік өмірің болса, күндік мал жи“, „Өзінде жоқ болса, әкең де жат“, „Мал — адамның бауыр еті“, „Малдының беті — жарық, малсыздың беті — шарық“, „Ер азығы мен бөрі азығы жолда“, „Ердің малы елде, еріккенде колда“, „Берген перде бұзар“, „Алаған колым — береген“, „Мал тапқан ердің жазығы жоқ“, „Байдан үмітсіз — құдайдан үмітсіз“, „Қарның ашса, қаралы үйге шап“, „Қайраны жоқ көлден без, қайыры жоқ елден без“ деген осындай сөздері көп, есепсіз толып жатыр.

Бұл мақалдардан не шықты? Мағлұм[2] болды: қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен, мал үшін қам жейді екен, бірақ ол малды қалайша табуды білмейді екен, бар білгені малдыларды алдап алмақ яки мақтап алмақ екен, бермесе оныменен жауласпақ екен. Малды болса, әкесін жаулауды да ұят көрмейді екен. Әйтеуір ұрлық, кулық-сұмдық, тіленшілік, соған ұқсаған қылықтың қайсысын болса да қылып жүріп, мал тапса, жазалы демесек керек екен.

---

[1] Ғибрат (арабша) — عِبْرَةٌ — онеге, үлгі, сабақ.

[2] Мағлұм (арабша) — مَعْلُومٌ — мәлім, белгілі.

Бұлардың жас баланың ақылынан несі артық? Бірақ, жас бала қызыл ошақтан қорқушы еді, бұлар тозақтан да қорықпайды екен. Жас бала ұялса, жерге ене жаздаушы еді, бұлар неден болса да ұялмайды екен. Сол ма артылғаны? Қолымыздағыны үлестіріп талатпасақ, біз де өзіндей болмасақ, бәсеңді екен. Іздеген еліміз сол ма?

АЛТЫНШЫ СӨЗ

Қытақтың бір мақалы: „Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік" дейді. Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады – білмейді. Қазақ ойлайды: бірлік аты – ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Жоқ, бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малынды берсе, ағасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып берілік қылады! Бірлік малға сатылса, антұрғандықтың басы осы. Малын алмай бірлік қылса керек, сонда әркім несібесін құдайдан тілеп, ойлаппесе құдайдан тілемейді, шаруа іздемейді. Әуелі бірінші бірі пәле іздейді. Не түсін, не ажарын, не өкпесін бұлдап, ол болмаса, бір пәле салып, қорғалатып, әйтеуір бірін-бірі ашуланып амалын іздеседі. Мұның қай жерінен бірлік шықты?

„Ырыс алды – тірлік" дейді, ол қай тірлік? Ол осы жан сәуледен шықпағандық па? Жоқ, ондай тірлік итте де бар. Ондай тірлікті қымбат көріп, бұлдаған адам өлімді жау көріп, ажырасқыс дұшпан болады. Жанын қорғалатып, жаудан қашып, қорқақ атанып, еңбек қылудан, қызмет қылудан қашып, ерінішек атанып, ез атанып, дүниеде әлгі айтылған ырысқа дұшпан болады. Ол айтқан тірлік олар емес. Көкірегі, көңілі тірі болса, соны айтады. Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер қыла алмайсың.

Кеселді жалқау, қылжақбас,
Әзір тамақ, әзір ас,
Сыртың – пысық, ішің – нас,
Артын ойлап ұялмас, –

болып жүріп, тірімін деме, онан да алла жіберген ақ бұйрықты болмаған ой артық.

ЖЕТІНШІ СӨЗ

Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішем, жеем, үйқтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі

өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, „ол немене?“ „бұл немене?“ деп, „ол неге үйтеді?“, „бұл неге бүйтеді?“ деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген.

Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықпен орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады. Әзелде құдай тағала хайуанның жанынан адамның жанын ірі жаратқан, сол әсерін көрсетіп жаратқаны. Сол қуат жетпеген, ми толмаған ессіз бала күндегі „бұл немене, ол немене?“ деп, бір нәрсені сұрап білсем екен дегенде, ұйқы, тамақ та есімізден шығып кететұғын құмарымызды, ержеткен соң, ақыл кіргенде, орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екеміз?

Сол өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді. Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді. Жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық. Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілменен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз. Біреу кеткенін айтса да, ұқпаймыз. Біреу ақыл айтса: „Ой, тәңірі-ай, кімнен кім артық дейсің!“– дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса ұқпаймыз.

Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта, бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз.

СЕГІЗІНШІ СӨЗ

Осы ақылды кім үйренеді, насихатты кім тыңдайды?

Біреу – болыс, біреу – би. Олардың ақыл үйренейін, насихат тыңдайын деген ойы болса, ол орынға сайланып та

жүрмес еді. Олар өздері де үздік кісіміз, өздеріміз біреуге үлгі беріп, ақыл айтарлықпыз деп сайланды. Өздері түзеліп жеткен, енді елді түзерлігі-ақ қалған. Ол не қылып тындасын және тындайын десе де, қолы тие ме? Басында өзіндік жұмысы бар: ұлығымызға жазалы болып қаламыз ба, елдегі бұзақыларымызды бүлдіріп аламыз ба, немесе халқымызды бүлдіріп аламыз ба, яки өзіміз шығындап, шығынымызды толтыра алмай каламыз ба?— деген ебіне карай біреуді жетілтейін деп, біреуді құтылтайын деген бейнетінің бәрі басында, қолы тимейді.

Байлар, олар өздері де бір күн болса да, дәулет қонып, дүниенің жарымы басында тұр. Өзінде жоқты малыменен сатып алады. Көңілдері көкте, көздері аспанда, адалдық, адамдық, ақыл, ғылым, білім — ешнәрсе малдан қымбат демейді, Мал болса, құдай тағаланы да паралап алса болады дейді. Оның діні, құдайы, халқы, жұрты, білімі, ұяты, ары, жақыны — бәрі мал. Сөзді қайтіп ұқсын, ұғайын десе де, қолы тие ме? Ол малды суармақ, тойғызбақ; саудасын жиғызбақ, күзеттірмек, оқытырмақ, ұры-бөрі, қыс, суық-сұғанақ — солардан сақтанбақ, солардан сақтарлық кісі таппақ. Оның бәрін жайғастырып, аяғын алып келіп мақтанға орналастырғанша қашан? Қолы тимейді.

Енді ұры-залым, сұм-сұрқия өздері де тындамайды.

Онша-мұнша қой жүнді қоңыршалар күнін де көре алмай жүр. Аналар анадай болып тұрғанда, білім, ғылым, ақылды не қылсын? Және де білім, ғылым кедейге керегі жоқтай-ақ: „Бізді не қыласың, ана сөзді ұғарлықтарға айт!“ дейді. Оның өзгеменен ісі жоқ, ана алдындағы үшеуіндей болған жанның ойында ешбір қайғысы, мұңы болмаса керек.

ТОҒЫЗЫНШЫ СӨЗ

Осы мен өзім — қазақпын. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе? Егер жақсы көрсем, қылықтарын қостасам керек еді. Уә әрнешік бойларынан адам жақсы көрерлік, көңілге тиятақ қыларлық бір нәрсе тапсам керек еді. Соны не үміт үшестікке, не онысы болмаса, мұнысы бар ғой деп, көңілге қуат қылуға жаратсам керек еді, ондайым жоқ. Егер жек көрсем, сөйлеспесем, мәжілістес, сырлас, кеңестес болмасам керек еді, тобына бармай, „не қылды, не болды?“ демей жату керек еді, ол мүмкін болмаса, бұлардың ортасынан көшіп кету керек еді. Бұларды жөндеймін деуге, жөнделер, үйренер деген үмітім де жоқ. Бұлардың бірі де жоқ. Бұл қалай? Бұл айтқанның бірін тұтпай болмас еді.

Мен өзім тірі болсам да, анық тірі де емеспін. Әншейін осылардың ызасынан ба, өзіме-өзім ыза болғанымнан ба, яки бөтен бір себептен бе?— еш білмеймін. Сыртым сау болса

да, ішім өліп қалыпты. Ашулансам, ызалана алмаймын. Күлсем, қуана алмаймын, сөйлегенім өз сөзім емес, күлгенім өз күлкім емес, бәрі де әлдекімдікі. Қайратты күнімде қазақты қиып бөтен жаққа кетпек түгіл, өзін жақсы көріп, үміт етіп жүріппін. Қашан әбден біліп, үмітімді үзген кезде, өзге жаққа барып, жатты өз қылып, үйір боларлық қайрат, жалын сөніп те қалған екен. Сол себептен бір жүрген қуыс кеудемін. Тегінде ойлаймын; бұ да жақсы, өлер кезде „әттегене-ай, сондай-сондай қызықтарым қалды-ау!" деп қайғылы болмай, алдыңғы тілеу болмаса, артқа алаң болмай өлуге.

ОНЫНШЫ СӨЗ

Біреулер құдайдан бала тілейді. Ол баланы не қылады? Өлсем орнымды бассын дейді, артымнан құран оқысын дейді, қартайған күнімде асырасын дейді. Осыдан басқасы бар ма?

Балам орнымды бассын демек не сөз? Өзіңнен қалған дүние иесіз қалар дейсің бе? Қалған дүниенің қамын сен жемек пе едің? Өліп бара жатқанда өзгеден қызғанып айтқаның ба? Өзгеге қимайтұғын сенің не қылған артықша орның бар еді? Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік, не түрлі боларын біліп сұрадың? Дүниеде өзіңнің көрген қорлығың аз болды ма? Өзіңнің қылған иттігің аз болды ма? Енді бір бала туғызып, оны да ит қылуға, оған да қорлық көрсетуге мұнша неге құмар болдың?

Артымнан балам құран оқысын десең, тірлікте өзіңнің жақсылық қылған кісің көп болса, кім құран оқымайды? Егер жаманшылықты көп қылған болсаң, баланың оқыған құраны сені неге жеткізеді? Тірлікте өзіңе өзің қылмаған істі, өлген соң саған балаң кәсіп қылып бере ала ма? Ахирет үшін бала тілегенің – балам жасында өлсін дегенің. Егерде ержетсін десең, өзі ержетіп, ата-анасын тұзақтан құтқарарлық бала қазақтан туа ма екен? Ондай баланы сендей әке, сенің еліндей ел асырап өсірмек пе екен?

Қартайғанда асырасын десең, о да – бір бос сөз. Әуелі – өзің қаруың қайтарлық қартаюға жетемісің, жоқ па? Екінші – балаң мейірімді болып, асырарлық болып туа ма, жоқ па? Үшінші – малың болса, кім асырамайды? Малың жоқ болса, қай асырау толымды болады? Баланың мал табарлық болары, мал шашарлық болары – ол да екі талай. Хош, құдай тағала бала берді, оны өзің жақсы асырай білесің бе? Білмейсің. Әуелі өз күнәңді өзің көтергеніңмен тұрмай, баланың күнәсіне тағы да ортақ боласың. Әуелі баланды өзің алдайсың: „Әне, оны берем, міне, мұны берем" деп. Басында баланды алдағаныңа бір мәз боласың. Соңыра балаң алдамшы болса,

кімнен көресің? „Боқта!“ деп, біреуді боқтатып, „кәпір — қиянқы, осыған тимендерші!“ деп, оны мазаттандырып, әбден тентектікке үйретіп қойып, сабаққа бергенде, молданың ең арманын іздеп, хат таныса болады деп, қу, сұм бол деп, „поленшенің баласы сені сыртыңнан сатып кетеді“ деп, тірі жанға сендірмей жат мінез қылып, осы ма берген тәлімің? Осы баладан қайыр күтесің бе?

Және мал тілейсіндер, неге керек қылайын деп тілейсіндер? Әуелі, құдайдан тілеймісің? Тілейсің. Құдай берді, бергенін алмайсың. Құдай тағала саған еңбек қылып мал табарлық қуат берді. Ол қуатты адал кәсіп қыларлық орынға жұмсаймысың. Жұмсамайсың. Ол қуатты орнын тауып сарып қыларды білерлік ғылым берді, оны оқымайсың. Ол ғылымды оқыса, ұғарлық ақыл берді, қайда жібергеніңді кім біледі?.. Тіпбей еңбек қылса, түнілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды? Оның саған керегі жоқ. Сенікі — біреуден қорқытып алсаң, біреуден жалынып алсаң, біреуден алдап алсаң болғаны, іздегенің — сол.

Бұл — құдайдан тілеген емес. Бұл — абройын, арын сатып, ұлым жаулағандық, тіленшілік. Қош, сүйтіп жүріп-ақ мал таптың, байыдың. Сол малды сарып қылып, ғылым табу керек. Өзің таба алмасаң, балаң тапсын. Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбір ғибадат[1] орнына бармайды. Ешбір қазақ көрмедім, малды иттікпен тапса да, адамшылықпен жұмсаған. Бәрі де иттікпен табады, иттікпен айрылады. Бейнет, күйігі, ызасы — сол үшеуінен басқа ешнәрсе бойында қалмайды. Барында баймын деп мақтанады. Жоғында „маған да баяғыда мал бітіп еді“ деп мақтанады. Кедей болған соң, тағы қайыршылыққа түседі.

ОН БІРІНШІ СӨЗ

Осы елдің үнем қылып жүргені немене? Екі нәрсе. Әуелі ұрлық, ұры ұрлықпен мал табам деп жүр. Мал иесі артылтып алып, тағы да байимын деп жүр. Ұлықтар алып берем деп, шауғерді жеп, құтқарам деп ұрыны жеп жүр. Қарапайым жұрт ұрлық айтып мал алам деп, ұрыға атымды сатып пайдаланам деп, не өткізбесін арзанға түсіріп алам деп жүр. Екінші — оқушылар біреудің ойында жоқ пәлені ойына салып, бүйтсең бек боласың, бүйтсең кеп боласың, бүйтсең кек аласың, мықты атанасың деп, ауқаттыларды азғырғалы әлек болып жүр. Кім

[1] Ғибадат (арабша) — қызмет жасау, құрметтеу, табыну, құлшылық жасау.

азса, мен соған керек боламын деп, к... н қыздырып алып, өзін бір ғана азық қылайын деп жүр.

Ұлықтар пәлі-пәлі, бұл табылған ақыл деп, мен сені бүйтіп сүйеймін деп, ананы жеп, сені бүйтіп сүйеймін деп, мынаны жеп жүр. Қара халық менің сонша үйім бар, сонша ауыл-аймағыммен сойылынды соғайын, дауынды айтайын деп, қай көп бергенге партиялас боламын деп, құдайға жазып, жатпай-тұрмай салып жүріп басын, ауылын, қатын-баласын сатып жүр. Осы бір ұры, бұзақы жоғалса, жұртқа ой да түсер еді, шаруа да қылар еді. Бай барын бағып, кедей жоғын іздеп, ел секілденіп талапқа, тілеуге кірісер еді. Енді жұрттың бәрі осы екі бүлік іске ортақ, мұны кім түзейді? Анттың, серттің, адалдықтың, ұяттың бір тоқтаусыз кеткені ме? Ұрыны тыю да оңай болар еді, бірақ осы бұзақының тіліне еретұғын, азатұғын байларды кім тыяды?

ОН ЕКІНШІ СӨЗ

Кімде-кім жақсы-жаман ғибадат қылып жүрсе, оны ол ғибадаттан тыюға аузымыз бармайды, әйтеуір жақсылыққа қылған ниеттің жамандығы жоқ қой дейміз. Ләкин[1], сондай адамдар толымды ғибадатқа ғылымы жетпесе де, қылса екен. Бірақ оның екі шарты бар, соны білсе екен. Әуелі – иманның иғтиқадын[2] махкемлемек[3] керек, екінші үйреніп жеткенше осы да болады ғой демей, үйрене берсе керек. Кімде-кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны құдай ұрды, ғибадаты ғибадат болмайды. Уа-ләкин[4], кімде-кім иманның неше нәрсе бірлән кәмәләт[5] табатұғынын білмей, қанша жерден бұзылатұғынын білмей, басына шалма орап, бірәдар атын көтеріп, оразашыл, намазшыл болып жүргені көңілге қалың бермей тұрып, жыртысын салғанға ұқсайды. Күзетшісіз, ескерусіз иман тұрмайды, ықыласыменен өзін өзі аңдып, шын діни шыншылдап жаны ашып тұрмаса, салғырттың иманы бар деп болмайды.

---

[1] Ләкин (арабша) – لَكِنْ – бірақ.

[2] Иғтиқад (арабша) – اِعْتِقَادٌ – сену, нану.

[3] Махкемлемек (арабша) – مُحْكَمٌ – берік, мықты, орнықты.

[4] Уа-лакин (арабша) – وَ لَكِنْ – ал, бірақ.

[5] Кәмәләт (арабша) – كَمَالَةٌ – рухани, даму, толықтыру.

ОН ҮШІНШІ СӨЗ

Иман деген – алла табарака уа тағаланың[1] шәриксиз[2], ғайыпсыз, бірлігіне барлығына уа әр түрлі бізге пайғамбарымыз саллалаһу галайһи уәсәлләм[3] арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойын ұсынып, инанмақ. Енді бұл иман дерлік инануға екі түрлі нәрсе керек. Әуелі – не нәрсеге иман келтірсе, соның хақтығына ақылы бірлән дәлел жүргізерлік болып, ақылы дәлел – испат[4] қыларға жарасса, мұны якини иман[5] десе керек. Екіншісі – кітаптан оқу бірлән яки молдалардан есту бірлән иман келтіріп, сол иман келтірген нәрсесіне соншалық берік боларға керек. Біреу өлтіремін деп қорқытса да, мың кісі мың түрлі іс көрсетсе де, соған айнып, көңілі қозғалмастай берік болу керек. Бұл иманды иман таклиди[6] дейміз.

Енді мұндай иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керек екен. Якини иманы бар деуге ғылымы жоқ, таклиди иманы бар деуге беріктігі жоқ, я алдағанға, я алғырғанға, я бір пайдаланғанға қарап, ақты қара деп, я қараны ақ деп, өтірікті шын деп ант ететұғын кісіні не дейміз? Құдай тағала өзі сақтасын. Әрнешік білмек керек, жоғарғы жазылмыш екі түрліден басқа иман жоқ. Иманға қарсы келерлік орында сыбір пенде құдай тағала кеңшілігімен кешеді дағы демесін, оның үшін құдай тағаланың ғафуына[7] яки пайғамбарымыздың шафағатына[8] да сыймайды, мүмкін де емес. „Қылыпш үстінде серіг жоқ“ деген, „құдай тағаланың кешпес күнәсы жоқ“ деген жалған мақалды қуат көрген мұндай пенденің жүзі құрсын.

---

[1] Аллаһу табарака уа тағала (арабша) – أَللّٰهُ التَّبَرُّك والتَّعالى – игі тілекке жолдаушы ұлы тәнір.

[2] Шәриксиз (арабша) – شَرِيكٌ – көмекші, серік, бүл жерде жалғыз, бір өзі тең келмейтін, бірдей келмейтін мағынада.

[3] Саллаһу ғалайһи уәссәлләм (арабша) – صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ – Алла оған игі тілек тілеп, сәлемін алсын (Мүхаммед пайғамбардың аты аталғаннан кейін айтылатын күрметтеу сөйлемі).

[4] Испат (арабша) – إِثْبَاتٌ – нақтылау, дәлелдеу, анықтау.

[5] Иман (арабша) – إِيمَانٌ – сенім (құдайға сену).

[6] Иман таклиди (арабша) – إِيمَانٌ تَقْلِيدِيٌّ – 1) біреуге сіктеп сену; 2) дәстүрлі.

[7] Ғафу (арабша) – عَفْوٌ – кешу, кешіру.

[8] Шафағат (арабша) – شَفَاعَةٌ – қорғау, жәрдем ету, көмектесу.

ОН ТӨРТІНШІ СӨЗ

Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені – батыр кісі дегені. Онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап біле алмайды. Рақымдылық, мейірбандылық, әр түрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі. Асықтық та – жүректің ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады. Қазақтың „жүректісі" мақтауға сыймайды. Айтқанға көнгіш, уағдада тұрғыш, бойын жаманшылықтан тез жиып алғыш, көштің соңынан итше ере бермей, адасқан көптен атының басын бұрып алуға жараған, әділетті ақыл мойындаған нәрсеге, қиын да болса, мойындау, әділетті ақыл мойындамаған нәрсеге, оңай да болса, мойындамау – ерлік, батырлық осы болмаса, қазақтың айтқан батыры – әншейін жүректі емес, қасқыр жүректі деген сөз.

Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады. Білместігімнен қылдым дегеннің көбіне нанбаймын. Білімді білсе де, арсыз, қайратсыздығынан ескермей, ұстамай кетеді. Жаманшылыққа бір елігіп кеткен соң, бойын жиып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады. Осы жұрттың көбінің айтып жүрген мықты жігіт, ер жігіт, пысық жігіт деп ат қойып жүрген кісілерінің бәрі – пәлеге, жаманшылыққа еліртпек үшін, бірін-бірі „айда, батырлап!" қыздырып алады да, артын ойлатпай, азғыратұғын сөздері. Әйтпесе құдайға терістіктен, не ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі, тәуір жігіт түгіл, әуелі адам ба өзі?

ОН БЕСІНШІ СӨЗ

Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің, менің білуімше, бір белгілі парқын көрдім.

Әуелі – пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей жүре алмайды. Сол қызықты нәрсесін іздеген кезі өмірінің ең қызықты уақыты болып ойында қалады. Сонда есті адам, орынды іске қызығып, құмарланып іздейді екен дағы, күнінде айтса құлақ, ойланса көңіл сүйсінгендей болады екен. Оған бұл өткен өмірдің өкініші де жоқ болады екен.

Есер кісі орнын таппай, не болса сол бір баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын итқорлықпен өткізіп алады екен дағы, күнінде өкінгені пайда болмайды екен. Жастықта бұл қызықтан соң және бір қызық тауып алатын кісімсіп, жастығы тозбастай, буыны

босамастай көріп жүріп, бірер қызықты қуғанда-ақ мойны қатып, буыны құрып, екінші талапқа қайрат қылуға жарамай қалады екен.

Үшінші — әрбір нәрсеге қызықпақтық. Ол өзі бойға құмарлық пайда қылатын нәрсе екен. Әрбір құмарлық өзіне бір дерт болады екен, әртүрлі құмар болған нәрсеге жеткенде, яки әне-міне, жетер-жетпес болып жүргенде, бір түрлі мастық пайда болады екен.

Әрбір мастық бойдан оғатты көп шығарып, ақылдың көзін байлап, төңіректегі қараушылардың көзін ашып, „ананы-мынаны" дегізіп, бойды сынататұғын нәрсе екен. Сол уақытта есті кісілер үлкен есі шықпай, ақылды қолдан жібермей, бойын сынатпай жүріп ізденеді екен. Есер кісілер ер-тоқымын тастап, боркі түсіп қалып, етегі атының к...н жауып кетіп, екі көзі аспанда, жынды кісіше шаба беруді біледі екен, соны көрдім.

Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгенінді өзің де білмей қалыппысың?

ОН АЛТЫНШЫ СӨЗ

Қазақ құлшылығым құдайға лайық болса екен деп қам жемейді. Тек жұрт қылғанды біз де қылып, жығылып, тұрып жүрсек болғаны дейді. Саудагер несиесін жия келгенде, „тапқаным осы, біттім деп, алсаң — ал, әйтпесе саған бола жерден мал қазам ба?" дейтұғыны болушы еді ғой. Құдай тағаланы дәл сол саудагердей қыламын дейді. Тілін жаттықтырып, дінін шиыртып, ойланып, үйреніп әлек болмайды. „Білгенім осы, енді қартайғанда қайдан үйрене аламын" дейді. „Оқымадың демесе болады дағы, тілімнің келмегенін қайтушы еді" дейді. Оның тілі өзге жұрттан бөлекше жаратылып па?

ОН ЖЕТІНШІ СӨЗ

Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті. Қайрат айтыпты: Ей, ғылым, өзің де білесің ғой, дүниеде ешнәрсе менсіз кәмелетке жетпейтұғынын. әуелі, өзінді білуге, ерінбей-жалықпай үйрену керек, ол менің ісім. Құдайға лайықты ғибадат қылып, ерінбей жалықпай орнына келтірмек те — менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абұйыр мансапты еңбексіз табуға болмайды. Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды

таза сақтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі[1] шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады?– депті.

Ақыл айтыпты: Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын – мен, сенің сөзінді ұғатұғын – мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды?– депті.

Онан соң жүрек айтыпты: Мен – адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жәйі қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын – мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын – мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын – мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?– депті.

Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдап болып, айтыпты:

– Ей, қайрат, сенің айтқаныңның бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, сенсіз ешнәрсенің болмайтұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман,– депті.

– Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз ешнәрсе табылмайтұғыны да рас. Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның екеуінің де – сүйенгені, сенгені – сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман,– депті.– Сен үшеуіңнің басынды қоспақ – менің ісім,– депті.– Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады.

---

[1] Нәфсі (арабша) – نَفْسٌ – 1) жан, рух; 2) тілек, нәпсі; 3) адам; 4) мағына, мазмұн.

Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшінді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет,– деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен.– Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табылсандар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың атқаны осы,– депті.

ОН СЕГІЗІНІШ СӨЗ

Адам баласына жыртықсыз, кірсіз, сыпайы киініп, һәм ол киімін былғап, былжыратып кимей, таза кимек – дұрыс іс. Ләкин өз дәулетінен артық киінбек, не киімі артық болмаса да, көңіліне қуат тұтып, тым айналдырмақ – кербездің ісі.

Кербездің екі түрлі қылығы болады: бірі бет-пішінін, мұртын, мүшесін, жүрісін, қас-қабағын қолдан түзетіп, шынтағын көтеріп, қолын тарақтап әуре болмақ. Біреуі атын, киімін „айран ішерім“ деп, солардың арқасында сыпайы, жүгімды жігіт атанбаққа, өзінен ілгерілерге елеулі болып, өзі қатардағының ішін күйдіріп, өзінен кейінгілерге „әттең дүние-ай, осылардың атындай ат мініп, киіміндей киім киеннің не арманы бар екен?!“– дейтұғын болмаққа ойланбақ.

Мұның бәрі – масқаралық, ақымақтық. Мұны адам бір ойламасын, егерде бір ойласа, қайта адам болмағы – қиын іс. Кербез дегенді осындай кер, кердең немеден безіндер деген сөзге ұқсатамын. Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық.

ОН ТОҒЫЗЫНШЫ СӨЗ

Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, ұғып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады. Мұндай сөзді есіткенде шайқақтап, шалықтанып не салбырап, салғыраттанып есітсе, не есіткен жерде қайта қайырып сұрап үйрен деп тұшынбаса, не сол жерде сөздің расына көзі жетсе де, ұғыға беріп қайта қалпына кетсе, естіп-есітпей не керек?

Осындай сөз танымайтұғын елге сөз айтқанша, өзінді танитұғын шошқаны баққан жақсы деп бір хаким айтқан екен, сол секілді сөз болады.

ЖИЫРМАСЫНШЫ СӨЗ

Тағдырдың жарлығын білесіздер — өзгерілмейді. Пендеде бір іс бар жалығу деген. Ол — тағдырда адаммен бірге жаратылған нәрсе, оны адам өзі тапқан емес. Оған егер бір еліксе, адам баласы құтылмағы қиын. Қайраттанып, сілкіп тастап кетсең де, ақырында тағы келіп жеңеді. Ақылы түгел, ойлы адамның баласы байқаса, осы адам баласының жалықпайтұғын нәрсесі бар ма екен? Тамақтан да, ойыннан да, күлкіден де, мақтаннан да, кербездіктен де, тойдан да, топтан да, қатыннан да көңіл, аз ба, көп пе, жалығады. Оның үшін бәрінің ғайыбын көреді, баянсызын біледі, көңілі бұрынғыдан да суый бастайды. Дуние бірқалыпты тұрмайды, адамның қуаты, ғұмыры бірқалыпты тұрмайды. Әрбір мақлұққа құдай тағала бірқалыпты тұрмақты берген жоқ. Енді көңіл қайдан бірқалыпты тұра алады?

Бірақ осы жалығу деген әрнені көрем деген, көп көрген, дәмін, бағасын, бәрінің де баянсызын біліп жеткен, ойлы адамнан шығады. Соншалық ғұмырының баянсызын, дуниенің әрбір қызығының ақырының шолақтығын көрген-білгендер тіршіліктен де жалықса болады. Бұлай болғанда ақымақтық, қайғысыздық та бір ғанибет[1] екен деп ойлаймын.

ЖИЫРМА БІРІНШІ СӨЗ

Аз ба, көп пе, адам баласы бір түрлі мақтаннан аман болмағы — қиын іс. Сол мақтан деген нәрсенің мен екі түрлісін байқадым: біреуінің атын үлкендік деп атаймын., біреуін мақтаншақтық деймін. Үлкендік — адам ішінен өзін өзі бағалы есеп қылмақ. Яғни, надан атанбастығын, жеңіл атанбастығын, мақтаншақ атанбастығын, әдепсіз, арсыз, байлаусыз, пайдасыз, сұрамшақ, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді — осындай жарамсыз қылықтардан сақтанып, сол мінездерді бойына қорлық біліп, өзін ондайлардан зор есептемек. Бұл мінез — ақылдылардың, арлылардың, артықтардың мінезі. Олар өзімді жақсы демесе, мейлі білсін, жаман дегізбесем екен деп азаптанады. Екінші, мақтаншақ деген біреуі „демесін“ демейді, „десін“ дейді. Бай десін, батыр десін, қу десін, пысық десін, әрдайым не түрлі болса да, „десін“ деп азаптанып жүріп,

---

[1] Ғанибет (арабша) – غَنِيمَةٌ – олжа, табыс.

„демесінді“ ұмытып кетеді. Ұмытпақ түгіл, әуелі іс екен деп ескермейді. Мұндай мақтаншақтардың өзі үш түрлі болады. Біреуі жатқа мақтанарлық мақтанды іздейді. Ол – надан, лекин надан да болса адам. Екіншісі өз елінің ішінде мақтанарлық мақтанды іздейді. Оның надандығы толық, адамдығы өбден толық емес. Үшіншісі өз үйіне келіп айтпаса, я аулына тіпа келіп айтпаса, өзге кісі қостамайтын мақтанды іздейді. Ол – наданның наданы, ләкин өзі адам емес.

Жатқа мақталсам екен деген елім мақтаса екен дейді. Еліме мақталсам екен деген ағайыным мақтаса екен дейді. Ағайынның ішінде өзі мақтау іздеген өзімді өзім мақтап жетем дейді.

ЖИЫРМА ЕКІНШІ СӨЗ

Дәл осы күнде қазақтың ішінде кімді жақсы көріп, кімді қадірлеймін деп ойладым.

Байды қадірлейін десең, бай жоқ. Бай болса, өз басының, өз малының еркі өзінде болмас па еді? Ешбір байдың өз малының еркі өзінде жоқ. Кей бай өзі біреумен күш таластырамын деп, жүз кісіге қорғалауықтығынан жалынып, малын үлестіріп жүр. Ойлайды: жалынтып бердім деп, ақымақтығынан. Жоқ, өзі жалынып беріп жүр. Қайыр да емес, мырзалық та емес, өз елімен, өз жерімен ойрандасып, ойсыздарға қойнын ашып, малын шашып жүр. Кей байлар, елдегі күттылар, сүттілер берекелесе алмаған соң, кеселді қулар көбейіп кетіп, көп қорқытып, іздеген нәрсесі жоқ, еріксіз кім болса соған жеміт болып жүр.

Мырзаларды қадірлейін десең, осы күнде анық мырза елде жоқ, мал бергіш мырза иттен көп. Біреу бір пайдама келтірем деп мырза болып жүр. Біреулер к... не құрым киізді түзға малшып тыққан соң есі шығып, мырза болып, еріксіз кім болса соған талтайып емізіп жүр.

Болыс пен биді құрметтейін десең, құдайдың өзі берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пенен биліктің ешбір қасиеті жоқ.

Мықтыны құрметтейін десең, жаманшылыққа елдің бәрі мықты, жақсылыққа мықты кісі елде жоқ.

Есті кісіні тауып құрметтейін десең, әділет, ұят, нысапқа есті кісі елде жоқ. Қулық, сұмдық, арамдық, амалға елдің бәрі де есті.

Ғарып-қасар бишараны құрметтейін десең, жатқан түйеге мінсе алмаса да, ол момындыққа есеп емес. Егер мінерлік жайы болса, бірдемені ептеп ілерлік те жайы бар.

Енді қалды қу мен сұм, олар өзі де қуартпай, суалтпай пышыштық көрер емес.

Жо, кімді сүйдік, кімнің тілеуін тіледік? Өзі құрттанып пышылған болыс-билер тұра тұрсын. Енді, әлбәттә, амал жоқ,

момындығынан „Ырыс бақпан дау бақпас“ деген мақалмен боламын деп, бергенінен жаға алмай, жарымын беріп, жарымын тыныштығымен баға алмай, ұры, залым, қуларға жеміт болып жүрген шын момын байларды аямасаң hәм соның тілеуін тілемесең болмайды. Сонан басқаны таба алмадым.

ЖИЫРМА ҮШІНШІ СӨЗ

Біздің қазақты оңдырмай жүрген бір қуаныш, бір жұбаныш дегендер бар.

Оның қуанышы – елде бір жаманды тауып, я бір адамның бұл өзі қылмаған жаманшылығы шыққа, қуанады. Айтады: құдай пәленшеден сақтасын, о да адаммын деп жүр ғой, оның қасында біз сәулелі кісінің бірі емеспіз бе, оған қарағанда мен таза кісі емеспін бе?– деп. Оған құдай тағала айтып па, пәленшеден тәуір болсаң болады деп? Я білгендер айтып па, әйтеуір өзіңнен наданшылығы асқан, я жаманшылығы артылған кісі табылса, сен жаманға қосылмайсың деп? Жаманға салысып жақсы бола ма? Жақсыға салысып жақсы болады дағы. Жүз ат бәйгеге қосылса, мен бәйге алдым деген сөз болса, алдында неше ат бар деп сұрар, артында неше ат бар еді деп сұраганның несі сөз? Мен бес аттан, он аттан ілгері едім дегеннің несі қуаныш?

Енді жұбанышы – жалғыз біз бе, елдің бәрі де сүйтіп-ақ жүр ғой, көппен көрген ұлы той, көппен бірге болсақ болады да деген сөзді жұбаныш қылады. Оған құдай тағала айтып па, көптен қалмасаң болады деп. Көпке қаhарым жүрмейді деп. Көпке тұзағым жетпейді деп пе? Ғылым көпке келіп пе? Біреуден тарап па? Хикмет[1] көптен тарай ма? Бірден тарай ма? Көпке қорлық жүрмей ме? Бір үйдің іші түгел ауырса, жеңіл тие ме? Жер білмеген көп адам адасып жүрсе, бір жер білетұғын кісінің керегі жоқ па екен? Көп кісі жолаушының бәрінің аты арығаны жақсы ма? Жоқ, жармысы арыса, жармысының күйлісі жақсы ма? Жұт келсе, елдің бәрінің түгел жұтағаны жақсы ма? Жарым-жартысы аман қалғаны жақсы ма? Осы көп ақымақтың бір ақымаққа несі жұбаныш? Тұқымымызбен аузымыз сасық болушы еді деген жаман күйеу қалыңдығын жеңіп пе? Көңілін сол сөзі разы қылуға жетіп пе? Ендеше көбіңнен қалма, сен де аузынды сасыта бер деп пе?!

---

[1] Хикмет (арабша) – حِكْمَة – даналық, ақылдылық, ойшыл.

ЖИЫРМА ТӨРТІНШІ СӨЗ

Жер жүзінде екі мың миллионнан көп артық адам бар, екі миллиондай қазақ бар. Біздің қазақтың достығы, дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, жұрт тануы ешбір халыққа ұқсамайды. Бірімізді біріміз аңдып, жаулап, ұрлап, кірпік қақтырмай отырғанымыз. Үш миллионнан халқы артық дүниеде бір қала да бар, дүниенің бас-аяғын үш айналып көрген кісі толып жатыр. Өстіп, жер жүзіндегі жұрттың қоры болып, бірімізді біріміз аңдып өтеміз бе? Жоқ, қазақ ортасында да ұрлық, өтірік, өсек, қастық қалып, өнерді, малды түзден, бөтен жақтан түзу жолмен іздеп, өрістерлік күн болар ма екен? Әй, не болсын!.. Жүз қараға екі жүз кісі сұғын қадап жүр ғой, бірін бірі құртпай, құрымай тыныш таба ма?

ЖИЫРМА БЕСІНШІ СӨЗ

Балаларды оқытқан да жақсы, бірақ құлшылық қыларлық қана, түркі танырлық қана таза оқыса болады. Оның үшін бұл жер дарулхарап[1], мұнда әуелі мал табу керек, онан соң арқа, парсы керек. Қарны аш кісінің көңілінде ақыл, бойында ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын? Ашап-ішімге малдың тапшылығы да ағайынның араздығына уә әртүрлі пәлеге, ұрлық, зорлық, қулық, сұмдық секілді нәрселерге үйірлендіруге себеп болатұғын нәрсе. Мал тапса, қарын тояды. Онан соң, білім түгіл өнер керек екен. Соны үйренейін не балама үйренейін деп ойына жақсы түседі. Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да — бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына[2] кіреді, аса арсыздана жалынбайды. Дінге де жақсы білгендік керек. Жорғалықпенен көңілін алсам екен деген надан әкешешесін, ағайын-жұртын, дінін, адамшылығын жауырынынан бір қаққанға сатады. Тек майордың күлгені керек деп, к...і ашылса да, қам жемейді. Орыстың ғылымы, өнері — дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі. Ләкин осы күнде

---

[1] Дарулхарап (арабша)— دار الحرب —соғыс, қауіпті, бүлінген, соғыс майданы.

[2] Дағуа (арабша)— талас, тартыс, айтыс.

орыс ғылымын баласына үйреткен жандар соның қаруымен тағы қазақты аңдысам екен дейді. Жоқ, олай ниет керек емес. Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейік, мұны көріп және үйренушілер көбейсе, ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей законы болмаса, законсыз қорлығына көнбес едік. Қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек. Қазір де орыстан оқыған балалардан артық жақсы кісі шыға алмай да тұр. Себебі: ата-анасы, ағайын-туғаны, бір жағынан, бұзып жатыр. Сүйтсе де, осы оқыған балалар — ана оқымаған қазақ балаларынан үздік, озық. Не қылса да сөзді ұқтырса болады оларға. Жақсы атаның балалары да көп оқыған жоқ, қайта, кедейдің балаларын орысқа қорлап берді. Олар осыдан артық қайда барсын? Және де кейбір қазақтар ағайынымен араздасқанда: „Сенің осы қорлығыңа көнгенше, баламды солдатқа беріп, басыма шаш, аузыма мұрт қойып кетпесем бе!" деуші еді. Осындай жаман сөзді, құдайдан қорықпай, пендеден ұялмай айтқан қазақтардың баласы оқығанменен не бола қойсын? Сонда да өзге қазақ балаларынан артық үйренгені немене, қай көп үйреніпті? Кірді, шықты, ілді, қайтты, түбегейлеп оқыған бала да жоқ. Әкесі ел ақшасымен оқығанға әрең оқытады, өз малын не қылып шығарсын? Турасын ойлағанда, балаңа қатын әперме, енші берме, барынды салсаң да, балаңа орыстың ғылымын үйрет! Мына мен айтқан жол — мал аяр жол емес. Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең — оқыт, мал аяма! Әйтпесе, бір ит қазақ болып қалған соң, саған рахат көрсете ме, өзі рахат көре ме, я жұртқа рахат көрсете ме?

ЖИЫРМА АЛТЫНШЫ СӨЗ

Біздің қазақтың қосқан аты алдында келсе, түсірген балуаны жықса, салған құсы алса, қосқан иті өзгеден озып барып ұстаса, есі шығып бір қуанады. Білмеймін, содан артық қуанышы бар ма екен? Әй, жоқ та шығар! Осы қуаныш бәрі де қазақ қарындастың ортасында бір хайуанның өнерінің артылғанына я бір бөтен адамның жыққанына мақтанарлық не орны бар? Ол озған, алған, жыққан өзі емес, яки баласы емес. Мұның бәрі — қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ, биттей нәрсені бір үлкен іс қылған кісідей қуанған болып, ана өзгелерді ызаландырсам екен демек. Біреуді ызаландырмақ — шариғатта харам, шаруаға залал, ақылға теріс. Әншейін біреуді ыза қылмақтың несін дәулет біліп қуанады екен? Жә, болмаса, ана ыза болушы соншалық неге жер болып қалады екен?

Жүйрік ат — кейде ол елде, кейде бұл елде болатұғын нәрсе, қыран құс та, жүйрік ит те — кейде оның қолына, кейде мұның қолына түсетұғын нәрсе. Күшті жігіт те үнемі

бір елден шыға ма? Кейде ана елден, кейде мына елден шығады. Мұның бәрін адам өз өнеріменен жасаған жоқ. Бір озған, бір жыққан үнемі озып, үнемі жығып жүрмейді. Соның бәрін де біле тұра, жерге кіргендей болып я бір арамдығы, жамандығы шыққандай несіне ұялып, қорланады екен?

Енді осылардан білсеңіз болады: надан ел қуанбас нәрсеге қуанады һәм және қуанғанда не айтып, не қойғанын, не қылғанын өзі білмей, есі шығып, бір түрлі мастыққа кез болып кетеді. һәм ұялғандары ұялмас нәрседен ұялады, ұяларлық нәрседен ұялмайды. Мұның бәрі – надандық, ақымақтықтың әсері. Бұларын айтсаң, кейбіреуі „рас, рас" деп ұйыған болады. Оған нанба, ертең ол да әлгілердің бірі болып кетеді. Көңілі, көзі жетіп тұрса да, хайуан секілді әуелгі әдетінен бойын тоқтата алмайды, бір тиянақсыздыққа түсіп кетеді, ешкім тоқтатып, ұқтырып болмайды. Не жаманшылық болса да бір әдет етсе, қазақ ол әдетінен еріксіз қорыққанда я өлгенде тоқтайды, болмаса ақылына жеңгізіп, мұным теріс екен деп біліп, ойланып өздігінен тоқтаған адамды көрмессің.

ЖИЫРМА ЖЕТІНШІ СӨЗ

(Сократ хакімнің сөзі)

Бір күні Сократ хакім бір Аристодим деген ғалым шәкіртіне құдай табарака уа тағалаға[1] құлшылық қылмақ турасында айтқан сөзі. Ол өзі құлшылық қылғандарға күлуші еді.

– Әй, Аристодим, ешбір адам бар ма, сенің білуіңше, қылған өнерлері себепті адам таңырқауға лайықты?– деді.

Ол айтты:

– Толып жатыр, қазірет.

– Бірінің атын аташы,– дейді.

– Гомерге бәйітшілігі[2] себепті, Софоклге трагедиясы себепті, яғни біреудің сыйпатына түспектік, Зевксиске суретшілігі себепті таңырқаймын,– деп, соған ұқсаған неше онан басқа өнерлері әшкере болған жандарды айтты.

Олай болса, кім артықша ғажайыптануға лайықты: жансыз, ақылсыз, құр пішінді жасайтұғын суретші ме? Я жан иесі, ақыл иесі адамды жаратушы ма?– дейді.

---

[1] Табарака уа тағала (арабша) – نَفْسٌ – игіліккс бастаушы ұлы тәңір (Алла тағалаға эпитет ретінде айтылатын атау).

[2] Бәйітшілігі (арабша) – بَيْتٌ – олең, жыр.

— Соңғысы лайықты,— дейді,— бірақ ол жаратушы жаратты, өздігінен кез келіп, солай болып кетпей, басынан біліп істеген хикметімен болса,— дейді.

— Жә, пайдалы нәрсе дүниеде көп, бірінің пайдасы көрініп, білініп тұрады. Кейбірінің пайдасы анық білінбейді. Соның қайсысын хикмет көресің?— деді.

— Әрине, әшкере пайдаға бола жаратылғанын хикмет десек керек деймін,— дейді.

— Жә, олай болса, адамды жаратушы хауаси[1] хамса заһри[2] бергенде, тахқиқ[3] ойлап, олардың пайдасының барлығы түгел оған мұқтаж болармығын біліп бергендігі әшкере тұр ғой. Әуелі көзді көрсін деп беріпті, егер көз жоқ болса, дүниедегі көрікті нәрселердің көркінен қайтіп ләззат алар едік? Ол көз өзі нәзіктігінен керегіне қарай ашып, жауып тұрсын үшін қабақ беріпті. Желден, ұшқыннан қаға берсін болсын үшін кірпік беріпті. Мандай теріні көзден қағып тұруға керек болғандығынан, басқа тағы керегі бар қылып қас беріпті. Құлақ болмаса, не қаңғыр, не дүңгір, дауыс, жақсы үн, күй, ән — ешбірінен ләззаттанып хабар ала алмас едік. Мұрын иіс білмесе, дүниеде болған жақсы иіске ғашық болмақ, жаман иістен қашық болмақтық қолымыздан келмес еді. Тандай, тіл дәм білмесе, дүниеде не тәтті, не қатты, не дәмдінің қайсысынан ләззат алар едік? Бұлардың бәрі біздің пайдамыз емес пе?

Көзді, мұрынды ауызға жақын жаратыпты, ішіп-жеген асымыздың тазалығын көріп, иісін біліп, ішіп-жесін деп. Бізге керегі бар болса да, жиіркенерлік жері бар тесіктерді бұл бастағы ғазиз[4] білімді жеріміздің алыс апарып тесіпті, мұның бәрі хикметпен біліп істелгендігіне дәлел емес пе?— депті.

Сонда Аристодим тахқиқ ойлап тексергенде, адамды жаратушы артық хикмет иесі екендігіне һәм махаббатыменен жаратқандығына шүбәсі қалмады.

— Олай болғанда және не ойлайсың, һәмма мақұлыхатты жас балаларына елжіретіп, үйірілтіп тұруын көргенде уа һәмма мақұлыхаттың өлімін жек көріп, тіршілікте көп қалмақшылығын тілеп, ижтиһад[5] қылуын көргенде, өсіп-өнуінің қамын-

---

[1] Хауаси (арабша) — حَوَاسّ — Хауа ана.

[2] Хамса заһри (арабша) — خَمْسُ ظُهُورٍ — бес сырткы (сезім).

[3] Тахқиқ (арабша) — تَحْقِيقٌ — іске асыру, іздену, тексеру, ойлану.

[4] Ғазиз (арабша) — عَزِيزٌ — 1) қадірлі; 2) сүйікті.

[5] Ижтиһад (арабша) — إِجْتِهَادٌ — ынта, жігер.

да болудан басқа істі аз ойламақтары – бұларының бәрі жұрт болсын, өссін, өнсін үшін. Солардың бәрін жаратқанда көңілдерін солайша ынтықтандырып қойғандығы һәм мұның бәрі жақсы көргендігінен екенін білдірмей ме?– дейді.

– Ей, Аристодим! Қалайша сен бір өзіңнен, яғни адамнан басқада ақыл жоқ деп ойлайсың?– деді.– Адамның денесі өзің жүрген жердің бір битімдей құмына ұқсас емес пе? Дененде болған дымдар жердегі сулардың бір тамшысындай емес пе? Жә, сен бұл ақылға қайдан ие болдың? Әрине, қайдан келсе де, жан деген нәрсе келді де, сонан соң ие болдың. Бұл ғаламды көрдің, өлшеуіне ақылың жетпейді, келісті көрімдігіне һәм қандай лайықты жарастықты законімен жаратылып, оның ешбірінің бұзылмайтұғынын көресің. Бұлардың бәріне ғажайып қаласың һәм ақылың жетпейді, осылардың бәрі де кез келгендікпен бір нәрседен жаралған ба, яки бұлардың иесі бір өлшеусіз ұлы ақыл ма? Егер ақылменен болмаса, бұлайша бұл есебіне, өлшеуіне ой жетпейтұғын дүние әрбір түрлі керекке бола жаратылып һәм бір-біріне себеппен байланыстырылып, пенденің ақылына өлшеу бермейтұғын мықты көркем законге қаратылып жаратылды,– дейді.

Ол айтты:

– Тахқиқ[1] бұл айтқаныңның бәрі рас, жаратушы артық ақыл иесі екендігі мағлұм болды. Ол құдайдың ұлықтығына іңкәрім[2] жоқ. Бірақ сондай ұлық құдай менің құлшылығыма не қылып мұқтаж болады?– деді.

– Ей, Аристодим! Қате айтасың. Мұқтаж болмағанда да, біреу сенің қамыңды жесе, сенің оған қарыздар екендігіңе де ұстаз керек пе?– деді.

Аристодим айтты:

– Ол менің қамымды жейтұғынын мен қайдан білем?– деді.

– Жә, олай болса һәмма мақұлыққа да қара, өзіңе де қара, жанды бәрімізге де беріпті. Жанның жарығын бәрімізге де бірдей ұғарлық қылып беріп пе? Адам алдын, артын, осы күнін – үшеуін де тегіс ойлап тексереді. Хайуан артын, осы күнін де бұлдыр біледі,алдыңғы жағын тексермекке тіпті жоқ. Хайуанға берген денеге қара, адамға берген денеге қара. Адам екі аяғына басып тік тұрып, дүниені тегіс көрмекке, тегіс тексермекке лайықты һәм өзге хайуандарды құлданарлық, пайдасын көрерлік лайығы бар. Хайуанның бірі аяғына сеніп жүр, бір өзіңдей хайуанды құлданарлық лайығы жоқ. Адам

---

[1] Тахқиқ (арабша) – تَحْقِيقٌ – рас, дәлме-дәл.

[2] Іңкәр (арабша) – إِنْكَارٌ – қарсылық.

өзі өзіне сенбесе, адамды да хайуан секілді қылып жаратса, ешнәрсеге жарамас еді. Хайуанға адамның ақылын берсе, мұнша шеберлік, мұнша даркарлық, бір-біріне ғылым үйретерлік шешендік салахият[1] ол денеге лайықты келмейді. Қай өгіз шаһар жасап, құрал жасап, неше түрлі сайман жасап, сыпайылық шеберліктің удесінен[2] шығарлық қисыны бар? Бірақ адам баласы болмаса, бұл ғажайып ақылды және ғажайыппен жасаған денеге кіргізіп, мұнша салахият иесі қылғаны хикметпенен өзге хайуанға сұлтан қылғандығына дәлел емес пе? Ол дәлел болса, адам баласын артық көріп, қамын әуелден алланың өзі ойлап жасағанына да дәлел емес пе? Енді адам баласының құлшылық қылмаққа қарыздар екені мағлұм болмай ма?– депті.

ЖИЫРМА СЕГІЗІНШІ СӨЗ

Ей, мұсылмандар! Біреу бай болса, біреу кедей болса, біреу ауру, біреу сау болса, біреу есті, біреу есер болса, біреудің көңілі жақсылыққа мейілді, біреудің көңілі жаманшылыққа мейілді – бұлар неліктен десе біреу, сіздер айтасыздар: құдай тағаланың жаратуынан яки бұйрығынша болған іс деп. Жә, олай болса, біз құдай тағаланы айыбы жоқ, міні жоқ, өзі әділ деп иман келтіріп едік. Енді құдай тағала бір антұрғанға еңбексіз мал береді екен. Бір құдайдан тілеп, адал еңбек қылып, пайда іздеген кісінің еңбегін жандырмай, қатын-баласын жөндеп асырарлық та қылмай, кедей қылады екен. Ешкімге залалсыз бір момынды ауру қылып, қор қылады екен. Қайда бір ұры, залымның денін сау қылады екен. Әке-шешесі бір екі баланың бірін есті, бірін есер қылады екен. Тамам жұртқа бұзық болма, түзік бол деп жарлық шашып, жол салады екен. Түзікті бейішке шығарамын деп, бұзықты тозаққа саламын деп айта тұра, пендесінің біреуін жақсылыққа мейілдендіріп, біреуін жаманшылыққа мейілдендіріп, өзі құдайлық құдіретімен біреуін жақсылыққа бұрып, біреуін жамандылыққа бұрып жіберіп тұрады екен. Осының бәрі құдай тағаланың айыпсыз, мінсіз ғафур[3] рахимдығына[4], әділдігіне лайық келе ме? Жұрт та, мүлік

---

[1] Салахият (арабша) – صَلَاحِيَّة – қажеттілік, керектілік.

[2] Удесі (арабша) – عُدَّة – көмек, икемдеу, бейімдеу.

[3] Ғафур (арабша) – غَفُوْر – Алла, кешіруші, Алла тағаланың аттарының бірі.

[4] Рахим (арабша) – رَحِيْم – мейірімді.

те – бәрі құдайдың өзінікі. Бұл қылғанын не дей аламыз? Өз мүлкін өзі не қылса қыла береді. Оны айыпты болады дей алмаймыз десең, ол сөзің құдай тағаланың айыбы, міні жоқ емес, толып жатыр, бірақ айтуға бата алмаймыз дегенің емес пе? Олай болғанда, пенде өз тырысқандығыменен не табады? Бәрін қылушыға қылдырушы өзі екен. Пенде пендеге өкпелейтұғын ешнәрсе жоқ. Кім жақсылық, кім жамандық қылса дағы құдайдан келген жарлықты қылып жүр екен дейміз бе?

Құдай тағала әрбір ақылы бар кісіге иман парыз, әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз[1] деген екен. Және де әрбір рас іс ақылдан қорықпаса керек. Жә, біз енді ақылды еркіне жібермесек, құдай тағаланың ақылы бар кісіге иман парыз дегені қайда қалады? „Мені таныған ақылменен таныр" дегені қайда қалады? Дініміздің бір жасырын түрған жалғаны жоқ болса, ақылды, оны ойлама дегенімізге пенде бола ма? Ақыл тоқтамаған соң, діннің өзі неден болады? Әуелі иманды түзетпей жатып, қылған ғибадат не болады? Жоқ, сен жақсылық, жамандықты жаратқан – құдай, бірақ қылдырған құдай емес, ауруды жаратқан – құдай, ауыртқан құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан – құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес деп, нанып ұқсаң болар, әйтпесе – жоқ.

ЖИЫРМА ТОҒЫЗЫНШЫ СӨЗ

Біздің қазақтың мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтұғыны да бар.

Әуелі „Жарлы болсаң, арлы болма" дейді. Ардан кеткен соң, тірі болып жүргені құрысын. Егер онысы жалға жүргенінде жанынды қинап еңбекпенен мал тап деген сөз болса, ол – ар кететұғын іс емес. Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын қарманып, адал еңбекпен мал іздемек – ол арлы адамның ісі.

„Қалауын тапса қар жанады", „Сұрауын тапса адам баласының бермейтіні жоқ" деген – ең барып тұрған құдай ұрған сөз осы. Сұрауын табамын, қалауын табамын деп жүріп қорлықпенен өмір өткізгенше, малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек қой.

„Атың шықпаса, жер өрте" дейді. Жер өртеп шығарған атыңның несі мұрат? „Жүз күн атан болғанша, бір күн бура бол" дейді. Тәңірге жазып, мінбей-түспей арып, шөмеңдеп дауаналықпен бір күн болған буралық неге жарайды?

---

[1] Ғибадат парыз (арабша) – عِبَادَةُ فَرْضٍ – міндет, парыз; сыйлау, күрметтеу, құлшылық ету.

„Алтын көрсе, періште жолдан таяды“ дейді. Періштеден садаға кеткір-ай! Періште алтынды не қылсын, өзінің көрсеқызар сұмдығын қостағалы айтқаны.

„Ата-анадан мал тәтті, алтынды үйден жан тәтті“ дейді. Ата-анасынан мал тәтті көрінетұғын антұрғанның тәтті дерлік не жаны бар. Бұлардың бәрінен де қымбат ата-анасын малға сатпақ ең арсыздың ісі емес пе? Ата-ана шамасы келсе, мих-наттанып мал жиса да, дүниелік жиса да, артымда балаларыма қалсын дейді. Ол ата-ананы малға сатқан соң, құдайға дұш-пандық іс емес пе? Осындай білместікпенен айтылған сөздеріне бек сақ болу керек.

ОТЫЗЫНШЫ СӨЗ

Қырқын мінсе қыр артылмайтұғын осы бір „қырт мақтан“ деген бір мақтан бар, сол неге керек, неге жарайды? Ол ар, есті білмейді, намысты білмейді, кең толғау, үлкен ой жоқ, не балуандығы жоқ, не батырлығы жоқ, не адамдығы жоқ, не ақыл-дылығы, арлылығы жоқ. Мойынын бұрып қойып: „Өй, тәңірі-ай, қойшы әрі, кімнен кім артық дейсің, кімнің басы кімнің қанжығасында жүр, ол менің қазаныма ас салып беріп жүр ме, мен онан сауын сауып отырмын ба?“— деп бұлғақтап, немесе: „аяғаным жаным ба?“ Өй, енесін ұрайын, өліп кетпей неге керек? Азар болса атылып, я осы үшін айдалып кетсем де көнгенім-ақ! Әйтеуір бір өлім бар ма?— деп қалшылдайтұғын кісі көп қой.

Өздерің көріп жүрсіндер, осы айтқан сөз бойына лайық қазақ көрдіндер ме? Өлімге шыдайтұғын қазақ көргенім жоқ, өлімге шыдамаймын деген де қазақ көргенім жоқ, кеңірдегін ғана көрсетеді-ау: „қиылып қана қалайын“ деп. Егер осы сөз бойына лайық кісі көрінсе, ақылы жоқ болса да, қайратыменен-ақ кісі айдындыратұғын адам болғаны ғой! Егер шын айғайды көргенде, кірер жерін таба алмайтұғын дарақы, жұртты осы сөзімен айдындырамын, „мына кәпірден кісі шошитұғын екен“ дегізіп айдындырайын деп айтып отырған құр домбытпасы болып, босқа қоқиып отырса, соны не дейміз? Ай, құдай-ай! Жанға мырзалық қылатұғын, ердің жадағайда-ақ сертке тұрғыштығы, малға мырзалығы, дүниені бір тиын есеп көрмейтұғын жомарттығы — әртүрлі белгісі бойынша тұрмас па еді? „Ұялмас бетке талмас жақ береді“ деп, көп былжыраған арсыз, ұятсыздың бірі дағы.

ОТЫЗ БІРІНШІ СӨЗ

Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі — көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші — сол нәрсені

естігенде я көргенде ғибрәтлану[1] керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселі нәрселерден қашық болу керек. Егер бір кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер.

ОТЫЗ ЕКІНШІ СӨЗ

Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмек керек, білмей іздегенмен табылмас.

Әуелі – білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек. Оның үшін білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсең және әр білмегенінді білген уақытта көңілде бір рахат хұзур хасил[2] болады. Сол рахат білгенінді берік ұстап, білмегенінді тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар, махаббат пайда болады. Сонда әрбір естігенінді, көргенінді көңілің жақсы ұғып, анық өз суретімен ішке жайғастырып алады.

Егер дін көңілің өзге нәрседе болса, білім-ғылымды бір-ақ соған себеп қана қылмақ үшін үйренсең, ондай білімге көңіліннің мейірімі асырап алған шешеннің мейірімі секілді болады. Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, мейірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды.

Екінші – ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. Бахаскқа[3] бола үйренбе, азырақ бахас көңілінді пысықтандырмақ үшін залал да емес, көбірек бахас адамды түземек түгіл, бұзады. Оның себебі әрбір бахасшыл адам хақты шығармақ үшін ғана бахас қылмайды, жеңбек үшін бахас қылады. Ондай бахас хусідшілікті[4] зорайтады, адамшы-

---

[1] Ғибрәтлану (арабша) – عِبْرَةٌ – үлгі, өнеге, сабақ алу мағынасында.

[2] Хұзур хасил (арабша) – حُضُورٌ حَاصِلٌ – келген, оралған, нәтиже, мағына.

[3] Бахас (арабша) – بَحْثٌ – алдау, киянат жасау, біреудің адамгершілігіне сөз келтіру.

[4] Хусідшілік (арабша) – حَسَدٌ – күншілдік, іштарлық.

лықты зорайтпайды, бәлкім, азайтады. Және мақсаты ғылымдағы мақсат болмайды, адам баласын шатастырып, жалған сөзге жеңдірмекші болады. Мұндай қиял өзі де бұзықтарда болады. Жүз тура жолдағыларды шатастырушы кісі бір қисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін! Бахас — өзі де ғылымның бір жолы, бірақ оған хирслану[1] жарамайды. Егер хирсланса, өз сөзімшіл ғурурлық[2], мақтаншақтық, хусідшілік бойын жеңсе, ондай кісі адам бойына қорлық келтіретұғын өтіріктен де, өсектен де, ұрсып-төбелесуден де қашық болмайды.

Үшінші — әрбір хақиқатқа тырысып ижтиһатынмен көзің жетсе, соны тұт, өлсең айрылма! Егерде ондай білгендігің өзінді жеңе алмаса, кімге пұл болады? Өзің құр-меттемеген нәрсеге бөтеннен қайтіп құрмет күтесің?

Төртінші — білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі — мұлахаза қылу, екіншісі — берік мұхафаза қылу. Бұл екі қуатты зорайту жаһатінде болу керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды.

Бесінші — осы сөздің он тоғызыншы бабында[3] жазылған ақыл кеселі деген төрт нәрсе бар. Содан қашық болу керек. Соның ішінде уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар, зинһар[4], жаным, соған бек сақ бол, әсіресе, әуелі — құданың, екінші — халықтың, үшінші — дәулеттің, төртінші — ғибраттың[5], бесінші — ақылдың, ардың — бәрінің дұшпаны. Ол бар жерде бұлар болмайды.

Алтыншы — ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын! Көрсеқызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!

---

[1] Хирслану — حِرْص — ашқарақтану, қомағайлану, сараң болу, мақсат қою.

[2] Ғурурлық (арабша) — غُرُوْر — менмендік, мансапқорлық, тойынғандық, такаппарлық.

[3] Он тоғызыншы бабында — Абайдың рет саны бойынша 31-сөз.

[4] Зинһар (парсыша) — زنهار - زينهار — абайла, сақ бол.

[5] Ғибрат (арабша) — عِبْرَة — үлгі, өнеге, сабақ.

ОТЫЗ ҮШІНШІ СӨЗ

Егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерлі – қазақтың әулиесі сол. Бірақ құдай тағала қолына аз-маз өнер берген қазақтардың кеселдері болады.

Әуелі – бұл ісімді ол ісімнен асырайын деп, артық ісмерлер іздеп жүріп, көріп, біраз істес болып, өнер арттырайын деп, түзден өнер іздемейді. Осы қолындағы аз-мұзына мақтанып, осы да болады деп, баяғы қазақтың талапсыздығына тартып, жатып алады.

Екінші – ерінбей істей беру керек қой. Бір-екі қара тапса, малға бөге қалған кісімсіп, „маған мал жоқ па?" дегендей қылып, еріншектік, салдау-салғырттыққа, кербездікке салынады.

Үшінші – „дарқансың ғой, өнерлісің ғой, шырағым", немесе „ағеке, нең кетеді, осы ғанамды істеп бер!" дегенде „маған да біреу жалынарлыққа жеткен екенмін" деп мақтанып кетіп, пайдасыз алдауға, қу тілге алданып, өзінің уақытын өткізеді. Және анаған дүниенің қызығы алдауды білген дегізіп, көңілін де мақтандырып кетеді.

Төртінші – тамыршылдау келеді. Бағанағы алдамшы шайтан тамыр болалық деп, бір болымсыз нәрсені берген болып, артынан үйтемін-бүйтемін, қарық қыламын дегенге мәз болып, тамырым, досым десе, мен де керектінің бірі болып қалыппын ғой деп, және жасынан іс істеп, үйден шықпағандық қылып, жоқ-барға тырысып, алдағанды білмей, дереу оның жетпегенін жеткіземін деп, тіпті жетпесе өзінен қосып, қылып бер дегенінің бәрін қылып беріп, күні өтіп, еңбек қылар уақытынан айрылып, „жоғары шыққа" қарық болып, тамақ, киім, борыш есінен шығып кетіп, енді олар қысқан күні біреудің малын бұлдап қарызға алады. Оны қылып берейін, мұны қылып берейін деп, сонымен табыс құралмай, борышы асып, дауға айналып, адамшылықтан айрылып, қор болып кетеді. Осы несі екен? Қазақтың баласының өзі алдағыш бола тұрып және өзі біреуге алдатқыш болатұғыны қалай?

ОТЫЗ ТӨРТІНШІ СӨЗ

Жұрттың бәрі біледі өлетұғынын және өлім үнемі қартайтып келмейтұғынын, бір алғанды қата жібермейтұғынын. Қазақ осыған да, амал жоқ, нанады, анық өз ойына, ақылына тексертіп нанбайды. Және һәмманы жаратқан құдай бар, ахиретте сұрау алады, жамандыққа жазғырады, жақсылыққа жарылғайды, жазғыруы да, жарылғауы да пенде ісіне ұқсамайды, бегірек есепсіз қинауы да бар, бегірек есепсіз жетістіруі де бар деп – бәріне сендік дейді. Жоқ, оныcына мен сенбеймін. Олар сендім десе де, анық сенген ісіне уайым ойлап не керек? Осы екеуіне лайықты жақсылықты

өздері де іздеп таба береді. Егер де осы екеуіне бұлдыр сеніп отырса, енді неге сендіре аламыз? Оны қайтіп түзете аламыз? Оларды мұсылман деп, қалайша иманы бар ғой дейміз?

Кімде-кім ахиретте де, дүниеде де қор болмаймын десе, білмек керек: еш адамның көңілінде екі қуаныш бірдей болмайды, екі ынтық құмарлық бірдей болмайды, екі қорқыныш, екі қайғы – олар да бірдей болмайды. Мұндай екі нәрсені бірдей болады деп айтуға мүмкін емес. Олай болғанда, қай адамның көңілінде дүние қайғысы, дүние қуанышы ахирет қайғысынан, ахирет қуанышынан артық болса – мұсылман емес. Енді ойлап қарай бер, біздің қазақ та мұсылман екен! Егерде екі нәрсе кез болса, бірі ахиретке керекті, бірі осы дүниеде керекті, бірін алса, бірі тимейтұғын болса, сонда біреу ахиретке керектіні алмай, екінші бір кез келгенде алармын деп, жоқ, егер кез болмайтұғын болса, кең құдай өзі кеңшілікпенен кешіреді дағы, мына кезі келіп тұрғанда мұны жіберіп болмас деп, дүниеге керектіні алса, енді ол кісі жанын берсе ахиретті дүниеге сатқаным жоқ деп, нануға бола ма?

Адам баласына адам баласының бәрі – дос. Не үшін десең, дүниеде жүргенде туысың, өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазаң, дене бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің – бәрі бірдей, ахиретке қарай өлуің, көрге кіруің, шіруің, көрден махшарда сұралуың – бәрі бірдей, екі дүниенің қайғысына, пәлесіне хаупің, екі дүниенің жақсылығына рахатың – бәрі бірдей екен. Бес күндік өмірің бар ма, жоқ па?.. Біріңе-бірің қонақ екенсің, өзің дүниеге де қонақ екенсің, біреудің білгендігіне білместігін таластырып, біреудің бағына, малына күндестік қылып, я көрсеқызарлық қылып, көз алартыспақ лайық па? Тілеуді құдайдан тілемей, пендеден тілеп, өз бетімен еңбегімді жандыр демей, пәленшенікін әпер демек – ол құдайға айтарлық сөз бе? Құдай біреу үшін біреуге жәбір қылуына не лайығы бар? Екі ауыз сөздің басын қосарлық не ақылы жоқ, не ғылымы жоқ бола тұра, өзімдікін жөн қыламын деп, құр „ой, тәңір-ай!“ деп таласа бергеннің несі сөз? Оның несі адам?

ОТЫЗ БЕСІНШІ СӨЗ

Махшарға[1] барғанда құдай тағала қажы, молда, сопы, жомарт, шейіт – соларды қатар қойып, сұрар дейді. Дүниеде ғиззат[2]

---

[1] Махшар (арабша) – مَحْشَر – о дүниеде адам баласының күнәсі тексерілетін орын.

[2] Ғиззат-хүрмет (арабша) – عِزَّة . حُرْمَة – атақ, абырой, данқ, күрмет.

үшін, сый құрмет алмақ үшін қажы болғанды, молда болғанды, сопы болғанды, жомарт болғанды, шейіт[1] болғандарды бір бөлек қояр дейді. Ахиретке бола, бір ғана құдай тағаланың разылығын таппақ үшін болғандарды бір бөлек қояр дейді.

Дүние үшін болғандарға айтар дейді: „Сендер дүниеде қажеке, молдеке, сопеке, мырзеке, батыреке аталмақ үшін онер қылып едіндер, ол дүниең мұнда жоқ. Сендердің ол қызықты дүниең харап болған, сонымен қылған өнерлерің де бітті. Енді мұнда құрмет алмақ түгіл, сұрау беріндер! Мал бердім, өмір бердім, не үшін сол малдарынды, өмірлеріңді, бетіңе ахиретті ұстап, дін ниетің дүниеде тұрып, жұртты алдамақ үшін сарып қылдыңдар?“ деп.

Ана шын ниетіменен орнын тауып, бір құдайдың разылығы үшін өнер қылғандарға айтар дейді: „Сендер бір ғана менің разылығымды іздеп малдарынды, өмірлеріңді сарып қылып едіндер, мен разы болдым. Сіздерге лайықты құрметті орным бар, лайын, кіріндер! һәм ол разылықтарыңнан басқа осы махшар ішінде, сендердің осы қылғаныңа өзі қылмаса да, іші еріп, ынтық болған достарың табылса, шафағат[2] қылыңдар!“— деп айтар дейді.

ОТЫЗ АЛТЫНШЫ СӨЗ

Пайғамбарымыз салалаһу ғалайһи уәсәлләмнің[3] хадис шарифінде[4] айтыпты: „мән лә хаяһүн уәлә иманун ләһу“ деп, яғни кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы да жоқ деген. Біздің қазақтың өзінің мақалы да бар: „ұят кімде болса, иман сонда“ деген. Енді бұл сөзден білінді: ұят өзі иманның бір мүшесі екен. Олай болғанда білмек керек, ұят өзі қандай нәрсе? Бір ұят бар — надандықтың ұяты, жас бала сөз айтудан ұялған секілді, жақсы адамның алдына жазықсыз-ақ әншейін барып жолығысудан ұялған секілді. Не шариғатқа теріс, не ақылға теріс жазығы жоқ болса да, надандықтан бойын керістендіріп,

---

[1] Шәйіт (арабша) — дін жолында өлген адам (жалпы соғыста өлген адам).

[2] Шафағат (арабша) — көмектесу, сөзін сөйлеу, араша түсу.

[3] Салаллаһу ғалайһи уәссәлләмнің (арабша) — Алла оған игі тілек тілеп, сәлемін алсын (Мұхаммед пайғамбардың аты аталғаннан кейін айтылатын құрметтеу сөйлемі).

[4] Хадис шарифінде (арабша) — Мұхаммед пайғамбардың ісі мен айтқан ниеті жөнінде ерекше жазылған әңгіме-хадис.

шешілмегендік қылып, ұялмас нәрседен ұялған мұндай ұят шын ұялу емес — ақымақтық, жамандық.

Шын ұят сондай нәрсе, шариғатқа теріс, я ақылға теріс, я абиұрлы бойға теріс бір іс себепті болады. Мұндай ұят екі түрлі болады. Біреуі — ондай қылық өзіңнен шықпай-ақ, бір бөтен адамнан шыққанын көргенде, сен ұялып кетесің. Мұның себебі сол ұят істі қылған адамды есіркегендіктен болады. „Япырым-ай, мына байғұсқа не болады, енді мұның өзі не болады" дегендей, бір нәрсе іштен рахым секілді болып келіп, өзінді қысып, қызартып кетеді. Біреуі сондай ұят, шариғатқа теріс, я ақылға, я абиұрлы бойға теріс, я адамшылыққа кесел қылық, қатеден яки нәпсіге еріп ғапылдықтан өз бойыңнан шыққандығынан болады. Мұндай ұят қылық қылғандығынды бөтен кісі білмесе де, өз ақылың, өз нысабың өзінді сөккен соң, іштен ұят келіп, өзіңе жаза тарттырады. Кірерге жер таба алмай,кісі бетіне қарай алмай, бір түрлі қысымға түсесің. Мұндай ұяты күшті адамдар ұйқыдан, тамақтан қалатұғыны да бар, хатта[1] өзін өзі өлтіретұғын кісілер де болады. Ұят деген — адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігінді ішіңнен өз мойнына салып, сөгіс қылған қысымның аты. Ол уақытта тілге сөз де түспейді, көңілге ой да түспейді. Көзіңнің жасын, мұрныңның суын сүртіп алуға да қолың тимейді, бір ит боласың. Көзің кісі бетіне қарамақ түгіл, ешнәрсені көрмейді. Мұндайлыққа жетіп ұялған адамға өкпесі бар кісі кешпесе, яки оның үстіне тағы аямай өртендіріп сөз айтқан кісінің өзінің де адамшылығы жоқ десе болар.

Осы күнде менің көрген кісілерім ұялмақ түгіл, қызармайды да. „Ол істен мен ұятты болдым дедім ғой, енді нең бар?"— дейді. Я болмаса „Жә, жә, оған мен-ақ ұятты болайын, сен өзің де сүйтпеп пе едің?" дейді. Немесе „пәленше де, түгенше де тірі жүр ғой, пәлен қылған, түген қылған, менікі оның қасында несі сөз, пәлендей, түгендей мәнісі бар емес пе еді?" деп, ұялтамын десең, жап-жай отырып дауын сабап отырады. Осыны ұялған кісі дейміз бе, ұялмаған кісі дейміз бе? Ұялған десек, хадис анау, жақсылардан қалған сөз анау. Осындай адамның иманы бар дейміз бе, жоқ дейміз бе?!

ОТЫЗ ЖЕТІНШІ СӨЗ

1. Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес.

2. Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады.

3. Хикмет сөздер өзімшіл наданға айтқанда, көңіл уанғаны да болады, өшкені де болады.

---

[1] Хатта (арабша) — حَتَّى — тіпті.

4. Кісіге біліміне қарай болыстық қыл; татымсызға қылған болыстық өзі адамды бұзады.

5. Әкесінің баласы – адамның дұшпаны. Адамның баласы – бауырың.

6. Ер артық сұраса да азға разы болады.

Ез аз сұрар, артылтып берсең де разы болмас.

7. Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлының бірі боласың.

8. Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол – көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал.

9. Адам баласын заман өстіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват.

10. Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім.

11. Дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені. Қапашылықтың бәрі соның басында. Дүниеде бар жаман да көпте, бірақ қызық та, ермек те көпте. Бастапқыға кім шыдайды? Соңғыға кім азбайды?

12. Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек – қайратсыздық. Дүниеде ешнәрседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?

13. Ашулы адамның сөзі аз болса, ыза, қуаты артында болғаны. Егер де аузынан қан ағызса, домбыт мақтаншақ, я қорқақ.

14. Қуанбақтық пен бақ – мастықтың үлкені, мыңнан бір кісі-ақ қ... н ашпайтұғын ақылы бойында қалады.

15. Егер ісім өнсін десең, ретін тап.

16. Биік мансап – биік жартас,
Ерінбей еңбектеп жылан да шығады,
Екпіндеп ұшып қыран да шығады;
Жікшіл ел жетпей мақтайды,
Желөкпелер шын деп ойлайды.

17. Дүние – үлкен көл,
Заман – соққан жел,
Алдыңғы толқын – ағалар,
Артқы толқын – інілер,
Кезекпенен өлінер,
Баяғыдай көрінер.

18. Бақпен асқан патшадан
Мимен асқан қара артық;
Сақалын сатқан кәріден
Еңбегін сатқан бала артық.

19. Тоқ тіленші – адам сайтаны,
Харекетсіз – сопы монтаны.

20. Жаман дос – көлеңке:
Басынды күн шалса,
Қашып құтыла алмайсың;
Басынды бұлт алса,
Іздеп таба алмайсың.
21. Досы жоқпен сырлас,
Досы көппен сыйлас;
Қайғысыздан сақ бол,
Қайғылыға жақ бол.
22. Қайратсыз ашу – тұл,
Тұрлаусыз ғашық – тұл,
Шәкіртсіз ғалым – тұл.
23. Бағың өскенше тілеуінді ел де тілейді, өзің де тілейсің, бағың өскен соң – өзің ғана тілейсің.

ОТЫЗ СЕГІЗІНШІ СӨЗ

Ей, жүрегімнің қуаты, перзентлерім[1]! Сіздерге адам ұғылының мінездері туралы біраз сөз жазып ядкар[2] қалдырайын. Ықыласпенен оқып, ұғып алыңыздар, оның үшін махаббатың төлеуі – махаббат. – Әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселерменен. Мұның табылмақтығына себептер – әуелі хауас сәлим[3] һәм тән саулық. Бұлар туысынан болады, қалмыс өзгелерінің бәрі жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады. Талап, ұғым махаббаттан шығады. Ғылым-білімге махаббаттандырмақ әлгі айтылған үшеуінен болады. Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпенен яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, соңда ғана оның аты адам болады. Сонан соң ғана алла тағаланы танымақтық, өзін танымақтық, дүниені танымақтық, өз адамдығын бұзбай ғана жәліб мәнфағат[4] дәфғы мұзарратларны[5] айырмақлық секілді ғылым-білімді үйренсе,

---

[1] Перзент (парсыша) – فرزند – ұл, бала, үрпақ, сәби.

[2] Ядкар (парсыша) – یادگار – ескерткіш.

[3] Хауас сәлим (арабша) – حَوَاسٌ سَالِمَةٌ – өзіндік дұрыс қасиет; өзіне тән мінез-құлық.

[4] Жәліб мәнфағат (арабша) – جَالِبُ مَنْفَعَةٍ – кіріс кіргізу, өнім түсіру, пайда алу.

[5] Дәфғы мұзаррат (арабша) – دَفْعُ مَضَارَّةٍ – 1) шығынды төлеу, залалды төлеу;2) залалдыдан қашу, залалдыны ұнатпау.

білер деп үміт қылмаққа болады. Болмаса жоқ, ең болмаса шала. Оның үшін көбінесе балаларды жасында ата-аналары қиянатшылыққа салындырып алады, соңынан моллаға берген болады, я ол балалары өздері барған болады — ешбір бәһра[1] болмайды.

Ол қиянатшыл балалары талапқа да, ғылымға да, ұстазға да, хаттә иман иғтиқадқа[2] да қиянатпенен болады. Бұл қиянатшылар — жарым адам, жарым молла, жарым мұсылман, Олардың адамдығының кәмәләт[3] таппағы — қиынның қиыны. Себебі алла тағала өзі — хақиқат, растықтың жолы. Қиянат — хақиқат пен растықтың дұшпаны. Дұшпаны арқылы шақыртқанға дос келе ме? Көңілде өзге махаббат тұрғанда, хақлықты таппайды. Адамның ғылымы, білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әрнәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтықтықпенен табылады. Ол — алланың ғылымы емес, һәмманы білетұғын ғылымға ынтықтық, өзі де адамға өзіндік ғылым береді. Оның үшін ол алланың өзіне ғашықтық. Ғылым — алланың бір сипаты, ол — хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр. Болмаса мал таппақ, мақтан таппақ, ғиззат-құрмет таппақ секілді нәрселердің махаббатымен ғылым-білімнің хақиқаты табылмайды.

Мал, мақтан, ғиззат-құрмет адамды өзі іздеп тапса, адамдықты бұзбайды һәм көрік болады. Егер де адам өзі оларға табынып іздесе, тапса ла, таппаса да адамдығы жоғалады. Енді хақиқат сүйіп, шынды білмек құмарың бар болса, адамдыққа лайықты ықыласты құлағынды қой. Әуелі дін исламның жолындағы пенделер иманның хақиқаты не сөз екенін білсін. Иман дегеніміз бір ғана инанмақтық емес, сен алла тағаланың бірлігіне, уә құранның оның сөзі екендігіне, уә пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа салаллаһу ғалайһи уәссәлләм оның тарапынан елші екендігіне инандың. Жә, не бітті? Сен алла тағалаға алла тағала үшін иман келтіремісің я өзің үшін иман келтіремісің? Сен иман келтірмесең де, алла тағалаға келер ешбір кемшілік жоқ еді. Өзің үшін иман келтірсең, жә инандың. Ол инанмақтығың құр ғана инанмақтықпен қалса, саған пайда бермейді. Оның үшін сен өзің инанмақтығыңнан пайда ала алмадың, пайдаланамын десең, пайда береді, кәміл иман болады. Пайданы қалайша алуды білмек керек.

---

[1] Бәһра (парсыша)— بهره — пайда, нәтиже, үнем.

[2] Иман иғтиқад (арабша) — إيمان إعتقاد — дінге сеніп табыну.

[3] Кәмәләт (арабша) — كَمَالَةٌ — жетілу, толығу.

Сіз „Әмәнту биллаһи кәмаһуә би әсмайһи уасифатиһи“[1] дедіңіз. Ол есім аллалар һәмма ол алла тағаланың фиғыл ғазимләрінің[2] аттары, олардың мағынасын біл һәм сегіз сифат затиялары[3] не деген сөз, кәміл үйрен. Өзінді оның құлы біліп, өзіңе муслим[4] ат қойып, тәслим[5] болғаныңа раст боласың да. Өз пиғылдарыңды соған өз халіңше ұқсатуды шарт қыл. Алла тағалаға ұқсай алам ба деп, надандықпен ол сөзден жиіркенбе, ұқсамақ – дәл бірдейлік дағуасыменен емес, соның соңында болмақ. Оның үшін алла тағаланың сипаттары: Хаят[6], Ғылым, Құдірет[7], Басар[8], Сәмиғ[9], Ирада[10], Кәлам[11], Тәкин[12]. Бұл сегізінен алла тағаладағыдай кәмәлат-ғазамат[13] бірлән болмаса да, пендесінде де әрбірінен өз халінше бар қылып жаратыпты. Жә, біз өзіміздің бойымыздағы сегіз зәррә[14] аттас сипатымызды

---

[1] Әмәнту биллаһи кәмаһуә би әсмайһи уасифатиһи (арабша) – آمَنْتُ بِاللّٰهِ كَمَا هُوَ بِأَسْمَائِهِ وَصِفَاتِهِ – мен аллаға, сол сиякты оның есімдері мен құдыретті сипаттарына сенемін.

[2] Фиғыл ғазим (арабша) – فِعْلٌ عَظِيمٌ – ұлыс.

[3] Сифат затия (арабша) – صِفَةٌ ذَاتِيَّةٌ – ерекшеленген сипат, өзіне лайықты меншікті сипат (қасиет).

[4] Муслим (арабша) – مُسْلِمٌ – берілу, сену.

[5] Тәслим (арабша) – تَسْلِيمٌ – берілу, сену.

[6] Хаят (арабша) – حَيَاةٌ – өмір, тіршілік.

[7] Құдірет (арабша) – قُدْرَةٌ – күш, құдірет.

[8] Басар (арабша) – بَصَرٌ – түсіну, білу, қабылдау.

[9] Сәмиғ (арабша) – سَمِيعٌ – естуші, тыңдаушы. (Алла тағаланың есімінің бірі).

[10] Ирада (арабша) – إِرَادَةٌ – тілек, мақсат, қалау.

[11] Кәлам (арабша) – كَلَامٌ – сөз, тіл.

[12] Тәкин (арабша) – تَكْوِينٌ – тудыру, жасау, бар қылу.

[13] Кәмәлат-ғазамат (арабша) – كَمَالٌ عَظِيمٌ – үлкен жетістік, күрделі толығу.

[14] Зәрра (арабша) – ذَرَّةٌ – кішкентай, заттың бір бөлігі.

ол алла тағаланың сегіз ұлық сипатынан бас бұрғызып, өзге жолға салмақпенен біздің атымыз муслим бола ала ма? Болмаса керек. Жә, ол сегіз сипатына сипатымызды һәм ол аттары бірлән ағламланған[1] фиғыл[2] құдаға фиғлымызды ертпек неменен табылады, қалайша табылады, оны білмек керек. Ол — алла тағаланың заты, ешбір сипатқа мұқтаж емес, біздің ақылымыз мұқтаж, жоғарғы жазылмыш сипаттар бірлән тағрифлап[3] танымаққа керек. Егер де ол сипаттар бірлән тағрифламасақ, бізге мағрифатулла[4] қиын болады. Біз алла тағаланы өзінің білінгені қадар ғана білеміз, болмаса түгел білмекке мүмкін емес. Заты түгіл, хикметіне ешбір хакім[5] ақыл ерістіре алмады. Алла тағала — өлшеусіз, біздің ақылымыз — өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды. Біз алла тағала „бір" дейміз, „бар" дейміз, ол „бір" демеклік те — ақылымызға ұғымның бір тиянағы үшін айтылған сөз. Болмаса ол „бір" демеклік те алла тағалаға лайықты келмейді. Оның үшін мүмкинаттың[6] ішінде не нәрсенің ужуді[7] бар болса, ол бірліктен құтылмайды. Әрбір хадиске[8] айтылатұғын бір қадимге[9] тағриф болмайды. Ол „бір" деген сөз ғаламның ішінде, ғалам алла тағаланың ішінде, құдай табарака уатағала кітаптарда сегіз субутия[10] сипаттары бірлән,

---

[1] Ағлам (арабша) – أَعْلَامٌ عَلَمٌ – белгі, сипат.

[2] Фиғыл (арабша) – فِعْلٌ – әрекет, пиғыл.

[3] Тағриф (арабша) – تَعْرِيفٌ – түсіндіру, анықтау.

[4] Мағрифатулла (арабша) – مَعْرِفَةُ اللهِ – Алланы тану, білу.

[5] Хакім (арабша) – حَكِيمٌ – әкім, данышпан.

[6] Мүмкинат (арабша) – مُمْكِنَاتٌ – болуы мүмкін нәрселер, мүмкіншілік.

[7] Ужуді (арабша) – وُجُودٌ – болу, өмір сүру, болмыс.

[8] Хадис (арабша) – حَدِيثٌ – әңгіме, пайғамбардың не сөзі, не өмірі туралы әңгіме.

Ескерту: Бұл жерде „хадис" сөзінің екінші мағынасы қолданылуы мүмкін, бұған текстологиялық ізденіс керек. „Хадис" сөзінің екінші мағынасы „жаңа", өйткені текст бойынша келесі сөз, „қадим" бұл „ескі" деген мағынада.— ред.

[9] Қадим (арабша) – قَدِيمٌ – ескі, көне.

[10] Субутия (арабша) – ثُبُوتِيَّةٌ – орнықты, дәлелді, тұрақты.

уә тоқсан тоғыз Әсма-и хүсналар[1] бірлән білдірген. Бұлардың һәммасы алла тағаланың затия[2] субутия уә фиғлия[3] сипаттары дүр. Мен мұнда сіздерге төртеуін білдіремін. Оның екеуі — ғылым, құдірет. Сегіз сипаттан қалған алтауы — бұларға шарх[4]. Ол алтауының бірі — хаят[5], яғни тірлік.

Алланы бар дедік, бір дедік, ғылым, құдірет сипаты бірлән сипаттадық. Бұл бірлік, барлық ғылым, құдірет олула[6] боларлық нәрселер ме? Әлбетте, ғылым құдіреті бар болады: хаяты — мағлұм, бірі — ирада, яғни қаламақ. Ғылым бар болса, қаламақ та бар. Ол еш нәрсеге харекет бермейді. һәммаға харекет беретұғын өзі. Ол ирада ғылымының бір сипаты кәләм, яғни сөйлеуші деген, сөз қаріпсіз, дауыссыз болушы ма еді? Алланың сөзі — қаріпсіз, дауыссыз. Енді олай болса, айтқандай қылып білдіретұғын құдіреті және басар, сәмиғ, яғни көруші, есітуші деген. Алла тағаланың көрмегі, естімегі, біз секілді көзбенен, құлақпенен емес, көргендей, естігендей білетұғын ғылымның бір сипаты. Бірі — тәкуин, яғни барлыққа келтіруші деген сөз. Егер барлыққа келтірмегі бір өз алдына сипат болса, алла тағаланың сипаты өзіндей қадім, һәм әзали[7] һәм әдәби[8] болады да, һәмишә[9] барлыққа келтіруден босанбаса, бір сипаты бір сипатынан үлкен я кіші болуға жарамайды. Олай болғанда ғылым, құдірет сипаттары секілді босанбай, һәр уақыт жаратуда болса, бір ықтиярсыздық шығады. Ол ықтиярсыздық алла тағалаға лайықты емес. Оның барлыққа келтірмегі — құдіретіне ғана бір шарх. Бұл ғылым,

---

[1] Әсма-и хүсна (арабша) — أَسْمَاء حُسْنَى — көркем, жақсы есімдер.

[2] Затия (арабша) — ذَاتِيَّةٌ — өзіне лайық, меншікті.

[3] Фиғлия (арабша) — فِعْلِيَّةٌ — нақтылы.

[4] Шарх (арабша) — شَرْحٌ — түсінік (түсіндіру), ашу, анықтау.

[5] Хаят (арабша) — حَيَاةٌ — өмір, тірлік.

[6] Құдірет олула (арабша) — قُدْرَةٌ — құдіретті болу, күшті болу, қабілетті болу. (Олды (болды) оңтүстік түрік тайпаларынан ауысқан китаби тілдің әсері).

[7] Әзали (арабша) — أَزَالِي — ертеден, мәңгі, баки.

[8] Әдәби (арабша) — أَدَابِيٌّ — әдеби, мәдени, әдепті, рухани.

[9] һәмишә (арабша) — عَامَّةٌ — кәдімгі, жалпы, халықтық, қазақша һаммәсі, кейбір түрік тілдерінде — һәммәші.

құдіретте ешбір нинһоятсіз[1], ғылымында ғафләт[2], құдіретінде епсіздік және нашарлық жоқ. Санығын сұңғатына[3] қарап білесіз. Бұл көзге көрілген, көңілге сезілген ғаламды қандай хикметпенен жарастырып, қандай құдіретпенен орналастырған, ешбір адам баласының ақылы жетпейді. Бірақ пендесінде ақыл — хүкімші, қайрат, қуат — қызмет қылушы еді. Соған қарап ойлайсың: алла тағаланың сипатында солай болмаққа тиіс. Бірақ әуелде айтқанымыз: ғылым, құдірет — біздің ұғуымызға ғана екі хисап болмаса, бір-ақ ғылымды құдірет болуға тиіс. Олай болмаса сипаттар өз орталарында бірі тәбиғ[4], бірі матбуғ[5] болады ғой. Бұл болса, тариф раббыға[6] жараспайды. Сегіз сипат қылып және ол сипаттар „Лағаиру уәлә һуә“[7] болып, бұлай айтуда, бұлардан бір өз алдына жамағат яки жамиғат[8] шығып кетеді. Бұл болса келіспейді. Егерде сипаттарды әрбірін басқа-басқа дегенде, көп нәрседен жиылып, иттифақпенен құдай болған болады. Бұлай деу батыл[9], бір ғана құдірет пендеде болған қуат; құдірет ғылым ақылдан басқа болатұғын, алла тағалада болған құдірет — ғылым һәм рахмет. Ол — рахмет сипаты, сегіз сипаттың ішінде жазылмаса да, алла тағаланың Рахман[10], Рахим[11],

---

[1] Нинһоят (арабша) — نِهَايَةٌ — өлшеусіз, шексіз.

[2] Ғафләт (арабша) — غَفْلَةٌ — үқыпсыздық, кателік, қапы қалу.

[3] Санығын сұңғатына (арабша) — صَانِعٌ — жақсылық жасаушы (жақсылық іс істеуші).

[4] Табиғ (арабша) — تَابِعٌ — еруші.

[5] Матбуғ (арабша) — تَابِعٌ — ерітуші.

[6] Тариф раббы (арабша) — تَعْرِيفُ الرَّبِّ — Алланы тану, білу.

[7] Лағаиру уәлә һуә (арабша) — لَا غَيْرُ وَلَا هُوَ — басқа да емес, (оның) өзі де емес.

[8] Жамиғат (арабша) — جَامِعَةٌ — жиын, үйым.

[9] Батыл (арабша) — بَاطِلٌ — теріс, қате.

[10] Рахман (арабша) — اَلرَّحْمَنُ — жарылқаушы, мейірімді (Алланың атауларының бірі).

[11] Рахим (арабша) — اَلرَّحِيمُ — кешіруші, мейірімді, жан ашушы.

Ғафур[1], Уадуд[2], Хафиз[3], Сәттар[4], Раззақ[5], Нафиғ[6], Уәкил[7], Латиф[8] деген есімдеріне бинаән[9] бір ұлығ сипатынан хиссаптауға жарайды. Бұл сөзіме наклия[10] дәлелім – жоғарыдағы жазылған алла тағаланың есімдері. Ғаклия[11] дәлелім құдай тағала бұл ғаламды ақыл жетпейтін келісіммен жаратқан, онан басқа, бірінен бір пайда алатұғын қылып жаратыпты. Жансыз жаратқандарынан пайда алатұғын жан иесі хайуандарды жаратып, жанды хайуандардан пайдаланатұғын ақылды инсанды[12] жаратыпты.

Хайуандарды асырайтұғын жансыздарды еті ауырмайтын қылып, жан иесі хайуандарды ақыл иесі адам баласы асырайтын қылып, һәм олардан махшарда сұрау бермейтұғын қылып, бұлардың һәммасынан пайда аларлық ақыл иесі қылып жаратқан. Адам баласынан махшарда сұрау алатұғын қылып жаратқандығында һәм ғадәләт һәм махаббат бар. Адам баласын құрт, құс, өзге хайуандар секілді тамақты өз басымен алғызбай,

---

[1] Ғафур (арабша) – غَفُوْرٌ – кешіруші (Алланың атауларының бірі).

[2] Уадуд (арабша) – وَدُوْدٌ – сүйікті, сүюші (Алланың атауларының бірі).

[3] Хафиз (арабша) – حَافِظٌ – қорғаушы (Алланың эпитетінің бірі), кешіруші, ара түрушы (Алланың атауларының бірі).

[4] Сәттар (арабша) – سَتَّارٌ – кешіруші, ара түрушы (Алланың атауларының бірі).

[5] Раззақ (арабша) – رَزَّاقٌ – несібе беруші, ырыздық беруші (Алланың атауларының бірі).

[6] Нафиғ (арабша) – نَافِعٌ – қосымша несібе беруші, пайда беруші (Алланың эпитетінің бірі).

[7] Уәкил (арабша) – وَكِيْلٌ – уәкіл, басқарушы.

[8] Латиф (арабша) – لَطِيْفٌ – жақсылық жасаушы, мейірбан, қайырымды.

[9] Бинаән (арабша) – بِنَاءٌ – негізделген, орнатылған.

[10] Наклия (арабша) – نَقْلِيَّاتٌ – дәстүрге сүйенген ғылым, дәстүрлі сөздер.

[11] Ғаклия (арабша) – عَقْلِيَّاتٌ – ақылмен не оймен түсіну.

[12] Инсан (арабша) – إِنْسَانٌ – адам, адам баласы.

ыңғайлы екі қолды басқа қызмет еттіріп, аузына қолы ас бергенде, не ішіп, не жегенін білмей қалмасын деп, иісін алып ләззаттанғандай қылып, ауыз үстіне мұрынды қойып, оның үстінен тазалығын байқарлық екі көз беріп, ол көздерге нәзіктен, зарардан қорғап тұрарлық қабақ беріп, ол қабақтарды ашып-жауып тұрғанда қажалмасын деп кірпік жасап, мандай тері тура көзге ақпасын деп, қаға беруге қас беріп, оның жүзіне көрік қылып, бірінің қолынан келместей істі көптесіп бітірмекке, біреуі ойын біреуіне ұқтырарлық тіліне сөз беріп жаратпақтығы махаббат емес пе? Кім өзіне махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе? Ақыл көзімен қара: күн қыздырып, теңізден бұлт шығарады екен, ол бұлттардан жаңбыр жауып, жер жүзінде неше түрлі дәндерді өсіріп, жемістерді өндіріп, көзге көрік, көңілге рахат гүл-бәйшешектерді, ағаш-жапырақтарды, қант қамыстарын өндіріп, неше түрлі нәбатәттәрді[1] өстіріп, хайуандарды сақтатып, бұлақтар ағызып, өзен болып, өзендер ағып дария болып, хайуандарға, құсқа, малға сусын, балықтарға орын болып жатыр екен. Жер мақтасын, кендірін, жемісін, кенін, гүлдер гүлін, құстар жүнін, етін жұмыртқасын; хайуандар етін, сүтін, күшін, көркін, терісін; сулар балығын, балықтар икрасын, хатта ара балын, балауызын, құрт жібегін — һәммасы адам баласының пайдасына жасалып, ешбірінде бұл менікі дерлік бір нәрсе жоқ, бәрі — адам баласына таусылмас азық.

Миллион хикмет бірлән жасалған машина, фабрик адам баласының рахаты, пайдасы үшін жасалса, бұл жасаушы махаббат бірлән адам баласын сүйгендігі емес пе? Кім сені сүйсе, оны сүймектік қарыз емес пе? Адам баласы қанағатсыздықпенен бұл хайуандардың тұқымын құртып, алдыңғылар артқыларға жәбір қылмасын деп, малды адам баласының өзінің қызғанышына қорғалатып, өзге хайуандарды бірін ұшқыр қанатына, бірін күшті қуатына, бірін жүйрік аяғына сүйентіп, бірін биік жартасқа, бірін терең тұңғиыққа, қалың орманға қорғалатып, һәм әрбірін өсіп-өнбекке құмар қылып, жас күнінде, кішкене уақытында шафғат, сәхәріменен[2] бастарын байлап, қамқор қылып қоймақтығы — адам баласына өсіп-өніп, тендік алсын емес, бәлки, адам баласының үзілмес нәсіліне таусылмас азық болсын дегендік. Жә, бұл хикметтерінің һәммасын һәм мархамат, һәм ғадалат заһир[3] тұр

---

[1] Нәбатәттәр (арабша) — نَبَاتَاتٌ — өсімдіктер.

[2] Шафғат, сәхәрімен (арабша) — شَفَاعَةٌ سِحْرِيٌّ — көмектесу, бірін-бірі қорғау өнері.

[3] Ғадалат заһир (арабша) — عَدَالَةٌ ظَاهِرَةٌ — ашық, айқын, әділеттілік.

екен. Біз ортамызда бұл мархамат[1] ғәдәләтті иманның шартынан хисап қылмаймыз, оның үшін муслим болғанда, алла тағалаға тәслим болып, оның жолында болмақ едік, болғанымыз қайсы? Бұл екі ай мен күннен артық мағұлым тұрған жоқ па? Фиғылы құданың ешбірін де қарар қылмаймыз, өзгелерде болғанын жек көрмейміз, өзіміз тұтпаймыз, бұл қиянатшылық емес пе? Қиянатшылыққа бір қарар тұрған адам – я мұсылман емес, ең болмаса шала мұсылман. Алла табарака уатағаланың пенделеріне салған жолы қайсы? Оны көбі білмейді. „Тәфаккару фиғла[2] иллаhи“ деген хадис шарифтің[3] „инналаhу йухиббул мукситин[4] деген аяттарға ешкімнің ықласы, көңілі менен ғылымы жетіп құптағанын көргенім жоқ. „Әтәмурун әннәсә билбирри уәәхсәну инналаhу йухиббул мұхсин[5]“, „уәлләзинә әмәну уәғәмилу салихати улайна асхабул жәннәти hәм фиhа халидун“[6] деген аяттар құранның іші толған ғамалус-салих[7] не екенін білмейміз. „Уа әммәлзина амәну уәғамилус саликати фәйуәффиhим ужурәhум уаллаhу лә

---

[1] Мархамат (арабша) – مرحمة – жан ашу, жақсылық іс жасау.

[2] Тәфаккару фиғла (арабша) – تفكر في خلق الله – тәнір туралы ойлану.

[3] Хадис шариф (арабша) – الحديث الشريف – хадис, әңгіме.

[4] Инналаhу йухиббул мүқсит (арабша)– إن الله يحب المقسطين – Шынында да Құдай әділ адамдарды сүйеді.

[5] Әтәмурун әннәсә билбирри уәәхсәну инналаhу... (арабша) –

إعتصام الناس بالبر والإحسان
إن الله يحب المحسنين

– адамдар жақсылық пен иманшылыққа табынады, соңынан ерді, ойткені Алла да жақсыны сүйеді.

[6] Уәлләзинә әмәну уәғәмилу... (арабша) –

والذين آمنوا وعملوا الصالحة
أولئك أصحاب الجنة وهم فيها خالدون

– Адал жұрушілердің және жақсылық жасаушылардың орны ұжмакта (жәнәтта) және олар мәңгі (өмір сүреді).

[7] Ғамалус-салих (арабша) – عمل الصالح – жақсылық іс, игі іс.

йүхиббуз-залимин“[1] аятына қарасаң, ғамалус-салих залықтықтың зидды[2] болар. Олай болғанда ғадәләт рафғат[3] болуға кімде-кімнің әділеті жоқ болса, оның хаясы жоқ, кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы жоқ деген, пайғамбарымыздың салаллаһу ғалайһи уәссәлламнің хадис шарифі „мән-лә хаяун лаһу“[4] деген дәлел дүр. Енді белгілі, иман құр инанышпенен болмайды, ғадәләт уа рафғат бірлән болады. Ғәмалус-салих ғадәләтті уә мархамәтті болмақ күллі тән бірлән қылған құлшылдықтардың ешбірі ғадәләтті, мархаматты бермейді. Көзің күнде көреді намаз оқушы, ораза тұтушылардың не халәттә екендіктерін, оған дәлел керек емес. Бәлки ғадәләт барша ізгіліктің анасы дүр. Ынсап, ұят — бұл ғадәләттен шығады. Оның үшін ғадәләті адамның көңіліне келеді: мен өз көңілімде халық менімен, сондай-мұндай қылықтарымен мүғамәла[5] қылса екен деп ойлап тұрып, өзім сол халықтармен мүғамәла қылмағандығым жарамайды ғой деп, сол өзі әділет те және нысап та емес пе? Ол һәмма жақсылықтың басы емес пе? Жә, олай хұлық[6] пенен сол ойды ойлаған кісі халлақыны[7] шүкірді неге ойламасын?

---

[1] Уа өммәлзина амәну... — (арабша)

وَالَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ أُولَٰئِكَ أَصْحَابُ الْجَنَّةِ هُمْ فِيهَا خَالِدُونَ وَاللَّهُ لَا يُحِبُّ الظَّالِمِينَ

— Ал, адал жақсы іс атқаратын адамдар оларға берілген жақсылықты (қайырымдылықты) толық қайтарады, өйткені құдай залымдарды сүймейді.

[2] Зидды (арабша) — ضِدٌّ — қарсы, қарама-қарсы.

[3] Ғадәләт рафғат (арабша) — عَدَالَةٌ رَفِيعَةٌ — жоғары әділет, әділеттікті жоғары ұстау.

[4] Мән-лә хаяун лаһу уәла иманун лаһу (арабша) —

مَنْ لَا حَيَاءَ لَهُ وَلَا إِيمَانَ لَهُ — кімде-кімнің ұяты болмаса, соның иманы да жоқ.

[5] Мүғамәла (арабша) — مُعَامَلَةٌ — қарым-қатынас, араласу, қатысу.

[6] Хұлық (арабша) — خُلُقٌ , خَلْقٌ — мінез, құлық.

[7] Халлақ (арабша) — خَلَّاقٌ — жаратушы.

Шәкірліктен[1] ғибадаттың бәрі туады. Енді зинһар[2] ғадалөт, шапағаттан босанбандар. Егер босаңсаң, иман да, адамдық та һаммасы босанады. Аллаяр софының бір фәрдәдән жүз фәрдә бижай[3] дегені басыңа келеді. Енді біздің бастағы тағриф бойынша құдай тағала ғылымды, рахымды, ғадалөтті, құдіретті еді. Сен де бұл ғылым, рахым, ғадалөт үш сипаттенен сипаттанбақ; ижтиһатің[4] шарт еттің, мұсылман болдың һәм толық инсаниятың[5] бар болады. Белгілі жәуанмәртлік[6] үш хаслат[7] бірлән болар деген, сиддиқ[8], кәрәм[9], ғақыл[10] — бұл үшеуінен сиддиқ ғадалөт болар, кәрәм шафағат болар. Ғақыл мағалум дур, ғылымның бір аты екендігі. Бұлар әр адамның бойында алла табарака уатағала тәхмин[11] бар қылып жаратқан. Бірақ оған рәуаж[12] беріп гүлдендірмек, бәлки, адам өз халінше кәмәлатқа жеткізбек жәһәтінде[13] болмақ. Бұлар — өз иждиһадің бірлән ниет халис[14] бірлән ізденсең ғана берілетін

---

[1] Шәкірлік (арабша) — شُكْرٌ — ризалық білдіруші, шүкіршілік айтушы.

[2] Зинһар (арабша) — زِينْهَار — жақтаушы, қорғаушы.

[3] Бір фәрдәдән жүз фәрдә бижай — бір адамнан жүз адам қолайсыз жағдайда (бижай — жәйсіз, қолайсыз). Фәрдун (арабша) — فَرْدٌ — адам.

[4] Ижтиһат (арабша) — إِجْتِهَادٌ — ыждаһат, талапкерлік, ізденушілік, ғылымға талпыну.

[5] Инсаният (арабша) — إِنْسَانِيَّةٌ — адамгершілік, адамзат ілімі, адамзат табиғаты.

[6] Жәуанмәрт (парсыша) — جوان مرد — ізгі, жақсы, кең пейілді.

[7] Хаслат (арабша) — خَصْلَةٌ — сипат, түр, қасиет.

[8] Сиддиқ (арабша) — صِدِّيقٌ — шындық, шын.

[9] Кәрәм (арабша) — كَرَمٌ — жомарт, ақ пейіл.

[10] Ғақыл — عَقْلٌ — ақыл, ақылдылық, даналық.

[11] Тәхмин (арабша) — تَخْمِينٌ — шама, шамасы.

[12] Рәуаж (арабша) — رَوَاجٌ — тарату, өткізу.

[13] Жәһәт (арабша) — جِهَةٌ — ынта, жігер.

[14] Халис (арабша) — خَالِصٌ — таза, кіршіксіз. Ниет халис — таза ниет.

нәрселер, болмаса жоқ. Бұл айтылмыш үш хасләттің иелерінің алды — пайғамбарлар, онан соң — әулиелер, онан соң — хакимдер, ең ақыры — кәміл мүсылмандар. Бұл үш түрлі фиғыл құданың соңында болмақ, өзін құл біліп, бұл фиғылдарға ғашық болып түпнақты пайғамбарлар үйретті әулиелерге, әулиелер оқыды, ғашық болды. Бірақ, ухрауи[1] пайдасын ғана күзетті. Ғашықтары сол халге жетті, дүниені, дүниедегі тиерлік пайдасын ұмытты. Бәлки, хисапқа алмады. Хакимдер дүниеде тиетін пайдасын сөйледі, ғибрәт көзімен қарағанда, екеуі де бірінен бірі көп жырақ кетпейді. Оның үшін әрбірінің сөйлеуі, айтуы бөскаша болса да, алла тағаланың сұнғатына қарап пікірлемектікті екеуі де айтты. Пікірленбек соңы ғибраттанбақ болса керек. Бұл ғақыл, ғылым — екеуі де өзін зорға есептемекті, білімдықты, адам өзіндей адамды алдамақты жек көреді. Бұл ғадаләт һәр екеуі де мархаматты, шапағатты болмақтықты айтып бүйырды, бұл рақым болса керек. Бірақ менің ойыма келеді, бұл екі таһифа әр кісі өздеріне бір түрлі нәпсісін фида қылушылар деп. Яғни, пенделіктің кәмәлаты әулиелікпен болатұғын болса, күллі адам тәркі дүние болып һу деп тарикатқа[2] кірсе, дүние ойран болса керек. Бұлай болғанда малды кім бағады, дүшпанды кім тоқтатады, киімді кім тоқиды, астықты кім егеді, дүниедегі алланың пенделері үшін жаратқан қазыналарын кім іздейді? Хәрами[3], макрүһи[4] былай тұрсын, құдай тағаланың қуатыменен, иәктиһад ақылынменен тауып, рахатын көрмегіне бола жаратқан, берген ниғметтеріне[5], онан көрмек хүзурға[6] суық көзбен қарап, ескерусіз тастап кетпек ақылға, әдепке, ынсапқа дұрыс па?

Сахиб ниғметке[7] шүкіршілігін жоқ болса, әдепсіздікпенен күнәкөр болмайсың ба? Екінші — бұл жолдағылар қор болып, дүниеде жоқ болып кету де хаупі бар, уә кәпірлерге жем болып кету де,

---

[1] Ухрауи (арабша) — أُخْرَوِى — о дүние (ақырзаман).

[2] Тарикат (арабша) — طَرِيقَةٌ — діни ағым, дін жолы.

[3] Хәрами (арабша) — حَرَامٌ — арам нәрсе.

[4] Макрүһи (арабша) — مَكْرُوهٌ — жиренішті, жаман. Діни ұғым бойынша жасауға болмайтын іс, әбүйірсіз іс.

[5] Ниғмет (арабша) — نِعْمَةٌ — жақсы өмір, байлық, (Алланың) берген бақыты, рақметі.

[6] Хүзур (арабша) — حُضُورٌ — көркею, даму, мәдениеттілік, рахатшылық. Арабтың „д“ әрпі иракта „з“ деп айтылады.

[7] Сахиб ниғмет (арабша) — صَاحِبُ نِعْمَةٍ — байлық, дәулет иесі. Бұл жерде „құдайдың бергені“ деген мағынада.

қайсыбір сабырсызы жолынан тайып, сабырмен бір қарар тұрамын дегені болып кетселер де керек. Егер де бұл жол жарым-жартыларына ғана айтылған болса, жарым-жарты раст дүниеде бола ма? Рас болса, һәммаға бірдей раст болсын, алалаған раст бола ма, һәм ғадалөт бола ма? Олай болғанда, ол жұртта ғұмыр жоқ болса керек. Ғұмыр өзі — хақиқат. Қай жерде ғұмыр жоқ болса, онда кәмәлат жоқ. Бірақ әулиелердің де бәрі бірдей тәркі дүние[1] емес еді, ғашәрән[2] — мүбәшәрәдан[3] қазірет Ғосман, Ғабдурахман бин Ғауф уа Сағид бин Әбудқас үшеуі де үлкен байлар еді. Бұл тәркі дүниелік: я дүние ләззатына алданып ижтиһадым шала қалады деп, бойына сенбегендік; я хирс[4] дүниеліктен қауымның көңілін суытпақ үшін, ренжуге сабыр етіп, өзін фида қылып, мен жаныммен ұрыс қылғанда, халық ең болмаса нәпсісімен ұрыс қылып, һәуа[5] һәуастан әрбір арзу[6] нәпсіден суынып, ғадалөт, мархамат, махаббатына бір қарар болар ма екен деген үмітпенен болса керек. Олай болғанда о да жұртқа қылған артық махаббаттан хисап. Бірақ бұл жол — бек шетін, бек нәзік жол. Бұл жолда риясыз[7], жеңілдіксіз бір қарар тұрып[8] іздеген ғана кісі істің кәмәлатына жетпек. Бұл заманда надир[9], бұған ғылымның да зоры, сиддиқ, қайраттың да зоры, махаббаттың халлақна да, уа халық ғаламға да бек зоры табылмақ керек. Бұлардың жиылмағы — қиынның қиыны, бәлки фитнә[10] болар.

---

[1] Тәркі дүние (арабша) — تَرْكُ الدُّنيا — дүниеден безген.

[2] Ғашәрән (арабша) — عَشِيرٌ — 1) туыс, жақын; 2) дос жолдас.

[3] Мүбәшар (арабша) — مُبَشَّرٌ — Құдай жолындағы адам, дін таратушы (Мұхаммед пайғамбардың сахабалары, оның жолын қолдаушылар).

[4] Хирс (арабша) — حِرْصٌ — сарандық, дүние құмарлық.

[5] һәуа (арабша) — هَوًى — әуестену, әуесқойлану.

Һәуас (арабша) — هَوَسٌ — орынсыз әуесқойлық, соқыр сезім.

[6] Арзу (арабша) — غَرَضٌ — тілек, мақсат.

[7] Рия (арабша) — رِيَاءٌ ، رِئَاءٌ — екі жүзділік, көз бояушылық.

[8] Қарар тұрып (арабша) — قَرَارٌ — шешім қабылдау.

[9] Надир (арабша) — نَادِرٌ — сирек, асыл зат, сирек кездесетін қаспет.

[10] Фитнә (арабша) — فِتْنَةٌ — көтеріліс, қарсылық.

Басына һәм бір өзіне өзгешелік бермек — адам ұлын бір бұзатын іс. Әрбір наданның бір тариқатқа кірдік деп жүргені біз бұзылдық дегеніменен бір болады. Хакім, ғалым асылда бір сөз, бірақ Ғарафта[1] басқалар дүр. Дүниеде ғылым заһири[2] бар, олар айтылмыштарды жазылмыштар, оны нақлия[3] деп те айтады. Бұл нақлияға жүйріктер ғалым атанады. Құдай тәбәрака уа тағала ешбір нәрсені себепсіз жаратпаған, мұны ізерлеп тәффаккару фи әла-иллаһи[4] деген хадиске бинаән[5] бұл сұнғати[6] құдадан ізерлеп, құмар болып ғибратланушыларға тыю жоқ, бәлки сұнғатынан себебін білмекке құмарлықтан саниғ[7] ғашықтық шығады. Құдай тәбәраканың затына пендесінің ақылы жетпесе, дәл сондай ғашықпын демек те орынсыз. Ғашықмағшұғлыққа[8] халик бірлән махлұқ ортасы мунәсибәтсіз[9], алла тағаланың пендесін махаббат уа мархамат бірлән жаратқанын біліп, махаббатына махаббат пенен ғана елжіремекті құдаға ғашық болды дейміз. Олай болғанда хикмет құдаға пенде өз ақылы жетерлік қадірін ғана білсем деген әрбір істің себебін іздеушілерге хакім ат қойды. Бұлар хақ бірлән батылды айырмаққа, себептерін білмекке тырысқандарыменен һәммасы адам баласының пайдасы үшін, ойынкүлкі түгіл, дүниедегі бүкіл ләззат бұларға екінші мәртабада қалып, бір ғана хақты таппақ, әрбір нәрсенің себебін таппақтенен ләззаттанады.

Адаспай тура іздеген хакімдер болмаса, дүние ойран болар еді. Фиғыл пәнденің[10] қазығы — осы жақсы хакимдер, әр нәрсе дүниеде

---

[1] Ғарафта (арабша) — عَرَفَةُ — Арафа (таудың аты). Зулт-Хиджа айының 9-күні. Бұл күнде қажыға барғандар Арафат тауына шығады.

[2] Ғылым заһири (арабша) — عِلْمٌ ظَاهِرِيٌّ — шынайы ғылым.

[3] Нақлия (арабша) — نَقْلِيَّاتٌ — дәстүрлі ғылымдар.

[4] Тафаккару фи әла-иллаһи (арабша) — تَفَكُّرٌ فِي مَا لِلّٰهِ — ұлы Алла туралы ойлану.

[5] Бинаән (арабша) — بِنَاءً — негізделген.

[6] Сунғат (арабша) — صَنْعَةٌ — жақсы іс.

[7] Саниғ (арабша) — صَانِعٌ — жақсылық жасаушы, жаратушы.

[8] Мағшұғлық (арабша) — مَعْشُوقٌ — сүйігені.

[9] Мунасибатсіз (арабша) — مُنَاسِبَةٌ — байланыссыз, қарым-қатынас, туыстық.

[10] Фиғыл пәнде (парсыша) — فِعْلِ بَنْدَه — адам ісі деген мағынада.

бұлардың истихражы[1] бірлән рауаж[2] табады. Бұлардың ісінің көбі — дүние ісі, ләкин осы хакимдердің жасаған, таратқан істері. Әд-дүния мәзрәгәтул-ахирет[3] дегендей, ахиретке егіндік болатын дүние сол. Әрбір ғалым — хакім емес, әрбір хакім — ғалым. Ғалымдарының наклиясы бірлән мұсылман иман таклиди кәсіп қылады. Хакімдердің ғаклияты бірлән жетсе, иман якини[4] болады. Бұл хакімдерден мұрат — мұсылман хакімдері, болмаса ғайри діннің хакімдері — әгәрше фатлубни тәжидуни[5] делінсе де, дүниенің һәм адам ұғлы өмірінің сырына жетсе де, діннің хақ мағрифатына[6] жете алмағандар. Бұлардың көбі — иманның жеті шартынан, бір алланы танымақтан ғайри, яғни алтауына кімі күмәнді, кімі мүнкір[7] болып, тахкиклай алмағандар. Егер бұлар дін ұстазымыз емес болса да, дінде басшымыз құдайдың елшісі пайғамбарымыздың хадис шарифі, хайрун нас ман йанфагунас[8] деген. Бұл хакімдер ұйқы, тыныштық, әуес-қызықтың бәрін қойып, адам баласына пайдалы іс шығармақлығына, яғни электрияны тауып, аспаннан жайды бұрып алып, дүниенің бір шетінен қазір жауап алып тұрып, от пен суға қайласын тауып, мың адам қыла алмастай қызметтер істетіп қойып тұрғандығы, уахсусан[9] адам баласының ақыл-пікірін ұстартып, хақ пенен батылдықты айырмақты үйреткендігі — баршасы нафиғлық[10] болған соң, біздің оларға міндеткерлігімізге дау жоқ.

---

[1] Истихраж (арабша) — إِسْتِخْرَاجٌ — шығару, алу.

[2] Рауаж — رَوَاجٌ — таралу, айналым.

[3] Әд-дүния мәзрәгәтул-ахирет (арабша) — الدُّنيا مزرعة الآخرة — дүние — ахиреттің егіндігі (бұл дүниеде жасалған игілікті іс ақыретте жеміс болады деген мағынада).

[4] Иман якини (арабша) — إِيمَانٌ يَقِينٌ — шын, нақтылы, шынайы сенім.

[5] Фатлубни тәжидуни (арабша) — فَاطْلُبْنِي تَجِدُنِي — талап қылсаң табасың (мені).

[6] Мағрифат (арабша) — مَعْرِفَةٌ — тану, білу.

[7] Мүнкір (арабша) — مُنْكِرٌ — қарсы болу, сенбеу.

[8] Хайрун нас ман йанфагу нас (арабша) — خَيْرُ النَّاسِ مَنْ يَنْفَعُ النَّاسَ — адамның жақсысы адамға пайда келтірген адам.

[9] Уахсусан (арабша) — وَخُصُوصًا — әсіресе, ерекше.

[10] Нафиғ (арабша) — نَافِعٌ — пайдалы, онегелі іс.

Бұл заманның молдалары хакім атына дұшпан болады. Бұлары білімсіздік, бәлки бұзық фиғыл, әл-инсан ғәдду ләма жәhилгә хисап[1]. Олардың шәкірттерінің көбі біраз ғарап-парсыдан тіл үйренсе, бірлі-жарым болымсыз сөз бахас үйренсе, соған мәз болып, өзіне өзгешелік беремін деп әуре болып, жұртқа пайдасы тимек түгіл, түрлі-түрлі зарарлар хасил[2] қылады „hай-hой!" менен, мақтанменен қауымды адастырып біпіреді. Бұлардың көбі әншейін жәhил[3] түгіл жәhиләләр кібік[4] талап болса, қайда хақ сөздер келсе, қазір нысапқа қайтсын hәм ғибраттансын. Рас сөзге ор қазып, тор жасамақ не деген нысап, құр өзімшілдік hәм әр өзімшілдік — адам баласын бұзатын фиғыл. Растың бір аты — хақ, хақтың бір аты — алла, бұған қарсы каруласқанша, мұны ұғып, ғадаләтпен тәптештеуге керек. Мұндай фиғылдардан күпір[5] қаупі де бар. Және пайғамбарымыз салаллаhу ғалайhи уәссәллам „ақыр заманда бір жылдық бір күн болар" дегенде сахаба-и кәрәмлар[6] „бұл бір жылдық бір күнде намаз нешеу болар" деп сұрағанда: оның патуасын сол заманның ғалымдары білер деген сөзінен ғибратланып қарасаң, замана өзгеруімен қағидалар өзгерілмегін білдіргені мағлұм болады. Бұл күндегі тәхсилғулум[7] ескі медреселер ғұрпында болып, бұл заманға пайдасы жоқ болды. Соған қарай Ғұсманияда[8] мектеп

---

[1] Әл-инсан ғәдду ләма жәhилгә хисап (арабша)—

الإنسان عادٌ لما جاهلٌ

адам жаманшылыкка ауып тұрады (адам да ақылақ сиякты болады).

[2] Хасил (арабша) — حاصلٌ — нәтиже, қорытынды.

[3] Жәhил (арабша) — جاهلٌ — надан, шала оқыған.

[4] Жәhиләләр кібік (арабша) — جاهلون كبك — надандар сиякты, надан, окымаған, шала оқыған. Бұл жерде араб сөзіне *-лар, -лер* коптік жалғауы және *кібік* деген татар сөзі жалғанған.

[5] Күпір (арабша) — كفرٌ — діннен шығу, дінді бұзу.

[6] Сахаба-и кәрәмлар (арабша) — صحابة كريمة — Мұхаммед пайғамбардың қадірлі әріптестері — Мұхаммед пайғамбарды қолдаушы сахабалары, қадірлі, сүйікті рухани әріптестері.

[7] Тәхсилғулум (арабша) — تحصيل العلوم — үйрену, жетілу, білім жинау.

[8] Ғұсмания — бұрынғы Түркия патшалығы.

харбия[1], мектеп рушдиялар[2] салынып, жаңа низамға айналған. Мұндағылар ұзақ жылдар өмір өткізіп, ғылымды пайдасыз ұзақ бахастар бірлән күнін өткізіп, мағишат[3] дүниеде надан бір ессіз адам болып шығады да, ешбір харекетке лайықты жоқ болған соң, адам аулауға, адам алдауға салынады. Көбінесе мұндай ессіздердің насихаты да тасирсіз[4] болады.

Дүниенің мәғмурлығы[5] бір түрлі ақылға нұр беріп тұратұғын нәрсе. Жоқшылықтың адамды хайуандандырып жіберетіні де болады. Бәлки дүниенің ғылымын білмей қалмақтық — бір үлкен зарарлы надандық, ол құранда сөгілген; дүниеде кімдекім өзіне өзгешелік бермек қасады бірлән малға махаббатын аударған дүние болмаса, ихсанда[6] қолым қысқа болмасын деп һәм өзім біреуге тамғылы[7] болмайын деп, малға махаббатын аудармай, ізгілікке бола халал кәсіп бірлән тапқан дүние емес.

Біз ғылымды сатып, мал іздемек емеспіз. Мал бірлән ғылым кәсіп қылмақтыз. Өнер — өзі де мал, өнерді үйренбек — өзі де ихсан. Бірақ ол өнер ғадаләттан шықпасын, шарғыға[8] муафих[9] болсын. Адамға хәлінше ихсанды болмақ — қарыз іс. Бірақ өзгелердің ихсанына сүйенбек дұрыс емес. Моллалар тұра тұрсын, хусусан[10] бұл заманның ишандарына бек сақ болындар. Олар — фитнә[11] ғалым, бұлардан залалдан басқа ешнәрсе шықпайды. Өздері хүкім[12]

---

[1] Харбия (арабша) — اَلْمَدْرَسَةُ الْحَرْبِيَّةُ — соғыс мектебі.

[2] Рушдия (парсыша) — رُشْدِيَّةٌ — білім беру мектебі, кәмелеттік жетілдіру.

[3] Мағишат (арабша) — مَعِيشَةٌ — тіршілік.

[4] Тасир (арабша) — تَأْثِيرٌ — әсер.

[5] Мәғмур (арабша) — مَعْمُورٌ — әлем.

[6] Ихсан (арабша) — إِحْسَانٌ — жақсылық, игі іс.

[7] Тамғылы (арабша) — طَمَعٌ — 1) тілек, сүрамсақтану; 2) сараң болу, дүние құмарлық, тоймысыздық.

[8] Шарғы (арабша) — شَرْعٌ — діни заң.

[9] Муафих (арабша) — مُوَافِقٌ — үйлесімді, сәйкес.

[10] Хусусан (арабша) — خُصُوصًا — әсіресе, тіпті.

[11] Фитнә (арабша) — فِتْنَةٌ — бүліншілік, бүзық, кателесу.

[12] Хүкім (арабша) — حُكْمٌ — үкім, мағына, анықтама, түсінік.

шариғатты таза білмейді, көбі надан болады. Онан асып өзін өзі әһіл тарикат[1] біліп және біреуді жеткізбек дағуасын қылады. Бұл іс олардың сыбағасы емес, бұлардың жеткізбегі мұхал[2], бұлар адам аздырушылар, хаттә дінге де залалды. Бұлардың сүйгені – надандар, сөйлегені – жалған, дәлелдері – тасбығы менен шалмалары, онан басқа ешнәрсе жоқ.

Енді біліңіздер, ей перзенттер! Құдай тағаланың жолы деген жол алла тағаланың өзіндей нихаятсыз[3] болады. Оның нихаятына ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам делінеді. Дүниеде түпкі мақсатың өз пайдаң болса – өзің нихаятлысың, ол жол құдайдың жолы емес. Ғаламнан жиылсын, маған қуйылсын, отырған орныма ағып келе берсін деген ол не деген нысап? Не түрлі болса да, я дүниеңнен, я ақылыңнан, я малыңнан ғадалөт, шапағат секілді біреулерге жақсылық тигізбек мақсатың болса, ол жол – құданың жолы. Ол нихаятсыз жол, сол нихаятсыз жолға аяғыңды берік бастың, нихаятсыз құдаға тағырып хасил[4] болып хас[5] езгу құлдарынан болмақ үміт бар, өзге жолда не үміт бар? Кейбіреулердің бар өнері, мақсаты киімін түзетпек, жүріс-тұрысын түзетпек болады да, мұнысын өзіне бар дәулет біледі. Бұл істерінің бәрі өзін көрсетпек, өзін-өзі базарға салып, бір ақылы көзіндегі ақымақтарға „бәрекелді" дегізбек. „Осындай болар ма едік" деп біреулер талаптанар, біреулер „осындай бола алмадық" деп күйінер, мұнан не пайда шықты? Сыртқа қасиет бітпейді, алла тағала қарайтұғын қалыбыңа, боямасыз ықласыңа қасиет бітеді. Бұл айнаға табынғандардың ақылы қаншалық өсер дейсің? Ақыл өссе, ол түпсіз терең жақсылық сүймектікпен өсер.

Құдай тағала дүниені кәмалатты шеберлікпен жаратқан һәм адам баласын өссін-өнсін деп жаратқан. Сол өсіп-өну жолындағы адамның талап қылып ізденер қарызды ісінің алды – әуелі дос көбейтпек. Ол досын көбейтпектің табылмағы өзінің өзгелерге

---

[10] Әһіл тарикат (арабша) – أَهْلُ الطَّرِيقَةِ – дін жолындағы адамдар.

[1] Мұхал (арабша) – مُحَالٌ – мүмкін емес, екі талай, орындалмайтын іс (абсурд).

[2] Нихаятсыз (арабша) – نِهَايَةٌ – шексіз, өлшеусіз.

[3] Тақырып хасил (арабша) – تَقْرِيبُ الْحَاصِلِ – жақын нәтиже, үксас, жақын қорытынды.

[4] Хас (арабша) – خَاصٌّ – ерекше.

қолыңнан келгенінше достық мақамында[1] болмақ. Кімге достығың болса, достық шақырады. Ең аяғы ешкімге қас сағынбастық һәм өзіне өзгешелік беремін деп, өзін тілмен я қылықпен артық көрсетпек мақсатынан аулақ болмақ.

Бұл өзін-өзі артық көрсетпек екі түрлі! Әуелгісі — әрбір жаманшылықтың жағасында тұрып адамның адамдығын бұзатын жаманшылықтан бойын жимақтық, бұл адамға нұр болады.

Екіншісі — өзін-өзі өзгешелікпен артық көрсетпек адамдықтың нұрын, гүлін бұзады.

Үшіншісі — қастық қылмақ, қор тұтпақ, кемітпек. Олар дұшпандық шақырады.

Һәм өзі өзгеше тұратын демектің түбі — мақтан. Әрбір мақтан біреуден асамын деген күншілдік біпіреді де, күншілдік күншілдікті қозғайды. Бұл үш түрлі істің жоқтығы адамның көңіліне тыныштық береді. Әрбір көңіл тыныштығы көңілге талап салады.

Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: Әуелі — надандық, екіншісі — еріншектік, үшінші — залымдық деп білесің.

Надандық — білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды.

Білімсіздік хайуандық болады.

Еріншектік — күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік — бәрі осыдан шығады.

Залымдық — адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жырткыш хайуан қисабына қосылады.

Бұлардың емі, халлақына махаббат, халық ғаламға шапқат, қайратты, тұрлаулы, ғадалат ісінің алды-артын байқарлық білімі, ғылымы болсын... Ол білім, ғылымы құдаға мүктәди[2] болсын. Ғылым әуелі ғалами ғылымға мүктәди болсын. Яғни құдай тағала бұл ғаламды жаратты, ерінбеді, келісімменен, хикметпенен кәмәлатты бір жолға салып жасады, сіздердің ісіңіз де бір жақсылық бина[3] қылып, арқа сүйерлік шеберлікпенен болсын. Және құдай тағала әрне жаратты, бір түрлі пайдалы хикметі бар. Сенің де ісіңнен бір зарар шығып кеткендей болмай, көпке пайда боларлық бір үміті бар іс болсын. Бұларсыз іс іс емес. Бәлки бұларсыз тағат[4] тағат та емес.

---

[1] Макам (арабша) — مَقَامٌ — 1) жағдай, қарым-қатынас; 2) орын; 3) дәреже, қадір-қасиет, мағына.

[2] Мүктәди (арабша) — مُقْتَدٍ — еру, бағыну, құлшылық ету.

[3] Бина (арабша) — بِنَاءٌ — негіз, тірек.

[4] Тағат (арабша) — طَاعَةٌ — бағыну, тыңдау; тәртіп, құлшылық ету.

Белгілі, құдай тағала ешбір нәрсені хикметсіз жаратпады, ешбір нәрсеге хикметсіз тәклиф[1] қылмады. Бәрінің хикметі бар, бәрінің себебі бар, біздің ғауам[2] былай тұрсын, ғылымға махаббаты барларға себеп, парыздарды білмекке ижтиһад ләзім[3], сіздер әрбір ғамал қылсаңыз ізгілік деп қыласыз, ізгілікке бола қасд[4] етіп, ниет етесіз. Ниет оның парызынан хисап, пайғамбарымыз салаллаһу ғалайһи уәссәлламнің[5] хадис шарифі „иннама-л-ағмал, бинниет"[6] деген. Енді ниет еттіңіз таһарат[7] алмаққа, намаз оқымаққа, ораза тұтпаққа, бұл тағаттарды ниетіңіз заһирынан[8] қалыпсыз ғибадатқа жетпегендігі кемшілік емес пе? Сіздің батиныңыз[9] таза болмағы әуелі иман болып, бұл заһир ғибадатыңыз иманды болған соң ғана, парыз болған, сіздің заһирыңыздағы ғибадат – батиныңыздағы иманның көлеңкесі, һәм сол иманның нұрланып тұрмағына көрік үшін бұйырылған. Оның үшін ғұламалар иман екеу емес, біреу, бірақ ізгі тағатпенен нұрланады, тағат жоқ болса, күңгірттенеді, бәлки сөну хаупі де бар деген. Егер надандар ол ғибадаттың[10] ішкі сырын ескермей қылса, соны қылып жүріп, иманы сөнер деген.

Менің хаупім бар, олар хас[11] осы ғибадат екен, құданың бізге бұйырғаны, біз осыны қылсақ, мұсылмандық кәміл болады деп

---

[1] Тәклиф (арабша) – تَكْلِيفٌ – жұмыс арту, міндет, борыш, еңбек, дәстүр.

[2] Ғауам (арабша) – عَوَامٌّ – көпшілік халық, жәй халық.

[3] Ижтиһад ләзім (арабша) – إِجْتِهَادٌ لَازِمٌ – талап ету керек, көңілмен еңбек ету керек.

[4] Қасд (арабша) – قَصْدٌ – мақсат, ниет, ой арнау.

[5] Салаллаһу ғалайһи уәссәллам (арабша) –

صَلَّى ٱللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ

– Алла саған ізгі тілек тілеп, сәлемінді қабыл алсын (амандассын).

[6] Иннама-л-ағмал, бин-ниет (арабша) – إِنَّمَا ٱلْأَعْمَالُ بِٱلنِّيَّةِ – шынында еңбек, ниетке (мақсатқа) негізделеді.

[7] Таһарат (арабша) – طَهَارَةٌ – тазалық, намаз алдындағы жуыну.

[8] Заһир (арабша) – ظَاهِرٌ – анық, сыртқы, сырттай.

[9] Батин (арабша) – بَاطِنٌ – ішкі, көрінбейтін, жабық.

[10] Ғибадат – عِبَادَةٌ – табыну, қызмет ету, сыйлау.

[11] Хас (арабша) – خَاصٌّ – ерекше, арнайы, меншікті.

ойлайды. Ол ғибадат күзетшісі еді. Жә, күзетші күзеткен нәрсенің амандығын ойламай, бір ғана ояу тұрмағын қасд қылса, ол не күзет? Күзеткен нәрсесі қайда кетеді? Мақсат күзетілген нәрсенің амандығы, тазалығы емес пе? Ей, ишараттан[1] хабарсыздар, қара! Бұл ғибадаттан бір үлкені – намаз, ол намаздан әуелі таһарат алмақ, онан соң намазға шұруғ[2] қылмақ, ол таһараттың алды истинжа[3] еді. Мұны бір берік ойлап тұр. Аяғы екі аяққа мәсіхпенен[4] бітуші еді, бұлар һәммасы болмаса көбі ишарат еді. Истинжада к...іңізді жуасыз, сіздің к...іңіздің ешкімге керегі жоқ еді. Онымен сезімді тазалыққа иіргендігінді кәміл ыхласынды көрсетіп, ішімнің сафлығынын[5] соңында халық көрер, сыртымды да пәк етемін һәм көзге көрінбейтін ағзаларымды[6] да пәк етемін, бұл пәктіктің үстінде аллаға дұға айтамын деп әзірленесіз.

Енді намаздың аты – салауат[7], салауат дұға мағынасында деген:

Аяқта, мойында болған мәсхлар – ол жумақ емес, өздері де жуулы деп көрсеткен ишараты.

Намаздан әуелі құлақ қақтыңыз – егер алла тағаланы жоғарыда деп, мәкән исфат[8] етпесең де, бегірек созу әдепсіз болып, күнә дариясына ғарық[2] болдым, яғни дүние әуесіне ғарық қылмай қолымнан тарт, яғни құтыларлық жәрдемдерінің ишараты*.

---

[1] Ишарат (арабша) – إِشَارَةٌ – нүскау, көрсету.

[2] Шұруғ (арабша) – شُرُوعٌ – бастау, кірісу (бір нәрсені не істі бастау).

[3] Истинжа (арабша) – إِسْتِنْجَاءٌ – жуыну, тазалану, әсіресе түзге отырғаннан кейін тазалану.

[4] Мәсіх (арабша) – مَسْحٌ – дәрет алғаннан кейін мәсінің үстінен сулы қолмен сүрту.

[4] Саф (арабша) – صَافٌ – таза, шынайы.

[5] Ағзалар (арабша) – أَعْضَاءٌ – мүшелер. Бұл жерде ирак диалекті бойынша ағда сөзі ағза деп айтылған.

[6] Салауат (арабша) – صَلَوَاتٌ – намаз, дұға.

[7] Мәкән исфат (арабша) – مَكَانٌ إِثْبَاتٌ – орнын бар деп түсіну, қабылдау. Жоғарыда Алла тағаланың мекенін бар деп қорытындылау.

[8] Ғарық (арабша) – غَارِقٌ – бату, шому

* *Ескерту:* Бұл жерде соңғы сөзі 40-жылғы баспамен салыстырғанда қате жазылған. (Мұхаммед пайғамбардың есімі аталғаннан соң айтылатын құрметтеу сөйлемі).

Онан соң қиямда[1] тұрып қол бағламақ – құл қожа алдында тұрмақ – бұқара патша алдында тұрғаннан артық алланың қадірлігіне[2] өзінің ғажиздығына[3] ықрарының[4] беріктігін көрсеткен ишараты.

Қыбылаға қарамақ – әрине, құдай тағалаға ешбір орын мүмкін емес болса да, зиратын[5] парыз еткен орынға жүзін қаратып, сондағы дұғадай қабылдыққа жақын болар ма екен деген ишараты.

Онан соң қира әт[6] яғни сураһи фатиха[7] оқисың, мұнда бірақ сөз ұзарады. Ол фатиха сүресінің мағыналарында көп сыр бар.

Рукұғ[8] бас ұрмақ – алдында құда хазірге ұқсас, ол да ишарат.

Сәжделер[9] – әуелі жерден жаралғанына ықырары, екіншісі – және жерге қайтпағына ықырары, бас көтермек және тіріліп, сұрау бермегіне ықырарының ишараты.

Қағадат ул-ахир[10] – дұғаның ақырында аллаға тахият[11], одан тәшәһһуд[12], одан салауат, пайғамбарымыз саллаллаһу ғалайһи уәсәләмге айтпақ үшін ең ақырғы сәлемменен

---

[1] Қиям (арабша) – قِيَامٌ – намаз оқығанда түрегеп тұру.

[2] Қадір (арабша) – قَادِرٌ – құдірет, күшті, қадірлі.

[3] Ғажиз (арабша) – عَاجِزٌ – әлсіздік. Бұл жерде басқаша да аударуға болады. Мысалы, ығжаз – қол жетпейтін ерекше күш.

[4] Ықрар – إِقْرَارٌ – мойындау, түсіну.

[5] Зират – زِيَارَةٌ – бару, қажыға бару, бұл жерде Мекке, Медине деген мағынада.

[6] Қира әт (арабша) – قِرَاءَةٌ – оқу.

[7] Сураһи фатиха (арабша) – سُورَةُ الْفَاتِحَةِ – фатиха сүресі. (Фатиха – құраннын бірінші сүресі).

[8] Рукұғ (арабша) – رُكُوعٌ – намаз оқығанда тізеге қол қойып еңкею, тізе бүгу.

[9] Сәжде (арабша) – سَجْدَةٌ – намаз оқығанда маңдайын жерге тигізу.

[10] Қағадат-ул-ахир (арабша) – قَعْدَةُ الْأَخِيرِ – намаз бітерде соңғы отыру.

[11] Тахият (арабша) – تَحِيَّةٌ – сәлемдесу, күттықтау.

[12] Тәшәһһуд (арабша) – تَشَهُّدٌ – куәлік беру. Бұл жерде Құдайға құлшылық етудің соңғы созін айту.

тауысасыз, яғни алла тағаладан не тілеп дұға қылдыңыз. Ол дұға қазинасы күллі мұсылмандарды ортақтастырып, оларға да сәләмәтшілік тілеп һәм рахмет тілеп бітіресіз.

Жә, бұл сөзден не ғибрәтлендік?

ОТЫЗ ТОҒЫЗЫНШЫ СӨЗ

Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған. Бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Ендігі жұрт ата-бабаларымыздың мінді ісін бір-бірлеп тастап келеміз, әлгі екі ғана тәуір ісін біржола жоғалтып алдық. Осы күнгілер өзге мінезге осы өрмелеп ілгері бара жатқанына қарай сол аталарымыздың екі ғана тәуір мінезін жоғалтпай тұрсақ, біз де ел қатарына кірер едік. Сол екі мінез жоқ болған соң, әлгі үйренген өнеріміздің бәрі де адамшылыққа ұқсамайды, шайтандыққа тартып барады. Жұрттықтан кетіп бара жатқанымыздың бір үлкен себебі сол көрінеді.

Ол екі мінезі қайсы десең, әуелі – ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көш-қонды болса, дауажанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Ол ел басы мен топ басылары қалай қалса, қалай бітірсе, халықта оны сынамақ, бірден бірге жүргізбек болмайды екен. „Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса, сақа қой", „Бас-басыңа би болсаң, манар тауға сыймассың, басалқаңыз бар болса, жанған отқа күймессің" деп мақал айтып, тілеу қылып, екі тізгін, бір шылбырды бердік саған, берген соң, қайтып бұзылмақ түгіл, жетпегенінді жетілтемін деп, жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын деп тырысады екен. Оны зор тұтып, әулие тұтып, онан соң жақсылары да көп азбайды екен. Бәрі өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шыныменен жетесінде жоқ болмаса, солардың қамын жемей қайтеді?

Екінші мінезі – намысқорлық екен. Ат аталып аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен, „Өзіне ар тұтқан жаттан зар тұтады" деп, „Аз араздықты қуған көп пайдасын кетірер" деп, „Ағайынның азары болса да, безері болмайды", „Алтау ала болса, ауыздығы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді" десіп, „Жол қуған қазынаға жолығар, дау қуған пәлеге жолығар" десіп. Кәнеки, енді осы екі мінез қайда бар? Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді. Бұлардан айырылдық. Ендігілердің достығы – пейіл емес, алдау, дұшпандығы – кейіс емес, не күндестік, не тыныш отыра алмағандық.

ҚЫРЫҚЫНШЫ СӨЗ

Зинhар[1], сендерден бір сұрайын деп жүрген ісім бар.

Осы, біздің қазақтың өлген кісісінде жаманы жоқ, тірі кісісінің жамандаудан аманы жоқ болатұғыны қалай?

Қайраты қайтқан шал мен жастың бәрі бітім қылады, шалдар өзді-өзі көп құрбыдан айрылып азайып отырса да, біріменен бірінің бітім қылмайтұғыны қалай?

Бір елдің ішінде жамағайынды кісі бірге туғандай көріп, іші елжіреп жақсы көріп тұрып, елге келсе, әрі-беріден соң қайта қашқандай қылатұғыны қалай?

Жаттың бір тәуір кісісін көрсе, „жарықтық" деп жалбырап қалып, мақтай қалып, өз елінде сонан артық адам болса да танымайтұғыны қалай?

Бір жолаушы алыс жерге барса, барған еліне өз елін мақтаймын деп өтірікті сыбап-сыбап, қайтып келген соң сол барған, көрген елін, жерін мақтап, өтірікті сыбайтұғыны қалай?

Қай қазақты көрсем де, баласы жасырақ болса, оның басынан пәрмене болып жүріп, ержеткен соң суық тартатұғыны қалай?

Біреудің ағайыны торқалы той, топырақты өлімде, адалдық, берекеде алысуға табылмай, барымта алалық, ұрлалық десе, табыла қоятыны қалай?

Бәйгеге ат қоссаң, атынды тартыспайтұғын ағайын, атың келсе бәйгесіне өкпелейтұғыны қалай?

Баяғыда біреу біреуді пәлен жасымда жарықтық атым арып келе жатқанда пәлен жерге жеткізіп салып еді деп, соны өлгенше айта жүруші еді. Осы күнде бұл жылғы берген ендігі жылға жарамайтұғыны қалай?

Байдың баласы кедей болса, ұрлық қылуға арланбайды, байға кірісуге арланатұғыны қалай?

Екі жақсы бір елде сүйіскен достығында тұра алыспайды. Кейбір антұрғандардың тым-ақ тату бола қалатыны қалай?

Біреуді досым деп ат беріп жүрсең, оған сенің бір дұшпаның келіп бір тай берсе, бұзыла қалатыны қалай?

Күнде тілін алатұғын достан кейде бір тіл ала қойған дұшпанға кісінің өле жаздайтұғыны қалай?

Көп кісі досым жетілсе екен демейді, егер де жетілсе, бағанағы досына бір бітімі жоқ дұшпан сол болатұғыны қалай?

Кей жұрт ақыл айтарлық кісіні іздеп таба алмайды. Қылығының қылшығын танитұғын кісіден қашық жүретұғыны қалай?

Біреу біреудікіне келгенде үйіндегі малының бәрін де айдап келіп, өз үйіне кісі барғанда бар малын далаға айдап жіберетұғыны қалай?

---

[1] Зинhар (парсыша) – زنهار • زينهار – абайла, байқа.

Тыныштық іздеп таба алмай жүрген жұрт тыныштық көрсе, сәтке тұрмай, тыныштықтан жалыға қалатұғыны қалай?

Елді пысық билегені несі? Пысықтың бәрі кедей келетұғыны несі?

Тоқал қатын өр келетұғыны несі? Кеселді кісі ер келетұғыны несі? Кедей кісінің кер келетұғыны несі?

Нәпсісін тыйып, бойын тоқтатқан кісінің жаман атанып, нәпсісі билеп, мақтанға еріп, пәле шығарған кісі мықты атанатұғыны несі?

Қазақтың шын сөзге нанбай, құлақ та қоймай, тыңдауға қолы да тимей, пәлелі сөзге, өтірікке сүттей үйып, бар шаруасы судай ақса да, соны әбден естіп ұқпай тынбайтұғыны калай?

ҚЫРЫҚ БІРІНШІ СӨЗ

Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі нәрсе керек.

Әуелі – бек зор өкімет, жарлық қолында бар кісі керек. Үлкендерін қорқытып, жас балаларын еріксіз қолдарынан алып, медреселерге беріп, бірін ол жол, бірін бұл жолға салу керек, дүниеде көп есепсіз ғылымның жолдары бар, әрбір жолда үйретушілерге беріп сен бұл жолды үйрен, сен ол жолды үйрен деп жолға салып, мұндағы халыққа шығынын төлетіп жіберсе, хәтта қыздарды да ең болмаса мұсылман ғылымына жіберсе, жақсы дін танырлық қылып үйретсе, сонда сол жастар жетіп, бұл аталары қартайып сөзден қалғанда түзелсе болар еді.

Екінші – ол адам есепсіз бай боларға керек. Аталарын паралап, балаларын алып, бастапқы айтқандай жолға салып, тағлым берсе, сонда түзелер еді.

Енді мұндай халықты еріксіз қорқытып көндірерлік күш-қуат ешкімге бітпейді. Ол баланы қазақтың бәрін паралап көндірерлік дәулер бір кісіге бітуге мүмкін де емес.

Қазақты я қорқытпай, я параламай, ақылменен не жырлап, не сырлап айтқанменен ешнәрсеге көндіру мүмкін де емес. Етінен өткен, сүйегіне жеткен, атадан мирас алған, ананың сүтіменен біткен надандық әлдеқашан адамшылықтан кетірген. Өздерінің ырбаңы бар ма, пыш-пышы бар ма, гуілдегі бар ма, дүрілдегі бар ма – сонысынан дүниеде ешбір қызықты нәрсе бар деп ойламайды, ойласа да бұрыла алмайды, егер сөз айтсаң, түгел тыңдап тұра алмайды, не көңілі, не көзі аландап отырады. Енді не қылдық, не болдық!

ҚЫРЫҚ ЕКІНШІ СӨЗ

Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғынының бір себебі - жұмысының жоқтығы. Егер егін салса, я саудаға салынса, қолы тиер ме еді? Ол ауылдан бұл ауылға, біреуден бір жылқының майын сұрап мініп, тамақ асырап, болмаса сөз аңдып, қулық, сұмдықпенен адам аздырмақ үшін, яки азғырушылардың кеңесіне кірмек үшін, пайдасыз, жұмыссыз қаңғырып жүруге құмар. Дүниелік керек болса, адал еңбекке салынып алған кісі ондай жүрісті иттей қорлық көрмей ме? Өзінің кәсібін тастап, кезегендікке салына ма? Малдылар малын өңкей малшыларға, бала-шағаға тапсырып, қолдағы құдай берген азды-көпті дәулеті қызықсыз көрініп, оның ұры-бөріге жем болып, қарға-жарға ұшырауына шыдайды. „Пыш-пыш кеңестен қалып, бір ауылға барып, қулық, сұмдық жасап жүріп, тегін тамақ жеп, ыржыңдасуды қысыратуға шыдамайды. Не үшін десең, халыққа әдет жол болған соң, шаруаға пысық, мал бағуға, мал табуға пысық ол өнерлі кісіге қосылмайды, я өзі пәле шығаруға пысық, я сондайлардың сөзін „естігенім", „білгенім" деп елге жайып жүріп, ырбандауға пысық өнерлілерге қосылғандай көрінеді.

Сол үшін осы күнгі қазақтың іске жараймын дегені өзінің азды-көптісін біреуге қоса салып, „көре жүр, көздей жүр" деп басын босатып алып, сөз аңдып, тамақ аңдып, ел кезуге салынады.

Бұл күндегіге байлық та мақтан емес, ақыл, абұйыр да мақтан емес, арыз бере білу, алдай білу — мақтан. Бұл екеуі қолынан келген кісі салт атты, сабау қамшылы кедей де болса, аз да болса орны төрде, майлы атқа, майлы етке қолы жетеді. Желөкпелеу, мақтаншақ байларды: „сіз айтсаңыз, отқа түсуге бармын" деп желдендіріп алып, шаруасын қылмай-ақ, малын бақпай-ақ, содан алып киімін бүтейтіп киіп, тәуір атын мініп алып, қатарлы бір құрметке жетіп жүре береді.

Ол бай өз тыныштығын да білмейді, бос шығынданғанын да ескермейді. Бір кісімен сөйлессе „мұны қайтеміз?"— деп бағанағы антұрғанмен ақылдасады. Ол сиырдың жорғасы секілденіп, қарайғанда жалғыз өзім болсам екен дейтұғын ниетімен және де ақылдасар досы көбейсе, қадірім кетіп қалады деп ойлап: „Ой, тәңір-ай, соны білмей тұрсыз ба? Ол ана қулық қой, бұл мына қулық қой деп, оған бүйдей салсаң болмай ма?" деп бар оңбаған жауапты үйретіп, амалшылықтың жолын үйретем деп, ол байдың өзін кісіге сенбейтұғын қылады. Және байдың өзіне де адам сенбейтұғын болады. Байдың өз жауабы, өз мінезі оңбай тұрған соң, бағанағы кісі бұзылса, әлгі антұрған бағанағы байға: „Мен айтпап па едім, оныкі қулық сөз деп, міне көрдің бе?"— деп, екіншіде тырп етпейтұғын қылып алады. Ендігі жұрттың ақылы да, тілеуі де, харекеті де — осы.

ҚЫРЫҚ ҮШІНШІ СӨЗ

Адам ұғылы екі нәрседен: бірі — тән, бірі — жан. Ол екеуінің орталарында болған нәрселердің қайсысы жибили[1], қайсысы кәсиби[2] — оны білмек керек. Ішсем, жесем демектің басы — жибили, үйқтамақ та соған ұқсайды. Аз ба, көп пе, білсем екен, көрсем екен деген арзу[3], бұлардың да басы — жибили. Ақыл, ғылым — бұлар — кәсиби. Көзбенен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады. Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнешік өз суретіменен көңілге түседі. Ол көңілге түсіруші бағанағы бес нәрседен өткен соң, оларды жайғастырып көңілде суреттемек. Ол — жанның жибили қуаты дүр. Бір ұмытпастық жақсы нәрседен көңілге жақсы әсер хасил[4] болып, жаман нәрседен көңілге жаман әсер хасил болу секілді нәрселер. Бұл қуаттар әуелде кішкене ғана болады. Ескеріп баққан адам үлкейтіп, ұлғайтып, ол қуаттардың қуатын зорайтады. Ескерусіз қалса, ол қуаттың қайсысы болса да жоғалады, тіпті жоғалмаса да, аз-мәз нәрсе болмаса, үлкен ешнәрсеге жарамайтын болады.

Кімде-кім сырттан естіп білу, көріп білу секілді нәрселерді көбейтіп алса, ол — көп жиғаны бар адам: сынап, орындысын, орынсызын — бәрін де бағанағы жиған нәрселерінен есеп қылып, қарап табады. Бұлай етіп бұл харекетке түсінген адамды ақылды дейміз.

„Құдай тағала өзі ақыл бермеген соң қайтейік?“ демек, „құдай тағала сеніменен мені бірдей жаратып па?“ демек — құдай тағалаға жала жауып, өзін құтқармақ болғандығы. Бұл — ойсыз, өнерсіз надан адамның ісі. Оған құдай тағала көрме, есітпе, көрген, естіген нәрсеңді ескерме, есіңе сақтама деп пе? Ойын-күлкімен, ішпек-жемек, үйқтамақпен, мақтанмен әуре бол да, ішіндегі қазынаңды жоғалтып, хайуан бол деген жоқ.

Кейбіреулер айтады: „Ақыл жибили болмаса да, талап — жибили. Талап берген адам ақылды тапты, талабы жоқ кісі таба алмады“,— дейді. О да бекер. Талап балада да бар, оған талас

---

[1] Жибили (арабша) — جِبِلِّيٌّ — туа біткен қасиет.

[2] Кәсиби (арабша) — كَسْبِيٌّ — жинақталған, еңбекпен табылған.

[3] Арзу (арабша) — غَرَضٌ — тілек, мақсат.

[4] Хасил (арабша) — حَاصِلٌ — нәтиже, қорытынды.

қылуға болмайды. Бағана айттық қой, жан қуаты басында кішкене болады, ескермесе жоғалып та кетеді, ескерсе, күтіп айналдырса, зораяды деп. Жан қуатыменен адам хасил қылған өнерлері де күнде тексерсең, күнде асады. Көп заман тексермесең, тауып алған өнеріңнің жоғалғандығын және өзіңнің ол мезгілдегіден бір басқа адам болып кеткеніңді білмей қаласың. Қай жоғалған өнер: „ал, мен жоғалдым" деп, хабар беріп жоғалады. Енді қусаң, бағанағы әуелгі табуыңнан қиынырақ тиеді.

Жан қуаты дейтұғын қуат — бек көп нәрсе, бәрін мұнда жазарға уақыт сыйғызбайды. Бірақ әрбір өнердің тыстан тауып алып, ішке салғанын, соның тамырын берік ұстап тұруға жараушы еді. Көп заман ескермеген адамнан ол бағанағы өнердің өзінің ең қызықты, қымбатты жерлері жоғала бастайды. Онан соң көп заман өтсе, сол өнерді сақтайтұғын қуаттың өзі де жоғалады. Онан соң қайта кәсіп қылуға болмайды.

Бұл қуаттың ішінде үш артық қуат бар, зинһар, соны жоғалтып алу жарамас, ол жоғалса, адам ұғылы хайуан болды, адамшылықтан шықты.

Біреуі орысша „подвижной элемент" деп аталады. Ол не нәрсе? Не көрдің, не есіттің, әрнешік білдің, соны тездікпенен ұғып, ұққандықпенен тұрмай, арты қайдан шығады, алды қайда барады, сол екі жағына да ақылды жіберіп қарамаққа тез қозғап жібереді. Егер бұл болмаса, көп білуге көп оқу онды пайда да бермейді. Керекті уақытында ойламай, керекті уақытында қылмай, керекті уақытында айтпай, дәйім уақытынан кеш қалып, „Әй, әттеген-ай! Үйтуім екен, бүйтуім екен" деп, өмір бойы ғафил болып-ақ отырғаның.

Біреуін орысша „сила притягательная однородного" дейді. Ол — бір нәрсені естіп, көріп білдің, хош келді, қазір соған ұқсағандарды тексересің. Түгел ұқсаған ба? Яки бір ғана жерден ұқсағандығы бар ма? Әрнешік сол іске бір келіскен жері бар нәрселердің бәрін ойлап, білгенін тексеріп, білмегенін сұрап, оқып, бөтеннен хабарланып білмей, тыншытпайды.

Үшіншісі, орысша „впечатлительность сердца" дейді, яғни жүректі мақтаншақтық, пайдакүнемдік, жеңілдік, салғырттық — бұл төрт нәрсебірлән кірлетпей таза сақтаса, сонда сырттан ішке барған әр нәрсенің суреті жүректің айнасына анық рәушан болып түседі. Ондай нәрсе тұла бойыңа жайылады, тез ұмыттырмайды. Егер де бағанағы төрт нәрсемен жүректі кірлетіп алсаң, жүректің айнасы бұзылады, я қисық, я күңгірт көрсетеді. Енді ондай нәрседен онды ұғым болмайды.

Әрнешік тән қуатыменен сырттан тауып, сырттан сақтайсыз, оның аты дәулет еді. Оның да неше түрлі кеселі, кесепаты бар нәрселерін білмесең, сақтай алмаушы едің ғой. Соған ұқсаған іштегі жан қуатыменен жиған нәрсенің аты

ақыл, ғылым еді ғой. Оның да неше түрлі кеселі, кесепаты тиер нәрселері бар. Оны білмесең, бақпасаң – айрыласың. Және әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі бар, өлшеуінен асса – жарамайды. Өлшеуін білмек – бір үлкен керек іс. Ойланбақ жақсы, іске тіпті салынып кеткен кісі ойын байлай алмай, қияли болып та кеткені болады. Ішпек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айлалы болмақ, алданбастық – бұл нәрселердің бәрінің де өлшеуі бар. Өлшеуінен асырса, боғы шығады.

„Ненің қызығын көп іздесең, соның күйігін бір тартасың" деген. Баз махфи олмая[1] ол, мен айтқан үш қуаттың ішінде екеуі, яғни „сила притягательная однородного" бірлән „подвижной элемент"– бұл екеуі қосылып тұра тұрған нәрсе, күллі пайда да бұлардан шығады, уа күллі зарар да бұлардан шығады. Мансап сүйгіштік, мақтаншақтық, ашуланшақтық, өтірікшілік, осыған ұқсаған әрбір маскүнемдікке тартып, құмар қылып, ақылдан шығарып жіберетұғын нәрселер осы екеуінен болады. Бұларды түбегейлеткенде жақсы нәрселерді түбегейлетіп, жаман нәрселерден, яғни жоғарғы айтылмыш секілді адамшылықтан шығарып, құмарпаздыққа салып жіберетұғын нәрседен бойды ерте тыйып алуға керек. Пайда, залалды айыратұғын қуаттың аты ақыл еді ғой. Бір ақыл қуатыбірлән мұны тоқтатып болмайды. Һәм ақыл, Һәм қайрат – екі мықты қуат қосылып тоқтатады. Ол екеуі кімде бар болса, бағанағы екі қуаттың екеуі де аз болса, яки бірі бар, бірі жоқ болса, бағанағы екі қуаттар – бір басы қатты асау ат, жүгенсіз тауға ұра ма, таскқа ұра ма, суға ұра ма, жарға ұра ма – құдай білсін, әйтеуір жолда көрген есті, ақылы дұрыс адамдар әлі де сұрамай да қалады. Сенде ерік жоқ. Екі етек жайылып, екі көзің аспанда, маскара болып кеткенің өлгеніңше.

ҚЫРЫҚ ТӨРТІНШІ СӨЗ

Адам баласының ең жаманы – талапсыз. талап қылушылар да неше түрлі болады. Һәм талаптың өзі де түрлі-түрлі. Һәм сол талаптардың қайсысының соңына түссе де, бірінен бірі өнерлі, тұрлаулырақ келеді. Уа, ләкин адам баласы я талапты, я талапсыз болсын, әйтеуір „бәрекелдіні" керек қылмайтұғыны болмайды. Әрнешік, орынсыз ба, орынды ма, „бәрекелді" деушіні көңіл іздеп тұрады. Адам баласы өзі қай жолда, қай майданда жүрсе, сол майдандағы кісімен сырлас болады. Оның

---

[1] Баз махфи олмая (арабша-парсыша) – باز مخفی بولمایا – ашық болу, күпия болмау.

үшін өзге жолдағылардан „бәрекелдіні“ онды күтпейді. Маған „бәрекелді“ десе, осы өзімменен серіктес, сырлас осылар „бәрекелді“ дер дейді.

Талаптың ішінде адам баласы көбінесе басына қадір іздеп, сол талапта болады. Біреу мал қуып жатыр. Сарандықпен, арамдықпен, әйтеуір мал тапсам, „Мал тапқан ердің жазығы жоқ“ дейтұғын, „Малдының беті жарық“ дейтұғын мақалға сеніп, халықтың түріне қарай, ит те болса, малдыны сөге алмайды деп, бұл мал һәм пайда, һәм қасиет болады бойыма дейді. Мұнысы рас, қазақтың өз құлқына қарағанда. Бірақ адамдыққа, ақылға қарағанда, қазақ түгіл, көңіл жиіркенетұғын іс. Осыған орай біреу ер атанамын, біреу қажеке атанамын, біреу молдеке атанамын, біреулер білгіш, қу, сұм атанамын деп, сол харекетте жүр. Әрқайсысы қазаққа яки бірі бар, бірі жоқ болса, бағанағы екі бұлдамақ та болып, басына „осыным бірсыпыра елеу азық болар“ деген талаппенен қылып жүр. Мұнысы қазақтың тамырын ұстап-ұстап қарайды дағы, „мынаны алып келіп берсе, қымбат алғандай екен, осы күнде мына бір істің біраз пұлы бар екен“ деп, қазақтың өз бетінен оқып, ізденген талап болмаса, кітап бетінен оқып іздеген талап емес. Оның үшін кітап сөзіменен ізденген талап болса, әуелі көкіректі тазалау керек дейді, онан соң ғибадат қыл дейді. Қазақтың бетіне қарап, содан оқыған болса, ол талабынды қыла бер, көкіректі тым тазалаймын деме, оны кім көріп жатыр, ішінде қатпар көп болмаса, құт-берекеге жағымды болмайды дейді. Енді осыған қарап, қайдан оқып, біліп, ұмтылған талап екенін білерсің.

ҚЫРЫҚ БЕСІНШІ СӨЗ

Құдай табарака уатағаланың барлығының үлкен дәлелі — неше мың жылдан бері әркім әртүрлі қылып сөйлесе де, бәрі де бір үлкен құдай бар деп келгендігі, уа һәм неше мың түрлі діннің бәрі де ғаделет, махаббат құдайға лайықты дегендігі.

Біз жаратушы емес, жаратқан көлеңкесіне қарай білетұғын пендеміз. Сол махаббат пен ғаделетке қарай тартпақпыз, сол алланың хикметін біреуден біреу анығырақ сезбекпен артылады. Инандым, сендім демек инандырамын, сендіремін деген емес.

Адамшылықтың алды — махаббат, ғаделет, сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Ол — жаратқан тәңірінің ісі. Айғыр биеге ие болмақта да махаббат пен сезім бар. Бұл ғаделет, махаббат сезім кімде көбірек болса, ол кісі — ғылым, сол — ғақил. Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп.

БІРАЗ СӨЗ ҚАЗАҚТЫҢ ТҮБІ ҚАЙДАН ШЫҚҚАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ

Біздің қазақтың ықыласы атасын ғарабтан шықты дегенді, яки бәни Исраилден шықты дегенді ұнатқандай. Онысы — әр не тауарихтан[2] хабар тисе, сол жақтан тигендіктен, ислам діні бұрынғы ата-бабаларды ұмыттырып, діндестерді жақын көрсеткендіктен һәм артқы жағы хабарсыз қараңғылықта қалғандықтан болған іс. һәммаға мағлұм, әуелде адам балалары бұл күнгі орындарына екі жақтан толқынып келгендігі. Бірі — Үндістан тарапынан; ол жақтан келген жұрттардың көбі — білімді жұрт болып, ертерек ғылымға үйір болып, қайдан шыққандарын білгендер. Екіншісі — маңғұл жағынан келген; олар заманның көбін ғылымсыздықпен өткізіп, тауарихтарын терең білмей, түбі ескерусіз қалып, ата-бабаларын ақсақалдарының айтуымен, ауыз хабарынан білгеніне қанағат қылып жүріскен. Соның бірі, яғни сол маңғұлдан шыққан халықтың бірі — біздің қазақ. Біздің қазақтың маңғұлдан шықпақтығы бізге ұят емес, бірақ біздің білімсіз, ғылымсыз қалмақтығымыз ұят.

Қалмақтың төрт атасының бірі — Хазар. Сол Хазардан үш атаның ұлы парсы жұртында қалып еді: Қажар, Афшар, Үшташлы деген. Сол қызылбас, дүниедегі ескі патшалардың сарқыты — Кәсірәй. Ғажам жұрты сол. Біздің қазақтың Амудариядан қорқып қашып келіп, Сырдарияның аяғында қалмақтан жеңіліп, Ақтабан шұбырынды көретұғын себебі Нәдірден қашамын деп болған. Сол Нәдір Афшардан еді. Осы күнгі Нәсіриддин шаһ — Қажардан шыққан кісі. Кім жетсе, табады, өнеріменен жетеді. Оларға атаң қалмақ деп кім бөгет болады?

Есте жоқ ескі мезгілде, маңғұлдан бір татар аталған халық бөлінген екен. Қытайлар „татан" деп жазды. Асыл түбі қазақтың — сол татар. Осы күнде де қазақтың төре нәсілдері өзін өзі біз татармыз деп айтысады. Онысы біз келімсек емес, түпсіз емес, таза тұқымбыз деген орынға айтылады, татардың кім екенін білгендігімен айтқаны емес.

Дін исламға кіре алмай қалған осы күнде Күншығыс Сібірінде қазақтың ағайындары бар. Тілінен, әдетінен, түсінен туысқандығы анық көрініп тұрады. Әсіресе, Енесейскі гүбірнеде Минусинскі уезде „ясышынай татар" атында бір халық бар. Қазақты өздеріне ағайын тұтады, дейді, һәм бір тұқымдас екендігіне көрген кісі таласпайды. Тағы еш қазақ қырғыз бен қазақтың бір тұқымдас екеніне таласпайды. Сол қырғызды қытайлар „брут" деп атайды, өз тауарихтарында оның себебін, неліктен „брут" дегенін еш білдім дегенді көрмедім.

---

[1] Діни ұғым бойынша Мұсаның қауымы, соған ергендер.

[2] Тарих деген мағынада.

Біздің қазақтар Бийскідегі, Кузнецкідегі қалмақтарды „білеут“ дейді. Менің ойым: осы „білеут“, „брут“ бір сөзден шыққан деймін, о да қырғыздың нәсілі болмағы таң емес. Ол татарлар ұрысшыл, аңшыл, не болса, соны киіп, не табылса, соны ішіп-жеп жүрген бір тұрпайы халық екен. Олардың орны Енесей, Аңқара суының бас жағында болыпты. Солардан аңшылар жыл жүріп, екі жыл жүріп қайтатұғын әдеттері бар екен. Сол аңшылардың естіген, көрген хабарыменен бұрын көрмеген жерге болмаған мақтау айтылатұғын әдетіменен қысы аз, жазы көп дегенге әуелден өздері жер шаруасын қылмай, мал сақтаушы халық болған соң, „мал сақтауға жақсы жерге барамыз“ деп, бұл жаққа қарай неше мәртебе халқы шығыпты. Соның бірі біздің қазақ екен. Қай-қай жерменен келгендігі, қанша жылда келгендігі мағлұм емес. Әйтеуір, Алатаудың бөктеріне келіп, мекендеп тоқтапты.

Арғы жер бұрыннан ұйғыр нәсілді халықтың орнығып, иеленген жері болып, онан әрі бара алмапты. Ол ұйғыр халқының ханы өзіне қараған халыққа есептеп жүріпті. Бұлар қарадық десе де, ішінен дұшпан болып жүріпті. Әуелден өзін өзі билеп, азаттықпен жүрген халық, біратола біреуге бағынбақты ауыр көріпті. Түбінде олар да маңғұл нәсілді болса да, бұларға жат көрініпті. Сол уақыттарда арабтан бұл Орта Азияға дін исламды үйретушілер көп әскермен келіп, халықты жаңа дінге қаратып жүргендерінде Құтайба атты кісі Қашқарға шейін келіп, халықты исламға көндіргенде, бұлар да мұсылман болдық депті. Сөйтсе де, бұрыннан бақсы-балгерге инанып, отқа, шыраққа табынатын әдеттерімен исламға тез түсініп кете алмапты. Ол кезде шала-пұла хат таныған кісісі болса – оны „абыз“ дейді екен. Ол „абыз“ демек әуелде шаман діниідегілердің өз молдасына қоятын аты екен. Дүниеде не нәрсенің себебіне көзі жетпесе, сол нәрсені құдай қылып тұр деп, дін тұтынатұғын әдеттерінің сарқынын біз де кей жерде көргеніміз бар: келін түскенде үлкен үйдің отына май құйып, „От ана, май ана, жарылқа!“ дегізіп, бас ұрғызған секілді, „өлген аруаққа арнадық“ деп шырақ жаққан секілді, жазғытұрым әуел бұлт күркірегенде, қатындар шөмішімен үйдің сыртынан ұрып, „Сүт көп, көмір аз“ деген секілді. Бұған ұқсаған ырымдар көп еді, құдайға шүкір, бұл күнде жоғалып бара жатқанға ұқсайды.

Сол арабтар көшпелі халықтарды „хибаи“ деп, „хұзағи“ деп атапты. „Хибаи“ дегені киіз шатырмен жүруші деген екен. „Хұзағи“ дегені өз жұртында жәні хұзағи деген көшпелі халқы бар екен, соған ұқсатып айтқан екен. Сол уақытының бір ханы көшіп келе жатқанда бұлардың тіркеулі түйесін көріп, „міне мыналар шынымен қаз-ақ екен“ депті, әдейі қайтқан қазға ұқсайды-ақ екен деп. Сонымен, бұлар өзін өзі де, өзге жұрттар да қазақ атап кетіпті, бұрын өздерін „ұлыс“ дейді екен де, жүре береді екен.

Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурыздама қыламыз деп, той-тамаша қылады екен. Сол күнін „ұлыстың ұлы күні“ дейді екен. Бұл күнде бұл сөз құрбан айтына айтылады, ол уақытта жаңа дінге кірген соң енді бір Бұхардан басқа шәһарлардың да, жер-сулардың да, халықтың да бұрынғы аттарын бұзыпты. Сондықтан да болғанға ұқсайды. Әйтеуір сонан соң қазақ аталыпты.

Бұл қазақ Алатау бөктерінде жүргенде егін салмақ секілді, сауда қылмақ секілді шаруаларға да көршілерінен көріп айналған екен. Өздерін өздері: „Қоңыр қазақ, қара қазақпыз“ дейтұғыны, „Қазақ байдың баласымыз“ дегені сол уақыттағы ғана біраз момындықпен тұрған кезі болса керек.

Қырғызға қырғыз деп ұйғыр хандарының бірі ат қойса керек. Олардың атты әскерінің алдыменен жүретұғыны солар болып, қырғыз аталды. „Өлтірт, жоғалт“ яғни дұшпанды қырушы дегеннен қойылыпты. Ол уақытта жай жатқан момын қазақтың „Аруақ аттаған оңбайды“, „Ер азығы мен бөрі азығы жолда болса керек“ деп, „Аттанып барып жылқы алған, ат үстінен ұйқы алған“ деп, барымташыны мақтап, бұзылған кезі Шыңғыстан соң болса керек.

Қашан маңғұлдан Шыңғыс хан шыққанда, қазақтар „құтты болсынға“ барыпты. Бірақ қай жерде барғаны мағлұм емес, сүйтсе де осы Шыңғыс тауында, әскер Қарауыл өзенінің бойында жатып, он екі рудан он екі кісі маңғұлдың өз заңы бойынша „Хан“ деген үлкен биіктің басында, ақ киізге Шыңғысты отырғызып хан көтерген дейді. Тауының Шыңғыс аталып, биігі Хан аталмақ себебі де сол болса керек.

Сол он екі кісінің бірі қазақтан Майқы би деген кісі екен. „Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би“ деген мақал болған. Майқы сол кісі екен. Шыңғыс аламандыққа аттанып, әскер тартып шыққанда әскерінің көбі татар екен дейді. Оның себебі: ол маңғұл өздері татардай ассыздық, сусыздыққа, ыстық-суыққа шыдамды болмаса керек. Қазақтың соғысқа жарарлық адамы сол Шыңғыстың әскеріне қосылыпты, бұларды Шыңғыс Жошы деген үлкен баласына билетіпті.

Әуелде Көр ханды өлтіріп, ұйғыр жұртын алыпты, онан соң, Азияның тереңіне шейін еніп барса керек. Себебі, қазақта мақал болып қалған „Жылан жылы жылыс болды, жылқы жылы ұрыс болды, қой жылы зеңгер тоғыс болды“ дегені, „Самарқанның сар жолы, Бұланайдың тар жолы“ дегені – бәрі Шыңғыстың сапарын көрсеткен сөз. Бұланай деп Гималайды айтқаны ма, Үндукеш тауы ма? Әйтеуір, бір тауды айтқан сөз екені „Бұланайдан үлкен тау болмас, бұланнан үлкен аң болмас“ деген мақалынан мағлұм.

Сонан соң бұлар бұрынғы Алатауды қалдырып, Ташкент төңірегіндегі тауларды мекен қылса керек. Қайсысында қанша жүрген, қайсысында бұрын, қайсысында соң жүрген – анық мағлұм емес. Ол орынға келген соң, бұларды Шыңғыстың Шағатай деген баласының нәсілі билеп тұрыпты. Ол Шағатай

нәсілінің үлкен ханы Ташкентте тұрып, бұларды бір інілері билейді екен. Сондағы билеген хандары, билері бұларды ешбір түзу харекетке түсіндірмей, дәйім барымтамен мал қумақ, ауыл шаппақ, бірде бұл ел, бірде ол елмен жауласпақ, қырыспақпен күн кешіп, еш шаруа, өнерге үйрене алмай, өздері кедей болған һәм өспеген. Бүгін біреуді өзі талап, қырып келсе, ертең өзін біреу талап, қырып кете берген. „Ерше барып, итше қашып" жүріп, малын, басын жаудан қорғаудың да мәнісін білмесе керек. Қазақтың бар қатты өсе бастағаны құба қалмақтың жұрты бұзылған соң, осы Сарыарқаға орныққан соң ғана болса керек. Одан бұрынғысы „Барып жаудан қыз әкеліп қатын қыларсың, я ағанды өлтіріп, жеңгенді аларсың" деген мақалына ұқсайды.

Әмір Темір нәсілінен Құмар Шаих баласы, белгілі Бабыр патшаның шешесіменен бір туысқан екі бауыры болған. Үлкені Ташкентке хан болып, кішісі қазақты билеген. Бұлар Шағатай нәсілінің Жүніс ханның балалары болған. Сол қазақты билегенінің аты Ахмет екен. Сол өз уақытында аттанысқа жарарлық қазақтан үш жүз әскер шығыпты, үш жүз басыға билетіпті. Әр жүздің халқы өз ынтымағыменен бір туысқанға есеп болыпты. Қазақтың „Үш жүздің баласы" дейтұғыны — сол.

Ахмет хан қалмақты көп шауыпты, көп қырыпты. Қалмақ рақымсыздығына қарай „мынау бір алашы болды ғой" дегті, жан алушы болды дегеннің орнына. Сондықтан ол кісі Алаша хан атаныпты. „Бабыр нәмада"[1] солай жазылған. Сонан соң хан бұл атты қалмақ қорыққанынан қойды ғой, енді сіздер шапқан уақытта „алашы-алашы" деп ұран-сүрен салыңыз деп бұйырып, бұларға айғай салғанда көп жанның айғайымен „алаш-алаш" деп кетіпті. Сондықтан „алаш-алаш" болғанда, Алаша хан болғанда, қалмаққа не қылмап едік деп, алаш ұранды қазақ атанған себебі сол екен.

Бұлар Шағатай нәсіліне қарап жүргенде, Жошы нәсілі өзбек халқын билеп жүрген екен. Сол Жошының Сибан яки Шибан деген баласының тұқымынан бір белгілі Шайбақ деген хан шығып, Әмір Темір тұқымынан Һират, Бұхар, Самарқан шаһарларын тартып алып жүргенде, ақырында мұның алдынан Алаша хан, Ташкенттегі Жәнке хан деген ағасымен қосылып, қалың әскермен шығып Оратөбеде жеңіліп, ағайынды екеуін де, бала-шағаларына дейін Шайбақ өлтіргенде, біздің қазақ біз әуелден өзбек жұртыменен аталас едік және де Шыңғыс хан тірі күнінде бізді Жошыға тапсырып еді, „сарт-садағам, өзбек — өз ағам" деп, Шайбаққа қарап кетіпті.

Сол сөз осы күнге шейін мақал болып қалған. Сонан кейін бізді қайтып Шағатай тұқымы билеген емес. Онан соңғы біздің ханымыз, төреміз — бәрі де Жошы нәсілінен бола келген.

---

[1] XVI ғасырда (Үндістанда) ұлы моғол патшалығын ұйымдастырған сұлтан Бабырдың сол замандағы болған уақиғаны жазумен қатар, өз өмірінде басынан кешкен әңгімені жазған шығармасының аты.

ҮКІМЕТ БИЛІГІНДЕГІ СЕНАТҚА ШАҒЫМ ПІКІР

Семей уезі, Шыңғыс болысының
қазағы Ибрагим Құнанбаевтан

1898 жылғы июньде, Семей уезі бастығының қатысуымен Мұқыр болысы лауазымды адамдарының 1899 жылдан 1902 жылға дейінгі үш жылдық мерзімге сайлауы жүргізілді. Дәл осы мезгілде Мұқыр және Шыңғыс болыстарының арасындағы шекараны реттеп, белгілеу де көзделген болатын. Шекараны көрсету үшін Шыңғыс болысынан өкілдікке Ысқақов, Салтыбаев және Байысов жіберілді. 17 июньде уезд бастығы мені шақыртып алып, алдымен бұрынғы шекараны көрсетуді талап етті. Өйткені ол Шыңғыс болысынан өкілдікке тағайындалған кісілеріне сенінкіремеді де, менің екі-үш ақсақалмен бірлесіп, болыстардың ара-жігін ажыратуға қатысуымды қалады.

18 июньде мен Уезд бастығына келіп, Шыңғыс болысынан тиісті кісілер жиналғанын хабарладым. Уезд бастығы, мұқырлықтар әлі түгел келіп болмағандықтан, күте тұруға әмір етті. Мен уезд бастығы тоқтаған киіз үйден шығып, Мұқыр болысының адамдары келуін күтіп, тақау манда отырдым. Осы тұста айта кету керек, Мұқыр болысында айдаудан қашқан неше түрлі қаңғыбастар жасырынып жүретін де болыс оларды өз қол астында жасырып ұстайтын. Бұл жайды білетін уезд бастығы менен сондай қашқындарды ұстауға мүмкін-қадарымша қолғабыс жасауды сұраған. Мұны мұқырлықтар да білетін. Уезд бастығының киіз үйінің маңында күтіп отырғанымма бірер сағат өткен кезде, Мұқыр болысының кектене жауыққан бір топ қазағы өршеленіп келіп маған тап берді. Оларды бастап келген болыстың өзі Мұсажан Әкімгожин және Бейсенбі Жақыпов, Әбен Бітімбаев, Әзімжан Исабаев, Рақым Өмірзақов дегендер еді. Әлгі тобыр маған жабыла бас салғанда, Жақыпов белбеуімдегі бәкімді, Әбен Бітімбаев басымдағы бөркімді жұлып әкетті, ал Рақым Өмірзақов алтын баулы сағатымды тартып алды. Сонан соң олар мені жерге жығып салып, қамшымен сабай бастады. Сол кезде Уәйіс Соқин дейтін қазақ өзінің денесімен менің үстімді жауып, әрі қарай сабауларына жол бермеді, соның арқасында ғана мен әрмен қарайғы соққыдан аман қалдым. Менің айқайлаған даусымды естіп, уезд бастығы киіз үйден жүгіріп шықты да күзетші жасағының көмегімен жаңағы жапырлаған тобырды қуып жіберді. Сонан кейін мен мұқырлықтар тарапынан бұдан да бетер аяусыз зомбылыққа ұшырап жүрмейін деп сескеніп, қасымда серіктерім бар, өз болысыма қайтып кеттім.

Жоғарыда аталған заттарды талаумен бірге қазақтар менің мініп келген атымды алып кетті, оған қоса дастарқан, кілем

сияқты 50 сомға татырлық үй ішілік заттарымды әкетті. Жалпы тоналған мүлкімнің бәрін қосқанда құны 241 сом мөлшерінде болды.

Бұл іс бойынша анықтама жүргізіліп, сонсоң тиісінше тергеу жұмысын жүзеге асыру үшін Семей уезінің тергеушісіне берілген болатын. Істің жай-жапсарын анықтағаннан кейін, тергеуші Жаза қолдану ережесінің 120 және 1642 статьялары негізінде болыс Мұсажан Әкімғожин, Бейсенбі Жақыпов, Әбен Бітімбаев, Әзімжан Исабаев, Рақым Өмірзақовтарды мені тонаған деп айыпқа тартты. Тергеу біткен соң, іс 1892 жылы шыққан XVI томның II бөлім, 332 статьясы негізінде 98 жылғы 18 ноябрьде №1197 қатынас қағазымен бұрынғы Семей облыстық сотының прокурорына жіберілген-ді. Прокурор, неге екені белгісіз, талау-тонау туралы істі Семей облыстық басқармасына жіберді, ал ол тонау туралы тергеу ісін қарап, Мұсажан Әкімғожинді, Бейсенбі Жақыповты және басқаларын айыптайтындай жеткілікті айғақ жоқ деп тауып, өзінің 1899 жылғы 13 февральдағы журналға жазылған қаулысы бойынша істі қысқартқан. Бұл қаулының көшірмесін іспен қоса бұрынғы Семей облыстық сотының прокурорына кері қайтарды. Прокурор іс пен қаулыны 1899 жылғы 24 апрельдегі қатынас қағазымен бұрынғы Семей облыстық сотына жолдаған, онда былай деп жазылыпты: „Облыстық басқарманың 1899 жылғы 13 февральдағы қаулысының көшірмесінде баяндалған қылмыстың дәлелденбегені туралы уәжге келісе отырып, қуғындау қысқартылуы тиіс деп санаймын".

Облыстық сот, сонымен, істі қысқартқан. Айыпкерлерге сот ісінің қысқарғаны жайында полиция арқылы 1899 жылғы 13 майда хабарланады; ал маған полиция арқылы да, істің қысқарғаны жайлы сотта хабарландыру ілу арқылы да мағлұм етілген жоқ. Бұл жөнінде мен 1900 жылғы 4 январьда Семей округтік соты прокурорының орынбасарынан істің қысқарғандығы жайлы хабар естігенде бір-ақ білдім.

Бұл істің қысқартылуын мен істің мән-жайы турасынан да, сондай-ақ формальдық жағынан да дұрыс емес деп білемін, оған мынандай негіздерім бар: тергеуде айыпты дәлелдеу үшін мен Көкбай Жанатаев, Садық Уақбаев, Күнбазар Шілдебаев, Құсайын Қиқымбаев, Нәзімбай Зорманов, Нұрманбай Уатаев, Саржан Жүсіпов, Ғабілхакім Ысқақов, Ысқақ Салтыбаев, Қадыр Байысов, Әділ Божаев, Есендік Базаров және Уәйіс Соқин сынды қазақтарды куәға тартқанмын. Осы куәлердің қостауымен Әкімғожин, Бітімбаев және басқаларының маған шауыл жасап, талап-тонағаны толық расталған. Айыпкерлер формальды тергеу барысында өздерін жазықтымын деп мойындамаған, барлық айыпты мен болыс Әкімғожинмен және басқалармен жауығып жүрген Дүтбай Уандықовтың өсек-жаласына еріп, жалған айтып отыр деп түсіндірген. Өздерін ақтау үшін айыпкерлер Оразбай

Аққұлов, Серғазы Сақалов, Бекен Құлайғыров, Қойшыбек Көркембаев, Бітімбай Нұралин, Мұсабек Көркембаев және Бұланбай Найманбаевтарды куә етіп тартқан. Аталған куәлардың жауабына қарағанда, Мұқыр болысында екі партия болған екен де, оның біреуі менің күйеу балам Уандықовтың партиясы да, екіншісі Бітімбаев пен Әкімғожиннің партиясы болыпты-мыс; ал Мұқырдағы съезге күйеу баламды болыс етпекке келіппін; халықты, оның ішінде Құлайғыров деген біреуді өзімнің күйеу баламның пайдасына айдап салсам керек. Ал Құлайғыров менім ұйғаруымды орындаудан бас тартқан кезде, мен оны ұра бастасам керек. Сол кезде оған Бұлқайыров болысыпты да, осыдан келіп жаппай төбелес туып кетіп, мен сол төбелестің үстінде таяқ жесем керек. Ал тонау-талау жайына келсек, айыпкерлер жағындағы куәлардың айтуында, мен мұның бәрін көрген жәбірім үшін кек қайтаруды көздеп, ойдан шығарған екенмін. Істе соны-мен қабат мен де, айыпкерлер де көрсетпеген куәлардың үшінші тобы бар. Бұл оқиғаға кездейсоқ қатысқан және ешбір партияға кірмейтін адамдар – олар Омарбек Оспанов, Василий Красильников пен Николай Литвинов. Куәлардың жауабынан жалпы алғанда тұжырымдалған фактілер мыналар: уезд бастығы отырған киіз үйге 14 және 18 июньде өз партиясындағы қазақтарды ертіп болыс Әкімғожин келеді де, мен қазақтарды Шыңғыс болысына көшуге үгіттеп жүргендіктен мені сьезден кетіруді өтінеді. Уезд бастығы қазақтарға абыржымандар деп тоқтау айтып, маған өз болысына қайтсын деген бұйрығын жеткізу жөнінде Оспановқа әмір береді. Мен уезд бастығының киіз үйі қасында отырған кезімде, Оспанов маған уезд бастығының бұйрығын жеткізбекке келе жатады, бірақ нақ осы кезде мұқырлықтар тобыры, ең алдында Әбен Бітімбаев бар, маған тарпа бас салады; сөйтіп төбелес басталады. Оны уезд бастығы сақшыларының көмегімен тыяды. Төбелестен кейін, мен өзімнің бөркімді, алтын баулы сағатым мен белбеуімді тонап әкеткенін мәлімдеппін. Бірақ та бұл жайдың қаншалықты әділдігін куәлар растай алмаған, өйткені ол куәлар менің алтын баулы сағатым, бәкім болған-болмағанын байқамаған, ал төбелестен соң басымда бөркім болмағанын олар көрген. Куә Оспанов бәкі, бөрік және шынжырлы сағат төбелес үстінде тартып алынуы ықтимал екенін, бірақ та мұны кім істегенін білмейтінін білдірген. Менің киіз үйімнің тоналуы жайында, куә Литвинов уезд бастығы оны менің киіз үйіме жібергенін, ол келіп қарағанда, киіз үйдің ішіндегі заттардың аман екенін көреді, онда казақтардың өз жайларынша, менің қымызымды ішіп отырғанын айтқан. Ақыр-аяғында ең соңғы куәлар тобы: Жаңгір Көмекбаев Бозымбай Әбдин, Кәрімжан Тайшекин, Бағмет Доскелдин, Көшкін Мағамбетов, Жауылды Байтұров, Дүйсенбай Боранов, Қожанбай Иманбаев, Бегендік Байғотанов және Ақылбек Шубановтар болыс Әкімғожин, Әзімжан

Исабаев пен Бітімбаев төбелеске араласпаған деп куәлік берген. Семей облыстық басқармасының 1899 жылғы 13 февральдағы журналда жазған қаулысы бойынша мені ұрып-соғу және тонау жөніндегі іс мынадай уәждермен қысқартылған: „баяндауды тыңдай келіп және куәлік жазбаларды қарай келіп, облыстық басқарма былай деп біледі: Шыңғыс болысының қазағы Ибрагим Құнанбаев Семей облыстық прокурорының атына 1898 жылғы 4 және 9 июльде берген өтініштерінде өзін Мұқыр болысының лауазымды адамдарын сайлау кезінде қатысып отыру үшін, сондай-ақ Шыңғыс және Мұқыр болыстарының арасындағы жердің ара-жігін ажырату уезд бастығы шақыртып алғанын мәлімдейді, сол кезде Бұғылы болысының қазағы Оразбай Аққұловтың айдап салуымен болыс Мұсажан Әкімғожин, Әбен Бітімбаев, Рақым Өмірзақов, Әзімжан Исабаев және Бейсенбі Жақыпов бастаған Мұқыр болысының қазақтары тобырымен шабуыл жасап, оны сабағанын, сонымен бірге Бітімбаев оның бөркін, Өмірзақов алтын баулы сағатын жұлып алғанын, Жақыпов белбеуінен бәкісін суырып алғанын айтады. Аталған адамдар оған қоса оның киіз үйінен жалпы құны 241 сомдық әр түрлі бұйымдарын тонап, астындағы атын айдап әкеткен. Мұның бәрін Құнанбаев тергеу барысында растаған және мұны оның куәлері Көкбай Жанатаев, Садық Уақбаев, Байжұрын Байғожин және басқалары, барлығы 19 адам растап берген (істің 23, 24, 25, 50, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 80-беттері).

Мұнымен қатар Құнанбаев Бітімбаевтың бұл істі доғаруды өтінгенін айтты, бірақ бұл фактіні Құнанбаев ештеңемен дәлелдей алмады. Оның үстіне айыпкер Әкімғожиннің және оның куәлері Көмекбаевтың, Әбдиннің, Тайшекиннің, Доскелдиннің жауаптарынан, сондай-ақ тілмаш Оспановтың және төбелес кезінде сол арада болған Мұқыр болысының қазақтары мен сақшылардың жауаптарынан болыс Әкімғожиннің бұл төбелеске ешбір араласпағаны әбден анықталды (Істің 94, 95, 78, 30 және 31-беттері).

Егер осы айтылғандарға Оразбай Аққұловтың және басқа куәлердің жауабынан көрінгендей, Мұқыр болысында сол кезде партияшыл жауластың болғанын қоса алсақ (істің 73, 74, 75, 76-беттері), оның үстіне бұрын Мұқыр болысына қараған, тіпті сол елдің болысы болған Ибрагим Құнанбаев та болысқа қас партияда болған және бұл жаулықтың соншалықты ересен зор болғаны сондай, анықтамаға қарағанда, облыс бастығы мырза Мұқыр болысына сайлаусыз, өзге болыстың қазағын болыс етіп тағайындауды қажет деп тапқан. Осыған қарағанда, Құнанбаевтың болыс Әкімғожин өзін талаптонауға араласты деп жалған қорытынды жасауы әбден ықтимал. Оның үстіне Құнанбаевтың алтын баулы сағатымды, бәкімді, атымды және киіз үйдегі әр түрлі бұйым-

дарымды тонап әкетті деген фактісі, бір жағынан, Құнанбаев тартқан куәлердің жауабы арқылы расталғанымен, ол куәлердің жауаптарына сенуге болмайды. Өйткені олар, біріншіден, бәрі бір ауыздан шыққандай бір-біріне тым ұқсас; екіншіден, мұншама қалың жұрт қатысқан жаппай төбелес кезінде Құнанбаевтың бөркін кім жұлып алып, пышағын кім суырып әкетті, баулы сағатын кім тартып алды, тағы сондайларды әлгі куәлердің әрқайсысы көріп тұрды деудің өзі қисынға келмейді, ал Құнанбаевтың жоғарыда аталған куәлерінің әрқайсысы осының бәрін көрдім деп жауап береді; үшіншіден, бұл куәлердің сөзін айыпкер куәлерінің біркыдыру жауаптары жоққа шығарады; ең соңында, төртіншіден, болыс Мұсажан Әкімгожинге және басқаларына тағылған айып бейтарап адамдардың, мысалы, Омарбек Оспановтың, сақшылар Красильников пен Литвиновтың жауаптарында еш расталмайды (істің 31-бетінде), қайта соңғы үш кісінің жауаптары төбелестің болғанын, Мұқыр болысының қазақтары Құнанбаевты сабағанын, бірақ бұл төбелесте болыс Әкімгожиннің болмағанын растайды және олар төбелес кезінде Құнанбаевтің сағаты, бәкісі және басқа буйымдары шындығында тоналған-тоналмағанын білмейді. Жоғарыда баяндалған жайға сәйкес облыстық басқарма Мұқыр болысының бұрынғы болысы Мұсажан Әкімгожинді Жаза қолдану ережесінің 120 және 1642 статьялары бойынша жауапқа тартуға негіз жеткіліксіз деп санайды, оның үстіне партиялық дау-дамай мен айтыс-тартыс кезінде қазақтар ант-су ішіп тұрып та жалған айтудан қымсынбайды, әйтеуір қандай амалмен де мақсатына жетсе болды. Сондықтан да және бұл істе Мұқыр болысының бұрынғы болыснайы Әкімгожиннің әрекетсіздігі анықтамаға қарағанда, бұл іске өзгеше тергеу жүргізілгеніне байланысты, ол журнал бойынша айырықша қаралатынын еске ала келіп, облыстық басқарма ұйғарды: Семей уезі Мировой судьясы көмекшісінің Мұқыр болысының бұрынғы болыснайы Мұсажан Әкімгожинді Жаза қолдану ережесінің 120 және 1642 статьялары бойынша қылмысты айыпкер есебінде жауапқа тарту туралы таңдалып отырған қаулысы тағылған айыптың жетімсіздігінен қанағаттандырылмайды деп табылсын, бұл жөнінде мүдделі кісілерге Семей уезінің бастығы мырза арқылы жария етілсін, указ соған жіберілсін. Қалған адамдарды (лауазымды адам емес, жеке адамдар есебінде) айыптау жөніндегі тергеу қағаздары Семей облыстық прокурорының қарауына жолдансын".

Сонымен, бүкіл істен байқалып отырғандай, тергеу Семей облыстық басқармасының 1898 жылғы 13 февральдағы журналда жазылған қаулысында баяндалған пікір мен сот ведомствосы шендеріне жатпайтын кісілердің уәждері айыпкер ретінде жауапқа тартылған адамдардың жазықты-жазықсыздығы жөніндегі қорытындыға негіз бола алмайтындығы былай тұрсын, облыс-

тық басқарманың жасаған қорытындысы істің мәнісі жағынан да дұрыс емес.

Облыстық басқарма, біріншіден, Құнанбаев, тергеу кезінде өзін ұрып-соққандығы мен тонағандығы жөніндегі фактілерді растағанымен және оның түсініктемесін растайды деп тартқан куәлері де бұл фактілерді қостағанымен, ол жауаптар бір-біріне ұқсас, бәрі бір өңкей болғандықтан, бұл жауаптарға сенуге болмайды деп есептеп, болысты және басқа айыпкерлерді жауапқа тартуға негіз жоқ деп тапқан. Егер куәлер өздері бір мезгілде көрген белгілі бір оқиға жайында бір-біріне ұқсас пікір айтса, онда мұндай жағдай әлгі оқиғаның болмағандығына дәлел бола алады дегенді тұңғыш рет естіп отырмын.

Мен былай деп ойлаймын: егер белгілі бір оқига жайлы бірді-екілі емес, көп адам түсінік берсе және ол жайында мүлде ұқсас пікір айтса, онда мұның өзі оқиғаның ойдан шығарылмағандығын, шын мәнінде болғандығын дәлелдейді. Әлбетте, көп адамның да әлдебір мүдделерді көздеп, мүлдем болмаған немесе болған оқиғалар жайлы нақ болғандағыдай етіп айтпауы да мүмкін жай. Ондай жағдайда мұны жоққа шығару үшін әңгімелер бір-біріне ұқсас деген бір ғана тұжырыммен түйінделмей, әлгі әңгімелерді істің басқаша жағдайларында және басқа адамдардың куәліктерімен салыстыра отырып тексеруден өткізу арқылы түйінделуге тиіс. Осындай ой түйіндеу арқылы теріс те, оң да қорытындыға келуге болады — түсініктемелер бір-біріне ұқсас екен, демек, олар жалған; ақиқатқа көз жеткізу үшін олар бір-бірімен қабыспайтын болуы қажет екен; бірақ мынадай да силлогизм жасауға болады ғой: түсініктемелер бір-бірімен қабыспай ма, демек, олар жалған; ал ақиқатқа көз жеткізу үшін түсініктемелер бір-біріне ұқсас болуы керек.

Логикалық жағынан алғанда, екі жағдайдағы түйіндеу де дұрыс, бірақ мәселе онда емес, мәселе мынада болған: оқиғаның ақиқаттығына көз жеткізу үшін негізгі ой түйіні жеке бастың уәж-нанымына ғана сүйенбей, фактілерге негізделген уәж-нанымына сүйеніп жасалуы керек. Ал мұндай наным болмаған жерде — түсініктемелер мейлі ұқсас болсын, мейлі әркилы болсын — бәрібір оқиғаға сайма-сай келетін түйін жасауға болмайды, тек нақты дерегі жоқ пікірге ғана келуге болады. Кез келген үкімнің немесе жазықты-жазықсыздықты анықтаудың негізінде барлық фактілердің жиынтығы жатуға тиіс. Қылмысты істер соты Уставының 119-статьясында және 1892 жылы басылған заңдар жинағының XVI томындағы 335 статьяда осы талап атап көрсетілген.

Облыстық басқарма тергеу кезінде Құнанбаев Бітімбаевтың бұл істі доғаруды өзінен өтінгендігін баяндағанын, бірақ оның мұны дәлелдей алмағандығын тағылған айыптың негізсіздігінің екінші шарты деп табады. Бітімбаевтың өтінішіне қатысты менде ешқандай айғақтың жоқ екендігіне қарап, одан мені ешкім

ұрып-соқпапты және тонамапты деген қорытынды шығаруға тіпті де болмайды. Егер мен Бітімбаевтың істі доғаруды өтінгендігін дәлелдей алған жағдайдың өзінде мұның өзі де өздігінен сотта Бітімбаевтың және басқалардың айыптылығына айғақ бола алмайды ғой, өйткені, маған зомбылық жасағанына қарамастан, мұның болуы да немесе болмауы да мүмкін еді. „Оның үстіне, – деп пайымдайды Облыстық басқарма,– Әкімгожиннің және куәгерлер Көмекбаевтың, Әбдиннің, Тайшекиннің, Доскелдиннің, сонымен бірге тілмаш Оспановтың және төбелес болған жерге барған сақшылардың жауаптарында болыс Әкімгожиннің төбелеске еш қатыспағандығы толық айғақталады. Егер бұған, Оразбай Аққұлов пен басқа да куәгерлердің жауаптарынан көрінетіндей, сол уақытта Мұқыр болысында партияшыл жауластық етек алғандығын, әрі бұрын Мұқыр болысына қараған және болыстық болыснайы болған Ибрагим Құнанбаевтың жау партияға жататынын, Құнанбаевтың өшпенділігінің ересен зорлығы сонша, облыстың бастығы Мұқыр болысының болыснайлығына басқа болыстың қазағын тағайындауды қажет деп тапқандығын қоссақ, онда Құнанбаевтың болыс Әкімгожинді өзін тонауға қатысты деп расында да жалған уәж жасауы ықтимал болып шығады“.

Басқарма куәгер Көмекбаевтың және басқалардың куәліктерімен айғақталған қандай мағлұматтардың негізінде Әкімгожинді маған шабуыл жасауға яки, Облыстық басқарма айтқандай, төбелеске қатыспады деген уәжге келді екен – бұл жағы белгісіз – ал осы куәгерлердің түсініктемелерінің мәніне үңіле келгенде бұл куәгерлер шындықты жасырып отыр десе дұрысырақ болар еді. Мысалы үшін, яки куәгерлердің куәліктерін айқындай түсу мақсатында, куәгер Жанғазы Көмекбаевтың жауабын Бозымбай Әбдиннің, Қаражан Тайшекиннің және Бегімбет Доскелдиннің жауаптарымен салыстырып көрейік. Көмекбаев болысты оқиғаның басқасында болған жоқ деп көрсетеді, ол уезд бастығының киіз үйінің әр жағында отырып, бастықтың киіз үйінің сырт жағынан айқай-шу естігендігін, сол жаққа жүгіріп барғанда төбелесті көргендігін айтады, жанжалға араласпағанын, не болып жатқанын көрмеген. Қуәгерлер Әбдин, Тайшекин, Доскелдин және басқалар былай деп көрсетеді: олар да болыс Әкімгожинмен бірге уезд бастығының киіз үйінің әр жақ жанында Көмекбаев отырған жерде отырған, киіз үйдің бергі бетінен айқай-шу естіп, сонда жүгіріп келген, төбелесті көрген, бірақ кім-кіммен және не үшін төбелескенін көрмеген. Тіпті бұл куәгерлердің жауаптары шын мәнінде сын көтермей тұрған жоқ па; төбелесті бәрі де көрген, бірақ олардың ешбірі кімдердің төбелесіп жатқанын көрмеген; егер екі тобыр бір-біріне қарсы келіп айқасып жатса, дәл сол жерде ұрған адам төбелесіп жатқандарды қалайша көрмейді немесе төбелеске қатысу-

шылардың бірде-бірін қалайша байқамайды? Сонда төбелестің болғаны айқай-шудан ғана білініп, ал төбелесіп жатқандар бұл куәгерлердің көзіне түспеген болып шыққаны ғой. Олардың жауаптары болған оқиғаның мәнін ашу үшін емес, тек Әкімғожин қатысқан жоқ деген фактіні растау үшін ғана беріліп отырғаны анық. Бірақ олар бұл ретте де мақсатына жете алған жоқ – біреулері Әкімғожинді төбелес болған сәтте мүлдем болған жоқ десе, ал екіншілері ол болды, бірақ төбелеске қатысқан жоқ деп сендіреді. Басқа куәгерлердің растайтын жауаптары болып тұрғанда, „көрген жоқпыз" деп теріске шығару Әкімғожиннің ол жерде болмағанын және төбелеске қатыспағандығын дәлелдей алмайды. Өздерінің жауаптарынан оқиғаның басынан аяғына дейін болғандықтары көрініп тұрса да, куәгерлер өздерінің көз алдарында болмаған нәрсені көрген болыпты, ал шын мәнінде болған жайтты көрмей қалыпты.

Куәгер Омар Оспанов былай деп көрсетеді: Құнанбаев сайланған адам ретінде, уезд бастығының бұйрығы бойынша, Шыңғыс және Мұқыр болыстарының шекараларын белгілеу үшін келді; болыс Әкімғожинді төбелес кезінде көрген жоқпын – бір жаққа жасырынып қалса керек, ол жанжал аяқталғанда ғана келді; сағат, бөрік және бәкі Құнанбаевтан төбелес үстінде жұлып алынған деп есептеймін. Ол Құнанбаевтың сынған сандығын уезд бастығына көрсеткен кезде ішінде болған. Оспановтың „төбелес кезінде Әкімғожинді көрген жоқпын, бір жаққа жасырынып қалса керек, жанжал аяқталған соң келді" деген жауабының үлкен де елеулі маңызы бар. Құнанбаевтың уезд бастығының шақыртуымен келгендігі, оның келуінің болыс Әкімғожин мен оның партиясы үшін өте қолайсыз болғандығы тергеу ісін жүргізу барысынан көрініп тұр, сондықтан да, олар барлық айла-шарғыны қолдана отырып, оны кетіруге тырысты да, осы мақсатпен 17 және 18 июньде уезд бастығына келіп, одан мені съезден кетіру жайлы жарлық беруді өтінді. Уезд бастығы ондай жарлық бере қоймап еді, сол кезде олар зорлыққа жүгінді.

Оның басты жетекшісі, айдап салушысы және белсендісі Әкімғожин болды. Мен уезд бастығының киіз үйінен шығып, сол маңайда отырғанымда, ол өзінің сыбайластарын жинап алып, маған шабуыл жасауға көндірді және де оларға өзі бас болып белсене қатысты. Ал тобырдың мені бас салып төпелеп жатқанын, сөйтіп өз мақсатына жеткенін көрген мезетте ол дереу бой тасалап, тобырдың ішінде бүркемеленіп қалды да, мен соққыға жығылып, жұлым-жұлымым шығып, тоналып, жерде сұлап жатқан сәтте ғана көпшіліктің көзіне түсіп, шыға келеді. Егер уезд бастығы мені көтергісі келсе, онда ол мұны маған шабуыл жасағанға дейін-ақ істеуіне болар еді, сондықтан Әкімғожин бастаған тобырға уезд бастығының жарлығы бойынша менің сайлаудан және шекараны белгілеуден шеттетіле-

тіндігім, сондай-ақ Мұқыр болысында жасырынып жүрген қашқындарды әскерелеуге менің қатыспайтынымды әлдеқашан белгілі болса, онда оларға мені тарпа бас салудың, тонаудың және сабаудың қажеті шамалы болар еді және олар мұны мақсат та етпес еді. Облыстық басқарманың қаулысында төбелес туралы ғана айтылған, бірақ тек айтылып қана қойған; өйткені бүкіл тергеу ісін жүргізуден төбелестің болмағандығы көрініп тұр; төбелес деген күштері шамалас топтар айқасқан жағдайда ғана болады, сондай-ақ, төбелес әрдайым екі жақтан да соққыға жығылғандар, жараланғандар болады. Ал мынау істе, бір ғажабы, менен басқа таяқ жеген ешкім жоқ – тек мен ғана; демек, бүкіл тобырмен тек бір өзім ғана төбелескен болып шыққанмын. Бұл тіпті мүмкін емес жағдай, өйткені бір өзім бүкіл тобырмен төбелеске шығу үшін менің бойымда Самсонның күшіндей күш, қолымда есектің басындай салмақ болуы керек қой.

Айыпкерлер төбелес болды дегенді дәлелдеуге тырысады. Әрине, бұл олардың тарапынан занды да. Ал облыстық басқарманың төбелесті қандай жағдайдан көріп отырғанына түсінбей-ақ қойдым. Айыпкерлер мен олардың куәгерлері: Шыңғыс болысына өт деген ұсынысыма келісім бермегені үшін Құлайғыровты таяқтағанынан келіп төбелес шықты деп көрсетеді; оған Бұлқайыров ара түскен екен, мен оны да сабай бастасам керек, содан барып жанжал көтерілген, нәтижесінде ғайыптан тайып, тек мен ғана соққы жеп, тоналғанмын.

Айыпкерлердің өздерін ақтау мақсатында бұл төбелесті ойдан шығарғандығын және оның негізсіздігін анықтау үшін, басқа куәгерлердің жауаптарын былай қойғанда, менен таяқ жеді деген Әзберген Құлайғыров пен Әбділда Бұлқайыровтардың формальды тергеуде берген жауаптарын салыстырудың өзі жетіп жатыр. Әзберген Құлайғыров былай дейді: „Ибрагим Құнанбаев уезд бастығының киіз үйінің арғы бетінде тұрып, Әбділда Бұлқайыровты ат үстінен құлатты да, оның атын тартып алып, жетектеп әкетті. Рахим Өмірзақов Құнанбаевқа келіп бұлай етудің жақсы еместігін және ұят екендігін айта бастады. Құнанбаев Өмірзақовты ұруға ұмтылды, сол кезде жұрт топырлап берді де, айқай-шу көтерді, одан әрі не болғанын көрген жоқпын. Уезд бастығы шығып, жұртты тарата бастады. Өзім ешқандай төбелеске қатысқан жоқпын". Әбділда Бұлқайыров былай дейді: „Құнанбаев Құлайғыровты аттан арқанмен сүйреп түсіріп, ұра бастады. Мені де таяқтай бастағанын білем, өзімді Өмірзақовтың ажыратып алғанын білем, ал есімді жиған кезде қарасам, тобырдан аулақта жатыр екем".

Екі түрлі және бір-біріне тіпті де үйлеспейтін жауаптар емес пе, сондықтан бұдан төбелестің кім үшін және не үшін басталғанын айырып болмайды. Құлайғыровтың айтуына қарағанда, төбелес менің Бұлқайыровты сабай бастағанымнан,

ал Бұлқайыровтың көрсетуінше, Құлайғыровты таяқтағанымнан келіп шыққан. Шыншыл жауаптар деген осы болғаны ма сонда? Тіпті, мен ұрды деген адамдардың өздері де менің кімді сабағанымды білмейді — өзін бе, әлде басқа біреуді ме?

Егер менен соққы жеді деген басты куәгерлердің жауаптары осындай болса, онда басқалар туралы не айтуға болады! Барлық айыпкерлер мен олардың куәгерлерінің жауаптары сондай — олардан төбелестің қалай басталғандығын, қалай жалғасқандығын және қалай аяқталғандығын, әуелі кімнің бастағанын, сонсоң кімнің араласқанын және кімнің кіммен төбелескенін біліп болмайды. Олардың барлық жауаптарында ортақ бір ғана сөз бар: „Айқай-шуды естіп, оқиға болған жерге жүгіріп келдім, содан соң ештеңе көрген жоқпын".

Олардың төбелес Құлайғыров пен Бұлқайыровқа бола басталды деген сылтаулары да ойдан шығарылған, өйткені егер Құлайғыров пен Бұлқайыровтар өздерінің қайсысы үшін төбелес басталғандығын білмесе, онда оны айыпкерлердің куәгерлері қайдан білмек?ы Айыпкерлердің куәгерлері шындықты қиншалықты көрсетіп отырғандығын осыдан-ақ көруге болады. Семей облыстық басқармасының (мен істе оның доғарылғандығы туралы Прокурордың қорытындысы мен соттың анықтамасы жоқ болғандықтан, тек олардың басқарма пікірімен келісімі ғана бар болғандықтан, облыстық басқарманың тұжырымдары мен қорытындыларын ғана талдап отырмын) өзінің қаулысында: айып тағушы куәгерлер шынжырлы сағатты кім жұлып алғанын, бәкіні кім, бөрікті кім әкеткенін, барлығы бірдей көре алмауы керек, өйткені жаппай төбелес кезінде олардың бәрі бірдей бір ғана нәрсені көруі мүмкін емес делінген.

Бірақ мәселе мынада: облыстық басқарма қалайда төбелестің болғандығына сенімді, сондықтан куәгерлердің берген жауаптарын істің мән-жайы мен жауаптардың растығы тұрғысынан емес, нақ осы төбелес тұрғысынан талдайды. Оқиғаның ақиқатына корытындылардың сәйкес келуі үшін оқиғаның өзі дұрыс анықталуы қажет. Облыстық басқарма сонда нақ төбелес болды дегенді қандай мәліметтерден тауып отыр? Айыпкерлер мен олардың куәгерлерінің жауаптарынан! Бірақ олардың жауаптары өздерінің мәні жағынан да, формасы жағынан да ештеңенің басын аша алмайды — бұл оқиғалардың шын мәнінде қалай өткендігін көрсететін куәгерлердің жауаптары емес, тек төбелестің болғандығын пайымдау ғана. Ал айып куәгерлердің менің сағатымды кім, бәкімді кім, бөркімді кім жұлып алғандығын көру ықтималдығы — әбден табиғи нәрсе, өйткені маған шабуыл жасалған кезде олар нақ сол жерде тұрған, сондықтан айыпкерлердің маған қалай бас салғандарын, сонсоң таяқтың астына алғандарын және тап сол сәтте бойымдағы заттарды жұлып ала бастағандарын көрулері әбден мүмкін еді.

Шындығында маған — түк қарсылық көрсете алмайтын қарт адамға шабуыл жасалды, болыс Әкімгожин, Бітімбаев, Өмірзақов және басқалар — бүлікті ұйымдастырған басбұзарлар солар, ал қалған тобыр бір жағынан шабуылға дем беріп, оны қоздыра түсті. Ұрып-соғу үстінде заттарымды тартып алғаннан басқа, қызметшімнің қолынан менің міндіп келген атым тартып алынды және жұрттың көзінше киіз үйім тоналды. Облыстық басқарманың түсінігінше бұл да ұрлық деп табылып отыр.

Әкімгожиннің, Бітімбаевтың және басқа да мұқырлықтардың менің сайлауға және шекараны анықтауға қатысуымды қаламауы маған шабуыл жасауға себеп болды деген жағдай тонаушылықты теріске шығару үшін негіз бола алмайды: менің де, басқалардың да көзінше заттарым ашық түрде ұрланса, онда тарпа бас салуға қандай сылтау бол-ғанына қарамастан, ол тонау болып табылады емес пе? Бұл жайлы Жаза қолдану жөніндегі ереженің 1637-статьясында айтылған, өйткені ұрлап әкету ниеті шабуыл жасау үстінде тууы мүмкін ғой. Істі доғару туралы өзінің қаулысында облыстық басқарма айыпкерлердің әрекетін ұрлық деп тауып-ты. Ал бұл қылмысты казақтар жасағандықтан және ол қазақтар көшіп-қонатын аймақта болғандықтан, бұл іс жергілікті қазақ сотында қаралуға тиіс деп санапты. Сондықтан да маған қазақ сотына шағым беру құқығы беріліпті.

Мен облыстық басқарманың бұл қорытындысын дұрыс емес деп есептеймін. Сонда мен қай сотқа шағым беруге тиіспін? Мұқыр болысының сотына болса, онда Мұқыр болысындағылардың барлығы да Әкімгожиннің, Бітімбаевтың, Исабаевтың тамыр-танысы, ықпалды адамдар ретінде барлығы да соларға бағынышты. Бұл сотта мен ештеңе де тындыра алмаймын. Ал істі Шыңғыс болысының сотына тапсыруға олардың өздері көнбейді — бұл оларға тиімсіз. Сонда бір-ақ нәрсе калады — өзің шеккен жәбірді құдайдың жазасына тапсыру керек. Алайда, мен олардың жасағаны ұрлық болсын немесе қандайда бір басқа қылмыс болсын, қалай болғанда да, ол орыс сотында қаралуға тиіс деп санаймын, тек сол ғана бұл істе әділ де турашыл сот бола алады. Облыстық басқарма бұл мәселеге байланысты Әкімгожинді билік жүргізудегі әрекетсіздігі үшін жауапқа тартқан. Мен былай деп есептеймін: Әкімгожин тарапынан билік жүргізілмей қалған жоқ, өйткені, басты арандатушы, жанжалды ұйымдастырушы және жүргізуші негізгі адам болғандықтан, ол әрекетсіз кісі емес, керісінше, белсенді адам болып табылады.

Осы мәселеге байланысты ең басты куәгерден — болған оқиғаның бәрін көзбен көрген уезд бастығынан жауап алынбаған, мұның себебін мен білмеймін, бірақ істі айқындап, ақиқатты ашу үшін одан жауап алынуының елеулі маңызы бар деп санаймын.

Енді істі формальды жағынан қарауға кірісейік. Тергеу ісі 1899 жылғы 14 майда, жаңа соттар енгізілген кезде, жойылған ескі тәртіппен жүргізілді. Бұл тәртіп жалпы қылмыстар бойынша мынадай болып келеді: тергеуші формальды түрде тергеу ісін жүргізіп, ол аяқталғасын, егер іске айыпкерлер тартылатын болса, 1892 жылы басылған Заңдар жиынтығының XVI томындағы 335-статьяға сәйкес, оны сот Прокурорына жөнелтеді. Прокурор немесе айыпкерлердің бірін барлық немесе кейбір ерекше праволары мен артықшылықтарынан айыруға душар етуі мүмкін істер жөніндегі орынбасары қорытынды шығарады, онда мыналар баяндалады: 1) өн бойында қылмысты әрекеттердің белгісі бар оқиға; 2) қылмысты әрекет жасалған мезгіл және оның орны; 3) айыпкердің атағы, аты, әкесінің аты мен фамилиясы немесе лақап аты; 4) айыпкерге қарсы көтерілген іске байланысты жинақталған дәлелдер мен айғақтардың мәні; 5) қаралып отырған әрекеттердің белгілері нақ қандай қылмыстарға сәйкес келеді, осыны заң бойынша анықтау; 6) тергеу ісі толық көлемінде жүргізілді ме және 7) айыпкерді сотқа тарту керек пе немесе ол жайлы іс қысқартылуға яки тоқтатыла тұруға тиіс пе? Прокурордың бұл қорытындысы 1892 жылы басылған XVI томның II-бөлімінде баяндалған Қылмысты сот ісін жүргізу заңдарына сәйкес одан әрі қарау үшін іске қоса сотқа ұсынылады. Сол томның екінші бөлігіндегі 338-статъяның негізінде белгіленген тәртіп бойынша өзіне түскенге дейін губернатор сотта жүргізіліп жатқан қылмысты істерді қарауға араласа алмайды және ұсыныс жасай алмайды. Ал Семей облыстық басқармасының қаулысын іс сотқа түспей тұрып-ақ губернатор бекітіп жіберген. Сонымен істің бүкіл жүргізілуінен оның 1892 жылы басылған XVI томның II-бөлігі бекіткен Қылмысты істер жөніндегі сот ісін жүргізу заңдарына мүлде қарама-қарсы бағыт алғандығы көрініп тұр.

Тергеуші Әкімғожиннің, Бітімбаевтың, Исабаевтың, Өмірзақовтың мені талап-тонағандығы үшін айыптылығы жөніндегі істі тамамдап, оларды адам тонаған кінәлілер ретінде жауапқа тартқан және оны осы айыптау бойынша жүргізілген тергеу ісін бұрынғы Семей облыстық сотының Прокурорына жөнелткен. Прокурор 335-статьяға сәйкес, одан қорытынды шығарудың орнына, пікірлер мен тұжырымдар беруін сұрап, оны Семей облыстық басқармасына жіберген, ал ол өзінің 1899 жылғы 13 февральдағы қаулысымен Әкімғожинге қатысты істі қысқартып, басқа айыпкерлер жөніндегі мәселені ашық қалдырған, сөйтіп олардың кінәлі-кінәсіздігі жайлы қорытынды жасауды Прокурордың қадағалаушысына тапсырған; соңғы жағдай қалған айыпкерлердің мемлекеттік немесе қоғамдық қызметте тұрмайтындығымен дәлелденген.

Семей облыстық басқармасы болыс Әкімгожиннің тонаушылықпен айыпталғандығы жөніндегі істі қысқарту арқылы өзінің бабына мүлдем жатпайтын шеңберге еніп кетті, өйткені Қылмысты сот ісін жүргізу заңдарының ескілері де, жаңалары да жалпы қылмыстарға жататын қылмыстық әрекеттерді, қызмет бабындағы міндеттерді орындау кезінде жасалған болса да, қызмет бабындағы қылмыстар бойынша айыпкерлердің сотқа берілуін шешетін әкімшілік мекемелер мен қызмет адамдарының қарауына жол бермейді. Қызметке байланысты емес, жалпы сипаттағы қылмыс жасаған мемлекеттік қызметтегі адамдар да мейлі олар қызмет бабында болсын – былайғы адамдар сотқа қалай тартылса, олар да дәл сол тәртіпке бағынады. Осыған сүйене отырып, мен болыс Әкімгожиннің тонаушылық айыбы ту-ралы істің қысқартылуын дұрыс емес деп санаймын. Басқа айыпкерлерге келетін болсақ, олардың кінәлі-кінәсіздігі жөнінде облыстық басқарманың қаулысының жоқтығын былай қойғанда, сонымен бірге, 1892 жылы басылған XVI томның II-бөлімінің 335-статьясында талап етілетіндігіне қарамастан, прокурор билігінің де қорытындысы жоқ болып шықты. Прокурор бір ғана №879 қатынас қағазы арқылы менің тоналғандығым жөніндегі істі жөнелте отырып, былай деп жазады: „Семей облыстық басқармасының 1899 жылғы 13 февральдағы қаулысында баяндалған пікірге қосыла отырып, бұл істің жүргізілуін қысқартуға болады деп табамын".

Мұндай жағдайда екі мәселенің басын ашып алу керек: біріншіден, тергеу ісін жеке өзі қарау негізінде өз қорытындысын шығармай-ақ, облыстық басқарманың пікіріне қосылатындығына сүйене отырып, сотқа ұсыныс жасауға прокурордың қақысы бар ма және сонымен бірге, іске байланысты баска адамдар мен мекемелердің пікірі талап етілмек түгіл, оған тұп-тура заң жүзінде жол берілмейді ғой. Екіншіден, қосталған пікір қайсы айыпкерлерге қатысты, бір ғана Әкімгожинге ме, әлде барлығына ма?

Мен былай деп білемін: барлық жалпы қылмыстар бойынша істі қысқарту туралы немесе айыпкерлерді сотқа беру туралы қорытындыға негіз жазу үшін, Прокурорлық билік басқалардың пікірі мен сенім-нанымын басшылыққа алмай, тергеу ісін жүргізудегі дәлелдер мен айғақтардың бүкіл жиынтығын жеке өзі қарау арқылы түйінделген, тек жеке өзінің ғана көзі жеткен жағдайды басшылыққа алуға тиіс. Бұл 1892 жылы басылған XVI томның II-бөліміндегі 335-статьяның бүкіл мазмұнымен және мағынасымен белгіленген болатын. Мен бұл ойды Қылмысты сот ісін жүргізудің уставында неғұрлым толығырақ дамыту керек деу үшін айтып отырған жоқпын. Менің ісім ескі тәртіппен, бүгінде мәңгілікке жойылған тәртіппен жүргізілді, бірақ Қылмысты сот ісін жүргізудің ескіріп кеткен бұл тәртібінің

негізінде де император III Александрдың Сот уставында айқын орын алған ойы, дәл сондай рух жатқан еді.

Екінші мәселе жайында мынаны айта аламын: маған прокурордың ұсынысындағы және соттың істі қысқарту жөніндегі ашық қалған тұстар түсініксіз болып отыр. Прокурор Семей облыстық басқармасының пікіріне косылғандықтан істі қысқартқан. Бірақ мәселе мынада: облыстың басқарманың пікірі тонаушылық жөніндегі айып тағылған тек Әкімгожин жөнінде ғана, ал осындай айып тағылған басқа айыпкерлер жөнінде Басқарма ешқандай пікір айтпайды. Сонда былай болып шыққан ғой: Әкімгожинді тонаушылық жөнінде айыптайтын іс Прокурордың облыстық басқарма пікіріне қосылатындығы, ал сот прокурордың осы пікірімен келісетіндігі негізінде қысқартылған. Ал баска айыпталушылар жөніндегі іс прокурор мен соттың ешқандай пікірінсіз-ақ, ешқандай қорытындысыз-ақ қыскартыла салған. Өйткені айтылмаған пікірге қосылу мүмкін де емес қой.

Жоғарыда баяндалғандарға орай, мен үкімет билігіндегі Сенаттан болыс Мұсажан Әкімгожиннің, Әбен Бітімбаевтың, Бейсенбай Жақыповтың, Рақым Өмірзақовтың маған шабуыл жасағандығы және мені тонағандығы жөніндегі бұрынғы Семей облыстық соты Семей округтік архивіне тапсырған істі қарауды және бұрынғы Семей облыстық сотының осы істі қарай келіп, оны қысқарту туралы 1899 жылғы 12 майда шығарған анықтамасын бұзуды сұраймын, өйткені оның өзі істі шешудің 1892 жылы басылған XVI томның II-бөліміндегі 335, 337, 369 және 370 статьяларында баяндалған Қылмысты сот ісін жүргізу туралы заңдармен белгіленген тәртібін бұзудың нәтижесінде қысқартылған. Бірақ сот ісін жүргізудің бұл тәртібінің 1899 жылғы 14 майдағы сот реформасын енгізген кезде жойылғанына және қазіргі кезде бұл салаларда император III Александрдің сот уставын енгізгендігіне байланысты сот ісін жүргізудің бұрынғы тәртібін қолдану мүмкін емес. Қылмысты сот ісін жүргізу уставының 510-528-3 сәйкес бұрынғы Семей облыстық сотының үкімін бұзу туралы істі Семей округтік сотының Прокурорына жөнелту керек.

Осы шағым арыз 1865 жылы 10 мартта және 1865 жылы 19 сентябрьде (№ 414 және № 88) Жоғары мәртебелі бекіткен сот уставтары толық көлемде енгізілген, бұрынғы белгіленген сот ісін жүргізудің тәртібі туралы ережелерге сәйкес, Семей округтік соты арқылы Үкімет билігіндегі Сенатқа тапсырылуы тиіс.

Шыңғыс болысының қазағы Ибрагим Құнанбаев".

(КСРО Орталық мемлекеттік тарихы архиві, 1352 қор, 20 хаттама, 379-іс).

Түсініктер

ӨЛЕҢДЕР МЕН АУДАРМАЛАР

137) „Малға достың мұңы жоқ малдан басқа“ (1896) – Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 28-бет). Бұл өлеңінде малдан басқа мұңы жоқ, күлкіннің күлдарының топастығын өткір сынмен әшкерелейді. „Өзі шошқа, өзгені ит деп ойлайтын“ оң-бағандарды ащы ажуалап, оңдырмай түйреп, әйгілеп береді.

Патшалық отарлаудың зұлымдық саясаты тудырған осындай адамгершілікке жат, жексұрын мінездерді жеріне жеткізе шеней отырып, елін адамгершілікке шақырып:

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті,
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, –

дейді.

138) „Туғызған ата, ана жоқ“, (1896) – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 28-бет). Бұл үш шумақ шағын өлеңінде „сұм заманда“ азғындауға айналған ортаның мұңын толғайды.

139) „Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында“ (1896) – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 28-29-беттер). Бұл өлең қазақ әйелінің өміріндегі аянышты бір халіне арналған. Өлеңнің бастапқы екі шумағы аңыз тәрізді уақиғаға арналып:

... Етімді шал сипаған күрт жесін деп,
Жартастан қыз құлапты терең суға,–

деп аяқталады. Шалға тигісі келмеген жас сұлудың өлімге бас байлаған трагедиясы өлеңге кіріспе ретінде баян етіледі. Одан әрі малға сатылып, бай шалға еріксіз кететін жас әйелдің кәрі күйеуімен өтетін өкінішті өмірін суреттейді. Жас әйелді арылмайтын қайғы-қасіретке душар ететін пасық байларды „есерлер“ деп таңбалап, хайуанға теңеп шенейді.

Әйелдің қайғылы халіне адамгершілік және нағыз сыншылдық тұрғысынан қарап, қазақ әдебиетінде тұңғыш сөз еткен ақын Абай ғана екенін көреміз.

140) „Сағаттың шықылдағы емес ермек“ (1896) – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (5-бөлік. Ой туралы, 48-бет). „Бұл өлеңді Абай өзінің балалары: Тұраш, Мағауия сағатты өлең қылып жазамыз деп жүргенде жазыпты“ (1945 жылғы жинақ, 441-442-беттер).

141) „Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа“ (1896) – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (2-бөлік. Өлең туралы, 33-

бет). – Бұл ақынның ән өнеріне арнаған өлеңі. Өз халқының ән өнерін өзгеше ыстық көңілмен сүйген Абай, әннің ерекше қасиетін сүйсіне сипаттап жырлайды. Адамды көп уайымынан, ауыр қайғы-қасіретінен айықтырып, сезімін сергітіп, қуат беретін казақ әнінің құдіретін ерекше жоғары бағалап суреттейді. Әнді: өзінің ойына, ақындық өнеріне қанат бітіретін сенімді серігі деп біледі.

Бірақ, терең ойлы, нәзік сезімді, шыншыл ақын әннің бәріне бірдей бас ие бермейді, сын көзімен қарап бағалайды: „Әннің де естісі бар, есері бар... “,– дейді.

Қазақ әнінің, тек өзіне ғана тән, ерекше қасиетін:

... Көбінесе ән басы келеді ашы,
„Кел, тында!“ деп өзгеге болар басшы, –

деп, айқындап, атап айтып береді.

Ән өнерін үлкен эстетикалық ойшылдықпен Абайша көркем суреттеп сипаттау қазақ поэзиясында болған емес.

142) „Адамның кейбір кездері“ (1896) – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. Өзі туралы, 38-бет.) Бұл өлеңінде ақындық өнер туралы толғайды. Ақындық –“табиғат сыйы, Құдайдың берген сыйы“, „Тәңірінің берген өнері“ дейді.

Өлеңде ақындық шабыты келген шақтағы ақын бейнесі суреттеледі. М. Әуезов: „Абай бұл өлеңде шынайы ақындық шабыт үстінде шарқ ұрарлық, өскелең халді алады. Еліктеу жоқ, бірақ өз түсінігімен, өз тілімен көріктей берген осы өлеңінде Абай Пушкин дәстүрін анық еске түсіреді. Орыстың ұлы классигі жазған „Поэт“ және „Поэту“ деген өлеңдеріндегі ақын шабыты турасындағы аса биік саналы түсініктер Абайдың өлеңінен анық бой көрсетеді“, – деп жазады (М. Әуезов, Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. А. 1967, 159-бет). „Адамның кейбір кездері“ мен аталған екі өлеңнің арасында сарындастық бар деген пікірін зерттеуші нақтылы талдау жасап дәлелді етіп көрсетуге ұмтылады.

Ал асылында бір тақырыпқа жазылған ұлы ақындардың өлеңдерінде бірлі-жарым ұқсастық кездесе беретіні түсінікті. Кейбір сырттай ұқсастықтар, тіпті жекелеген сөздердің мәндес келуі, әрине, тікелей жақындықты білдірмейді. Басқа бір шығармамен сарындас келуі де шынайы бағалы, көркем шығарманың құнын кеміте алмайды. Осыны толық ескере отырып, „Адамның кейбір кездері“ ешқандай да басқа өлең емес, тура М. Ю. Лермонтовтың „Журналист, читатель и писатель“ атты шығармасымен, сондағы жазушының сөзімен сарындас келетінін, бірталай жерлері дәл аударылғанын айтуымыз керек. Орысша текст төмендегідей:

... бывает время,
Когда забот спадает бремя,
Дни вдохновенного труда,
Когда и ум и сердце полны,
И рифмы дружные, как волны,
Журча, одна во след другой
Несутся вольной чередой.
Восходит чудное светило
В душе проснувшейся едва;
На мысли, дышашие силой,
Как жемчуг нижутся слова.
Тогда с отвагою свободной
Поэт на будушность глядит,
И мир мечтою благородной
Пред ним очищен и обмыт.
... Диктует совесть,
Пером сердитый водит ум...
Приличием скрашенный порок
Я смело предаю позору;
Неумолим я и жесток...

Өлеңнің „Адамның кейбір кездері" деп басталатын алғашқы үш шумағы осы келтірілген орысша текстің бастапқы он бір жолымен мағынасы жағынан әбден сәйкес, кейбір сөйлемдері дәлме-дәл келетінін байқау қиын емес. Ал „Сонда ақын белін буынып" деп басталатын соңғы төрт шумағы келтірілген орысша текстің „Тогда с отвагою свободной" деп басталатын екінші бөлігімен кей жері тура сәйкес келгенімен, көбінесе еркін, өзінше келеді. Түгелдей алғанда өте еркін аударылғандықтан Абайдың „Адамның кейбір кездері" атты өлеңі өзінің төл шығармасы деп саналуы әбден орынды. Өйткені, бұл түгелдей алғанда нәзира дәстүрімен жарыса жазылған өлең деуге ылайық.

Үшінші шумақтың екінші жолы 1909 жылғы және басқа кейбір баспаларда:

Куаттан, ойдан бас құрап,–

деп алынып келген еді. Кейінгі жинақтарда Мүрсейіт қолжазбасы негізінде:

Куатты ойдан бас құрап,–

деп басылып жүр. Бұл нұсқаның дұрыс екендігі осы жолды Лермонтов текстімен салыстырғанда айқын көрінеді. Онда бұл жері:

На мысли, дышащие силой, –

деп келеді.

Өлеңнің екінші шумағының үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (38-бет), 1933 жылғы жинақта (183-бет), 1939 жылғы жинақта (183-бет) және 1945 жылғы жинақта (178-бет):

... Кірлеген жүрек өз ішін
Тұра алмас әсте жуынбай, –

деп, дұрыс басылған.

Ал, 1977 жылғы жинақта:

... Кірлеген жүрек өзі үшін (?), –

деп қате басылып кеткен. Осы жол түзетілді.

143) „Көк ала бұлт сөгіліп" (1896) – Бұл екі шумақ өлең алғаш рет 1933 жылғы жинақта басылған (199-бет). Сол текстпен қайта басылып келе жатыр.

144) Рахымшалға („Сұлу аттың көркі жал") (1896). Өлең ең алғаш 1933 жылғы жинақта жарияланған. „... Өленді Абай Көжекбай дегеннің баласы Рахымшалға айтқан. Рахымшал жасында бос, болжыр екен және бала күнінде тәрбиесіз болған. Абай өз балаларына жаман үлгі беретін болған соң Көжекбайды қасынан көшірген. Бір жолы кешке дөң басында отырып, соның осындай бір мінезін көріп айтыпты. Көжекбайды Абай өз қасында ұстап, асырап отырған (Абай. Шығармаларының толық жинағы. 1945 ж., 443-бет).

145) Қатыны мен Масақбай (1896) – Бұл өлең де тұңғыш рет 1933 жылғы жинақта басылған (189-бет). „Бұл өленді Масақбай мен қатыны атынан айтқан – Абай. Масақбай Абайдың інісі Ысқақтың ауылдасы екен, әйелімен екеуі ұрсыса береді екен" (1945 жылғы толық жинақ, 443-бет).

146) Күйісбайға (1896). („Дұғай сәлем жазамын Күйісбайға"). – Бұл бір ауыз өлең алғаш рет 1933 жылғы жинақта басылған (230-бет). 1945 жылғы жинақта бұл өленнің жазылу тарихы туралы: „Күйісбайдың туысқаны Серікбай деген кісі Көтібақ Әбілқайырдың бір айғырын ұрлайды. Абай Күйісбайға сол айғырды тапқызып бер десе, орындай қоймапты. Айғырды бермей сөзбұйдаға сала берген соң айтқан екен. Күйісбай бұдан соң айғырды таптырып берген", – делінген (455-бет).

147) Дүйсенқұлға (1896). („Саудайы-ай, сауды алмадың-ау, сырқауды алып"). – Бұл бір ауыз өлең де ең алғаш 1933 жылғы жинақта, „Мырзағұлға" деп аталып, жылы белгісіз өлеңдер қатарында басылған (231-бет). 1939 жылғы жинақта да жылы белгісіз өлеңдер катарында „Дүйсенқұлға" деген атпен басылған (233-бет). Өленге берілген түсінікте: „Саудайы-ай сауды алмадың-ау" деген өленді бұдан бұрынғы баспада „Мырзағұлға" деп басып едік. Дәлінде ол Мырзағұл емес, соның ағасы Дүйсенқұлға арналған

екен. Бұл Абайдың Жақып деген ағайынының күйеуден қайтып келіп отырған ауру қызын алса керек. Өзі бұрын қатын тастағыш болса керек. Және қатын тастағанда қыз алмай, ылғи байсыз отырған қатынды алады екен. Сондай жайларына мысал етіп айтқаны",— делінген (275-бет).

148) Разаққа (1896) („Мына үйде отыр Разақ"). Бұл өлең алғаш рет 1933 жылғы жинақта жылы белгісіз өлеңдер қатарында басылған (232-бет). 1939 жылғы жинақта: „Мына үйде отыр Разақ" деген өленді Разақ деген жігітке айтқан. Бұл — Абайдың аймағындағы қожалар ауылының жігіті. Ол бір жылы Абай ауылына келіп, Абайдың өз үйіне бармай, өз құрбысы Әубәкірдікіне (Әубәкір — Ақылбайдың баласы, Абайдың немересі. — Ред.) қонақ болып отырады. Сонда айтқан. „Үлкен қожа — Әуез", — деп түсінік берілген (275-бет).

149) „Ғашықтық іздеп тантыма" (1896) — өленнің тексті Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907 жж.) негізінде басылып келеді.

М. Ю. Лермонтовтың „И скучно, и грустно" деген өлеңінің екінші шумағының аудармасы. Алғашқы басылымдарда бұл өлең Абайдың төл шығармасы саналып келген. 1945 жылғы біртомдықта оны ақын өзі туралы жазған секілді деген де жорамал айтылыпты. Бұл жаңсақтық алғаш рет 1954 жылғы екітомдықта түзетілген. Содан бергі басылымдардың барлығында осы пікір қабылданып келеді.

Орысша түпнұсқадағы 13 буынды 4 жолды Абай 8—7 буынды жыр үлгісімен 6 жол еткен. Мағынасы дәлме-дәл, мейлінше жатық аударылған.

Лермонтов нұсқасы мынадай:

Любить... но кого же?... на время — не стоит труда.
А вечно любить невозможно...
В себя ли заглянешь?— там прошлого нет и следа.
И радость, и муки, и все там ничтожно.

150) Ой (1896) „Қарасам, қайғыртар жұрт бұл заманғы"— шығарманың тексті 1909 жылғы жинақпен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша, кейінгі басылымдармен салыстырылып берілді.

М. Ю. Лермонтовтың „Дума" атты өлеңінің аудармасы. Көлемі өлең өлшемі, мазмұны жағынан пәлендей айырмасы жоқ. Екеуінде де 44 жолдан. Сонымен бірге мейлінше жатық, сол кездегі қазақ оқырманының ой-санасына жақын. Әсіресе соңғы шумағының мағынасы сәл өзгертіліп, түпнұсқадағы дәлдіктің малжандылықпен ауыстырылуы аударманы мейлінше байырғыландыра түскен.

Абай басылымдарына әрдайым енгізіліп келеді. Орысша түпнұсқа мынадай:

ДУМА

Печально я гляжу на наше поколенье!
Его грядущее — иль пусто, иль темно,
Меж тем, под бременем познанья и сомненья,
В бездействии состарится оно.
Богаты мы, едва из колыбели,
Ошибками отцов и поздним их умом,
И жизнь уж нас томит, как ровный путь без цели,
Как пир на празднике чужом.
К добру и злу постыдно равнодушны,
В начале поприща мы вянем без борьбы;
Перед опасностью позорно малодушны,
И перед властию — презренные рабы.
Так тощий плод, до времени созрелый,
Ни вкуса нашего не радуя, ни глаз,
Висит между цветов, пришлец осиротелый,
И час их красоты — его паденья час!

Мы иссушили ум наукою бесплодной,
Тая завистливо об ближних и друзей
Надежды лучшие и голос благородный
Неверием осмеянных страстей.
Едва касались мы до чаши наслажденья,
Но юных сил мы тем не сберегли,
Из каждой радости, боясь пресыщенья,
Мы лучший сок навеки извлекли.

Мечты поэзии, создания искусства
Восторгом сладостным наш ум не шевелят;
Мы жадно бережем в груди остаток чувства —
Зарытый скупостью и бесполезный клад.
И ненавидим мы, и любим мы случайно,
Ничем не жертвуя ни злобе, ни любви,
И царствует в душе какой-то холод тайный,
Когда огонь кипит в крови.
И предков скучны нам роскошные забавы,
Их добросовестный, ребяческий разврат;
И к гробу мы спешим без счастья и без славы,
Глядя насмешливо назад.

Толпой угрюмою и скоро позабытой,
Над миром мы пройдем без шума и следа,
Не бросивши векам ни мысли плодовитой,
Ни гением начатого труда.

И прах наш, с строгостью судьи и гражданина,
Потомок оскорбит презрительным стихом,
Насмешкой горькою обманутого сына
Над промотавшимся отцом.

151) Қанжар (1896) („Сүйкімді болат қанжар тұрсың жайнап") — шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша, басқа да басылымдармен салыстырылып берілді.

М. Ю. Лермонтовтың „Кинжал" атты өлеңінің аудармасы. Абайда төртінші шумақтың аудармасы жоқ, өзгелері жолма-жол деп айтарлықтай, өте дәл аударылған.

Екінші шумақтың 3-жолы кейбір басылымдарда:

Қан сорғалар жүзіне жас сорғалап, —

деп кеткен екен, кейін 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша:

Қан сорғалар жүзіне жас сорғалап, —

деп түзетіліпті.

Абайдың барлық басылымдарына енгізіліп келеді.

Орысша түпнұсқасы мынадай:

КИНЖАЛ

Люблю тебя, булатный мой кинжал,
Товарищ светлый и холодный.
Задумчивый грузин на месть тебя ковал,
На грозный бой точил черкес свободный.

Лилейная рука тебя мне поднесла
В знак памяти, в минуту расставанья,
И в первый раз не кровь вдоль по тебе текла,
Но светлая слеза — жемчужина страданья.

И черные глаза, остановясь на мне,
Исполненны таинственной печали,
Как сталь твоя при трепетнем огне,
То вдруг тускнели, то сверкали.

Ты дан мне в спутники, любви залог немой,
И страннику в тебе пример не бесполезный:
Да, я не изменюсь и буду тверд душой,
Как ты, как ты, мой друг железный.

Өлең алғаш рет Лермонтовтың көзі тірісінде, 1841 жылы, „Отечественные записки“ журналында басылған. Ол, сірә, 1837—1838 жылдар арасында, ақын Кавказдан кеткеннен кейін жазылған болуы керек.

152) Альбомға (1896) („Сал демеймін сөзіме ықласынды“) — шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша, кейінгі басылымдармен салыстырылып берілді.

М. Ю. Лермонтовтың „В альбом“ („Нет!— Я не требую вниманья“) деген өлеңінің аудармасы. Абай түпнұсқаның мағынасын өзгертпей, өте дәл аударған. Көлемі де сонымен бірдей, 16 жол.

Бірінші шумақтың 3—4-жолдары бұрынғы басылымдардың барлығында:

Көкірегім, бар сырым өз әлінше,
Көрінгенге көрсетпей, көп жасырды, —

деп алынып келген екен, 1977 жылғы басылымда (II том) 1909 жылғы жинақ бойынша, мағынасына қарай:

Көкірегім бар сырын өз әлінше,
Көрінгенге көрсетпей көп жасырды, —

деп түзетіліпті. Бұл басылымда да сол түзету қабылданды.

1945 жылғы біртомдықта және одан бұрынғы кейбір жинақтарда екінші шумақтың 3-жолы:

Өзі кисық, өзі асау, тентек өмір, —

деп алынған екен, 1954 жылғы басылымда орысша мағынасына қарап:

Өзі қысқа, өзі асау, тентек өмір, —

деп түзетіліпті.

Соңғы шумақтың соңғы жолы біраз басылымдарда (1939, 1945, 1954):

Сықылды өлген жанның бір күмбезін, —

деп келген екен, 1961 жылғы біртомдықта 1909, 1933 жылдардағы жинақтар бойынша:

Сықылды өткен жанның бір күмбезін,—

деп түзетілген. Кейінгі басылымдарда бұл түзетулер түгелдей қайталаныпты. Сондықтан осы жинақта да қабылданды. Лермонтовтағы түпнұсқа мынадай:

В АЛЬБОМ

1

Нет! – я не требую вниманья
На грустный бред души моей,
Не открывать свои желанья
Привыкнул я с давнишних дней.
Пишу, пишу рукой небрежной,
Чтоб здесь чрез много скучных лет
От жизни краткой, но мятежной
Какой-нибудь остался след.

2

Быть может, некогда случится,
Что, все страницы пробежав,
На эту взор ваш устремится,
И вы промолвите: он прав;
Быть может, долго стих унылый
Тот взгляд удержит над собой,
Как близ дороги столбовой
Пришельца памятник могилы!..

Өлең ақынның көзі тірісінде жарық көрмей, алғаш рет 1844 жылы „Библиотека для чтения“ журналында жарияланған. „Альбомға“ деген тақырыбынан кейін „Байронға еліктеу“ деген қосымша тақырыпша қойылған.

Шынында, бұл өлеңді Лермонтов Байроннан әуелі еркін аударып, қайта қарағанда, түннұсқаға едәуір жақындатқан.

153) „Көк тұман – алдындағы келер заман“ (1897). Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (6-бөлік. Нәсихат туралы, 55-бет). Бұл өлеңінде ақын заман ағымы, адам өмірі жайындағы ойларын толғайды. Бұдан екі жыл бұрын (1895) жазған „Өлсе өлер табиғат, адам өлмес“ өлеңіндегі:

„Мені“ мен „менікінің“ айырылғанын,
Өлді деп ат қойыпты өңкей білмес, –

деген ой-пікірін, мына өлеңінде:

Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,
„Мені“ мен „менікінің“ мағынасы – екі.
„Мен“ өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
„Менікі“ өлсе өлсін, оған бекі, –

деп таратып, анықтап айтып, ұғындырып береді.

Өлеңнен Абайдың діндік нанымын, адамгершілік қасиетін айқын көреміз.

Өлеңнің екінші шумағының бастапқы екі жолы 1909 жылғы кітапта (55-бет):

Ол күндер өткен күнмен бәрі бір бас
Келер, кетер артына із қалдырмас, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

Ол күнде өткен күнмен бәрі бір бес
Келер, кетер артына түк қалдырмас, –

деп бұрмаланып басылған. Осы жолдар түзетілді.

Төртінші шумақтың төртінші жолы 1909 жылғы кітапта:

Әділет пен арлылық, махаббатпен, –

деп басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

Әділеттік, арлылық, махаббат пен, –

деп бұрмаланып басылған.

Осы төртінші шумақтың төртінші жолы 1909 жылғы кітапта:

... Ой жолдасын қабірден өрі өткенде,–

деп басылған.

Одан кейінгі жинақтарда 1933 жылғы (191-бет), 1939 (193-бет) және 1943 жылғы (190-бет).

... Үй жолдасың қабірден әрі өткенде, –

деп өзгертіліп басылған. Өзгерту себебі айтылмаған. Ал 1954 жылғы жинақта (2-том, 24-бет):

... Үш жолдасың қабірден әрі өткенде, –

деп басылған. Бірақ, берілген түсінікте „Үш жолдасың“ деп басылуы туралы еш нәрсе айтылмаған (263–264-беттер). 1957 жылғы және 1977 жылғы жинақта:

... Үй жолдасын қабірден әрі өткенде, –

деп басылған. „Үй жолдасың... “ деп басылу себебі туралы түсінік берілмеген.

1909 жылғы және 1922 жылғы жинақтардағы: „Ой жолдасың... “ деген сөздер өлең мазмұнына қабыспай тұрғаны байқалады. Одан кейінгі жинақтарда (1933–1977): „Үй жолдасың... “ деп басылуы қисынға келе қоймайды. Ақын бұл арада өлгеннен кейінгі, ахиретке бірге баратын жолдас туралы айтып: „... жолдасың қабірден әрі өткенде“ дейді. Сондағы жолдас болатын нәрселерді: „әділет, ар, махаббат“ деп, адамшылықтың үш сипатын атап айтып береді. Өленнің идеялық мазмұнын осылайша түсініп, „ой, үй“ деген сөздер баспа қатесі деп біліп, „ой, үй“ деген өлең мазмұнына қиыспайтын сөздердің орнына, өлең мазмұнына сай келетін „үш“ деген сөзді қолданып:

Әділет пен арлылық, махаббатпен –
Үш жолдасың қабірден әрі өткенде, –

деп оқысақ, ақын сөзі өзінің дұрыс қалпына келетін сияқты. Бұл жолғы басылымға әзірше бұрынғы нұсқасы жіберілді.

Өленнің төртінші шумағына жалғас келетін: „Малға сат, пайдаға сат қылығынды“ деп басталатын 1909 жылғы жинақтан бастап 1957 жылғы жинаққа шейін басылып келе жатқан бесінші шумағы 1977 жылғы жинақта „Жас өспірім замандас қапа қылды“ өленінің соңына тіркеліп басылғаны жайында жоғарыда жазылды.

Сегізінші шумақтың бастапқы жолы 1977 жылғы жинақта:

Коптің бәрі коп деме, коп те болек,–

деп басылған. 1909 жылғы жинаққа сүйеніп, ол жол:

Коптің бәрін коп деме, коп те болек,–

деп түзетілді.

154) „Сеңбе жұртқа тұрса да қанша мақтап“ (1897) – Өлең 1909 жылғы жинақта басылған (5-бөлік. Насихат туралы, 55-бет). Мүрсейіт қолжазбаларында да бар.

153) „Алла деген сөз жеңіл“ (1897) – Өленнің бастапқы екі шумағы 1909 жылғы кітапта басылған (5-бөлік. Ой туралы, 48-бет). „Ақылға сыймас ол Алла“ деп басталатын, қалған екі шумағы 1939 жылғы жинақта қосылып басылған (197-бет). Бұл негізінде, көлемі төрт шумақ бір-ақ өлең. Соңғы екі шума-

ғының 1909 жылғы жинаққа кіргізілмей қалуының нақты себебі белгісіз. Кәкітай Ысқақұлы былай дейді: „Абай, әсіресе ихтыйқатқа бек махкам еді. Не іс қылса да, не нәсихат айтса да мынау құдайшылыққа жөн, бүйтсе адамдыққа жөн деуші еді. Ғыйбадаттың ең үлкені көңілдің тазалығы, адам баласына жаны ашырлық деуші еді. Сыртынан софысынып, тақуасынған кісіні қатты ұнатпаушы еді. Мұндай адамдар халық үшін ғыйбадат қылады. Халықпен шын көкірегі емес, қара жұртқа құрметті болмақтан басқасы жоқ дейтін. Құдаіға шын көңілмен ғыйбадат қылған кісі хафиа[1] қылады деп, бұл туралы айтқаны:

Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз қол емес.
Ынталы жүрек, шын көңіл
Өзгесі халыққа жол емес.

(„Абай (Ибраһим) Құнанбай ұғлының өмірі". „Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай ұғлының өлеңі". С. Петербург. 1909 г. 106-бет).

„Ақылға сыймас ол Алла" дейді. Бұл ой-пікірін 38-сөзінде анықтап: „Алла тағала өлшеусіз. Біздің ақылымыз өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды", — деп ашып айтып берген.

Ақыл жетпейтін Алланы түстеп таныстыруға (тағрипқа) тіл де жетпейді:

Тағрипқа тілім қысқа ah! —

деп өкінгендей болады.

Алланың бір екендігіне шүбә жоқ („Барлығына шүбәсіз") өзі бар (мәужүд) нәрсеге куә қажет емес:

Барлығына шүбәсіз,
Неге мәужүт ол куә,—

дейді.

Алланың барлығын ақыл да, адамның сезім мүшелері де (хауас) білмейді, тек жүрек сезеді:

Ақыл мен хауас барлығын
Білмейдүр, жүрек сезедүр,—

дейді.

Сөйтіп, Алла туралы өзінің ой-пікірін тұжырымдап, қорытып айта келіп, Алланың дінді өздерінше дәлелдеуші (мүтәкәллимин) мұсылман теолог-ғалымдарын, логикашыларды (мантыйкын) қатты шенейді:

---

[1] Хафи (арабша) — күпия деген мағынада.— *Ред.*

Мүтәкәллимин мантыйкын
Бекер боска езедүр,–

дейді.

Өлеңнің алғашқы шумағының екінші жолы:

... Аллаға ауыз жол емес,–

деп, төртінші жолы:

...Өзгесі хаққа қол емес,–

деп, 1909 жылғы кітапта (48-бет), „жол", „қол" деген сөздердің орыны ауысып, қате басылған. Сол кітаптың соңында басылған Абай өміріне арналған мақаласында Кәкітай өлеңнің алғашқы шумағының дұрыс нұсқасын:

„Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз қол емес.
Ынталы жүрек, шын көңіл,
Өзгесі хаққа жол емес, –

деп, Абай сөзін дәл берген (106-бет).

Бұдан 70 жыл бұрын (1923) Ілияс Жансүгіров „Абай кітабы" атты мақаласында 1922 жылы Ташкентте басылып шыққан (3-басылуы) Абай жинағында қате басылған сөздерді көрсете келіп:

195
Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз жол емес.
Ынталы жүрек, шын көңіл
Өзгесі хаққа қол емес.

Бұл екі жолдағы „қол" мен „жол" айырбасталып түскен. Абайдың бұл жыры кітаптың (1909 жылғы кітап.– Ред.) басындағы өмірінде (кітаптың соңында басылған Кәкітай мақаласын айтады.– Ред.) дұрыс жазылған, ортасында түзетілмеген",– деген еді („Тілші" газеті, 1923 жыл, 8 май, Алматы). Сонан бері осы күнге шейін түзетілмей басылып келе жатыр.

Осы басылымда бұл сөздер түзетіліп берілді.

156) „Құр айғай бақырған, құлаққа ән бе екен?" (1897) – Бұл екі ауыз өлең тұңғыш рет Самат Әбішұлы Нұржанов бастырған „Абай термесі" (Орынбор, 1916) атты жинақта жарияланған, одан кейін 1933 жылғы жинаққа кірген (195-бет).

Өлеңнің екінші шумағы 1977 жылғы жинақта:

Өңкей надан антұрған,
Қанша айтса, жан ба екен.
Бос жүріп, кор қылған
Өміріңе сән бе екен?–

деп басылған.

1933 жылғы жинақта (195-бет):

... Бос жүріп күр қалған
Өмірі кән бе екен? –

деп басылған („Сән бе екен" деген бірінші шумақта айтылған).

Абай термесінде":

Өңкей надан антұрған,
Не деседе жөн бе екен?
Бос жүріп күр қалған
Өміріңе сән бе екен?

деп басылған. Бұл өлең текстологиялық зерттеуді қажет етеді.

157) „Мен сәлем жазамын, қарағым, қалқама" (1897) – Бұл өлең тұңғыш рет 1933 жылғы жинақта жарияланған (195–196-беттер). – „Өзі әнмен айтылған өлең болуға тиіс. Кімге, не жайында жазылғаны белгісіз" (1945-жылғы жинақ. 446-бет).

158) „Соры қалың соққы жеген пышанамыз" (1897) – Бұл бір ауыз өлең алғаш рет 1933 жылғы жинақта басылған (196-бет). – Бұл өлең туралы Тұрағұл: „Дала уалаяты" газетіне менің әкемді әкесіне ас бермеді деп жамандап, Кереку жағының біреуі: „Атадан бала туса игі, ата жолын қуса игі" деп жазған. Сондайлардың мінезіне айтқан...",– дейді.

159) Ғабидоллаға (1897) „Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын"– өлең 1933 жылғы жинақта жарияланған (196-бет). Бұл өлеңді өз ауылындағы татар Ғабитханның баласы Ғабидолла деген жігітке айтқан. Ол бір уақыт сауда істеп, мал тапқанына мастанып, білгіш кісімсіп, қалай болса солай шалқып, сөз таластыра береді екен. Асып-тасып алған кезінде: – Абай, Абай дейсіндер, осы Абайларың кім өзі,– депті. Соны естіген соң, ызадан туған өлеңі. Сол кезде Ғабидолла отыз жастағы жігіт екен. Оның әңгімесінің ішінде болып, астамшылық сөзін естіп отырған Абайдың он алты жастағы немересі Әубәкір (Ақылбайдың баласы) қолма-қол суырып салып, Ғабидоллаға:

Ит ылыкса, болса тоқ,
Танымайды иесін.

Борбайынды көтеріп,
Әр бұтаға сиесің.
Екі сні бар айғыр да
Таниды гой биесін.
Тыныш жатқан кісіге
Озің келіп тиесің, –

депті.

„Ғабидоллаға“ деген өлең тұңғыш рет „Абай термесі“ жинағында басылыпты.

Өлеңнің бастапқы шумағының бесінші жолы Абай термесінде:

... Күз жеткен соң тамырын үсік шалып, –

деп басылған.

160) „Құлақтан кіріп, бойды алар“ (1897) – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (2-бөлік. Өлең туралы, 34-бет). Бұл – ақынның ән мен күйге арналған екінші өлеңі. „Құлақтан кіріп бойды алар, жақсы ән мен тәтті күй“ деп бастап, ән мен күйді тыңдап, таңданта етуші ғана емес, өзі құмартып сүйген „жақсы ән мен тәтті күйден“ зор күш-қуат алатынын, музыка өнерінің әсері ақындық шабытына шабыт қосып шалқытатын қасиетін айтып, жыр толғайды.

Терең ойлы, сергек сезімді, ұшқыр қиялды данышпан ақын бұл өлеңінде ән мен күй өнерінің барлық қасиетін көркем сөзбен, жеріне жеткізіп, суреттеп берген.

Өлең М. Ю. Лермонтовтың „Звуки“ атты шығармасының сарынымен жазылған. Орысша текст төмендегідей:

Что за звуки! неподвижен внемлю
Сладким звукам я;
Забываю вечность, небо, землю,
Самого себя.
Всемогущий! что за звуки! жадно
Сердце ловит их,
Как в пустыне путник безотрадной
Каплю вод живых!
И в душе опять они рождают
Сны веселых лет
И в одежду жизни одевают
Все, чего уж нет.
Принимают образ эти звуки,
Образ милый мне;
Мнится, слышу тихий плач разлуки,
И душа в огне.
И опять безумно упиваюсь
Ядом прежних дней,
И опять я в мыслях полагаюсь
На слова людей.

„Құлақтан кіріп бойды алар“ өлеңі осы келтірілген орысша текстен, әсіресе, екінші жартысы жолма-жол тәржімаланғанымен, алайда жалпы алғанда, Абайдың өзіндік шығармасы. Осымен байланысты мынаны айта кету керек. Абайдың басқа да бірнеше өте еркін аударма деп көрсетілген шығармалары, мысалы „Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек?“ – негізі аударма болғанмен, асылында тың шығармаға айналып кеткен өлеңдер. Бұлар өзгертпей берілген, тура мағынасындағы аударма емес, еркін, творчестволық жолмен жазылған тума өлеңге айналған шығармалар.

161) „Ерекше естен кетпес қызық қайда?“ (1897) – Бұл үш шумақ өлең ең алғаш 1940 жылғы жинақта (II том, аудармалары мен қара сөздері, 108-бет) М. Ю. Лермонтовтан аударған „Қасиетті дұға“ атты өлеңнің соңғы үш шумағы ретінде басылған. Берілген түсінікте: „... Өлеңнің басқы он екі жолы Лермонтовтың „В минуту жизни трудную“ деп басталатын („Омірден тепкі көрсем жазығым жоқ“) өлеңінің аудармасы. Ал өлеңнің „Ерекше естен кетпес қызық қайда?“ деген жерінен бастап, қалған он екі жолы Абайдын өзіне тән өлең көрінеді. Лермонтов өлеңінде айтылған ой-пікірді, қосымша өлеңдермен Абайдың өзінше толықтырғаны байқалады“ (262-бет), – деген.

1945 жылғы жинақта (198-бет), 1954 жылғы жинақта (2-том, 38-бет) және 1957 жылғы жинақта (II том, 112-бет) „Қасиетті дұға“ өлеңіне жалғастырылып, 1940 жылғы жинақ бойынша басылған. Ал 1977 жылғы жинақта „Ерекше естен кетпес қызық қайда?“ деп басталатын үш шумағы Абайдың өз өлеңі ретінде басылған.

162) „Босқа әуре боп келдің бе тағы мұнда?“ (1897) – шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары негізінде, басқа да басылымдармен салыстырып берілді.

М. Ю. Лермонтовтың „Исповедь“ поэмасынан аударма. Түпнұсқада – 84, Абайда – 64 жол. Көлемі сәл ықшамдалғанмен, мазмұны толық жеткізілген. Кейбір жолдары сөзбе-сөз аударылғандай дәл. Сонымен бірге төл шығармадай жатық, көркемдік әсері күшті.

Абай поэманың II, III бөлімдерін аударған. Онда ескі ғибадатхананың тасқамау абақтысында өлім жазасын күтіп жатқан жас жігіттің өзін арыздастыруға келген кәрі сопыға айтқан арылу сөздері баяндалады. Бірақ онысы арылу емес, анынтау сөзіндей естіледі.

Лермонтов бұл поэманы ертеректе (1831 ж. шамасында) жазған. Негізгі идеясы „Боярин Орша“, „Мцыри“ поэмаларында жалғастырылды. Кейбір шумақтары соларда қайталанады. Поэма алғаш рет 1887 жылы „Русская старина“ журналында жарияланған.

Бірінші шумақтың 2-жолы 1943 жылдан бергі басылымдардың бәрінде:

Хүкімші шалдар мәз боп отыр ма онда?–

деп алынып келген екен, бұл жолы 1909 жылғы жинақ бойынша:

Хүкімші шалдар мәз боп жатыр ма онда?–

деп өзгертілді.

Бесінші шумақтың 3-жолы соңғы басылымдарда (1961, 1957, 1977):

Суық қабір – қараңғы үйқы орны ғой,–

деп алынған екен, бұл басылымда 1909, 1945, 1954 жылғы жинақтар бойынша:

Суық қабір – қайғысыз үйқы орны ғой,–

деп түзетілді.

Он бірінші шумақтың 3-жолы қолжазбаларда:

Менің ішім өзіне мәлім шығар,–

деп жазылған екен, барлық жинақтарда орысша түпнұсқаның мағынасына („мои дела“) сәйкес:

Менің ісім өзіне мәлім шығар,–

деп түзетіліпті.

Он үшінші шумақтың соңғы жолы 1945 жылғы біртомдықта және одан бұрынғы кейбір басылымдарда:

Оны құдай оныңнан кем деместі, –

деп алынған екен, 1954 жылғы екітомдықта (2-том) 1909 жылғы жинақ бойынша:

Оны құдай өзгеңнен кем демес-ті, –

деп түзетіліпті. Кейінгі басылымдардың бәрінде осы нұсқа алынып келеді.

Он төртінші шумақтың 3-жолы 1945 жылғы біртомдықта:

Алла берген қауіпті ол бір сырым, –

деп алынса, 1954 жылғы және одан кейінгі басылымдарда 1909 жылғы жинақ пен қолжазбаларға сәйкес:

Алла берген қауіпті осы сырым, –

деп түзетілген.

Бұл жолы да сол түзетулер қабылданды. Өлең ақынның басылымдарына түгел енгізіліп келеді.

Түпнұсқаның Абай аударған тексті мынадай:

II

„Ты здесь опять!“ напрасный труд!..
Не говори, что божий суд
Определяет мне конец,
Все люди, люди, мой отец...
Пускай погибну, смерть моя
Не продолжит их бытия,
И дни грядущие мои
Им не присвоить – и в крови,
Неправой казнью пролитой,
В крови безумца молодой,
Согреть им вновь не суждено
Сердца, увядшие давно;
И гроб без камня и креста,
Как жизнь их ни была свята,
Не будет слабым их ногам
Ступенью новой к небесам.
И тень невинного, поверь,
Не отопрет им рая дверь. –
Меня могила не страшит.
Там, говорят, страданье спит
В холодной вечной тишине,
Но с жизнью жаль расстаться мне;
Я молод – молод, – знал ли ты,
Что значит молодость, мечты?–
Или не знал – или забыл,
Как ненавидел и любил,
Как сердце билося живей
При виде солнца и полей
С высокой башни угловой,
Где воздух свеж и где порой,
В глубокой скважине стены
Дитя неведомой страны,
Прижавшись, голубь молодой
Сидит, испуганный грозой!–

— Пускай теперь прекрасный свет,
Тебе постыл — ты слеп, ты сед,
И от желаний ты отвык —
Что за нужда?— ты жил, старик;
Тебе есть в мире что забыть!—
Ты жил! я также мог бы жить!—

III

„Ты слушать исповедь мою
Сюда пришел — благодарю;
Не понимаю; что была
У них за мысль?— мои дела
И без меня ты должен знать —
А душу можно ль рассказать?
И если б мог я эту грудь
Перед тобою развернуть,
Ты верно не прочел бы в ней,
Что я преступник иль злодей.
Пусть монастырский ваш закон
Рукою неба утвержден;
— Но в этом сердце есть другой,
Ему не менее святой;
Он оправдал меня — один
Он сердца полный властелин;
И тайну страшную мою
Я неизменно сохраню,
Пока земля в урочный час
Как двух друзей не примет нас,
Доселе жизнь была мне плен
Среди угрюмых этих стен,
Где детства ясные года
Я проводил, бог весть куда!—
— Как сон, без радости и бед
Промчались тени лучших лет,
И воскресить те дни едва ль
Желал бы я — а все их жаль!
Зачем, молчание храня,
Так грозно смотришь на меня?
Я волен... я не брат живых.
Судей бесчувственных моих,
Не проклинаю... но, старик,
Я признаюся, мой язык
Не станет их благодарить
За то, что прежде, может быть,
Чем луч зари на той стене

Погаснет в мирной тишине,
— Я, свежий, пылкий, молодой,
Который здесь перед тобой,
Живу, как жил тому пять лет, —
— Весь превращуся в слово: нет!..
И прах, лишенный бытия,
Уж будет прах один — не я!

163) „Менің сырым, жігіттер, емес оңай“ (1897) — шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша, басқа да басылымдарман салғастырылып берілді.

М. Ю. Лермонтовтың „Я не хочу, чтобы свет узнал“ деген өлеңінің аудармасы. Мазмұны түпнұсқаға өте жақын, дәлме-дәл және мейлінше жатық аударылған. Көлемдері де бірдей, 16 жолдан.

Түнпұсқа алғаш рет 1843 жылы „Вчера и сегодня“ деген әдеби жинақта басылған. Бұл өлеңді ақын 1837 жылдары, Пушкин өліміне арнаған әйгілі шығармасынан кейін жазған болуы керек.

Орысша текстi мынадай:

Я не хочу, чтоб свет узнал
Мою таинственную повесть;
Как я любил, за что страдал,
Тому судья лишь бог да совесть!..

Им сердце в чувствах даст отчет,
У них попросит сожаленья;
И пусть меня накажет тот,
Кто изобрел мои мученья;

Укор невежд, укор людей
Души высокой не печалит;
Пускай шумит волна морей,
Утес гранитный не повалит;

Его чело меж облаков
Он двух стихий жилец угрюмый,
И, кроме бури да громов,
Он никому не вверит думы...

Бұл өлең Абай жинақтарына үнемі енгізіліп келеді.

164) Дұға (1897) („Өмірде ойға түсіп кем-кетігің“) — шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша, басқа да басылымдармен салыстырылып берілді.

М. Ю. Лермонтовтың „Молитва“ деген өлеңінің аудармасы. Мазмұны сақталғанмен, Абай айтар ойын кеңейтіңкіреп, өрістете аударған. Түпнұсқада 8 буынды үш шумақ өлең сол

көлемді 11 буынды қара өлең түрінде аударылған да, ой, сөз сыйымдылығы едәуір артқан тәрізді.

Орыс ақынында осы аттас үш өлең бар. Мына шығармасы княгиня М. А. Щербатоваға арналған. 1839—1840 жылдары бұл әйелге ақынның көңілі кетіп жүрген. Замандастарының айтуынша, Лермонтовтың Барантпен жекпе-жекке шығуы да соған байланысты болса керек.

Аударманың соңғы шумағының 3-жолы алғашқы жинақтарда:

Болады жылауға да, күлуге де, —

деп алынып келген екен. 1957 жылғы екі томдықтан бері қарай 1909 жылғы жинақ пен қолжазбалар бойынша:

Болады жылауға да, сенуге де, —

деп түзетіліпті. Түпнұсқа бойынша осы дұрыс. Бұл жолы да сол нұсқа алынды.

Өлеңнің орысша тексті мынадай:

МОЛИТВА

В минуту жизни трудную
Теснится ль в сердце грусть:
Одну молитву чудную
Твержу я наизусть.

Есть сила благодатная
В созвучье слов живых.
И дышит непонятная,
Святая прелесть в них.

С души как бремя скатится,
Сомненье далеко —
И верится, и плачется,
И так легко, легко...

165) Қасиетті дұға (1897) („Өмірден тепкі жесем, жазығым жоқ"). Бұл өлең М. Ю. Лермонтовтың жоғарыда сөз болған „Дұға" („Молитва") атты шығармасының екінші нұсқасы. Мағына, мазмұн, өлшем, түр жағынан алғанда аударманың бірінші нұсқасынан онша көп айырмасы жоқ. Бір ғана өзгешелігі — мұнда түпнұсқа авторының „дұға" деп өлеңді айтып отырғаны ашық көрсетілмейді. Лермонтов өлеңді, „созвучье слов живых" деп бейнелеп алса, Абай аударманың бірінші нұсқасында:

Осы өлең — оқитұғын дұғам менің, —

деп туралап айтқан болатын. Ал мына нұсқада өлең туралы сөз болып отырғаны көмескілеу, әңгіме шын мәнісінде дұға туралы болып отыр екен дегендей әсер қалдырады.

1945 жылғы біртомдықтың түсініктеріне қарағанда, бұл өлең тұңғыш рет 1940 жылғы екітомдыққа (II том, 188-бет) енгізілген. Одан бұрынғы басылымдарда да, ҰҒА-ның қолжазба қорында да бұл өлең жоқ екен. Тек М. Әуезовтің қолындағы Мүрсейіт қолжазбасының 224-бетінен табылған „Қасиетті дұға" деген тақырыпты Абайдың өзі қойған тәрізді.

Е с к е р т у: 1977 жылға дейінгі басылымдарда „Ерекше естен кетпес қызық қайда?" деп басталатын 3 ауыз өлең осы аудармаға тіркестіріліп беріліп келген. Оның аударма емес екені, Абайдың төл шығармасы болу керек деген шығарушылар жорамалы тиісті басылымның „Түсініктер" бөлімінде ылғи айтылып келген. Бірақ дербес екі шығарма бір-бірінен ажыратылмаған. 1977 жылғы басылымда бұл жаңсақтық түзетіліп, соңғы үш шумақ қолтума туынды ретінде жеке берілген.

Бұл жолы да солай етіліп отыр.

166) „Болды да партия, ел іші жарылды" (1898) — Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 29-бет). Бұл өлең туралы Тұрағұл: „Болды да партия... " деген өленді де Қыздарға шамданғаннан айтып еді", — дейді. Бұл көп себептің бір шеті ғана болуы керек. Өленнің тууына үлкен себеп болған мәселе туралы Мұхтар Әуезов былай дейді: „1898 жылдарға келгенде, Абай ел сөзі мен ел жұмысынан шыға алмай қойғанда, көбінесе ел ішіне әділ билікпен тыныштық орнатып, тым болмаса, дау-шарды тоқтатармын деген үмітте болған сияқты. Бірақ берірек келген сайын, ел сөзінен шынымен қашып жүрсе де, еріксіздік кірістірген уақытта көп еңбегін осы жаққа салады:

Болды да партия,
Ел іші жарылды,
Әуремін мен тыя,
Дауын мен шарыңды, —

дейді.

... Абай не қылса да бұл тартыс тыйылмайды (1933 жылғы жинақ 377-378-беттер). Пәлекөр атқамінерлер ақынға тыныштық бермей мазасын ала береді.

Ортаға көп салдым
Өзімде барымды.

Япырмай, неңді алдым,
Сау қоймай арымды, –

деп мұңға батып толғанады.

Өлеңнің үшінші шумағының бастапқы жолы 1909 жылғы кітапта (29-бет):

Ортаға көп салдым,
Өзімде барымды, –

деп, дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

Ортаға кеп салдым...

деп қате басылған. Бұл жол түзетілді.

167) „Қуаты оттай бұрқырап" (1898) – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. Өзі туралы, 39-бет). Бұл өлеңі ақындық өнерге арналған. Өлеңде ақын сөзінің өзіне тән, өзгеше құдіретті қуаты сипатталады.

Нағыз ақынның келісімді көркем сөзі салқын ақылға, салмақты ойға қона қалмайтын, ең алдымен адамның жылы жүрегін, сергек сезімін қозғайтын қасиетін Абай:

Ақылмен ойлап білген сөз
Бойына жұқпас, сырғанар.
Ынталы жүрек сезген сөз
Бар тамырды қуалар, –

деп суреттейді.

168) „Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма?" (1898) – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. Өзі туралы, 39-бет). Бұл өлең туралы қысқаша түсінік берген Тұрағұл: „Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма?" деген өлеңді 1898 жылы тісі түскенде айтты", – дейді.

169) „Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?" (1898) – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. Өзі туралы, 39-бет). Ақынның бұл өлеңі туралы Кәкітай Ыскақұлы Құнанбаев былай дейді: „... Абай бала жасынан қазақтың тәуір жігіті партиядағы күшті боламын деп талап қылғаннан басқаны ойламайтұғын уақытта өсті. Сол себепті жазушылықтың өзі де екінші дәрежеде қалып, салақ болып, берірек ұлғайып қираған кезінде өкініш түсіп, жасынан ғылым жолында болмай, қазақтың айғайымен жүргендіктен, кешірген өмірінің, жазған өлеңінің ретсіз болып яки ғыйбрат алмаққа жарамайтұғын, ақылға сыйымсыз жері болса, кейінгі замандағы сынаушы жастардан, өзінің тәрбиесіз, үлгісіз өскен өмірін айтып, надан елдің ішінде

неше түрлі машақат әурешілікпен бойды ыза кернеп өткен хатам болса, аяп, аз сөге көріндер деп жазғаны „Өлсем орным қара жер сыз болмай ма...“ (Абай (Ибраһим) Құнанбай ұғлының өмірі. „Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай ұғлының өлеңі“. С.-Петербург, 1909 жыл, 110—111-беттер).

Ұлы ақын келер ұрпаққа бар сырын ашып айтып мұң шағады.

Өлеңнің төртінші шумағының бастапқы жолы 1909 жылдан бастап (39-бет) барлық жинақтарда:

Жүрегіңнің түбіне терең бойла,—

деп басылып келеді. Тек 1977 жылғы жинақта:

Жүремнің (?) түбіне терең боіила, —

деп басылыпты. Осы сөз түзетілді.

170) „Жүректе қайрат болмаса“ (1898) — Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (5-бөлік. Ой туралы, 48-бет). Бұл өлеңін „Жүректе қайрат болмаса, ұйқтаған ойды кім түртпек“ деп бастап, ақын адамшылық туралы толғайды, надандықты шенейді.

171) „Жаманбаланың баласы өлгенде“ (1898) — Өлең ең алғаш 1933 жылғы жинақта жарияланған (218-бет). Бұл бір ауыз өлеңді: „Өзінің кедей көршісі Жаманбала дегеннің баласы өлгенде айтқан“ (1933 жылғы жинақ, 327-бет).

172) „Күн артынан күн туар“ (1898) — Бұл бір ауыз өлең ең алғаш 1933 жылғы жинақта басылған (218-бет). 1945 жылғы жинақта оған: „Түбі өзінікі, бірақ сарыны Лермонтовқа ұқсайды“ деген түсінік берілген.

173) „Ауру жүрек ақырын соғады жай“ (1898) — Бұл өлең ең алғаш 1933 жылғы жинақта „Лермонтовтан“ деп аталып басылған (218—219-беттер). Ешқандай түсінік берілмеген.

1940 жылғы жинақта (II том, аудармалары мен қара сөздері) Лермонтовтан аударылған өлеңдер ретінде басылған (143-бет). Берілген түсінікте: „Бұл өлең Абайдың бұрынғы баспаларында „Лермонтовтан“ деп келген. Бірақ Лермонтовтың қай өлеңінен аударылғандығын анықтауға мүмкіндік болмады“, — деген (265-бет).

1945 жылғы жинақта берілген түсінікте: „Ауру жүрек ақырын соғады жай“ (1898) деген өлең Мүрсейіт қолжазбасында „Лермонтовтан“ деп көрсетіліпті (98-бет, 63-бет). Бірақ дәл қай өлеңінен аударылғанын білу қиын... Бұл баспаға 1940 жылғы басылған нұсқасы алынды“, — деген (451-бет).

1954 жылғы жинақта (II том) басылған (49-бет) түсінікте: „... Өлеңнің тексті Мүрсейіт қолжазбалары бойынша алынды“,— деген (271-бет).

1957 жылғы жинақта (I том, 227-бет) және 1977 жылғы жинақта (I том, 285-бет) Абайдың өз өлеңі ретінде басылған. Түсінік берілмеген.

Мұхтар Әуезов Абайдың Лермонтовтан аударған өлеңдері туралы айта келіп: „Абайдағы „Ауру жүрек ақырын соғады жай" дейтін өлең орысша „Больное сердце бьется ровно" деген өлеңмен сарындас шығады",– дейді (М. О. Әуезов. Абай Құнанбаев. „Мақалалар мен зерттеулер". 1967 ж. 192-бет).

174) „Қалқам-ай, мен үндемей жүремін көп" (1898) – шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1910) бойынша, кейінгі басылымдармен салыстырылып берілді.

Бұл өлең Лермонтовтан аударылған шығармалар қатарына қосылып келген. Ақынның кейіннен табылған өлеңі деп саналып, 1890 жылдары оның жинақтарына енгізіліп келген нұсқа ақырында Лермонтовтікі болмай шықты.

Бірақ бұл өлеңнің кімнен болса да аударылғаны анық. Сондықтан ол аударма шығармалар қатарында барлық басылымдарына енгізіліп келеді.

Екінші шумақтың 1-жолы бірқатар басылымдарда (мәселен 1945 ж.):

Ант ұрған ел көзіне тек караймын,–

деп алынған екен, 1954 жылғы екітомдықтан бастап (II том, 50-бет). 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары негізінде:

Антұрған ел көзіне тік караймын, –

деп түзетіліпті. Бұл жолы да сол түзетумен беріліп отыр.

Өлең Абайдың негізгі басылымдарына түгел енгізілген.

Лермонтовтың өлеңі деп жорамалданып, осы өлеңнің тұпнұсқасы ретінде қабылданып келген шығарманың орысшасы мынадай:

И ты думаешь будто я хладен и нем?
Малютка, под этим молчанием
Таится ужасная буря, зачем
Вырываться наружу ей тяжким рыданием?

Что я гордо смотрю на презренных людей
Ты за то ли меня упрекаешь?
Но те люди торгуют рукою твоей,
Твоим сердцем хотят торговать. Ты их знаешь...

Дай мне руку твою! посмотри мне в глаза!
Я без слез горько плакать умею;

Твои же слезы блестят как ночная роса,
На заре, поутру, освежая лилею.

Тебе легче – ты можешь в слезах выливать
Муки сердца; а я! Я родился
Мужчиной, я должен безмолвно страдать:
Своих собственных слез я б невольно стыдился.

Но поверь, если б ты вдруг меня поняла
И вгляделась в бесслезные очи:
Ты б от ужаса плакать забыла, и я
За тебя стал плакать все дни и все ночи.

175) Теректің сыйы (1898) („Асау Терек долданып, буырқанып") – шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша, кейінгі басылымдармен салыстырылып берілді.

М. Ю. Лермонтовтың „Дары Терека" атты өлеңінің аудармасы. Абай түпнұсқаның жалпы мазмұнын алып, өте еркін аударған. Кейбір жерін қалдырып кетіп, орнына өз жанынан қосқан ойлары, суреттері, сөздері бар. Мәселен, аударманың бірінші шумағындағы:

Арыстанның жалындай бүйра толқын
Айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып, –

деген бейнелі теңеулер түпнұсқада жоқ. Сірә, бұл жерде „Демон" поэмасындағы Терек өзенін суреттеген жолдар әсер еткен болуы керек. Онда мынадай жолдар бар:

И Терек, прыгая, как львица
С косматой гривой не хребте...

Түпнұсқадағы „Разорил родной Дарьял" деген сөздер қалдырылып кетіп, оның орнына: „Әкелген бұғы менен маралым бар" деген сөйлем қосылған. Қабарданы Абай „Ер шеркес" деп алыпты, т. т.

Түпнұсқа 8, 7 буынды, 4 бунақты хореймен жазылған 76 жол. Аудармасы 11 буынды қара өлең түрінде төрт тармақтық 9 шумақ, тек жетінші шумақ қана 6 жол. Сонда қазақшасында небәрі 38 жол болады. Тармақ санының азайғанына қарамастан, аудармада тасқынды тау өзенінің суреті толымды да өте әсерлі берілген.

Шығармадағы өзен мен теңіздің тілдесуі (диалог) түріндегі ерекшелік сақталған.

Аударма текстіні әр жылдары қолжазбалармен және алғашқы басылымдармен салыстыру арқылы өзгерістер де енгізіліп отырған.

Үшінші шумақтың 2-жолы 1945 жылғы, 1954 жылғы басылымдарда:

Бұлттың сүтін ішіп ержеткенмін,–

деп жазылған екен, 1961 жылғы біртомдықта, 1933 жылғы жинақ пен қолжазбалар негізінде:

Бұлттың сүтін еміп ержеткенмін,–

деп түзетіліпті. Түпнұсқаға мағынасы жақын болғандықтан, кейінгі басылымдарда осылай алынып келеді.

1909 жылғы жинақ пен 1907, 1910 жылғы қолжазбаларда жетінші шумақтың 5-жолы:

Қартаң Каспий қалтиған бойыменен, –

деп берілген екен, кейін 1905 жылғы қолжазба негізінде:

Қартаң Каспий қалғыған бойыменен,–

деп өзгертіліпті. Түпнұсқаға осы жақын болғандықтан, барлық басылымдарда осы өзгеріс қайталанып келеді.

Өлеңнің ең соңғы жолы ілгергі кейбір басылымдарда:

Қатынды алды, қытықсыз араласты,–

деп келген екен, 1954 жылдан бастап, бұл жол 1909 жылғы жинақ негізінде:

Қатынды алды, қитықсыз араласты,–

деген нұсқасы қайталанып келеді.

Шығарма Абайдың негізгі басылымдарына түгел енгізіліп жүр.

Орысша нұсқасы мынадай:

ДАРЫ ТЕРЕКА

Терек воет, дик и злобен,
Меж утесистых громад,
Буре плач его подобен,
Слезы брызгами летят.
Но, по степи разбегаясь,
Он лукавый принял вид
И, приветливо ласкаясь,
Морю Каспию журчит:

„Расступись, о старец-море,
Дай приют моей волне!
Погулял я на просторе,
Отдохнуть пора бы мне.
Я родился у Казбека,
Вскормлен грудью облаков,
С чуждой властью человека
Вечно спорить был готов.
Я, сынам твоим в забаву,
Разорил родной Дарьял
И валунов им на славу
Стадо целое пригнал".
Но, склонясь на мягкий берег,
Каспий стихнул, будто спит,
И опять, ласкаясь, Терек
Старцу на ухо журчит:

„Я привез тебе гостинец!"
То гостинец не простой:
С поля битвы кабардинец,
Кабардинец удалой.
Он в кольчуге драгоценной,
В налокотниках стальных;
Из Корана стих священный
Писан золотом на них.
Он угрюмо сдвинул брови,
И усов его края
Обагрила знойной крови
Благородная струя;
Взор открытый, безответный,
Полон старою враждой;
По затылку чуб заветный
Вьется черною косой".

Но, склонясь на мягкий берег,
Каспий дремлет и молчит;
И, волнуясь, буйный
Старцу снова говорит:

„Слушай, дядя: дар бесценный!
Что другие все дары?
Но его от всей вселенной
Я таил до сей поры.
Я примчу к тебе с волнами,
Труп казачки молодой,

С темно-бледными плечами,
С светло-русою косой.
Грустен лик ее туманный,
Взор так тихо, сладко спит,
А на грудь из малой раны
Струйка алая бежит.
По красотке — молодице
Не тоскует над рекой
Лишь один во всей станице
Казачина гребенской
Оседлал он вороного,
И в горах, в ночном бою,
На кинжал чеченца злого
Сложит голову свою".

Замолчал поток сердитый,
И над ним, как снег бела,
Голова с косой размытой,
Колыхаяся, всплыла.

И старик во блеске власти
Встал, могучий, как гроза,
И оделись влагой страсти
Темно-синие глаза.

Он взыграл, веселья полный,—
И в объятия свои
Набегающие волны
Принял с ропотом любви.

176) „Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз" (1898) — шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша, басқа да басылымдармен салыстырылып берілді.

М. Ю. Лермонтовтың „Выхожу один я на дорогу" деген өлеңінің аудармасы. Мазмұн, мағына жағынан ешбір өзгеріссіз, дәлме-дәл аударылған. Көлемдері де бірдей, төрт жолдық бес шумақтан. Жалғыз-ақ айырмасы — түпнұсқада әрбір шумақ цифрмен нөмірленген.

Бірінші шумақтың 2-жолы 1945 жылғы біртомдықта:

Тасты жол жарқырайды буға амалсыз,—

деп алынған екен, 1954 жылғы басылымнан бермен қарай, 1909 жылғы жинақ бойынша:

Тастақ жол жарқырайды буға амалсыз, —

деп түзетіліп басылып келеді. Бұл түпнұсқасына да жақын.

Екінші шумақтың 3-жолы 1945, 1954 жылғы басылымдарда:

Менің де мүнша қапа қысылғаным,–

болып кеткен екен, 1961 жылғы біртомдықта, 1909 жылғы жинақ пен 1910 жылғы қолжазба бойынша:

Менің не мүнша қапа қысылғаным,–

деп түзетілігті. Түпнұсқадағы мағынасына сәйкес болғандықтан, кейінгі басылымдарда осылай қайталанып келеді.

Осы шумақтың 4-жолы ілгергі басылымдарда:

Үміт пе, өкініш пе ойлағаным,–

деп беріліп келген екен, 1957 жылғы басылымда 1909 жылғы жинақ бойынша:

Үміт пе, өкініш пе ойлағаным, –

деп түзетілігті. Кейінгі басылымдарда осылай алынды.

1945, 1954 жылғы басылымдарда төртінші шумақтың 2-жолы:

Ұйқы, тыныштық, үмыту – бір дегенім,–

деп алынған екен, 1961 жылғы біртомдықта:

Ұйқы, тыныштық, үмыту – бер дегенім, –

деп өзгертілігті. Мағына жағынан дұрыс болғандықтан, кейінгі басылымдарда осы нұсқа қабылданып келеді.

Негізгі басылымдардың бәрінде де бұл өлең бар.

Орысша тексті мынадай.

1

Выхожу один я на дорогу;
Сквозь туман кремнистый путь блестит;
Ночь тиха. Пустыня внемнет богу,
И звезда с звездою говорит.

2

В небесах торжественно и чудно!
Спит земля в сиянье голубом...
Что же мне так больно и так трудно?
Жду ль чего? жалею ли о чем?

3

Уж не жду от жизни ничего я,
И не жаль мне прошлого ничуть;
Я ищу свободы и покоя!
Я б хотел забыться и заснуть!

4

Но не тем холодным сном могилы...
Я б желал навеки так заснуть,
Чтоб в груди дремали жизни силы,
Чтоб дыша вздымалась тихо грудь;

5

Чтоб всю ночь, весь день мой слух лелея,
Про любовь мне сладкий голос пел,
Надо мной чтоб, вечно зеленея,
Темный дуб склонялся и шумел.

177) Шайтан (1898) [„Мұнлы шайтан құдайдың қуған жаны“]– шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша, басқа да басылымдармен салыстырылып берілді.

М. Ю. Лермонтовтың „Демон“ атты поэмасының бастапқы екі бөлімшесінің аудармасы. Абай бұл үзіндінің жалпы мазмұнын сақтай отырып, еркін аударған. Әсіресе соңғы шумақтарында ақынның өз жанынан сөздер қосылған. Сірә, Абай мұны поэманың кейінгі шумақтарынан (Демонның Тамара алдындағы мойындауларынан) алған әсерімен және Шайтан, Ібіліс жөніндегі халық ұғымдарымен толықтырған болуы керек.

Түпнұсқадағы аталған екі бөлімнің көлемі хорей үлгісінде жазылған 8 буынды 30 жол, ал аудармада 11 буынды қара өлең үлгісімен 10 шумақ, яғни 40 жол.

Екінші шумақтың 3-жолы ілгергі басылымдарда (мәселен, 1945, 1954):

Жылы жүзбен жүлдыздар жылжып жүзіп,–

деп түзетіліпті. Кейінгі басылымдарда осылай беріліп келеді.

Алтыншы шумақтың 2-жолы 1954 жылғы екітомдықта (II том, 56-бет), Мүрсейіт қолжазбалары (1907, 1910) бойынша:

Олмес, өшпес өзіне заман жетті,–

деп өзгертілген екен. кейінгі басылымдарда, 1909 жылғы жинақ бойынша және түпнұсқадағы мағынасына сәйкес:

Өлмес, өшпес өзіне көзі жетті,–

деп қайтадан түзетіліпті. Бұл түзету де кейінгі басылымдарда қайталанып келеді.

Жетінші шумақтың 3-жолы ілгергі басылымдарда:

Алаңсыз дос таппады, сыр таппады, –

деп басылып келген екен, 1945 жылғы біртомдықта:

Алласыз дос таппады, сыр таппады,–

деп өзгертіліпті. Кейінгі жинақтарда осылай қайталанып келеді.

Аударма Абайдың негізгі басылымдарына түгел енгізілген.

ДЕМОН

Восточная повесть

ЧАСТЬ I

I

Печальный Демон, дух изгнанья,
Летал над грешною землей.
И лучших дней воспоминанья
Пред ним теснилися толпой;
Тех дней, когда в жилище света
Блистал он, чистый херувим,
Когда бегущая комета
Улыбкой ласковой привета
Любила поменяться с ним,
Когда сквозь вечные туманы,
Познанья жадный, он следил
Кочующие караваны
В пространстве брошенных светил;
Когда он верил и любил,
Счастливый первенец творенья!
Не знал ни злобы, ни сомненья,
И не грозил уму его
Веков бесплодных ряд унылый...
И много, много... и всего
Припомнить не имел он силы!

II

Давно отверженный блуждал
В пустыне мира без приюта:
Вослед за веком век бежал,
Как за минутою минута,
Однообразной чередой.
Ничтожной властвуя землей,
Он сеял зло без наслажденья.
Нигде искусству своему
Он не встречал сопротивленья –
И зло наскучило ему.

178) „Мен көрдім ұзын қайың құлағанын“ (1898) – шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша беріліп келеді. Бұл жолы да солармен және басқа басылымдармен қайта салғастырылды.

Өлең ертеректе Лермонтовтан аударма деп есептеліп келген. 1954 жылғы екітомдықта (II том, 51-бет) оның „Разбитое сердце“ деген орыс романсынан (сөзі В. А. Крыловтікі, сазы – А. Рубинштейндікі) тәржімаланғаны көрсетілді. З. А. Ахметовтың „Лермонтов и Абай“ атты кітабында (А. 1954) анықталған (35–36-беттер).

Түпнұскада төрт шумақ, 16 жол, аударманда – 11 буынды қара өлең үлгісімен бес шумақ, 20 жол. Абай орыс өлеңінің жалпы мазмұнын сақтап, негізінен дәл аударған. Тек екінші және үшінші шумақтардың орыны ауыстырылған. Ал соңғы, бесінші шумақ ақынның өз жанынан қосылған.

1909 жылғы жинақ пен кейінгі басылымдарда жекелеген сөз айырмашылықтары кездеседі.

Мәселен, үшінші шумақтың 3-жолы кейбір жинақтарда (1945, 1954):

Күн шуақты жатады қалт-күлт етіп, –

деп алынса, одан кейінгі басылымдарда, 1909 жылғы жинақ негізінде:

Күн шуаққа жылынар қалт-күлт етіп, –

болып өзгертілген. Дұрысы – осы.

Төртінші шумақтың 3-жолы 1961 жылғы және одан кейінгі басылымдарда:

Жылы жүрек суынды, жара түсті, –

деп алынған екен, бұл жолы 1909 жылғы жинақ пен 1907 жылғы қолжазба негізінде:

Жылы жүрек суыды, жара түсті, –

деп, ілгергі басылымдардағы нұсқасы қалпына келтірілді.

Бұл өлеңнің түпнұсқасы деп жорамалданып келген романстың орысша тексті мынадай:

РАЗБИТОЕ СЕРДЦЕ

Я видел березку, – сломилась она,
Верхушкой к земле преклонилась она;
Но листья не блекли на тонких ветвях,
Покамест не спряталось солнце в горах.

Я бабочку видел с разбитым крылом,
Бедняжка под солнечным грелась лучом,
Стараясь и слабость и смерть превозмочь,
Пока не настала холодная ночь.

Стрелка видел я, как он лань подстрелил,
Животное пало в крови и без сил,
Со смертью бороться оно не могло,
И жить перестало, как солнце зашло.

Ах, мне изменила подружка моя,
И солнце померкло давно для меня;
Но смерть и покой я напрасно зову –
И с сердцем разбитым живу да живу.

(Крылов В. А. Стихотворения. СПБ, 1898, стр. 165-166.).

179) Емен мен шілік (1898) [„Шілік пен емен бір күн сөйлесіпті“]– шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша, басқа да басылымдармен салыстырылып берілді.

И. А. Крыловтың „Дуб и трость“ атты мысалының аудармасы. Бұл Крыловтың 1843 жылы өзі құрастырған 9 кітаптық басылымның бірінші кітабындағы II нөмірмен берілген аударма. 1805 жылы жазылған[1]. Абай оны мазмұны мен

[1] Бұдан былай Крылов мысалдарының кітабы, рет саны, шыккан жылы сол басылымға сойкес жакша ішінде корсетіледі. Крыловтың 1954 жылы „Советский писатель“ (Л.) баспасынан Ақын кітапханасының кіші сериясында шығарылған „Мысалдары мен өлендері“ сол 1843 жылғы басылымды дәлме-дәл қайталайды – *Ред*

мағынасын сақтап, дәлме-дәл және қолтума өлендей жатық етіп аударған. Түпнұсқада 37 жол, тәржімасында – 34 жол.

1945, 1954 жылғы басылымдарда:

Аллаға неден, сорлы, жаздын депті,–

деп алынып келген бірінші шумақтың 2-жолы 1961 жылғы біртомдықта, 1909 жылғы жинақ пен қолжазбаларға сілтеме жасай отырып:

Аллаға неден жаздың, сорлы, депті, –

деп өзгертілген екен, 1957 жылғы екітомдықта сол нұсқа қайталаныпты. Ал 1977 жылғы екітомдықтың „Түсініктер" бөлімінде (2-том, 262-бет), 1933 жылғы жинақ бойынша:

Аллаға неден, сорлы, жаздың, депті,–

боп алынды, деп жазылған. Бірақ осы томның 82-бетіндегі мысалдың өз текстінде:

Аллаға, сорлы, неден жаздың депті,–

деп, енді үшінші бір нұсқа алыныпты. Сірә бұл жерде редакциялық қате кеткен болуы керек. Сондықтан бұл басылымда:

Аллаға неден, сорлы, жаздың депті, –

деген нұсқасы қалпына келтірілді.

Бұл мысалды „Емен мен Қамыс" деген тақырыппен Ахмет Байтұрсынов та еркін аударған. Көлемі 64 жол. Ал тақырыбына келетін болсақ, қазақша екі нұсқада да дәл емес. Дұрысы „Емен мен құрақ" болуы керек.

Орысша текстi мынадай:

ДУБ И ТРОСТЬ

С Тростинкой Дуб однажды в речь вошел.
„Поистине, роптать ты вправе на природу",–
Сказал он,– воробей, и тот тебе тяжел.
Чуть легкий ветерок подернет рябью воду,
Ты зашатаешься, начнешь слабеть
И так нагнешься спротливо,
Что жалко на тебя смотреть.
Меж тем как, наравне с Кавказом, горделиво,
Не только солнца я препятствую лучам,

Но, посмеваяся и вихрям, и грозам,
Стою и тверд и прям,
Как будто б огражден ненарушимым миром.
Тебе все бурей — мне кажется зефиром.
Хотя б уж ты в окружности росла,
Густою тению ветвей моих покрытой,
От непогод бы я быть мог тебе защитой;
Но вам в удел природа отвела
Брега бурливого Эолова владенья:
Конечно, нет совсем у ней о вас раденья". —
„Ты очень жалостлив",— сказала Трость в ответ,—
Однако не крушись: мне столько худа нет,
Не за себя я вихрей опасаюсь:
Хоть я и гнусь, но не ломаюсь:
Так бури мало мне вредят;
Едва ль не более тебе они грозят!
То правда, что еще доселе их свирепость
Твою не одолела крепость,
И от ударов их ты не склонял лица;
Но — подождем конца!"
Едва лишь это Трость сказала,
Вдруг мчится с северных сторон
И с градом, и с дождем шумящий аквилон.
Дуб держится, — к земле Тростиночка припала,
Бушует ветер, удвоил силы он,
Взревел — и вырвал с корнем вон
Того, кто небесам главой своей касался
И в области теней пятою упирался.

180) Қазаға ұрынған қара шекпен (1898) „Қорасына бір байдың"— шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша, басқа да басылымдармен салыстырылып берілді.

И. А. Крыловтың „Крестьянин в беде" (Үшінші кітап, 11 мысал, 1811) атты мысалының аудармасы. Абай мысалдың жалпы мазмұны мен мағынасын сақтап, еркін аударған. Түпнұсқадағы орыс шаруаларының аттарын алып тастаған.

Түпнұсқада 39 жол, аудармада — 56.

Тоғызыншы шумақтың 4-жолы 1954 жылғы екітомдықта (2-том, 60-бет), қолжазбаларға сілтеме жасай отырып:

„Өзіннен болды-ау",— деседі,—

деп өзгертілген екен, кейінгі басылымдарда, 1909, 1933 жылдардағы жинақтар негізінде:

Өзіннен болды,— деседі,—

деген нұсқасы қайтадан қалпына келтіріліпті.

Ахмет Байтұрсынов бұл мысалды „Сорлы болған мұжық“ деген тақырыппен бұдан да еркінірек етіп аударған.

Төменде орысша нұсқасы беріліп отыр.

КРЕСТЬЯНИН В БЕДЕ

К Крестьянину на двор
Залез осенней ночью вор;
Забрался в клеть и, на просторе,
Обшаря стены все, и пол, и потолок,
Покрал бессовестно, что мог:
И то сказать, какая совесть в воре!
Ну так, что наш мужик, бедняк,
Богатым лег, а голью встал такою,
Хоть по-миру поди с сумою;
Не дай бог никому проснуться худо так!
Крестьянин тужит и горюет,
Родню сзывает и друзей,
Соседей всех и кумовей.
„Нельзя ли“, говорит: „помочь беде моей?“
Тут всякий с мужиком толкует,
И умный свой дает совет.
Кум Карпыч говорит: „Эх, свет!
Не надобно было тебе по миру славить,
Что столько ты богат“.
Сват Климыч говорит: „Вперед, мой милый сват,
Старайся клеть к избе гораздо ближе ставить“.—
„Эх, братцы, это все не так“,
Сосед толкует Фока:
„Не то беда, что клеть далека,
Да надо на дворе лихих держать собак;
Возьми-ка у меня щенка любого
От Жучки: я бы рад соседа дорогого
От сердца наделить,
Чем их топить“.
И словом, от родни и от друзей любезных
Советов тысячу надавано полезных,
Кто сколько мог,
А делом ни один бедняжке не помог.

На свете таково ж: коль в нужду попадешься,
Отведай сунуться к друзьям:
Начнут советовать и вкось тебе, и впрямь:

А чуть о помощи на деле заикнешься,
То лучший друг
И нем и глух.

181) Жарлы бай (1898) [„Жаман үйде жалғыз шал“] — шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша, басқа да басылымдармен салыстырылып берілді.

И. А. Крыловтың „Бедный богач“ (Сегізінші кітап, IX мысал, 1828) деген мысалының аудармасы. Абай түпнұсқаның мазмұны мен мағынасын сақтап, еркін аударған. Түпнұсқада 74 жол, аудармада — 85 жол.

Екінші шумақтағы:

Обал жоқ осы байларға
Мал қызығын көрмеген.
Жақсы төсек, тәтті ас жоқ,
Жан қадірін білмеген,—

деген жолдар көптеген басылымдарда осылай алынып келген еді, бұл жолы 1909 жылғы жинақ бойынша:

Обал жоқ осы байларға,
Жан қадірін білмеген.
Тәтті тамақ, жақсы ас жоқ,
Жақсы киім кимеген, —

деп түзетілді.

Төртінші шумақтың 3-жолындағы:

Иттеніп жүріп өлмей ме,—

деген сөздер де бұл жолы 1909 жылғы жинақ бойынша:

Бүйтіп жүріп өлмей ме,—

деп өзгертілді.

Жетінші шумақтың 1-жолы 1945 жылғы біртомдықта:

Бар пайдамды тигізіп,—

болып алынған. Мүрсейіт қолжазбаларында:

Бай пайдамды тигізіп,—

деп жазылыпты. Ал 1909 жылғы жинақта:

Байлықпен пайдам тигізіп,—

деп басылған. Мағынасы жағынан дұрысырақ болғандықтан, 1954 жылғы басылымнан бері қарай осы нұсқа қайталанып келеді.

Сегізінші шумақтың 2-жолы ертеректегі басылымдарда (1945 жылға дейін):

Кіріп келді есіктен,–

деп алынған. Мүрсейіт қолжазбаларында бұл жол:

Кіріп келді тесіктен,–

деп оқылады. Орысша түпнұсқасына сәйкес дұрысы да осы. Сондықтан 1961 жылғы біртомдықтан бастап, осылай қабылданып келеді.

Онынші шумақтың 1-жолындағы бұрынғы басылымдардағы:

Сен мына бір ішінде,–

деген сөздер бұл басылымда, 1909 жылғы жинақ бойынша:

Мына біреу ішінде,–

деп өзгертілді.

Он үшінші шумақтың 1-жолы 1909 жылғы жинаққа сәйкес:

Дорбаны ол дарияға ат,–

деп түзетіліп отыр.

Он бесінші шумақ 1909 жылғы жинақ бойынша былай алынды:

Айтқанындай, дорбаға
Қолын тықты, бірді алды.
Жәнс бірі дап-дайын,
Есі шықты, таң қалды.

Жиырма бірінші шумақтың 2-жолы бірсыпыра басылымдарда:

Дарияға жүз барған, –

деп келген еді, бұл жолы Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907) бойынша:

Дарияға таман жүз барған,–

деп түзетілді.

Мысалдың соңғы шумағындағы:

Өзі де әбден жүдепті, –

деген тармақ та 1961 жылғы біртомдықтан бері қарай 1909 жылғы жинақ негізінде түзетіліп, осы нұсқада басылып келеді. Бұрын ол қолжазба бойынша:

Өзі әбден жүдепті,–

деп алынып келген-ді.

Мысал негізгі басылымдардың бәріне енгізіліп келеді.

Бұл шығарманы дәл осы тақырыппен Ахмет Байтұрсынов та еркін аударған.

Орысша тексті мынадай:

БЕДНЫЙ БОГАЧ

„Ну стоит ли богатым быть,
Чтоб вкусно никогда ни съесть, ни спить
И только деньги лишь копить?
Да и на что? Умрем, ведь все оставим.
Мы только лишь себя и мучим, и бесславим.
Нет, если б мне далось богатство на удел,
Не только бы рубля, я б тысяч не жалел,
Чтоб жить роскошно, пышно,
И о моих пирах далеко б было слышно;
Я даже делал бы добро другим.
А богачей скупых на муку жизнь похожа".
Так рассуждал Бедняк с собой самим,
В лачужке низменной, на голой лавке лежа;
Как вдруг к нему сквозь щелочку пролез,
Кто говорит – колдун, кто говорит – что бес,
Последнее едва ли не вернее:
Из дела будет то виднее,
Предстал – и начал так: „Ты хочешь быть богат,
Я слышал, для чего; служить я другу рад.
Вот кошелек тебе: червонец в нем, не боле;
Но вынешь лишь один, уж там готов другой.
Итак, приятель мой,
Разбогатеть теперь в твоей лишь воле.
Возьми ж – и из него без счету вынимай,
Доколе будешь ты доволен;

Но только знай:
Истратить одного червонца ты не волен,
Пока в реку не бросишь кошелька".
Сказал — и с кошельком оставил Бедняка.
Бедняк от радости едва не помешался;
Но лишь опомнился, за кошелек принялся,
И что ж? — Чуть верится ему, что то не сон:
Едва червонец вынет он,
Уж в кошельке другой червонец шевелится.
„Ах, пусть лишь до утра мне счастие продлится!"
Бедняк мой говорит:
„Червонцев я себе повытаскаю груду;
Так, завтра же богат я буду —
И заживу, как сибарит".
Однако ж поутру он думает другое.
„То правда", говорит: „теперь я стал богат;
Да кто ж добру не рад!
И почему бы мне не быть богаче вдвое?
Неужто лень
Над кошельком еще провесть хоть день!
Вот на дом у меня, на экипаж, на дачу;
Но если накупить могу я деревень,
Не глупо ли, когда случай к тому утрачу?
Так удержу чудесный кошелек:
Уж так и быть, еще я поговею
Один денек,
А, впрочем, ведь ложить всегда успею".
Но что ж? Проходит день, неделя, месяц, год —
Бедняк мой потерял давно в червонцах счет;
Меж тем он скудно ест и скудно пьет;
Но чуть лишь день, а он опять за ту работу.
День кончится, и, по его расчету,
Ему всегда чего-нибудь недостает.
Лишь кошелек нести сберется,
То сердце у него сожмется:
Придет к реке, — воротится опять.
„Как можно", говорит: „от кошелька отстать,
Когда мне золото рекою само льется?"
И, наконец, Бедняк мой поседел.
Бедняк мой похудел;
Как золото его, Бедняк мой пожелтел.
Уж и о пышности он более не смекает:
Он стал и слаб и хил; здоровье и покой,
Утратил все; но все дрожащею рукой
Из кошелька червонцы вон таскает.

Таскал, таскал... и чем же кончил он?
На лавке, где своим богатством любовался,
На той же лавке он скончался,
Досчитывая свой девятый миллион.

182) Есек пен бұлбұл (1898) [„Тойған есек шөпті оттап маңайдағы“]— шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша, басқа да басылымдармен салыстырылып берілді.

И. А. Крыловтың „Осел и Соловей“ (Екінші кітап, XXIII мысал, 1811) атты мысалының аудармасы.

Замандастарының айтуынша, Крылов бұл мысалды өзіне таныс бір төреге мысқыл ретінде жазған. Бірде сол терең ақынның өзі жазған және Лафонтеннен аударған бір топ мысалдарын тыңдай отырып: „Мұныңыз дұрыс екен, бірақ та сіз Иван Иванович Дмитриев сияқты неге аудармайсыз?“— депті. Сонда оған Крылов: „Қолымнан келмейді“— деп қайырған екен.

Абай мысалды мазмұнын сақтай отырып, мейлінше жатық етіп аударған. Бас жағына қысқаша сюжеттік желі енгізіп, отқа тойған есектің масайрап, есіріп келе жатқан күйін суреттеп өтеді. Түпнұсқадағы бір тармақ түйінді Абай бір шумақ өлеңмен ел аузында сақталып қалған қанатты сөзге айналдырады. Орысша нұсқасы — 29 жол, қазақшасы — 28.

Бірінші шумақтың 3-жолы 1945 жылғы біртомдықтан 1957 жылғы екітомдыққа дейін:

Қаңғырып, өлкені өрлеп келе жатып,—

деп алынып келіп, 1977 жылғы екітомдықта (2-том, 91-бет), 1939 жылғы басылым бойынша:

Тентіреп, өлкені өрлеп келе жатып, —

деп түзетілген екен. Бұл жолы бұрынғы нұсқасы қалдырылды. Үшінші шумақтың 2-жолы бұрынғы біраз басылымдарда:

Шыңғыртып, шымырлатып, сорғалатып, —

деп алынып келген еді, бұл басылымда мағынасына қарай қолжазба дәлденіп:

Шырқатып, шымырлатып, сорғалатып, —

деп түзетілді.

Ахмет Байтұрсынов бұл мысалды „Бүлбүл мен есек“ деген тақырыппен еркін аударған.

Абайдың негізгі басылымдарына енгізіліп келеді. Мысалдың орысша тексті мынадай:

ОСЕЛ И СОЛОВЕЙ

Осел увидел Соловья
И говорит ему: „Послушай-ка, дружище!
Ты, сказывают, петь великий мастерище:
Хотел бы очень я
Сам посудить, твое услышав пенье,
Велико ль подлинно твое уменье?“
Тут Соловей являть свое искусство стал:
Защелкал, засвистал
На тысячу ладов, тянул, переливался;
Но нежно он ослабевал
И томной вдалеке свирелью отдавался,
То мелкой дробью вдруг по роще рассыпался,
Внимало все тогда
Любимцу и певцу Авроры;
Затихли ветерки, замолкли птичек хоры,
И прилегли стада.
Чуть-чуть дыша, пастух им любовался
И только иногда,
Внимая Соловью, пастушке улыбался.
Скончал певец. Осел, уставясь в землю лбом,
„Изрядно“, говорит: „сказать неложно,
Тебя без скуки слушать можно;
А жаль, что незнаком
Ты с нашим петухом:
Еще б ты боле навострился,
Когда бы у него немножко поучился“.
Услыша суд такой, мой бедный Соловей
Вспорхнул и — полетел за тридевять полей.

Избави, бог, и нас от этаких судей.

183) Қарға мен бүркіт (1898) [„Қой жайылып жаздыгүн“] — шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша, басқа да басылымдармен салыстырылып берілді.

И. А. Крыловтың „Вороненок“ (Екінші кітап, XXI мысал, 1811) атты мысалының аудармасы. Түпнұсқада 36 жол, аудармада — 41. Абай мысалдың мазмұнын түгел жеткізіп, дәл аударған да, кей тұстарын кеңейтіп, өз жанынан сөздер қосқан.

Мәселен:

Сорғалап келіп ыраға
Бір козы іліп ап кетті, –

деген сөздерден кейінгі:

Құздағы кпын үяға,
Екпіні күшті ер үшін
Еңбек кылды жем үшін
Ұядағы балаға,–

деген жолдар; сондай-ақ

Бір жіпті берік бек байлап,–
Аягына жалғады, –

деген сөздер түпнұсқада жоқ.

Крылов мысалының негізгі түйінін арамзалық пен ұрлыққа қарсы бағыттаса, Абай қолдан келмес іске ұмтылған әурешілікті шенейді.

Түпнұсқа 36 жол, аударма – 41 жол.

Аударманың тақырыбы ертеректегі кейбір басылымдарда (мысалы, 1945 ж.) „Бүркіт пен қарға" деп алынып келіп, 1954 жылғы екітомдықтан кейін, 1909 жылғы жинақ пен қолжазбалар негізінде „Қарға мен бүркіт" деп түзетілген. Дұрысы да осы. Өйткені мысалда сықаққа ілініп отырған негізгі кейіпкер – қарға. Ал түпнұсқада балапан қарға (вороненок). Крылов тек соны ғана тақырып етіп алады.

Абайдың негізгі басылымдарына енгізіліп келеді.

Крылов мысалының тексті мынадай:

ВОРОНЕНОК

Орел
Из-под небес на стадо налетел
И выхватил ягненка,
А Ворон молодой вблизи на то смотрел.
Взманило это Вороненка,
Да только думает он так: „Уж брать, так брать,
А то и когти что марать!
Бывают и орлы, как видно, плоховаты,
Ну только ль в стаде что ягняты?
Вот я как захочу
Да налечу,
Так царский подлинно кусочек подхвачу!"

Тут ворон поднялся над стадом,
Окинул стадо жадным взглядом:
Из множества ягнят, баранов и овец
Высматривал, сличал и выбрал, наконец,
Барана, да какого?
Прежирного, прематерого,
Которому доброму б и волку был в подъем,
Изладясь, на него спустился
И в шерсть ему, что силы есть, вцепился.
Тогда то он узнал, что добычь не по нем.
Что хуже и всего, так на баране том
Тулуп такой был прекосматый,
Густой, всклокоченный, хохлатый,
Что из него когтей не вытеребил вон
Затейник наш крылатый
И кончил подвиг тем, что сам попал в полон.
С барана пастухи его чинненько сняли;
А чтобы он не мог летать,
Ему все крылья окарнали
И детям отдали играть.
Нередко у людей то ж самое бывает,
Коль мелкий плут
Большому плуту подражает:
Что сходит с рук ворам, за то воришек бьют.

184) Шегіртке мен құмырсқа (1898) [„Шырылдауық шегіртке“]– шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша, басқа да басылымдармен салыстырылып берілді.

И. А. Крыловтың „Стрекоза и муравей“ (Екінші кітап, XII мысал, 1808) атты мысалының аудармасы. Түпнұсқада 30 жол, аудармада – 36. Абай түпнұсқаның мазмұнын сақтап, дәл аударған. Тек тақырыбындағы инеліктің орнына шырылдауық шегірткені алған. Абай басылымдарына үнемі енгізіліп келеді.

Орысша тексті мынадай:

СТРЕКОЗА И МУРАВЕЙ

Попрыгунья Стрекоза
Лето красное пропела;
Оглянуться не успела,
Как зима катит в глаза.
Помертвело чисто поле;
Нет уж дней тех светлых боле,
Как под каждым ей листком
Был готов и стол и дом.

Все прошло: с зимой холодной
Нужда, голод настает;
Стрекоза уж не поет:
И кому же в ум пойдет
На желудок петь голодный!
Злой тоской удручена,
К Муравью ползет она:
„Не оставь меня, кум милой!
Дай ты мне собраться с силой
И до вешних только дней
Прокорми и обогрей!“ –
„Кумушка, мне странно это:
Да работала ль ты в лето?“
Говорит ей Муравей.
„До того ль, голубчик, было?
В мягких муравах у нас
Песни, резвость всякий час,
Та, что голову вскружило“, –
„А, так ты... “ – „Я без души
Лето целое все пела“. –
„Ты все пела? это дело:
Так поди же, попляши!“

185) Әншілер (1898) [„Көршіні көрші шақырды“]– шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша, басқа да басылымдармен салыстырылып берілді.

И. А. Крыловтың „Музыканты“ (Бірінші кітап, III мысал 1808) атты мысалының аудармасы. Абай түпнұсқаның мазмұнын толық жеткізе, өз оқырманына түсінікті етіп аударған. Ол үшін өз жанынан сөздер қосқан. Тақырыбын да сәл өзгерткен.

Түпнұсқада 17 жол, аудармада – 27.

Абайдың негізгі басылымдарында бар.

Орысша тексті мынадай:

МУЗЫКАНТЫ

Сосед соседа звал откушать;
Но умысел другой тут был:
Хозяин музыку любил
И заманил к себе соседа певчих слушать.
Запели молодцы: кто в лес, кто по дрова,
И у кого что силы стало.
В ушах у гостя затрещало,
И закружилась голова.
„Помилуй ты меня“, сказал он с удивлением:

„Чем любоваться тут? Твой хор
Горланит вздор!“ –
„То правда“, отвечал хозяин с умиленьем:
„Они немножечко дерут;
Зато уж в рот хмельного не берут,
И все с прекрасным поведеньем“.

А я скажу: по мне уж лучше пей,
Да дело разумей.

186) Ала қойлар (1898) [„Бір таудағы хайуанды бір арыстан“]– шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша, басқа да басылымдармен салыстырылып берілді.

И. А. Крыловтың „Пестрые овцы“ (Жетінші кітап, XXVII мысал, 1824) атты мысалынан аударма. Бұл шығарма автордың көзі тірісінде цензуралық себептермен баспа бетін көрмеген. Замандастарының топшылауынша, ақын оны Петербург университетіндегі озық ойлы профессорлар мен студенттерге қарсы қолданылған қуғындау шараларын мегзеп жазған. Ал шынында мұндағы саяси астар шеңбері одан да кең жатыр.

Абай мысалдың жалпы мазмұнын сақтай отырып, еркін аударған.

Түпнұсқада 38 жол, аудармада 11 буынды қара өлең үлгісімен 44 жол. Абай өз оқырмандарына түсінікті, жатық болуы үшін арасына аздаған сөздер қосып, кейбір жерін ықшамдап отырады. Соңғы түйінін де сәл өзгертіп, бар кінәні тек қасқырға ғана артпай, арандатқыш Түлкі мен қаныпезер Арыстанды да айыптайды.

Алтыншы шумақтың 2-жолы кейбір ілгергі басылымдарда (мәселен, 1945 ж.):

Өлтірмек боп оңай-ақ койды сығып, –

деп алынған екен, 1954 жылғы екітомдықта (2-том, 75-бет), 1909 жылғы жинақ бойынша:

Олтірмегім оңай-ақ койды сығып, –

деп түзетілген. Кейінгі басылымдарда солай алынып келеді.

Абай жинақтарының бәрінде бар.

Бұл мысалды Ахмет Байтұрсынов аударғанда, бұдан да еркінірек етіп, көлемін 16 шумаққа (64 жол) жеткізген.

Орысша тексті мынадай:

ПЕСТРЫЕ ОВЦЫ

Лев пестрых не взлюбил овец.
Их просто бы ему перевести не трудно;
Но это было бы неправосудно –
Он не на то в лесах носил венец,
Чтоб подданных душить, но им давать расправу;
А видеть пеструю овцу терпенья нет!
Как сбыть их и сберечь свою на свете славу?
И вот к себе зовет
Медведя он с Лисою на совет –
И им за тайну открывает,
Что, видя пеструю овцу, он всякий раз
Глазами целый день страдает,
И что придет ему совсем лишиться глаз,
И, как такой беде помочь, совсем не знает.
„Всесильный Лев!" – сказал, насупяся, Медведь:
„На что тут много разговоров?
Вели без дальных сборов
Овец передушить. Кому о них жалеть?"
Лиса, увидевши, что Лев нахмурил брови,
Смиренно говорит: „О, царь! наш добрый царь!
Ты, верно, запретишь гнать эту бедну тварь –
И не прольешь невинной крови.
Осмелюсь я совет иной произнести:
Дай повеленье ты луга им отвести,
Где б был обильный корм для маток
И где бы поскакать, побегать для ягняток;
А так как в пастухах у нас здесь недостаток,
То прикажи овец волкам пасти.
Не знаю, как-то мне сдается,
Что род их сам собой переведется,
А между тем пускай блаженствуют оне;
И что б ни сделалось, ты будешь в стороне".
Лисицы мнение в совете силу взяло,–
И так удачно в ход пошло, что, наконец,
Не только пестрых там овец –
И гладких стало мало.
Какие ж у зверей пошли на это толки?–
Что Лев бы и хорош, да все злодеи волки.

187) Қарға мен түлкі (1898) („Жұрт біледі, күледі") – шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары негізінде, басқа да басылымдармен салыстырылып берілді.

И. А. Крыловтың „Ворона и лисица" (Бірінші кітап, I мысал, 1807) атты мысалының аудармасы.

Абай түпнұсқаның мазмұнын толық сақтап, сәл кеңейтіңкіреп өте жатық және көркем етіп аударған. Түпнұсқада — көп буынды 26 жол, аудармада 8—9 буынды жыр үлгісімен 47 жол.

Ілгергі басылымдарда (мысалы, 1945 ж.) шығарманың тақырыбы „Түлкі мен қарға" деп алынған. 1954 жылғы және одан кейінгі жинақтарда, 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбаларына және түпнұсқаға сәйкес, „Қарға мен түлкі" деп түзетілген.

Аударманың 16-жолы 1945 жылғы біртомдықта:

Ойлап карап түр еді,—

деп алынған екен. 1954 ж. екітомдықта (2-том, 76-бет), Мүрсейіт қолжазбалары негізінде және түпнұсқаға сәйкестеліп („Да позадумалась"):

Ойланып карап түр еді,—

деп алынған. Кейінгі басылымдарда да осы нұсқа қабылданған. 1945 ж. біртомдықтың 20-жолындағы:

Жақындап барып барлады, —

деген сөздер кейінгі басылымдарда қолжазбалар негізінде:

Ептеп барып барлады, —

деп түзетілген.

1945, 1954 жылғы басылымдарда 35-жол:

Әншілігің білінді, —

деп алынған екен, кейінгі басылымдарда:

Әншілігің белгілі,—

деп, 1909 жылғы жинақ пен қолжазбалардағы нұсқасы қалпына келтірілген.

Сол басылымдарда шығарманың аяқ жағынан санағанда 6-жолы:

Қуанғаннан бүртініп,—

деген сөздер де кейінгі басылымдарда, 1909 жылғы жинақ пен қолжазбалар бойынша:

Қуанғаннан бөртініп,–

деп түзетілген.

Аударма Абай шығармаларының барлық басылымдарына енгізіліп келеді.

Ахмет Байтұрсынов нұсқасында бұл мысалдың жалпы мазмұны ғана алынып, мейлінше еркін аударылған. Соңғы түйінін автор тіпті өзінше қорытындылаған.

Орысша текстi мынадай:

ВОРОНА И ЛИСИЦА

Уж сколько раз твердили миру,
Что лесть гнусна, вредна; но только все не впрок,
И в сердце льстец всегда отыщет уголок.

Вороне где-то бог послал кусочек сыру;
На ель Ворона взгромоздясь,
Позавтракать было совсем уж собралась,
Да позадумалась, а сыр во рту держала.
На ту беду Лиса близехонько бежала;
Вдруг сырный дух Лису остановил:
Лисица видит сыр, – Лисицу сыр пленил.
Плутовка к дереву на цыпочках подходит;
Вертит хвостом. С Вороны глаз не сводит
И говорит так сладко, чуть дыша:
Голубушка, как хороша!
Ну что за шейка, что за глазки!
Рассказывать, так, право, сказки!
Какие перушки! Какой носок!
И, верно, ангельский быть должен голосок!
Спой, светик, не стыдись! Что ежели, сестрица,
При красоте такой, и петь ты мастерица,
Ведь ты б у нас была царь-птица!"
Вещуньина с похвал вскружилась голова,
От радости в зобу дыханье сперло,–
И на приветливы Лисицыны слова
Ворона каркнула во все воронье горло:
Сыр выпал – с ним была плутовка такова.

188) Қарға мен түлкі (1898) („Боқтықта талтаңдап") – шығарманың текстi Мүрсейіт қолжазбалары (1907, 1910) бойынша салыстырылып берілді.

И. А. Крыловтың жоғарыда келтірілген мысалының екінші нұсқадағы аудармасы. Абай шығарманың жалпы мазмұнын алып, мейлінше еркін аударған, тіпті өзіндік қолтума шығарма тудырған деуге болады.

Бұл нұсқа Абай шығармаларының 1940 жылы II томына (133–134-беттер) тұңғыш рет енгізілген. Содан бергі басылымдарға енгізіліп келеді.

Екі нұсқаның қайсысы бұрын жазылғаны белгісіз.

189) Бақа мен өгіз (1898) [„Қарасаң тым-ақ көп“]– шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша, басқа да басылымдармен салыстырылып берілді.

И. А. Крыловтың „Лягушка и вол“ (Бірінші кітап, VI мысал, 1807) деген мысалының аудармасы. Абай шығарманың мазмұнын алып, өзінше еркін аударған. Түпнұсқада соңында келетін түйіннің мағынасын сәл өзгертіп, басы мен аяғына екі бөлген. Сюжеттік желісіне де аздаған өзгеріс енгізген.

Түпнұсқада 17 жол, аудармада – 10 шумақ, 40 жол. Аударманың өлең өлшемі де әркелкі: кейбір шумақтары 8–7 буыннан да, кейбіреулері 6 буын болып келеді.

Аударманың төртінші шумағының 2-жолы кейбір (мәселен 1954, 1957 жылғы) басылымдарда:

Күшенді де, бүртінді,–

деп алынған екен. 1961 жылғы және одан кейінгі басылымдарда 1909 жылғы жинақ пен қолжазбалар негізінде:

Күшенді де бөртінді,–

деп түзетіліпті. Бұл жолы да солай алынды.

Жетінші шумақтың 1-жолы 1957, 1977 жылғы жинақтарда:

Күшенді кеп кіжініп,–

деп өзгертілген екен, бұл басылымда ілгерідегі жинақтар (1945, 1954) мен қолжазбалар негізінде:

Жетем деп кеп кіжініп, –

деп, бұрынғы нұсқасы қалпына келтірілді.

Осы шумақтың 3-жолы ілгергі басылымдарда:

Үлкейдім деп ісініп,–

деп алынса, 1909 жылғы жинақ пен қолжазбаларға сәйкестеліп:

Өстім ғой деп ісініп,–

деп өзгертілген.

Тоғызыншы шумақтың 1-жолы 1961 жылғы біртомдықта қолжазбалар бойынша:

Тыркыл қағып, тыпырлап,–

деп өзгертіліп, 1957 жылғы екітомдықта (2-том, 140-бет) сол күйінде қайталанған екен, 1977 жылғы екітомдықта (2-том, 106-бет) 1909, 1922 жылғы жинақтар негізінде:

Ыңқыл қағып, тыпырлап,–

деп түзетілілті. Бұл басылымдарда, сонымен бірге осы шумақтың 3-жолындағы „сытырлап" деген сөз 1909, 1922 жылғы жинақтар бойынша „шытырлап" деп алынды. Мысалдың орысша тексті мынадай:

ЛЯГУШКА И ВОЛ

Лягушка, на лугу увидевши Вола,
Затеяла сама в дородстве с ним сравняться:
Она завистлива была.
И ну топорщиться, пыхтеть и надуваться:
„Смотри-ка, квакушка, что, буду ль я с него?"
Подруге говорит: „Нет, кумушка, далеко!" –
Гляди же, как теперь раздуюсь я широко.
Ну, каково?
Пополнилась ли я?" – "Почти что ничего", –
„Ну, как теперь?" – „Все то ж". Пыхтела да пыхтела
И кончила моя затейница на том,
Что, не сравнявшися с волом,
С натуги лопнула и – околела.

Пример такой на свете не один:
И диво ли, когда жить хочет мещанин,
Как именитый гражданин,
А сошка мелкая, как знатный дворянин.

190) Піл мен қанден (1898) („Көшеде піл жетелеп біреу жүрді") – шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша, басқа да басылымдармен салыстырылып берілді.

И. А. Крыловтың „Слон и Моська“ (Үшінші кітап, IV мысал, 1808) атты мысалының аудармасы. Мазмұны өзгертілмей, дәл аударылған. Түпнұсқада 20 жол, аудармада – 6 шумақ, 30 жол. Абай бірінші шумақты 11 буынды қара өлең үлгісінде аударған да, кейінгі бес шумақта 8 буынды жыр үлгісіне ауысқан.

Мысал Абайдың барлық жинақтарына енгізіліп келеді.

Орысша текстi мынадай:

СЛОН И МОСЬКА

По улицам Слона водили,
Как видно напоказ –
Известно, что Слоны в диковинку у нас –
Так за Слоном толпы зевак ходили.
Отколе ни возьмись, навстречу Моська им.
Увидевши Слона, ну на него метаться,
И лаять, и визжать, и рваться,
Ну, так и лезет в драку с ним.
„Соседка, перестань срамиться“.
Ей шавка говорит: „тебе ль с Слоном возиться?“
Смотри, уж ты хрипишь, а он себе идет
Вперед
И лаю твоего совсем не примечает“. –
„Эх, эх!“ – ей Моська отвечает:
„Вот то-то мне и духу придает,
Что я, совсем без драки,
Могу попасть в большие забияки.
Пускай же говорят собаки:
„Ай, Моська! знать, она сильна,
Что лает на Слона!“

191) Есек (1898) [„Қырық-елу қос бір жерден“] – шығарманың текстi 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша, басқа да басылымдармен салыстырылып берілді.

Академия қорындағы Мүрсейіт қолжазбасында Крыловтан аударма делінген. Сол бойынша Абайдың барлық басылымдарына енгізіліп, аударма ретінде қабылданып келеді. Бірақ Крыловта мұндай мысал жоқ. Сірә, Абай мұны басқа бір нұсқадан алып аударған немесе естіген аңызының мазмұнын өзінше баяндап жазған болуы керек. Мысалдың мазмұнына қарағанда, ол Шығыс елдерінің бірінен келгенге ұқсайды.

Жетінші шумақтың соңғы жолы ертеректегі кейбір басылымдарда (мәселен, 1945, 1954):

Жаппарқұл мырза атанған,–

деп алынған екен, 1961 жылғы біртомдықта, 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары негізінде:

Жаппарқұл мырза аталған,–

деп түзетіліпті. Кейінгі басылымдарда да осылай алынып келеді. Сегізінші шумақтың 1-жолы соңғы кездерге дейін:

Алтын үсте жүргенде,–

деп алынып келген еді, бұл басылымда, 1909, 1922 жылғы жинақтар бойынша:

Үстінде алтын жүргенде,–

деп берілді.

192) „Есінде бар ма жас күнің" (1899) – Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. Өзі туралы, 40-бет). Өлеңде жасы елуден асып бара жатқан ақын қызықты жастық шағын еске алып, сағынышты көңіл шертіп толғайды.

Төртінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (40-бет):

... Қасиет кетті, дос кетті, –

деп басылған. 1933, 1939, 1945 жылғы жинақтарда да солай берілген. Ал, 1957 жылдан бері Мүрсейіт қолжазбаларына сүйеніп:

Махаббат кетті, дос кетті,–

деп басылып жүр. Бұл жолы да осы нұсқа алынды.

193) „Жүрегім менің қырық жамау" (1899) – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. Өзі туралы, 40-бет). Өзінің бас қайғысына арналған бұл өлеңінде: „Қиянатшыл дүниеден" торығып, дерттенген ақын терең тебіреніп қайғылы көңіл күйін толғайды.

194) „Адам бір боқ көтерген – боқтың қабы" (1899) – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (6-бөлік. Нәсихат туралы, 56-бет). Өлеңнің бастапқы шумағында адам табиғатын әдейі тұрпайылау сөздерді қолданып, сескендіре суреттейді. Адамды тәубеге келтіргісі келгендей болады.

Екінші шумағында, адам өмірі бір қалыпты тұра алмайтынын айта келіп:

Адамды сүй, Алланың хикметін сүй,
Не қызық бар өмірде онан басқа,–

дейді.

Өлеңнің екінші шумағының үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (56-бет):

Адамды сүй, Алланың хикмәтін сүй,–

деп басылған. Ал, 1933 жылғы жинақ пен Мұрсейіт қолжазбасына сүйеніп, 1957 жылдан бері:

Адамды сүй, алланың хикметін сез, –

деп басылып келеді, осы нұсқа өзгертілген жоқ.

195) „Күшік асырап, ит еттім" (1899) – Адамның опасыздық оңбаған мінезін шенейтін, бұл бір ауыз өлең алғаш рет 1933 жылғы жинақта жарияланған (223-бет). Содан бері өзгеріссіз басылып келеді.

196) „Сүйсіне алмадым, сүймедім" (1899) – Бұл бір шумақ өлең де, алғаш рет 1933 жылғы жинақта басылған (222-бет).

197) Дүтбайға (1899) („Жылуы жоқ бойының, жылмиғаны не еткені?") – Бұл өлең де тұңғыш рет 1933 жылғы жинақта басылған (222–223-беттер). Берілген түсінікте: „Жылуы жоқ бойының, жылмиғаны не еткені?" дегенді Мұқыр болысындағы өзінің жақын досы Дүтбайға айтқан. Бұл болыс Мұқырдағы Көкшенің басты адамы болған. Артынан Абайдың Күлбадан деген әйел баласын, өз күйеуі (Дүтбайдың інісі. – Ред.) өлген соң осы ағасы Дүтбай алып, Абайға күйеу де болған. Бірақ, дос, жақын болса да мінездерін ұнатпағандықтан осылайша өлең қылған",– деген (327-бет).

198) „Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен" (1899) – Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (15-бөлік. Переводтар, 85-бет). Өлеңнің басында „Лермонтов" деген.

1933 жылғы жинақта „Лермонтовтан" деп аталып басылған (220–222-беттер). 1940 жылғы жинақта (II том) Лермонтовтан аударылған өлеңдер қатарына кірген (144-бет). Берілген түсінікте: „Бұл өлең Лермонтовтың қай өлеңінен аударылғаны белгісіз. Бұрынғы қолжазбасы мен баспаларында Лермонтов өлеңі деп келе жатқан соң сол мақұл болар дейміз",– деген (266-бет).

1945 жылғы жинақта (239-бет) бұл өлеңге берілген түсінікте: „...Бұл да Мұрсейіт қолжазбалары мен бұрынғы баспаларында „Лермонтовтан" делінген. Бірақ, дәл қай өлеңінен екені белгісіз. Тегінде, Абайдың Лермонтов

сарынымен жазған өлеңдері де аз болмауға тиіс пе деп шамалаймыз“,– деген (452-бет).

1954 жылғы жинақта (91-бет) берілген түсінікте: „... 1909 жылғы жинақ және Мүрсейіт қолжазбалары бойынша берілді. Кейбір баспаларда Лермонтовтан деп көрсетілген, бірақ Лермонтовта бұл өлеңнің оригиналы жоқ“,– деген (289-бет).

1957 жылғы және 1977 жылғы жинақта 1954 жылғы жинақтағы түсінік беріліп, Абайдың өз өлеңі ретінде басылған.

Өлеңнің бастапқы шумағының бірінші жолы 1909 жылғы кітапта (85-бет) және 1922 жылғы Қазанда шыққан жинақта (176-бет):

Нүрлы аспанға тіресіп өскенсің сен,–

деп, ал 1933 жылғы жинақта (220-бет) өзгертіліп:

Нүрлы аспанға талпынып өскенсің сен,–

деп басылған.

1940 жылғы жинақта (II том, 144-бет):

Нүрлы аспанға тырысып өскенсің сен,–

деп берілген. Осыдан кейінгі жинақтардың бәрінде 1940 жылғы жинақ бойынша басылған.

199) Жалау (1899) („Жалғыз жалау жалтылдап“) – шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша басқа да басылымдармен салыстырылып берілді.

М. Ю. Лермонтовтың „Парус“ атты өлеңінің аудармасы. Абай бұл шағын өлеңнің мазмұнын толық сақтап, жолма-жол дерліктей дәл аударған. Көлемдері мен буын сандары да бірдей. 3 шумақ, 12 жолдан. Тек тақырыбын ғана „Желкен“ деп алмай, „Жалау“ деп өзгешелеген.

Лермонтовтың бұл өлеңі тұңғыш рет ақын өлімінен кейін, 1841 жылы „Отечественные записки“ журналында жарияланған. Онда XIX ғасырдың отызыншы жыл-дарындағы озық ойлы интеллигенцияның революциялық пиғылы және Желтоқсан котерілісінен кейінгі реакция жағдайындағы олардың рухани бытыраңқылығы бейнеленген.

Ақынның тулаған теңіз толқынындағы жалғыз желкен тақырыбына салған бояулы суреті де бар. Кейінірек Лермонтов; „Біздің заманның қаһарманы“ атты романында („Княжна Мэри“ повесінің аяқ жағында) бұл тақырыпқа тағы оралады.

Бірінші шумақтың 2-жолы 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша:

Туманда, теңіз өрінде,–

деп оқылады екен, 1945 жылғы біртомдықта:

Туманды теңіз өрінде, –

деп өзгертіліпті. Мағынасы жағынан осы дұрыс болғандықтан, кейінгі басылымдарда сол нұсқа қайталанып келеді.

Екінші шумақтың 1-жолы ілгері басылымдарда (мәселен, 1945 ж.):

Ойнақтап, толқып, жел гулеп,–

деп берілген екен, 1954 жылғы екі томдықта (2-том, 92-бет) түпнұсқаның мағынасына қарай:

Ойнақтап толқын, жел гулеп,

деп түзетіліпті. Кейінгі басылымдардың бәрінде осы нұсқа қабылданған.

Өлеңнің орысша тексті мынадай:

ПАРУС

Белеет парус одинокой
В тумане моря голубом, –
Что ищет он в стране далекой?
Что кинул он в краю родном?

Играют волны, ветер свищет,
И мачта гнется и скрыпит;
Увы, – он счастия не ищет
И не от счастия бежит! –

Под ним струя светлей лазури,
Над ним луч солнца золотой: –
А он, мятежный, просит бури,
Как будто в бурях есть покой!

200) Жартас (1899) („Қонады бір күн жас бұлт") – шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша салыстырылып берілді.

М. Ю. Лермонтовтың „Утес“ атты өлеңінің аудармасы. Әрқайсысы төрт жолдан екі шумақ өлеңнің мазмұны түгел сақталып, көркем етіп аударылған. Бірлі-жарым сөз өзгешелігі болмаса, өте дәл деп айтуға болады.

1945 жылғы біртомдықта бірінші шумақтың соңғы екі жолы:

Жөнелді ертең, қалды үміт,
Көк жүзіне ойнақтап,–

деп, ал екінші шумақтың соңғы екі жолы:

„Бәрі осы-ау“ деп қыз деген
Томсарып тұрып жылапты,–

деп алыныпты. Сонсоң бұл өлеңге берілген түсінікте (452–453-беттер) „Үміт“, „Қыз“ деген сөздердің арап әрпімен көшіргенде бірінші сөздің „ұмыт“, ал екінші сөздің „қыз“ „күз“, „із“ деп оқылуы да мүмкін екені айтылады да, шығарушылардың „үміт“ пен „қызға“ тоқталғаны баян етіледі.

Ал 1954 жылғы екі томдықта (2-том, 93 және 291-беттер) бұл екі нұсқаның кисынсыз екені дәлелденіп, тиісінше „ұмыт“ және „күз“ алынғаны айтылады.

1957 жылғы екітомдықта (2-том, 145 және 248-беттер) осы нұсқа қостала тұрып, өлеңнің текстінде екінші шумақтың 3-жолы бұрынғысынша (бәлкім, баспахананың қатесі болар):

– Бәрі осы-ау, – деп қыз деген, –

нұсқасы қайталаныпты. 1977 жылғы басылымда да „ұмыт“, „күз“ деген тоқтам қабылданған.

Бұл екі жол да орысша түпнұсқада жоқ, Абайдың өз жанынан қосылған сөздер. Сондықтан оларды тек мағынасына қарап қана айыруға болады. Ал мағына жағынан келгенде, сол „ұмыт“, „күз“ деген нұсқалар дұрыс деп табылып, бұл басылымда солар қабылданды.

Өлеңнің орысша тексті мынадай:

УТЕС

Ночевала тучка золотая
На груди утеса-великана,
Утром в путь она умчалась рано,
По лазури весело играя;

Но остался влажный след в морщине
Старого утеса. Одиноко
Он стоит, задумался глубоко
И тихонько плачет он в пустыне.

201) „Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы“ (1899) — шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары негізінде, басқа да басылымдармен салыстырылып берілді.

Я. П. Полонскийдің „Сердце“ (У сердца сокровищ там много) атты өлеңінің аудармасы. Бұл өлең ең алғашқы жинақ пен қолжазбаларда Лермонтовтан аударылған деп есептеліп, бірақ нақты қай шығармасы екені мәлімсіз болып келді. Оның Полонскийден аударылғаны алғаш рет 1954 жылғы екітомдықта көрсетілген. Өлең Лермонтовтың 1891 жылғы бір жинағында жаңылыс басылған екен.

Абай бұл өлеңді түпнұсқаның мазмұнын толық сақтай отырып, өте дәл аударған. Көлемі, өлең өлшемі екеуінде де бірдей: 6 шумақ, тәржімада — 11 буынды қара өлең үлгісі. Бар айырмашылығы: түпнұсқада 3 және 6-шумақтары дәлме-дәл дерлік қайталанады. Ал аудармада 6-шумақта мазмұн аясы кеңітіліп, жаңа ой, жаңа сөздер қосылған. Сонсоң түпнұсқада бірінші жақтан айтылған ой тәржімада үшінші жақтан айтылатын жерлері бар.

1945 жылғы бір томдықта:

Қытықсыз қызықпенен бас қосканша,—

деп алынған екінші шумақтың соңғы жолы 1954 жылғы екітомдықта (2-том, 94-бет) 1909 жылғы жинаққа сілтеме жасай отырып:

Қитықсыз қызықпенен бас қосканша,—

деп түзетілген екен. Бірақ бұдан кейінгі басылымдарда (1957, 1961, 1977) ешқандай түсінік берілместен, бұрынғы „қытықсыз“ деген сөз қалпына келтіріліпті. Бұл басылымда да осы нұсқа алынды.

Үшінші шумақтың соңғы жолы ілгергі жинақтарда:

Сағымша жоқ боп кетіп түгесілмек,—

деп алынған екен, 1945 жылғы біртомдықта Мүрсейіт қолжазбасы бойынша:

Бейне сағым жоғалып түгесілмек,—

деп түзетіліпті де, 1954 жылғы екітомдықта осы түзету қайталаныпты. Ал одан кейінгі жинақтарда (1957, 1961, 1977),

тағы да ешқандай түсінік берілместен, бұрынғы: „Сағымша“ деп басталатын нұсқасы қайталаныпты.

Мағына жағынан пәлендей айырмашылығы болмағандықтан, бұл жолы да осы нұсқа қабылданып отыр.

Бесінші шумақтың 1-жолы 1945, 1954 жылғы басылымдарда:

Жүрегін пайдасы үшін жүрт үстатпақ,–

деп алынған екен, 1957 жылғы екітомдықта (2-том. 146-бет), 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары негізінде:

Жүрегін пайдасы үшін жүрт үстатпақ, –

деп түзетіліпті де, 1961, 1977 жылғы жинақтарда сол түзету қабылданыпты. Мағынасы жағынан түпнұсқаға жақын болғандықтан, бұл жолы да осы нұсқа қайталанып отыр.

Осы шумактың 2-жолында ертеректегі басылымдарда:

Кіммен өлшеп, базарға үстап сатпақ,–

деп қате жіберілген екен, 1945 жылғы біртомдықта:

Кірмен өлшеп, базарға үстап сатпақ,–

деп түзетіліпті. Содан бергі басылымдардың бәрінде осы нұсқа қайталанып келеді.

Соңғы шумактың 1-жолы ілгергі басылымдарда:

Жүрт айтқан сол ант мезгіл келсе керек,–

деп алынып келіп, 1957 жылғы екітомдықта (2-том, 146-бет), 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша:

Жүрт айтқан сол ант мезгіл, келсен керек,–

деп түзетіліпті. Бұл жолы да осы нұсқа қабылданды. Орысша тексті мынадай:

СЕРДЦЕ

У сердца сокровищ так много!
Как в море – в открытую грудь
Они так обильно от бога
Живыми струями текут.

И жаждет душа поделиться
В избытке с другой душой,
И сердцу влюбленному биться
Приволью в груди молодой.

Но что? Говорят: неизбежно
Придет, злое время, придет,
И все что люблю я так нежно,
Как призрак вдали пропадет;

И будто в груди благородной
Иссякнут живые струи,
И сердцу рассудок холодный
Предпишет законы свои.

И сердца богатства я взвешу,
На рынок пойду их менять,
Кого же я этим утешу?
Что ж будет меня утешать?

Увы! Говорят: неизбежно
Придет злое время, придет!
И все что люблю я так нежно,
Как призрак вдали пропадет!

202) „Жүрегім, нені сезесің“ (1900) — Бірінші рет 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. Өзі туралы, 40-бет). Ақын бұл өлеңінде өзінің бас қайғысын толғайды, ішкі сезім-сырын шертеді. „Әркімге тілеу қостық қой, бәрі алдамшы — саудагер“ деп, опасыздықты шенеп, күйінеді. „Кеңесерге адам жоқ“, „жалғыздықтан жаман жоқ“ деп мұңаяды.

Өлеңнің бесінші шумағының бірінші және үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (40-бет):

Досты қайдан табасың,
... Әрлі-берлі шабасың, —

деп басылған, ал 1977 жылғы жинақта:

Досты қайдан табарсың,
... Әрлі-берлі шабарсың, —

деп өзгертіліп басылған. Алғашқы нұсқа бойынша түзетілді.

203) „Көлеңке басын ұзартып“ (1900) — Алғаш 1909 жылғы жинақта басылған (3-бөлік. Өзі туралы, 38-бет). Бұл терең сырлы лирикасында ақын табиғаттың бір бейуақ кезінде,

күн батып бара жатқан шақта, көңілі де күңгірт тартып, мұңға батып, табиғатпен сырласқандай болады.

Өткен өкінішті өміріне „ой жіберіп“ толғанады. „Кім алдады, кім тоқпақ салды, соны санап“, өкінішті көңіл шерін шертеді.

204) „Көңілдің күйі тағы да“ (1900) – шығарманың тексті 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша, басқа да басылымдармен салыстырылып берілді.

М. Ю. Лермонтовтың „Измаил-Бей“ поэмасынан аударма. Абай соның кіріспесінен 12 жол алып аударған да, өз жанынан төрт жолдық тағы бір шумақ қосқан. Аударма шумақтардың мазмұны түпнұсқаға сәйкес, мағынасы дәл. Өлең өлшемі де жақын.

1954 жылғы екітомдықта осы өлеңге берілген түсінікте ілгергі басылымдарда бастапқы жол:

Көңілдің күйі тағы да, –

деп басылып келгені, ал осы басылымда 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша:

Көңіл күйі тағы да, –

болып түзетілгені айтылған. Шындығында, 2-томның 98-бетіндегі өлең текстіне ешқандай түзету жасалмаған. Өлеңнің өз тексті мен түсінік арасындағы осы алалық бұдан кейінгі 1937, 1961 жылғы басылымдарда тексерусіз, салыстырусыз қайталана берген. Ал 1977 жылғы басылымда:

Көңілдің күйі тағы да,–

деген нұсқа қайталанып, оның 1909 жылғы жинақ пен 1905, 1910 жылғы қолжазбалар бойынша берілгені айтылған. Сондықтан бұл жолы сол нұсқасы беріліп отыр.

Өлеңнің орысша түпнұсқасы мынадай:

Опять явилось вдохновенье
Душе безжизненной моей
И превращает в песнопенье
Тоску, развалину страстей.
Так посреди чужих степей,
Подруг внимательных не зная,
Прекрасный путник, птичка рая
Сидит на дереве сухом,
Блестя лазоревым крылом;
Пускай ревет, бушует вьюга...

Она поет лишь об одном,
Она поет о солнце юга!—

205) „Күнді уақыт итеріп“ (1900) — шығарманың тексті Мүрсейіт қолжазбалары бойынша берілді. Алғаш рет 1939 жылғы жинаққа енгізілген.

М. Ю. Лермонтовтың „Вечер“ атты өлеңінің аудармасы екені 1954 жылғы екітомдықта көрсетілген. Мазмұн, мағынасы жағынан түпнұсқаға өте жақын, дәлме-дәл деуге болады. Тіпті аяқ жағында Абай өлеңнің ішкі мәнін кеңейтіп, ашыңқырай түскен тәрізді. Өлшемдері де бірдей, 4 шумақ, 16 жол.

Орысша тексті мынадай:

ВЕЧЕР

Когда садится алый день
За синий край земли,
Когда туман встает, и тень
Скрывает все вдали,
Тогда я мыслю в тишине
Про вечность и любовь,
И чей-то голос шепчет мне:
Не будешь счастлив вновь.
И я гляжу на небеса
С покорною душой,
Они свершали чудеса,
Но не для нас с тобой,
Не для ничтожного глупца,
Которому твой взгляд
Дороже будет до конца
Небесных всех наград.

206) „Қуанбаңдар жастыққа“ (1901) — Алғаш рет 1909 жылғы жинақта басылған (6-бөлік. Насихат туралы. 56-бет) өлеңнің жазылу тарихы туралы Тұрағұл былайша баяндайды. „Біздің елге Ысқақ Махмұдов деген ноғай ертеректе саудамен келіп, қазақтан қыз алып, қазақ ғұрпына түсіп, қазақ сықылданып кеткен, қазақ ішінде недәуір бай болған. Құнанбай қажының балаларынан қыз алып қыз беріп құршаласып құда, құшақтасқан дос, туысқан есебінде болған. Сол Ысқақтың немерелері Сыдық, Жабиолла деген екі жасы, бозбала балалар менің әкемнің үйіне келіп отырғанда, соларға арнап: „Қуанбаңдар жастыққа“ деген өлеңді жазған“ (Тұрағұл Абайұлының „Әкем Абай туралы“ деген естелік әңгімесінен. — Ред.).

Өлеңнің он екінші жолы 1909 жылғы кітапта:

... Даңғойланып қақтыкпа,–

деп басылған, ал 1977 жылғы жинақта:

... Даңғойланып қақтыкпад,–

деп беріліпті. Алғашқы нұсқа бойынша түзетілді. Он жетінші жолы 1909 жылғы жинақта:

Арсыз, қумар болғандар
Опыр-топыр, шак-шүкка,–

деп басылса, 1977 жылғы жинақта:

Арыз (?) қумар болғандар.–

деп қате өзгертілген. Бұл да түзетілді.

207) „Ұяламын дегені көңіл үшін" (1901) – Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 29-бет). 1945 жылғы жинақта бұл өлең туралы: „Ұяламын дегені көңіл үшін" деген өлең Абайдың 1933 жылғы жинағында басылған... Одан бұрынғы баспаларында жоқ, – деп қате түсінік берілген (454-бет).

Абай бұл өлеңінде елінің мінез-құлқы бұзылып, адамшылық ар-ұяттан айырылып бара жатқан аянышты халіне күйініп тебіренеді. Елдің береке-бірлігі азайып, азып-тозғанына жаны күйіп:

Туысқаның, достарың – бәрі екі үшті
Сол себепті досыннан дүшпан күшті.
Сүйсе жалған, сүймесе аянбаған,
Бұл не деген заманға күнім түсті,–

деп, қаны қайнап, күңіренеді.

Өлеңнің екінші шумағының үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (29-бет):

... Ар мен ұят ойламай тән асырап,–

деп басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

...Ар мен ұят ойламай тәнін асырап, –

деп өзгертілген. Алғашқы нұсқаға сәйкестендірілді.

208) „Жапырағы қуарған ескі үмітпен“ (1901) — Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (6-бөлік. Нәсихат туралы, 56-бет). Бұл үш ауыз шағын өлеңінде өткен өкінішті өмірін еске алып толғанады. Өлеңнің бастапқы шумағының екінші жолы 1909 жылғы кітапта (56-бет):

Жапырағы қуарған ескі үмітпен,
Зыя ғып өмір сүріп, бос жүріппін,—

деп дұрыс басылған.

1922 жылғы Ташкентте шыққан жинақта 1909 жылғы кітап бойынша берілген және „зая“ деген сөзге:

„Зая (арабша) — зыяғ — боска, бос кету, бос өткізу, жоғалту“ деп, Халел Досмұхамедов түсінік берген (278-бет).

Ал, 1922 жылғы (Қазан, екінші басылуы) жинақта (115-бет), „зыяғ“ (зая) деген араб сөзін түсінбегендіктен болуы керек:

... Хиял ғып өмір сүріп, бос жүріппін,—

деп басылған. Бұдан кейінгі жинақтардың бәрінде (1933—1977):

... Қиял ғып өмір сүріп, бос жүріппін,—

деп, 1922 жылғы (Қазан) жинақ бойынша басылған.

Екінші шумақтың бірінші жолы 1909 жылғы кітапта (56-бет):

Ой дәурен, өмір емес бір көрген түс,—

деп басылған.

1922 жылғы (Қазан) жинақта (115-бет) және 1922 жылғы (Ташкент) жинақта (134-бет) 1909 жылғы кітап бойынша:

Ой, дәурен! Өмір емес, бір көрген түс,—

деп басылған. Бұдан кейінгі жинақтардың бәрінде 1933 (225-бет), 1939 (221-бет), 1945 (248-бет):

Ой дәурен, өмір емес, бір көрген түс,—

деп басылған.

Ал 1954 жылғы жинақта (II том, 103-бет):

Ол дәурен өмір емес, бір көрген түс, —

деп өзгертілген.

1957 жылғы жинақта (239-бет) әуелгі нұсқасы бойынша:

Ой, дәурен өмір емес, бір көрген түс, –

деп дұрыс басылған. Бірақ тыныс белгісі дұрыс қойылмаған. Берілген түсінікте: „... Екінші шумақтың 1 жолы кейбір баспаларда:

Ол дәурен өмір емес бір көрген түс,–

деп басылып келді. Бұл жинақта:

Ой дәурен өмір емес, бір көрген түс,–

деп Мүрсейіт қолжазбаларындағы (1905, 1910) қалпы сақталды" деген (350-бет).

Ал, 1977 жылғы жинақта:

Ол дәурен өмір емес, бір көрген түс,–

деп, 1954 жылғы жинақ бойынша басылған. Берілген түсінікте: „...Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1910) бойынша жіберіліп отыр",– делінген (425-бет).

Осы соңғы басылым бойынша берілді.

209) „Осы қымыз қазаққа" (1901). Алғаш рет 1909 жылғы жинақта басылған (6-бөлік. Насихат туралы, 56-бет). Бұл өлеңнің жазылу тарихы туралы Тұрағұл: „Осы қымыз қазаққа мақтаның ба, асың ба?" деген өлеңді де сол күні, сол жерде („Қуанбандар жастыққа" өлеңі жазылған уақытты айтады. – Ред.) қымыз ішіп, қызып отырғандарға арнап жазып еді", – дейді.

Өлеңнің бесінші жолы 1909 жылғы кітапта (56-бет):

Бойына сіңіп уерт болған
Қызба бастық жасында,–

деп дұрыс басылған, „уерт" араб сөзі. 1977 жылғы жинақта:

Бойына сіңіп орт (?) болған...–

деп қате басылған.

Жетінші жолы 1909 жылғы кітапта (56-бет):

Қызылшыл семіз жаз қымыз,–

деп басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

деп өзгертілген. Бұл жолдар қалпына келтірілді.

210) „Буынсыз тілің“ (1901) – Бұл шағын өлең ең алғаш 1933 жылғы жинақта басылған (227-бет).

211) „Тоты құс түсті көбелек“ (1902) – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (5-бөлік. Ой туралы, 49-бет). Бұл шағын лирикасында табиғат құбылысы, адам өмірі және заман жайындағы ойларын толғайды.

212) „Алланың өзі де рас, сөзі де рас“ (1902) – Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (5-бөлік. Ой туралы, 49–50-беттер). Бұл шығарма – Абайдың дінге арнаған өлеңдерінің ең соңғысы. Дін туралы ойларын қорытып айтқан, түйінді пікірін білдіретін өлеңі.

Өлеңін: „Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз еш уақытта жалған болмас“ деп бастап, Аллаға шексіз сенетінін аңғартады. „Көп кітап келді Алладан, оның төрті Алланы танытуға сөз айырмас“ деп, сол келген көп кітаптың яғни кітаптың ішінен Алланы анық танытатын төрт кітап дейді. Бөліп айтып отырған төрт кітабы: „Мұса пайғамбарға келген кітап – Тәурат (Талмуд), Иса пайғамбарға келген Інжил (Евангелия), Дәуіт пайғамбарға келген – Зәбур (Псалма) және Мұхаммед пайғамбарға келген кітап – Құран.

Барлық мұсылман өзінің мұсылмандығына иман келтіріп айтатын Құранның шартты аятын атайды. Ол аят мынау:

آمَنْتُ بِاللّٰهِ وَمَلٰئِكَتِهِ وَكُتُبِهِ وَرُسُولِهِ
وَالْيَوْمِ الْآخِرِ بِالْقَدْرِ وَخَيْرِهِ وَشَرِّهِ
مِنَ اللّٰهِ تَعَالٰى وَالْبَعْثِ بَعْدَ الْمَوْتِ

Аманту билләһи. Уамалай кәтиһи. Уактубиһи. Уарслүһи. Уаляиум әлахр. Уалқадр хаире уашремін Алла тағалаһи. Уалбағз бағдал мәут.

Мағынасы: „Аллаға сендім, барлығына, жалғыздығына иландым. Және періштелеріне сендім, және кітаптарына сендім, және пайғамбарларына сендім. Соңғы күніне яғни қиямет күніне сендім.

Барша жақсылық, жамандық істер Алла тағаланың тағдырынсыз болмайтұғынына сендім. Өлгеннен соң тіріліп, сұрау беретұғынымызға сендім“.

Иманның осындай жеті шарты еске алынады.

Алланың өзгермейтінін айта келіп:

Махаббатпен жараткан адамзатты,

Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және сүй хақ жолы деп әділетті.
Осы үш сүю болады имани гүл,
Иманның асылы үш деп сен тахкыйық біл,–

дейді. Абайдың дінге нағыз нанымы, иман, адамгершілік туралы ұғымы, ой-пікірінің түйіні осы өлеңінде анық, нақты баяндалған.

Үш сүюді таратып айта келіп: „Осыларды бұзатын және үш іс бар“, – дейді.

Иманды бұзатын үш істі:

„Пайда, мақтан, әуесқой“ деп атап айтып, „содан шошы“ деп сақтандырады.

Дінге сыртпен емес, ішкі сарайыңмен, бар жан-дүниеңмен берілу керек.

Руза, намаз, зекет, хаж – талассыз іс,
Жақсы болсаң, жақсы түт бәрін тегіс, –

дей отырып, бірақ „имани гүл“– үш сүюді „бекітпей“ тұрып, ораза ұстап, намаз оқып, зекет беріп, хаж барғаның „татымды жеміс бермейді“ дейді.

„Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ...“
„Құран рас Алланың сөзідүр ол“,–

деп дінге деген сенім, нанымын тағы да бекітіп айта келіп, өлеңін:

„Алланың, пайғамбардың жолындамыз“,–

деп қорытады.

Абайдың адамгершілік зор қасиетін, ұлы гуманистігін, адамзат баласына бірдей ортақ данышпандығын осы өлеңіндегі:

„Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп“,–

деген сөзі тағы да айқындай түседі.

„Алланың өзі де рас, сөзі де рас“–

өлеңінің бірінші шумағының төртінші жолы 1909 жылғы кітапта:

...Көп кітап келді Алладан оның торті
Алланы танытуға сөз айырмас,–

(49-бет) деп басылған. Сол сияқты 1922 жылғы жинақта (Қазан 102-бет), 1922 жылғы жинақта (Ташкент, 146-бет), 1939 жылғы жинақта (226-бет), 1945 жылғы жинақта, (232-бет). 1954 жылғы (2-том) жинақта (109-бет), өлеңнің төртінші жолы, 1909 жылғы кітап бойынша:

... Алланы танытуға сөз айырмас,–

деп дұрыс басылған. Осы аталған алты басылымда бірдей дұрыс басылып келген Абай сөзі 1933 жылғы жинақта өзгертіліп:

...Алланы танытуға сөзі айырылмас,–

деп басылған. 1957 жылғы жинақта (244-бет) және 1977 жылғы жинақта (303-бет) 1933 жылғы жинақ бойынша:

... Алланы танытуға сөзі айырылмас,–

деп басылған. Біз алғашқы нұсқаны қабылдадық.

Өлеңнің екінші шумағының төртінші жолы 1909 жылғы кітапта (49-бет):

Жарлықпен ол сізләрге сызды өлар мс,–

деп басылған. Осы басылған қалпында оқып түсіну қиын. 1922 жылғы жинақта (Қазан, 102-бет):

Жарлықпен ол сіздерге, сіз оларға (?!),–

деп басылуынан да еш нәрсе түсінуге болмайды. Ал 1922 жылғы Ташкент жинағында (146-бет):

Жарлық берді ол сіздерге сөзді ұғарға,–

деп еркін түзетіліп, ұғымды етіп берілген. Бірақ, ешқандай түсіндірме берілмеген.

1933 жылғы жинақта (227-бет) 1922 жылғы (Қазан) жинақ бойынша:

Жарлықпен ол сіздерге, сіз де оларға (?!)–

деп қате басылған.

1939 жылғы жинақта (226-бет):

Жарлықпен ол сіздерге сызды оларға,–

деп, бір сөзді ғана өзгеріп, 1933 жылғы жинақ бойынша басылған.

Берілген түсініктерде бұл сөз „сізді“ деп те жазылушы еді. Мүрсейіт жазуын біз „сызды“, „жазды“ деген мағынада оқыдық (226-бет) деген.

1945 жылғы жинақта (252-бет) және 1954 жылғы жинақта:

Жарлыкпен ол сіздерге сызды оларға,–

деп, 1939 жылғы жинақ бойынша басылған.

1957 жылғы жинақта (244-бет), 1977 жылғы жинақта және 1933 жылғы жинақта қате басылған мағынасыз сөздерді қайталап:

Жарлыкпен ол сіздерге, сіз де оларға (?!) –

деп басылған.

1922 жылғы (Ташкент) жинақтағы Халел Досмұхамедовтың түзетуін Ілияс Жансүгіров те мақұлдап, 1933 жылғы жинақтағы мақаласында Абай сөзін Халелдің түзетуі бойынша:

..... Алла өзгермес, адамзат күнде өзгерер,
Жарлық берді ол сіздерге сөзді ұғарға“,–

деп келтіріпті (41-бет). Ұзақ талқылаудан кейін біз де осы нұсқаға тоқтадық.

Өлеңнің бесінші шумағы барлық басылымдарда:

Махаббатпен жараткан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті, –

деп басылып келеді.

„Абай шығармаларының текстологиясы жайында“ деген кітабында (1959) Қ. Мұхамедханов осы өлеңнің төртінші жолы туралы былай дейді: „Мәселе осы бесінші шумақтың төртінші жолындағы қателікте. Осы соңғы жолға үңіле қарасақ мағынамазмұн жағынан да, өлендік қисын жағынан да ойсырап жатыр. Абай сөзіне бөтен сөз араласып, бүлдіріп тұр. Біз өлең шумағын былайша оқысақ:

Махаббатпен жараткан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және сүй хақ жолы деп әділетті...

Сөйтіп, өлеңнің төртінші жолын осылай түзеп оқысақ, Абайдың өзіндік түпнұсқа қалпына келеді деп сенеміз. Бұлай түзеу үшін біз Абайдың өзіне сүйендік. Осы өлеңнің келесі алтыншы шумағының бастапқы екі жолын оқып көрсек те жеткілікті.

Осы үш сүю болады имани гүл,
Иманның асылы үш деп сен тәхқыйқ біл.

Мұхтар Әуезов те 1934 жылы жарияланған „Абай ақындығының айналасы" деген мақаласында осы жолдарды түзетіп келтіріпті: „...діндар көп мұсылманның бірі екенін даусыз, айқын көрсете отырып, солармен қатар:

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Жәнс сүй хак жолы деп әділетті,–

дейді (Мұхтар Әуезов, „Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер" Қазақ ССР-інің „Ғылым" баспасы, 1967 жыл, 236-бет).

Біз де осы түзетуді қабылдауды орынды санадық.

Өлеңнің оныншы шумағының бірінші жолы 1909 жылғы кітапта (50-бет), 1922 жылғы жинақтарда, Қазан (103-бет), Ташкент (147бет):

Адамдар ғибадаттан сөз қозғаған,–

деп басылған. Ал 1933 жылғы (228-бет), 1939 жылғы (227-бет), 1945 жылғы (253-бет), 1957 жылғы (245-бет) және 1977 жылғы жинақтарда:

Имамдар ғебадаттан сөз қозғаған,–

деп басылған. Осы басылымдардағы қалыптасқан сөзді өзгертуді қажет санамадық.

Осы өлең шумағының екінші жолындағы бастапқы үш сөз, 1977 жылғы жинақта:

Хүсинзон мин (?) иманды білді ойлаған,–

деп басылыпты. Дұрысы:

Хүсні заңмен иманды білді ойлаған,

Хүсні заң (арабша) – жақсы ойда болу, жақсы ой тұту деген сөз. Өлең жолы осылай түзетілді.

Он бірінші шумақтың екінші жолының ең соңғы сөзі, 1977 жылғы жинақта басылмай қалған.

„Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ,
Мүʼмин болсаң, үйреніп сен де үксап“,–

деп басылып, ақынның айтпақ ой-пікірі аяқталмағандықтан өлеңнің мазмұн-мағынасы жойылған.

Өлең жолының толық түпнұсқасы:

Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ,
Мүʼмин болсаң, үйреніп сен де үксап бақ?!–

деген болады.

213) „Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас“ (1902) – Бұл үш шумақ өлең 1909 жылғы кітапта „Алланың өзі де рас, сөзі де рас“ өлеңінің соңы ретінде бірге басылған (5-бөлік, Ой туралы, 50-бет). 1922 жылғы екі жинақта да (Қазан, 104-бет, Ташкент, 148–149-беттер) солай берілген. 1933 жылғы жинақтан бастап „Алланың өзі де рас, сөзі де рас“ өлеңінен бөлініп жеке өлең ретінде басылып келеді

1945 жылғы жинақта берілген түсіндірмеде: „...Тұраш (Тұрағұл) бұл өлеңді өз алдына бөлек сөз дейді. Сол себепті және мазмұны „Алланың өзі де рас, сөзі де рас“ дегенге сай келмегендіктен 1933 жылдан бері бұл өлең өз алдына бөлек басылып жүр“ деген (455-бет).

Өлеңнің екінші шумағының үшінші жолы 1909 жылғы жинақтан бастап, 1945 жылғы жинаққа дейінгі барлық жинақтарда:

„Ар мен үят сенбесе озге қылық...“ –

деп басылып келген, 1957 жылғы және 1977 жылғы жинақтарда „сенбесе“ деген сөз өзгертіліп:

„Ар мен үят сынбаса (?) озге қылық...“–

деп басылған.

1977 жылғы жинақта: „... Екінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы жинақ бойынша:

Ар мен үят сенбесе өзге қылық,–

деп басылып келіп еді.

Соңғы басылымда: „Бұл жолы 1905, 1907 жылдардағы Мүрсейіт қолжазбалары негізінде:

Ар мен ұят сынбаса, өзге қылық,–

деп алынды" деген (427-бет) түсіндірме берілген.

214) „Асау той, тентек жиын, опыр-топыр" (1902) – шығарма тексті 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша, басқа да басылымдармен салыстырылып берілді.

М. Ю. Лермонтовтың „На буйном пиршестве задумчив он сидел" деген өлеңінің аудармасы. Абай жалпы мазмұнын сақтап, еркін аударған. Өз жанынан қосқан сөздері де бар. Түпнұсқада 12, аудармада – 16 жол.

Лермонтов өлеңі ақынның көзі тірісінде жарияланбаған. Алғаш рет „Казот" деген тақырыппен 1857 жылы „Современник" журналында басылған.

Бұл – аяқталмаған шығарма. Оның мазмұны француз жазушысы Лагарптың ойдан шығарып айтқан бір әңгімесіне құрылған. Онда монархист жазушы Ж. Казоттың (1792 жылы өлім жазасына кесілген) өмірінде болған оқиға деп, осы өлеңнің мазмұнына ұқсас бір жәйт баяндалады. Әңгіменің революциялық сарыны өз табиғатына жақын болғандықтан, Лермонтов оны өлеңіне арқау етіп алған.

Абай жинақтарының бәрінде басылып келеді.

Орысша тексті мынадай:

На буйном пиршестве задумчив он сидел
Один, покинутый безумными друзьями,
И в даль грядущую, закрытую пред нами,
Духовный взор его смотрел.

И помню я, исполнены печали
Средь звона чаш, и криков, и речей,
И песен праздничных, и хохота гостей
Его слова пророчески звучали.

Он говорил: ликуйте, о друзья!
Что вам судьбы дряхлеющего мира?..
Над вашей головой колеблется секира,
Но что ж!.. из вас один ее увижу я.
. . . . . .

215) „Жалын мен оттан жаралып" (1903) – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 30-бет).

Абай өлерден бір жыл бұрын жазған терең сырлы, тамаша көркем шағын лирикасында ақындық өнердің – „Қуаты күшті нұрлы сөздің" ерекше қасиетін толғайды.

Өлеңін табиғаттың құдіретті қуатын:

Жалын мен оттан жаралып,
Жарқылдап Рәгид жайды айдар,–

деп Күннің күркіреуін сипаттаудан бастайды. Күн күркіреп жаңбыр жауғаннан кейінгі көрікті көрініс:

Жасарып шығып гүл жайнар, –

деп суреттеп, сонымен қатар, табиғаттың адамды мерт қылатын қаһарлы күші – нажағайды:

Жайына бірсу келсе кез,
Белгілі жұмыс – сор қайнар,–

деп сипаттайды. Одан кейін өлеңнің қасиетін сипаттауға көшкенде: „Қуаты күшті нұрлы сөз“ деп бейнелеп суреттей келіп, өлеңнің қуатын табиғаттың күшіне теңеп, табиғатқа арнаған сипаттауын әдейі қайталап, енді өлеңге арнап:

Жалын мен оттан жаралған,
Сөзді ұғатын қайсың бар?–

дейді.

Өлеңінің соңында „Қуаты күшті нұрлы сөздің“ қадір-қасиетін білмейтін, сөзді ұқпайтын, пейілі тар, қулық-сұмдық қуған партияқор, парақор, атқамінер „көп наданды“, „ызалы жүрек, ащы тілмен“ әшкерелеп, аяусыз қатты шенейді.

„Сұм заманнан“ әбден көңілі қалып дерттенген ақын:

Несі өмір, несі жұрт,
Өңшең қырт, бас қаңғырт,–

деп ақырғы жазған шығармасын аяқтайды.

Өлеңнің бастапқы шумағының екінші жолы 1977 жылғы жинақта:

Жарқылдап Рағит жайды айдар,–

деп басылып, „Рағит“ деген сөзге:

„Дін ұғымында найзағайды, жайды билейтін, күнді күркіретуші періштенің аты“ деп түсінік берілген.

Дұрысы: „Рағит“ емес, „Рәгид“ (арабша) – күн күркіреу (гром) деген сөз. Құранның 13 сүресінде „әлрәғыд“ күн күркіреу деп аталады.

216) „Домбыраға қол соқпа, шымырлатып бір-бірлеп“. Абайдың жаңадан табылған бұл өлеңі алғаш рет 1940 жылы „Әдебиет және искусство“ журналының 9-санында жария-

ланған. Онан кейін 1945 жылғы Абай „Шығармаларының толық жинағында“ басылған (273– 274-беттер). Берілген түсінікте: „Домбыраға қол соқпа“ дейтін өлең Абайдың бұдан бұрынғы баспаларында басылған емес. Мұны 1940 жылы жазушы Қайым Мұхамедханов пен Архам Абай ауданының азаматы Рахымжан Мамырқазовтан жазып алып, Ғылым академиясына тапсырған. Және 1940 жылы „Әдебиет және искусство“ журналының 9-санында басылды, өленді – сол Қайымның қолжазбасынан алып, бұл жинаққа тұңғыш рет басып отырмыз. Жазылған жылы мәлімсіз“ (457-бет), – деп жазылған.

217) „Ойға түстім, толғандым“. Бұл өлең де алғаш рет 1945 жылы „Майдан“ журналының 2-санында жарияланған. Тұңғыш рет 1945 жылғы жинақта басылған (476-бет). Өленге берілген түсінікте былайша баяндалған:

„Ойға түстім, толғандым“ дейтін өленді жоғарғы алты өлеңмен бірге 1944 жылы Ғылым академиясына Қайым әкеп тапсырған. Бұрын баспа көрмеген. Қайымның айтуынша, бұл өлең Абай ауданының азаматы Жұмағазы Кенжебаев дегеннің аузынан жазылып алынған. Жұмағазыдан Бәткен (Сағындықов. – Ред.) деген жас ақын жазып алады екен. Бәткен мұны 1939 жылы Жұмағазының ескі кітаптарының бірінің сыртқы мұқабасына жазылып жүргенінен көшіріп алған. „Бір талай жері өшуге айналып, көмескі тартып қалған екен“ дейді Бәткен.

Өленнің аяғына „Абай“ деп жазылған екен. Қайымның қолына бұл өлең сол Бәткеннен 1940 жылдың июнь айында түскен.

Бұл өленнің ішінде мағынасы, қолдануы күмән тудыратын бір сөз бар. Ол:

– Аршып алып тастауға,
Апандағы саз емес.
Бәрі болды өзімнен,
Тәңірім салған наз емес, –

дегендегі „наз“. Мұны Қайым „наз ба екен, жоқ аза ма екен“ деп жазады. Мұхтар Әуезов „аза“ болмас па деп белгі қояды. әзірше „наз“ деп жібердік. Жазылған жылы мәлімсіз“ (458–459-беттер).

218) „Мен боламын демендер“. Бұл өлең алғаш рет 1945 жылы „Екпінді“ газетінде және „Майдан“ журналында жарияланған. Тұңғыш рет 1945 жылғы жинақта басылған (275-бет). Толық түсінік берілген. Онда: „Мен боламын демендер“ деген өленді де сол Қайым мен Архам 1940 жылы, Жаңасемейде тұратын Көкбайдың баласы Ахметқалидан (жасы 30-да) жазып алып, 1944 жылы Ғылым академиясына тапсырды. Ахметқали қазір әскерде. Ахметқалидың айтуына қарағанда бұл өленді Абай Көкбайға айтқан. Көкбай жасырақ кезінде әзіл етіп, Абайды сөйлетпек үшін:

— Жүрісім, тұрысымның бәрі Абайша,
Абайдан кем боламын мен қалайша.
Коп зәкүн, аз ғана ақыл өзімде бар,
Ашылып көкірегім кең сарайша, —

деп өлең айтыпты. Жоғарғы өлеңді Абай Көкбайдың осы сөзіне қаратып айтқан екен. Жазылған жылы белгісіз. Баспаға тұңғыш рет түсіп отыр" (458-бет).

219) „Ғалымнан надан артпас ұққанменен". Өлең алғаш рет 1945 жылы „Екпінді" газетінде (қазіргі „Семей таңы" газеті) 10-маусымдағы 116 санында және сол жылы „Майдан" журналының (Алматы) 2-санында жарияланған. Тұңғыш рет 1945 жылғы жинақта басылған (274-бет). Берілген түсінікте: „Ғалымнан надан артпас ұққанменен" дейтін бір ауыз өлең бұл жинаққа тұңғыш рет қосылып отыр. Бұл өлеңді 1940 жылы Архам Абай ауданынан тауып, Семейдегі Абай музейіне берген. Өлеңнің айтылу себебі: Тобықты ішінде Жуантаяқ, Балғожа Бақанов дейтін кісі Ғабитқан дейтін молдамен „Мұқтасардың" бір сөзіне таласып, Абайдың алдына келіпті. Сонда айтқан екен" (457-бет) деген.

220) „Түбінде баянды еңбек егін салған". Бұл өлең алғаш рет жоғарыда аталған „Екпінді" газетінде және „Майдан" журналында жарияланған. Тұңғыш рет 1945 жылғы жинақта басылған. „Түбінде баянды еңбек егін салған" дейтін бір ауыз өлең 1940 жылы Ташмұхамбет деген Семейде тұратын бір қарияның аузынан жазылып алынған. Жазып алушы — әлгі Қайым Мұхамедханов. Қайымның айтуынша бұл өлеңді Абай Тобықты Қарамырза Ташмұхамбет Бәшібаевқа қаратып айтыпты. Ол кісі өз елінен кетіп, Белағаш (казіргі Белағаш ауданы) деген жерге барып, егін салып кәсіп етеді екен. Сол кісі бір күні Абайға кездескенде, Абай осы өлеңді айтыпты. Өлең бұл жинаққа тұңғыш рет басылып отыр,— деп түсінік берілген (458-бет).

221) „Әйелің Медет қызы, аты — Ырым". Бұл өлең де алғаш рет, 1945 жылы жоғарыда аталған „Екпінді" газеті мен „Майдан" журналында жарияланған. Тұңғыш рет 1945 жылғы жинаққа енгізілген (275-бет). Берілген түсінікте: „Әйелің Медет қызы, аты — Ырым" деген бір ауыз өлең де 1940 жылы ел аузынан жазылып алынып, бұл жинаққа тұңғыш рет басылды. Жинаушы — Қайым. Архам мен Қайымның айтуынша: Абайдың замандасы Қайранбай дейтін жігіт кезінде әйеліне көңілі толмай, „әйел аламын" дегеніне қаратып айтқан екен" (458-бет) делінген.

222) „Бөстегім, құтылдың ба Көтібақтан". Бұл өлең алғаш рет 1945 жылы „Майдан" журналының 2-санында жарияланған. Тұңғыш рет 1945 жылғы жинақта басылған (275-

бет). Берілген түсінікте: „Бөстегім, құтылдың ба Көтібақтан“ деген бір ауыз өлеңді де сол Қайым мен Архам ел аузынан жазып алып, 1944 жылы Ғылым академиясына тапсырған. Қайымның айтуынша, бұл өлеңді Абай өзінің немере баласы Әубәкір (Ақылбайдың баласы. – Ред.) дегенді жұмсап, Көтібақ дейтін адамның „Бөстек“ дейтін бүркітін сұратып алған, сол құсына қаратып айтыпты. Баспаға тұңғыш рет шығып отыр“ (458-бет) – деп жазылған.

223) „Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезбек“. Бұл екі шумақ өлең тұңғыш рет 1977 жылғы жинаққа кіргізіліп (бірінші том, 316-бет), берілген түсінікте былай делінген: „Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезбек“. Өлең тексі алғаш Зейнелғабиден ибн Һәміре әл-Жауһари әл-Омскаудің (1881–1920) 1909 жылы Уфа қаласында басылған „Насихат қазакия“ деген рисоласында (трактат) жарияланған. Онда. „... ғибрат айтып, ғылым, өнер іздеу хақында мәшһүр Ибраһим Құнанбаевтың бір сөзі“ (7-бет) деген ескертумен берілген. „Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезбек“ өлеңінің ой сарыны мен өлең өрнегі жағынан алғанда Абайдың 1886 жылғы „Қартайдық, қайғы ойладық, үйқы сергек“ деген өлеңіне жақын келеді. Тіпті осы аталмыш өлеңнің бесінші шумағының екінші жолы:

Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек,–

деп берілсе, „Насихат қазақиядағы“ екінші шумақтың соңғы жолы:

Ғылым, өнер, мал таппақ, жүртқа жақпақ,–

деген жолмен ой жағынан да, сөз жағынан да үйлес шығып жатады. „Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезбек“ өлеңінің алғашқы шумағының үшінші жолындағы бір сөз толық анықталмағандықтан, оның орны көп нүктемен берілді“ (429-бет).

* * *

Бұл басылымның „Түсініктер“ бөліміне ел аузында Абайдікі деп айтылып жүрген бір топ өлең енгізілді.

„Бүркіттің сыны“ – бұл өлең 1951 жылы Мәди ақсақал жазып берген „Бүркіт сыны“ өлеңінің тағы бір нұсқасы. Бұл өлеңді Шығыс Қазақстан облысы, Самар ауданының алпыс төрт жастағы азаматы Сүлеймен Макеев, 1965 жылы, Қазақ Ғылым академиясына жіберіпті. Өлең туралы жазған түсіністемесінде: „Біздің елде Иқанбай дейтін құсбегі болды. Өзі әңгімеші, көп қиссаларды жатқа айтатын адам еді. Сол кісі: „Балам, мынау Абай ақынның бүркіт туралы өлеңі, мен айтып берейін, сен жазып

алып жатта“, – деді. Сол өленді күні бүгінге дейін ұмытпаған екем. Ғылым ордасы қарастырса, мүмкін бұл өлең Абай сөзі екендігі расталар еді. Мен өзімше және қарттардың айтуынша, өлең Абайдікі болу керек деп білемін“, – дегті.

Өленнің бұл нұсқасының көлемі тоғыз шумақ. Мәди жазып берген нұсқасы – бес шумақ болатын. Өленнің Шығыс Қазақстан облысынан табылуы – Абайдың бүркіт тұлғасын сипаттауға арналған ерекше көркем шығармасының ерте кезде өріс алып, елге кең тарап кеткенін көрсетеді. Және Иқанбай жадында сақталып қалған „Бүркіттің сыны“ Абай өленінің толығырақ нұсқасы деуге болады.

Мәди жаттаған өлең нұсқасында ұмытылып қалған шумақтарын Иқанбай нұсқасы толықтырады. Сол сияқты Иқанбай нұсқасында жоқ екі шумақ өленді, Мәди жазбасындағы екінші, үшінші шумақ өлең толықтырады.

Мәди нұсқасында өленнің бастапқы бірінші шумағы:

Көк түмсығы жұқалау, келсе жалпақ,
Мелжемді қожыр аяқ бұты талтақ,
Көз ауданы қып-қызыл, кешкіл маңдай,
Іші кең, саны жуан, өзі шалқақ,–

деп басталса, Иқанбай нұсқасында да:

Жұқалау көк түмсығы келсе жалпақ,
Мелжемді қожыр табан, бұты талтақ.
Көз ауданы шүңірек, бұты талтақ,
Кең иық, саны жуан, төсі шалқақ,–

деп басталады. Кейбір жеке сөздерінің (төрт сөз) сәл айырмашылығы болмаса, өлең шумағының мазмұны, ұйқасы, екі нұсқада да дәлме-дәл келеді.

Мәди нұсқасында өленнің төртінші шумағы:

Топшысы өлді біткен жоғарылау,
Шалғысы күйрығына барса таяу,
Ұшса үшқыр, тау басында шақырмайтын,
Бір түлкіден басқаға болмаса жау,–

деп жазылса, өленнің дәл осы шумағы Иқанбай нұсқасында екінші шумақ ретінде беріліп:

Топшысы келсе алдына жоғарылау,
Шалғысы күйрығына түрса таяу.
Көкте үшқыр, тұғырында шаңқылы жоқ,
Бір түлкіден басқаға болмаса жау,–

деп жазылған. Кейбір жеке сөздерінің сәл ғана айырмашылығы және орындары ауысып түскені болмаса, екі нұсқасында да, өлең мазмұны да, ұйқасы да дәлме-дәл келеді.

БҮРКІТТІҢ СЫНЫ

Жүқалау көк түмсығы келсе жалпақ,
Мелжемді қожыр табан, бұты талтақ,
Көз ауданы шүңірек, кешкіл маңдай,
Кең иық, саны жуан, төсі шалқақ.

Топшысы келсе алдына жоғарылау,
Шалғысы күйрығына түрса таяу.
Көкте үшқыр, түғырында шаңқылы жоқ,
Бір түлкіден басқаға болмаса жау.

Қолыннан өзі тілеп үшса самғап,
Құрғатпай қанжығаңды күнде қандап.
Дүниенің бір қызығы қыран бүркіт,
Алыстан ат терлетіп тапсаң таңдап.

Шегір көз, қанды балақ қыран бүркіт,
Бозбала, қапы калма малыңды іркіп.
Алпыс екі айлалы түлкі үстатып,
Байлансаң қандай қызық қарға сілкіп.

Қара тіл, қанжар кияк канға тоймас,
Қанша керіп түрса да алмай қоймас.
Шұбар түяқ жиренді тауып салсаң,
Ердің күнын берсең де басын жоймас.

Лып етіп етпетінен кетсе зулап,
Тым епті сыпырғанда жер бауырлап.
Жарқ етіп жақпар тастан түлкі қашса,
Шап етіп қызды үстаған бозбала нақ.

Бүлкынып, болмайын деп шайқасқандай,
Сытылып құтылмақ боп байқасқандай.
Қарандап дөң астында жатса басып,
Тар жерде екі ғашық айқасқандай.

Жібермей басып алса жүлкынғанға,
Босатпай бүре түсіп бүлкынғанда.
Бұлтартпай жұмарлап ап, илеп жатар,
Шынымен ынтасы ауып ұмтылғанда.

Көк түмсық көзге дейін қанға батып,
Үстіне аттай мініп отырғанда.
Көңілге көрмек үшін о да қызық,
Ұқсайды қыз бен жігіт қосылғанға.

„Бүркіт сыны“— Мәдидің есінде сақталып қалған өлеңдердің бірі. Мәдидің ойында сақталған осы нұсқасының өзіне қарағанда, бүркітті сипаттаудағы суреттеу тәсілі, қиыннан қисынын тауып қолданған ерекше сөз көркемдігі нағыз қыран бүркіттің тұтас тұлғасын көз алдыңа әкеледі. Өлеңнің осындай өзгеше қасиеттері бұл шығарманың Абай қаламынан туғандығын көрсетеді деп білеміз.

Көкбай ақын өзінің естелік әңгімесінде Абайдың ерекше мінездерін айта келіп:

—...Аңшылық құру, бәйгеге ат апарып қосу, палуан апарып күрестіру, қаршыға, лашын салғызу, өнерді қызықтау сияқтының барлығын да көрді, — дейді.

Және Абайдың жүйрік атқа, қыран құсқа деген ерекше құштарлық мінезін дәлелдеп көрсетіп:

— Бір жазда бес түйе беріп, бір бәйге ат алып, бес құлынды бие беріп, екінші бәйге ат алғанын көрдім,— дейді.

Абайдың осындай әдетін Мұхтар Әуезов те жазған: „...Кедейқұла“, „Айдапкелдің ақтабаны“, „Ақбас ат“ деген сияқты ірі бәйге аттарды біреуден көп төлеп, сатып алып, біреуден базыналықпен сұрап алатын, — дейді. Сол сияқты, — „Тулақтың Қарашолағы“ атанған қыран бүркітті Тулақ деген бүркітшіден он шақты қара беріп сатып алғанын да атап жазады. Сондай ат құмар атбегі, құс құмар құсбегі, бүркітші, „Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ“, „Қансонарда бүркітші шығады аңға“ сияқты тамаша көркем өлең жазған Абайдың қыран бүркітке арнап өлең жазбауы тіпті мүмкін емес.

Абай мұрасының ойсырап тұрған осы бір тұсын Мұхтар Әуезов те қалай да айтып, дәлелдеп көрсетіп жазады:

„... 1882 жылы жазылатын „Қансонардаға“ қарасақ, Абайдың анық шеберленгенін, ірі суретші және реалист ақын болғанын көреміз. Бұл өлең тұңғыш туа қалған, бірінші ғана көркем шығарма болуға мүмкін емес тәрізді. Неғылса бірталай шығармалар жазып келіп, ақындығы шыныгып, қаламы төселіп кеп тудырған шығармаға ұқсайды. „Сап, сап көңілім“ (1865—1870) мен „Қансонарданың“ арасында он-он бес жыл бойында, ақынның тағы да әр жылдарда тудырған, бізге саны белгісіз, бір топ өлеңдері болмауға мүмкін емес“,— дейді.

БҮРКІТ СЫНЫ

Көк түмсығы жұқалау, келсе жалпақ,
Мелжемді қожыр аяқ, бұты талтақ,
Көз ауданы қып-қызыл, кешкіл[1] мандай,
Іші кең, саны жуан, өзі шалқақ.

Баялы[2], құйымшақты, қауырсынды,
Құйрығы ап-ажарлы, ұзын жүнді.
Жүнді басты, шекелі, кең мандайлы,
Жапырақ жирен шуда, жалпақ қылды.

Саңғыру жүн сабалақ алқалы[3] кер,
Тақысы, бүкісі жоқ қомағай ер.
Айыр сүйек ашамай арасы кең
Болса, жақсы бұлдағы бір қарар жер.

Топшысы әлді біткен жоғарылау,
Шалғысы құйрығына барса таяу.
Ұшса үшқыр, тау басында шақырмайтын,
Бір түлкіден басқамен болмаса жау.

Қалың ерін, қара тіл, қанға тоймас,
Қанша қымбат алсаң да басын жоймас.
Жирен түяқ шұбарды тауып салсаң,
Жаза үстаса және үшып, әсте қоймас.

„Ақылды әдет жеңбегі" деп басталатын мына үш шумақ өлең:

Ақылды әдет жеңбегі,
Есер жүрттың көптігі.
Ердің еш боп еңбегі,
Шағар жаның жоқтығы.

Маңызсыз мақтан жел қолтық,
Өз сөзімшіл елер ме.
Ойланар байып ақыл жоқ
Оны адам жеңер ме?

Жаяу шалға жас қозы
Жайса тоқтау берер ме.
Иттігіне байғазы
Алмай, саған көнер ме?–

---

[1] Кешкіл мандай – мандай үсті батыңқы деген мағынада.
[2] Баялы – қауырсыны жүндірек деген сөз.
[3] Алқалы – кеуде жүнінің алқаға шұбарлығын айтады.

1951 жылы қазанның 28-і күні Семейдегі Абай музейіне тапсырылған Оразке Уақбаев деген адамның қолжазбаларынан алынды. Абай елінің, бұрынғы Шыңғыстау болысының азаматы Оразке Уақбаев 1895—1900 жылдары Абай өлендерін көшіріп жазған. Ақын өлендері араб әрпінде қаламмен үлкен дәптерге ұқыпты көшіріліп жазылған екен. Оразке 1942 жылы қайтыс болыпты. Ол өлген соң Абай өлендері жазылған дәптер қолдан-қолға көшіп, күтімсіз ұсталып, көп беттері жыртылып, жоғалған. Дәптердің аман сақталып қалған беттерінде жазылған Абайдың он үш өлеңінің ішінде ақын жинақтарына бұрын кірмей қалған және бізге мәлім көшірме қолжазбаларда кездеспейтін Абайдың екі өлеңі бар екен. Соның біреуі — „Ақылды әдет жеңбегі" деген өлең.

Ақылды әдет жеңбегі,
Есер жұрттың көптігі.
Ердің еш боп еңбегі,
Шағар жанның жоқтығы,—

деп басталатын өлеңді зер салып оқып шығып, Абайдың 1909 жылдан бастап барлық жинақтарында басылып келе жатқан бірнеше белгілі өлендерінің идеялық мазмұнын, қолданған сөздерін салыстырып қарасақ, Абай стилін айнытпай танимыз. Мысалы:

Өзің жалғыз, надан көп,
Ұқтырарсың сен не деп.
Әулекі, арсыз елге енді?

(„Келдік талай жерге енді", 1890 ж.)

Таппадым көмек өзіме,
Көп наданмен алысып.
Көнбеді ешкім сөзіме,
Әдетіне қарысып.

(„Менсінбеуші едім наданды", 1891 ж.)

Досты қайдан табасың,
Кеңесерге адам жоқ.
Әрлі-берлі шабасың,
Жалғыздықтан жаман жоқ.

Ақыл айтсаң біреуге,
Ішің еріп, сгіліп,
Ұялмас ақы тілеуге,
Бермесең қалар түңіліп.

(„Жүрегім, нені сезесің", 1900).

„Ақылды әдет жеңбегі“ өленінің мазмұны, ұйқас, ырғағы, осы келтірілген өлеңдерге дәлме-дәл келетінін көреміз.

Тереннен қозғап,
Жүректен толғап,
Буынды, бойды босатқан;
Көргіштің көңілін,
Білгіштің өмірін
Жаңғыртып, жайып жасартқан;
Жалынды, нұрлы, күшті тіл,
Сайраймын десең өзің біл.

Сөзіннің гүлін,
Шеберлік түрін
Салуға деймін мінің бар;
Дарияны түптеп,
Меруертгей үптеп,
Өткізе берер кімің бар;
Қиналма бекер, тіл мен жақ,
Көңілсіз құлақ ойға олақ.

Басында мый жоқ.
Корыққаса сый жоқ,
Екіжүзді қайда жоқ;
Тасдыйқсыз[1] иман,
Тәглимсыз[2] қылған
Тағатында[3] пайда жоқ;
Мунафик[4] мінез шыны жоқ,
Пайдадан басқа мұны жоқ.

„Тереннен қозғап, жүректен толғап“ — Бұл өлең де Оразке қолжазбасынан алынды.

Абайдың бұл өлеңі Оразкеден басқа Абай өлеңдерін көшіріп жазған бізге мәлім адамдардың қолжазбаларында жоқ.

Оразке қолжазбасында Абайдың атақты „Сегіз аяқ“ өлеңі түгел көшіріліп жазылған. Бірақ, Оразке жазбасындағы „Сегіз аяқтың“ жинақтарда басылып жүрген нұсқасынан өзгешелігі бар. Жинақтарда өлең „Алыстан сермеп“ деп басталса, Оразке қолжазбасында өлең:

---

[1] Тасдыйқ (арабша) — дұрыстығын тану, білу.
[2] Тәглим (арабша) — оқу, білім мағынасында.
[3] Тағат (арабша) — құдайға құлшылық ету.
[4] Мунафик (арабша) — екіжүзді.

„Тереңнен қозғап,
Жүректен толған...“

деп басталатын сегіз жолды, үш шумақ, жиырма төрт жол өлең жазылған. Өлеңнің үшінші шумағы:

Басында мый жоқ,
Қорыкпаса сый жоқ,
Екі жүзді қайда жоқ;
Тасдыйсыз иман,
Тәглисыз қылған,
Тағатында пайда жоқ,
Мүнафик, мінез шыны жоқ,
Пайдадан басқа мүңы жоқ,–

деп аяқталғаннан кейін: „Алыстан сермеп“,– деп жалғасып, өлең түгел жазылған.

Біз жинақтарда басылмаған өлең шумақтарын ғана келтірдік. Өлеңнің бұл шумақтарын „Сегіз аяқ“ өлеңінің алғашқы бастамасы ретінде, Абайдың өзі жазған тағы бір нұсқасы деп білеміз.

Осы айтылған пікіріміздің дұрыстығына тағы бір дәлел ретінде Мұхтар Әуезовтың бұдан алпыс жыл бұрын (1933 ж.) жазған сөзін келтірейік:

„Абайдың әдетінде, бір жазған өлеңін қайта түзеп жазып, қайтадан қарастыру машығы жоқ. Жалғыз ғана „Сегіз аяқ“ деген өлеңінің басын қайта бір түрлі қылып айтып еді деген сөз бар.

Басқа жалпы өлеңдері туралы: „Қайта жазсам, бұдан жақсырақ, толығырақ болар еді“ деп қана айтады екен“,– дейді Мұхтар Әуезов (Абай Құнанбаев. „Толық жинақ“. Қызылорда, 1933 жыл, 382-бет).

Абай „Сегіз аяқ“ деген өлеңінің басын қайта бір түрлі қылып айтып еді деп, Мұхтар тек естігенін ғана жазса, Мұхтардың сол естіген сөзін, Оразке қолжазбасы раскa шығарып, Абайдың „Сегіз аяқ“ өлеңінің басын қайта бір түрлі қылып жазғанының шын екендігіне көзімізді жеткізіп отыр.

Тағат деген не тағат хақ[1] жолында,
Мәһам[2] жандар ізденіп жүр соңында.
Хақтың жолын танымай қалтаң қағып,
Көт жуғанға мөз болған байғұс молда.

Бұл өлең 1949 жылы Мұстафа дейтін ақсақалдың аузынан жазылып алынған. Осы бір ауыз өлеңді Абайдың өз аузынан

---

[1] Хақ (арабша) – бұл жерде Алла мағынасында.

[2] Мәһам (арабша) – зор; адамшылығы зор, тыянақты деген мағынада...

естігенін Мұстафа ақсақал былай баяндап айтқан еді. Жас жігіт кезінде өз елінің (найманның) бір үлкен адамына еріп, Семей қаласында тұратын тобықтының белгілі байы, Жақия қажының үйіне қонаққа барғанын айта келіп:

– Барсақ, Абай мен Көкбай бар, үй толған қонақ екен. Мәжіліс ұзаққа созылды. Әңгімені көбінесе Абай айтады. Намаз оқитын уақыт болған кезде, Көкбай мәжілісті тастап, дәрет алып келіп, намазын оқиды. Абай әңгімесін айтып отыра береді, Көкбай тағы бір кезде дәрет алып келіп еді, Абай әңгімесін тоқтата салып, Көкбайға қарады да, қолма-қол суырып салып, бір ауыз әзіл өлең айтып жіберді. Отырған қонақтар ду күлді. Абайдың сол өлеңі әлі есімде. Тіпті ұмытарлық өлең емес, – деп Мұстафа ақсақал: „Тағат деген не тағат хақ жолында“ деп басталатын өлеңді айтып берді.

Абайдың, реті келген кезде, қолма-қол суырып салып, өлең айтып жіберетін, импровизаторлық өнері туралы Мұхтар Әуезов былай дейді: „Жасынан туыстан бойына біткен әдет бойынша, Абай біреудің орасан мінезін көргенде, ылғи қалжың, мысқыл өлең айтқыш болатын. Осындай сөздерін әр қашан өз жанында жүрген жақындарын... мазақ етіп, күліп айтады. Мысалы, Көкбайға, Қыздарға шығарған өлеңдер...“ Және Абайдың ерекше бір мінезі туралы: „Абай кісі мінін айтып, өлең шығарғыш болғанда, осы құралды еш уақытта нағыз жауына қарсы жұмсамаған, өлеңмен мысқыл қылатыны ылғи өз жақыны, өз достары болады“,– дейді Мұхтар Әуезов.

Қызғалдақтай қызықты өмір
Күні жетсе, солмай ма?
Еркін өскен ерке көңіл
Қайғы, шерге толмай ма?

Тасыған қайтып, толған солып,
Төгілер күн болмай ма?
Алтын жастық бекер болып,
Ah үрар күн болмай ма?

Ақсұңқар құс торға түсіп,
Торығар күн болмай ма?
Тарықтырып, зарықтырып,
Сарғайтпай ма сондайда?

Мен қайғыдан қан жұтқанда,
Дерттің таппай дауасын,
Жар бол сонда, жалғыз Алла,
Жан сүйгенім, қайдасың!

Осы төрт шумақ өлеңді 1944 жылы Алматыда болған кезімде, жазушы Ғабиден Мұстафин маған тапсырған еді. Машинкаға бастырған өлеңнің соңында, өз қолымен (араб әрпімен) жазып берген түсіндірмесінде:

„Бұл өлеңді Абайдікі деп, бұрынғы Спас зауытының маңындағы Сармантай, Мұрат елдері айтып жүретін. Өзінің ерекше әні бар. Мен Қасенбай Қожықұлының әнге салып айтып жүргенін көрдім. Және соның аузынан жазып алған едім.

Ғабиден Мұстафин“,—

деп жазып берген. Ғабиденнің бұл қолжазбасы менің қолымда сақтаулы.

ӨМІР

(И. С. Никитиннен)

Жазылып жатыр өмір сар даладай,
Жүріп өт, абайлап көр, қара қандай.
Жүре бер бөгелмей-ақ, бел асқан соң
Тыныштық табамын деп ойыңа алмай.

Жап-жақсы-ақ күн күркіреп, жарқылдап жай,
Күйғанда жауын үдеп тыным алмай,
Жортқанда кең далада шаттықпенен
Пар атты зымыратып салып айғай.

Уау, жәмшік! Түпкі аттың божысын тарт,
Босады ма? Қара алға, неткен үзақ.
Кеудем тынып, жүрегім бір жайлансын,
Жіберші тамылжытып әніңе сап.

Жанымды езіп орнықкан мүлде мықтап
Қасіреттен, көзімнен жас моншақтап
Төгілсін күркіреген күн астында,
Шексіз қиыр ұшалық біз шарықтап.

И. С. Никитин

ЖИЗНЬ

Жизнь раскинулась вольною степью...
Поезжай, да гляди — не плошай!
За холмов зеленеющей цепью
Ты покоя найти не желай.

Хорошо под грозою – метелью,
Хорошо под дождем проливным,
По степям бесконечном веселье,
Тройкой бешеной мчаться по ним!

Ну ж, ямщик! Пристегни коренную,
Что насупился? Вдаль погляди:
Что за ширь! Ну-ка песню родную,
Чтобы сердце заныло в груди.

Чтобы вышли проклятые слезы,
Те, что гнетом легли над душой,
Чтобы вдаль, под небесные грозы
Нам лететь бесконечно с тобой.

Бұл өленді 1944 жылы Новосибирск қаласында тұратын Өмірбек Жылқыбаев деген азамат маған жіберген еді. Ол жазған хатында өз қолында Абай өлендерінің көшірме қолжазба жинағы сақталатынын хабарлап және сол қолжазба жинағында бар, Абайдың басылып жүрген жинақтарында жоқ, Абай орыс ақыны Никитиннен аударған өлең деп, „Өмір" атты өленді жіберіпті.

Кейін зерттеп қарағанымызда, XIX ғасырдың орыс ақыны Иван Саввич Никитиннің (1824–1861) „Жизнь" деген өлеңі болып шықты. Бұл өлең И. С. Никитиннің 1948 жылы басылып шыққан „Таңдамалы шығармалар" (ГИХЛ. Москва-Ленинград) жинағының 58-бетінде жарияланған. „Жизнь" өлеңіне берілген түсініктемеде: „Жизнь". Впервые напечатан в журнале „Модный магазин". 1867. N 4, стр. 54",– деген. Және ақынның бірінші жинағы 1856 жылы, екінші жинағы 1859 жылы басылып шыққаны айтылған.

1948 жылғы жинақтағы: „Творческий путь И. С. Никитина" деп аталған мақалада: „Творчество Никитина – существенное звено в развитии русской демократической литературы", „...В 1861 году редактор „Современника" Некрасов и Добролюбов отчетливо видели, в каком направлении развивался никитинский талант", – деген.

Орыстың осындай көрнекті ақыны Никитинді Абай білген деген ойға келеміз. „Өмір" өлеңінің аудармасын орысшасымен салыстырып, қадағалап қарағанымызда, идеялық мазмұны жағынан болсын, көркемдік тұр жағынан болсын, тұпнұсқамен сайма-сай шыққан аударма деп білдік.

Никитин өлендерін қазақ тілінде аударған басқа ақын бізге мәлім емес.

БАЛАЛЫҚ ШАҚҚА

Бітпес іске туыппыз,
Жаспен көзді жуыппыз.
Есітіппіз, көріппіз.
Таныппыз да ұғыппыз.
Сүйдіріппіз, сүйіппіз,
Асығыппыз, күйіппіз,
Алшаңдаткан ананың
Әйекейін киіппіз.
Қақылдаппыз, қақсаппыз,
Сөзге талас бастаппыз.
Онан әрі өткен соң,
Кісінің еркін тасталпыз.
Еріктік қылып қалыппыз.
Еркіндік сүйіп алыппыз.
Ойынға, шуға талтақтап,
Тақылжыр болып арыппыз.
Қартаймастай коріппіз,
Қайдағы сүмға еріппіз.
Қайғысыздан картаңдық
Қуып та жетті еріксіз.

„Балалық шаққа“ өлеңі мен „Бүркіт сыны“, „Лашын мен шымшық“ деген өлеңдерді 1951 жылы тамыздың сегізі күні Семейдегі Абай музейіне арнайы келіп, өз қолымен жазып берген – Мәди Тәстембек ұлы Әбенов деген 72 жастағы ақсақал болатын[1]. Бұрынғы Семей уйезі, Айғыржол болысы, қазіргі Павлодар облысы Бесқарағай ауданы, Беген ауылының азаматы.

Абай өлеңдерін жақсы білетіндігін жазып берген түсініктемесінде Мәди былай дейді:

– Абайды білгенде, ол кісіні көрдім деп өтірік айта алмаймын. Бірақ, Абайдың өлеңдерін тіпті ерте кезден білемін. Өзінің көзі тірісінде, кітабы әлі басылып шыққаған кезде Абайдың өлеңдерін оқып жаттап алған едім“. Қазір қарап отырсам, Абайдың мен білетін өлеңдерінің бірнешеуі, не латын әрпімен шыққан томында (1933 жылғы жинақты айтады. – Ред.) не осы күнгі жүз жылдығына шығарған толық жинағында жоқ.

– Абай кітаптарында жоқ өлеңдерінен қазір ойымда қалған үш өлеңі және орыстың Надсон деген ақынынан аударған бір өлеңі. Олар менің ерте күнде жаттап, ұмытылмай сақталып келген, көнілімде жүрген документ сықылды.

– Абай өлеңдері екенін дәлелдеу үшін ол кісінің өлеңдерінің қолжазбасы ерте кезде менің қолыма түсуінің себебін баяндап, айтып беруім керек...

---

[1] Мен ол кезде Абай музейінің директоры едім. – Қ. М.

— Абайдың Ділда... деген бәйбішесі, Қазыбек бабамның немересі — Тіленші бидің баласы Алшынбайдың Түсібінің қызы. Тіленші бидің бәйбішесінен: Тоқсанбай, Алшынбай және Берді. Ал, менің туған шешем сол Тіленшінің Бердісінің қызы. Екінші шешем — Алшынбайдың Шәпи деген баласының қызы. Сондықтан Алшынбай балалары маған нағашы болып келеді.

— Ал, Абай шығармалары, өзінің қолынан шыққаннан кейін, түгел дерлік, өзінің балдыздары, Түсіп балалары: Сіләмбек, Тоғамбектерге келіп тұрушы еді. Олардан менің нағашым, Бердінің немересі, Мақанға ауысады. Мақаннан маған ауысып, түгел дерлік Абай өленін жаттап едім... деп жазады түсініктемесінде.

Мәди ақсақал:

— Енді өз қолына түскен Абай өлендерінің қолжазбалары туралы сұрағанымда: Абай өлендерінің қол-жазбаларын және басқа жазба мағлұматтарды 1930 жылға дейін сақтап келгенін, одан кейін қиын-қыстау заман туғанда, ежелгі мекен-жайын тастап, бас сауғалауға мәжбүр болған шақта, қолындағы Абай өлендерінің жазбаларын, тағы басқа жиған-тергендерін өзінің қыстауының жанына, бүлінбей сақталатын етіп, берік қоймаға қойып кеткенін, ол жер қазір апат бомбасын сынайтын полигонға айналғанын айтты.

„Балалық шаққа“ өлеңі Мәдидің жадында жақсы сақталған деуге болады. Бұл өлең Абайдың 1890 жылы жазған „Тайға міндік“, 1895 жылы жазған „Балалық өлді, білдің бе“ және 1899 жылғы „Есінде бар ма“ жастық шаққа арнаған, әрі сағыныш, әрі өкініш жырларын 45—54 жастарында жазыпты. „Балалық шаққа“ өлеңі де сол кездерде жазылған тәрізді.

ЛАШЫН МЕН ШЫМШЫҚ

Ертеменен бір лашын
Қиялай үшты киядан.
Тоят іздеп үшыпты
Қарыны ашқан соң үядан.
Шоп басынан бір шымшық
Шырқырай үшып жонелді.
Үйрек, қаздан кем кормей,
Ұшқан лашын соны ілді.
Шырылдатып шымшықты,
Шығармай ілді кияға.
Аз да болса жегелі,
Апарып қонды ұяға.
Бишара шымшық лашынға
Сонда жылап, айтты наз:
— Уайым емес өлгенім,
Толенбей қалды-ау еңбегім,

Тым болмаса емеспін
Сіз тоярлық үйрек, қаз.
Аштығына не тамақ,
Ерлігіне я атақ,
Шаһзадам, ақсүйек,
Сіз аларлық мақтан аз.
Қорек болмас жегенмен
Патша күлдың тамағын.
Жүрегіне сеп болса,
Жеші мені, қарағым.
Бойым мынау, түрім бұл,
Жарадың іскс, жаным гүл.
Шіркін аштық төремнің
Құр кірлетті-ау тырнағын!
Шымшықтың рас айтқаны,
Жегенменен тоймайды.
Пәле-ай, сондай қылды деп,
Ерлік атақ болмайды.
Әділетсіз зорлықшыл,
Бір коркытса коймайды.
Лашын сонда жеңіліп,
Қоя берді торғайды.
Біліп айтқан қызыл тіл
Жанды өлімнен қорғайды.

„Лашын мен шымшық“ — бұл да Мәди жазып берген өлең. Абай И. А. Крыловтың мысал өлеңдеріне ерекше көңіл бөліп, зерттеп оқып барып, оның мысалдарының ішінен мінез-құлық түзетуге бағытталған он екі мысал өлеңін таңдап алып, 1898 жылы емін-еркін аударғаны мәлім (1909 жылғы жинақ, 89—96-беттер). Мысал өлеңге сондай мән берген Абай өзі де мысал өлең жазбауы мүмкін емес деп ойлаймыз.

Крыловтан аударған мысалдарының бірі — „Қарға мен бүркіт“ өлеңін Абайдың өзі шығарған „Лашын мен шымшық“ мысал өлеңінің бастапқы тұсын салыстырып қарасақ, осы екі өлеңінің де бір ақынның қаламынан туғандығын айқын көреміз. „Қарға мен бүркіт“ өлеңінің аудармасы былайша басталады:

Қой жайылып жаздыкүн,
Шыккан екен ыраға.
Аспаннан бүркіт күйқылжып,
Сорғалап келіп араға,
Бір козы іліп ап кетті
Күздағы кпын үяға.
Екпіні күшті ер үшін,

Еңбек кылды жем үшін
Ұядағы балаға.

Ал енді Абайдың өзі жазған „Лашын мен шымшық“ мысал өлеңінің бас жағын оқып көрейік:

Ертеменен бір лашын,
Қиялай үшты киядан.
Тоят іздеп үшыпты,
Қарны ашқан соң үядан.
Шөп басынан бір шымшық,
Шырқырай үшып жөнелді.
Үйрек, қаздан кем көрмей,
Ұшқан лашын соны ілді.
Шырқыратып шымшықты,
Шығармай алды қияға.
Аз да болса жегелі,
Апарып қонды үяға.

„Қарға мен бүркіт“ мысалының қорытындысы (сентенция):

Азат басың болсын құл,
Қолдан келмес іске ұмтыл,–

деп түйінделсе, „Лашын мен шымшық“ мысалының қорытындысы:

Біліп айтқан қызыл тіл,
Жанды өлімнен қорғайды,–

деп түйінделіп, сөз өнерінің қуатты қасиеті мадақталады.

* * *

Бұлардан басқа да „Абайдікі“ делініп, кейін жарияланып жүрген біраз өлеңдер бар. Оларды Қ. Мұхамедханов „Абай“ журналында (1992, № 2), „Қазақ әдебиеті“ (1991, 13-желтоқсан), „Семей таңы“ (1991, 3-желтоқсан) газеттерінде жариялаған. Бұл өлеңдер – „Қызғалдақтай қызықты өмір“, „Өмір“, „Балалық шаққа“, „Бүркіт сыны“, „Лашын мен шымшық“, „Бүркіттің сыны“, „Ақылды әдет жеңбегі“, „Тереңнен қозғап, жүректен толғап“. Бұл өлеңдер әзірше жинаққа кірмеді.

„Абай жайын зерттеушілерге“ атты мақаласында М. Әуезов: „Тегінде Абай шығармасының аздығынан кенде боп жүргеніміз жоқ. Барын барша, бажайына барғыза алмаудан, зерттей алмаудан кендеміз. Және Абай өлеңдері халық ортасына жайылғалы көп заман болды. Содан бері Абайға еліктеп

жазған аты белгілі де, белгісіз де, жас та, кәрі де, ақын да, жазушы да, еркек те, әйел де көп болған. „Абай жазды өлең қыпты“ деп, жазды жырлайтын, екі жастың кездескенін жырлапты деп, соны айтатын, көңіл сырын айтатын, өмір арманын айтатын, ат пен құсты жыр ететін „өлең шығарғыштар“ көп болған. Соның көбі, әсіресе, Абай шәкірттерінен, шәкірттерінің айналасынан, молдалардан, талапкер жастардан көп шыққан-ды. Олар да Абайдың лұғатымен сөйлейді. Абайдың алған тақырыбын алады. Өздері және Абай заманына қанық, Абай өміріне өкшелес жүрген өмірдің адамдары. Бұлардың кейбір жолдары, кейбір ырғақтары Абай сөзіне ұқсап қалып отыратыны болады. Әсіресе, еліктеу деген нәрсе асыл нұсқаға түсі-түгі жағынан ұқсай бергіш болады. Міне, осындай жерлерде шын менен бұлдырдың арасын айыра алмай, өзіміз де алданып, жұртшылықты да жаңсақ хабарландырып, кейінгі зерттеушіні біржолата бөтен ізге салып, әуре-сарсаң етуіміз мүмкін“ (М. Әуезов „Абай Құнанбаев“ А. 1967, 246—247 б.)

Аталған өлеңдерді оқу үстінде Мұхтар Әуезовтің осы күдігі көңіл аландата берді. Аталған өлеңдердің көпшілігінде ұлы жазушы айтқан әлгі белгілер мол. Сондықтан оларды бұл жолғы басылымға қоспай, дегенмен олардың бар екендігін оқырмандардан жасырмай, осы „түсініктер“ бөлімінде жариялауды мақұл көрдік.

Бұл өлеңдерді тауып, жариялап жүрген автор — Қ. Мұхамедханов. Оның түсінігін де сол кісі жазды.

ПОЭМАЛАР

„ЕСКЕНДІР“ поэмасы зерттеушілердің пікірінше 1900—1902 жылдар аралығында жазылған. Қазақ әдебиеттану ғылымында Абайдың „Ескендір“ поэмасы назира түрінде Низамидің „Ескендір-намасының“ негізінде жазылған деген пікір айтылып келеді.

Соңғы жылдардағы зерттеулердің нәтижесінде ғалымдар бұл поэманың сюжеті көне дәуір ескерткіші „Талмудта“ бар екенін анықтап, Абай оны В. Жуковскийдің „Две повести“ деген өлеңі арқылы пайдаланғанын дәлелдеп шықты. (Қараңыз: С. Қасқабасов. Ескендір туралы қазақ ертегілері және Абайдың „Ескендір“ поэмасы. —“Қазақстан мектебі“ журналы, 1968, № 2, 66—70 бет; Соныкі: „Ескендір“ поэмасының сюжеттік негізі — Кіт. : „Абай тағылымы“. А., 1986, 224—237 бет; З. Ахметов. Современное развитие и традиции казахской литературы. А. А., 1978, с 75—78 т. б.).

Рас, Низамидің шығармасында Абайдың „Ескендірін“ еске түсіретін мынадай бір сюжет бар: Ескендір күн шықпайтын жақта өлмес су бар дегенді естіп, қараңғылық жеріне сапар шегеді. Өлмес суды тап деп алға Қызырды жібереді. Ол суды

табады, өзі ішеді де кетіп қалады. Қызыр келмеген соң Ескендір кері қайтады. Қайтқан жолда оған періште жолығып, кішкентай ғана тас береді де: –"Сен әлемді жаулап алдың, бірақ сенің миын әлі толған жоқ. Мына тастың құнын біл, бүкіл жаһаннан осының салмағына тең тас тап. Сенің нәпсіңді тек сол тас қана тыяды!"– дейді.

Зұлматтан шыққаннан кейін Ескендір жаңағы періште берген тасты есіне түсіріп, оның салмағын өлшемек болады да, таразы алдырып, оның бір жағына кішкентай тасты, екінші жағына қаншама үлкен тасты қойса да періште берген тас баса береді. Осы кезде алыста көрінген Қызыр: „Таразының екінші жағына бір уыс топырақ сал!"– деп кеңес береді. Сөйтсе, періште берген кішкентай тас пен бір уыс топырақтың салмағы бірдей болып шығады. Содан Ескендір өзінің миын топырақ қана толтыратынын түсінеді.

Ал, „Талмудтағы" әңгіме мынау:

„На обратном пути остановился Александр для обеда близ одного ручья. Поданную ему соленую макрель (балық – ред.) царь начал обмакивать в воду ручья – и рыба получила удивительный запах.

– Это доказывает, – сказал Александр, – что ручей этот течет из рая.

Помыв лицо свое в воде ручья, Александр направился по истокам его и дошел до врат рая.

– Отворите!– воскликнул Александр.

– Врата эти – Господни, праведники входят через них,– услышал он в ответ.

– Но я царь, и я знаменит, – сказал Александр, – дайте же какую-нибудь вещь на память.

Дали ему черепную кость. Придя в свое царство, Александр положил на одну чашу весов кость, а на другую все серебро и золото, бывшее при нем. Перевешивала кость.

– Что значит это?– спросил Александр мудрецов.

– Эта кость,– ответили мудрецы, – орбита человеческого глаза, ненасытного в жадности своей.

– Чем вы это докажете?

– Возьми горсть земли и посыпь кость.

Царь сделал так, и золото тотчас перевесило кость".

Міне, бұл әңгіме Абай „Ескендірінің" мазмұнымен бірдей. Тіпті кейбір эпизодтар мен детальдарға шейін дәлме-дәл келеді. Олар – Ескендірдің бұлаққа кездесуі, судың ерекше болуы, оған салған кепкен балықтың иісі мен дәмінің өзгеруі. Бұлақты бойлаған Ескендірдің жұмақ қақ-пасына келуі, патшаның ашу шақырып, қақпа күзетшісімен сөйлесуі, одан белгі боларлық бір нәрсе сұрауы. Қақпаның әр жағынан көз сүйегінің түсуі, ол сүйекті алтын, күміспен өлшеуі.

Көрсетілген ұқсастықтар, сөз жоқ, Абайдың „Талмудты“ оқығанын көрсетеді. Абай „Талмудқа“ В. Жуковский (1783–1832) арқылы барған, оған дәлел ретінде орыс ақынының „Две повести“ деп аталатын өлеңін айтуға болады. Оның мазмұны толығымен „Ескендірге“ сәйкес. Бұған қоса В. Жуковскийдің өз өлеңінің басында осы шығармасының сюжетін „Талмудтан“ алғанын хабарлайды. (Өз кезегінде В. Жуковский бұл өлеңін XIX ғасырдағы неміс әдебиетінің көрнекті өкілі француз Альберт фон Шамиссонын (1781–1838) „Ескендір туралы аңыз. Талмуд бойынша“ („Sage von Alexander (nach dem Talmud)“ деген көлемді өлеңінің ізімен еркін аударма тәріздетіп жазған). Демек, В. Жуковскийден оқыған әңгіменің түп-төркіні „Талмуд“ екенін білген соң Абай „Талмудты“ оқыған да, В. Жуковскийдегі әрі „Талмудтағы“ жәйттерді тарихи мәліметтермен толықтырып, өзіндік сипатпен жаңа шығарма дүниеге алып келген. Оған дәлел: Абай В. Жуковскийде жоқты „Талмудтан“, ал мұнда болмаған нәрсені, керісінше, В. Жуковскийден алған, оларға Ескендірдің өзі туралы, оның шаһары Македония, әкесі жайында мағлұмат қосқан. Сөйтіп ерте заманнан Шығыста – Фирдауси, Низами, Жәми, Науаи, Батыста – Лампрехт, Ламберу, Бернэ, Шатильонский, Шамиссо, ал Ресейде – В. Жуковский жырлаған Ескендір бейнесін Абай да сомдаған. Бірақ ол Ескендірді бұрынғы авторлардан өзгеше, басқа сипатта көрсеткен. Ежелден әділ патша, батыл жауынгер ретінде дәріптеліп келген Ескендірді Абай „мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам“, қатыгез де тойымсыз шапқыншы етіп суреттейді.

Мұхтар Әуезов: „Абайдың екінші поэмасы –„Ескендір“,– дейді. Поэманың негізі болған тақырыптың төркін-тегіне біраз шолу жасай келіп: „Шығыста Ескендір, орыс пен Еуропа елдерінің атауынша Александр – бар дүние жүзі халықтарының аңыздарында, ертегі-дастандарында ерекше орын алған адам...

– Шығыс ақындарында... әзірбайжанның атақты классигі Низами ғана өзінің „Ескендір-намасында“ бұған шейін жеткен аңыздарды теріске шығарады. Ол анық тарихтық шындық бойынша Филикустың (Филиппттің) өз баласы етіп жырлайды.

– Ескендірді, соңғы тапқан деректерімізге қарағанда, Абай Ескендір жайындағы аңызды, тұтасымен сол Низамидың „Ескендір-намасынан“ алған, – дейді.

Низамидың ең зор поэмасы „Ескендір-нама“ сансыз көп уақиғалардан, көп тарау, бөлімдерден құрылған аса бай мазмұнды дастан екенін, толып жатқан шытырман уақиғалы, күрделі сюжеттер тарайтынын баяндай келіп:

– „Ескендір-наманың“ тағы бірнеше тараулары сол Ескендірдің түн тарапына шеккен сапарына арналады. Ол сапарда Ескендір Әбулхаят суын (мәңгі тірлік беретін суды) іздеп барады.

Түн дүниесінде, ұзақ қараңғылық сапарында, сан қиыншылықтар ортасында қалың қолмен жүрген Ескендірді бастаушы

Хызыр болады. Бұлар іздеген Әбулхаят суын Хызыр жалғыз тауып, өзі ішіп, жуынып алады. Астындағы ақбоз атын да әрі суарып, әрі суға шомылдырады. Бірақ ғажайып су енді Ескендірге білдірмек болғанда, ғайып боп жоғалып кетеді. Сөйтіп, бар мұсылман аңыздарындағы мәңгі тірлік алған Хызырдың жайын Низами өз поэмасында осылайша әңгімелеп дәлелдейді.

– Сол түн тарапта жүргенде, кезу үстіндегі Ескендірге сыры, жайы мәлімсіз бір жас кездеседі. Ол жас періште деп айтылады. Сол жан Ескендірге өзгеше сыры бар кішкентай тас береді. „Кейін ойлансаң, осы тастан көп сыр көресің, ой табасың", – дейді. Түн тарапынан Ескендірдің барлық серіктері неше алуан қымбат, асыл тастар алып қайтады. Ескендірдің алғаны, жаңағы титтей тас. Кейін Ескендір өзінің ойшылдарымен бірге отырып сол тасты сарапқа салады. Тас таразыға түскенде, барлық өзге асылдың барлығын баса береді. Оның салмағына қарсы қандай қазына үйсе де бара-бар келмейді. Осы күйге қайран болған Ескендірдің қасына Хызыр келіп, бір уыс топырақты кішкене тастың үстіне тастай бергенде, тас жағы жеңілейіп, аспанға көтеріледі. Сонда Ескендір өзгеден бұрын өзі ойшылдық танытып, „топырақтан біткен топырақтан ғана тойым табады" деп, терең байлау жасайды.

– Міне, біздің білуімізше, Абай пайдаланып отырған сюжет Низами жазған „Ескендір-наманың" дәл осы тұсынан алынған. Бірақ Абай поэмасын білетіндерге мәлім, өзінше өзгертіп, өсіріп алған – дейді Мұхтар Әуезов.

– Абай Шығыс әдебиетіндегі ұлы классиктер баяндаған күйге түгел тоқтап, бағынып қалмайды. Ол аңызды өзінше, көп жағынан өмір шындығына жақындатып, реалистік стильге бұрады. Ең алдымен аңызды Еуропа тарихы мен мәдениетінен өзі білген Александр Македонский жайына қарай бейімдейді. Ескендірдің әкесі Абайда да Филипп деп аталады. Тарихтағыдай оның астанасы – Македония шәһәрі болады. Және де тарихтық дәл деректер бойынша, ертегілік Хызырдың орнына Ескендірдің тәрбиешісі болған философ Аристотель кіреді. Сөйтіп, адамдары мен олар арасындағы мінез-қатынастарға Абай тарихтық шындықты негізгі арқау етеді. Аңыздан бұрын тек кішкентай тас (Абайда кішкене көз сүйегі) және өзгеше сыры ғана сақталады.

Низами поэмасында, сол сияқты барлық Шығыс поэзиясында Ескендірді асыра дәріптеп, „даналық дәрежесіне жеткізетінін" атап айта келіп: „Ескендір Абай поэмасында дәріптелмей, сыналады. Оған ақылшы болған Аристотель өзінің әмірші патшасынан сонағұрлым биікте, анық касиет иесі боп көрсетіледі. Бұл Абайдың өзі айтатын афоризм „бақлен асқан патшадан мимен асқан қара артық" деген терең сырлы нақылға дәл келетін халдар.

— Осы айтылған жайларға қарағанда, Абайдың әкімшілікке көзқарасы бұрын мұсылман ғаламында болмаған жаңа сыншыл биік ойды танытады, — дейді.

Поэма туралы ой-пікірін қорыта келіп, жалпы композициялық құрылысын алғанда „Ескендір" Абайдың ең жақсы поэмасы. „Масғұттай" емес, — дейді. Бұнда сюжеттік құрылыс бастан-аяқ бір түйіннің айналасында топталады. Адамдарының мінездері істері арқылы біртіндеп ашылады. Соның ішінде Ескендір сияқты поэманың бас геройы шығарманың басынан аяғына шейін уақиға арқалығы болып отырады. Барлық суреттер, кездесулер мен қайшы келетін мінез, әрекеттер және түйінді ойлар — баршасы да бір Ескендірдің басына байланысты болады.

— Поэманың ең соңындағы бірнеше шумақта да Абай дидактикалық ойшыл-өсиетшілік қорытындыны Ескендірден бөлек бір жай етіп айтады. Бұнысы поэманың жоғарыда біз айтқан идеясына байланысты...

Поэманың шумағы, өлең жолдары, буын өлшеуі, қолданылатын ақындық сөздігі — бәрі де шешендік, тақтылық жағынан қарағанда Абайдың ақындық өнеріне сай келген...[1]

Үшінші шумақтың бірінші жолы 1909 жылғы кітапта (100-бет):

Сүмдыкпен ғаскер жиып қаруланды,—

деп басылған. 1977 жылғы жинақта „ғаскер" деген сөз „әскер" деп өзгертіліп берілген. Тегінде Абай заманында қолданылған сөздердің қалпын өзгертіп, қазіргі заманға бейімдеп беру дұрыс болмаса керек. Төртінші шумақтың бірінші және үшінші жолы 1909 жылғы кітапта:

Жазасыз жақын жердің бәрін шапты,
... Шапқан елдің бәрін де бодам қылып, —

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

Жазасыз жақын елдің бәрін шапты,
... Шапқан жердің (?) бәрін де бодам қылып,—

деп бұрмаланып басылып, өлеңнің мағына-мазмұнына нұқсан келтірілген.

Он сегізінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы кітапта:

... Аша алмады, қақпадан үміт үзді,—

деп дұрыс басылса, 1977 жылғы жинақта:

---

[1] Мұхтар Әуезовтың түсініктемесінен.

... Аша алмады қақпаны, үміт үзді,–

деп бұрмаланып басылған.

Он тоғызыншы шумақтың төртінші жолы 1909 жылғы кітапта:

... Бәрі де ала алмасты байқаған ғой,–

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

... Алысып ол келмесін (?) байқаған ғой,–

деп мүлдем бұрмаланып басылған.

Жиырма бесінші шумақтың екінші жолы 1909 жылғы кітапта (102-бет):

...Сыйым осы, патша, мынаны ал,–

деп дұрыс басылған „патша" деген сөзді 1977 жылғы жинақта орынсыз өрескел өзгертіп:

... Сыйым осы, ессрім, (?) мынаны ал, –

деп басқан.

Жиырма алтыншы шумақтың, екінші жолы 1909 жылғы кітапта:

Орамалды қуанып қолына алды,
Сый алдым деп халқына қайта салды,–

деп дұрыс басылса, өз орнында дәл айтылған „салды" деген сөзді 1977 жылғы жинақта „барды" деп өзгертіп басқан.

Жиырма тоғызыншы шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы кітапта:

– Таразыны апкел де, сүйекті сал,–

деп Абай сөзі дәл басылса, 1977 жылғы жинақта:

– Таразыны әкел де, сүйекті сал,–

деп өзгертіліп басылған.

Отыз бесінші шумақтың соңғы төртінші жолы 1909 жылғы кітапта (103):

Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да,
Өлсе тояр көзіне күм күйғанда,–

деп дұрыс басылса, 1977 жылғы жинақта:

деп бұрмаланып басылған.

„МАСҒҰТ“ поэмасы 1882–1903 жылдар аралығында жазылған деп саналады. Абай мұрасын зерттеген ғалымдар бұл шығарманың алғашқы бөлігі орыстың аса көрнекті жазушысы И. С. Тургеневтің „Восточная легенда“ атты әңгімесімен үндес екенін анықтап, әрі Мүрсейіттің 1907 жылғы қолжазбасындағы „Масғұттың“ тұсындағы „Тургеневтен“ деген жазуға арқа сүйеп, Абай өз поэмасының сюжетін, бір жағынан, И. Тургеневтен, екінші жағынан, Шығыс фольклорынан алған деген пікір айтады. 1970 жылдары З. Ахметов өз зерттеулерінде „Масғұттың“ Тургеневте жоқ екінші бөлігін бирма халқының ертегісінен тауып, оны Абайдың шығармасымен салыстырып, екеуінің жақындығын анықтады.

Енді Тургенев әңгімесі мен бирма ертегісінің сюжеттерін келтіреійік. И. Тургеневтің шығармасы:

Жапар (орысшада – Джиаффар) жас кезінде Бағдаттың бір көшесінде кәрі шалды қарақшылардан құтқарып алады. Шал риза болып, ертесінде базардың маңындағы бір кішігірім баққа алып барады да, өсіп тұрған ағаштан үш түсті (ақ, қызыл, сары) алманың біреуін ал дейді. Ақты алсаң – елдің бәрінен ақылды, қызылды алсаң – Ротшильд еврей сияқты бай, ал сарыны алсаң – кәрі әйелдердің сүйіктісі боласың, – дейді. Жапар сары алманы үзіп алады. Сонда шал оған: – „Дұрыс істедің – деді. Себебі сен Сүлеймендей ақылдысың, өзің де кейін байисың. Ал, мына байлығыңа, яғни кәрі әйелдерге, ешкім қызықпайды“. Содан кейін Жапар шалдан халифтің кәрі анасы қайда тұратынын сұрайды. Шал жолды көрсетеді.

Бирма ертегісінің сюжеті мынадай:

Ерте-ертеде бір елде, патша сарайында әуедегі жұлдыз бойынша алдағыны болжайтын бір данышпан болыпты. Бір күні аспандағы жұлдыздарға қарап, ол жеті күннен кейін бір сұмдық жауын болатынын біледі де, патшаға келіп: „Жеті күн бойы жаңбыр жауады. Оның суын ішкен адам ақылынан адасады“, – дейді. Патша сарайдағы ыдыстарға таза суды толтыртады. Жеті күн өткен соң жаңбыр басталады. Жеті күн жауады. Жаңбыр тоқтаған соң патша мен данышпан қалаға шықса, елдің бәрі тыр жалаңаш көшеде қыдырып жүр. Олар киімі бар бұл екеуін „жынданған“ деп қуады. Патша мен данышпан қашып сарайға келеді де, ақылдасады, содан соң жауынның суын ішеді. Сөйтіп, екеуі де жынды болады. (Қараңыз: Сказки народов Бирмы М, 1976, 263–264-б.).

Міне, Абайдың „Масғұт“ поэмасына негіз болған екі сюжет екі түрлі шығармада баяндалған. Әр қайсысы – өзінше жеке хикая. Абай екеуін қосып, бір шығармаға айналдырған, оларды өз

кейіпкерінің өміріндегі екі кезенді көрсету үшін пайдаланған. Тургеневтен алынған сюжет Масғұттың жастық шағын бейнелейді. Бірақ Абай орыс жазушысының әңгімесін сол қалпында ала салмаған, оған өзгеріс енгізген, нақты есімдер мен детальдар қосқан. Айталық, Тургеневте халифтің аты аталмайды. Абай оны Ғарон Рашид деп, Шығыс фольклорында көп айтылатын тарихи тұлғаның өзін кіргізеді. Сондай-ақ Тургеневте Жапардың қаракшылардан құтқарған адамы бір шал делінсе, Абайда ол Қыдыр болып көрсетіледі. Бұл айтылғандардан басқа да өзгерістер бар. Мысалы, Тургеневте Жапар сары алманы үзіп алса, Абайда Масғұт қызыл жемісті таңдап алады. Сөйтіп, Тургеневтің суреттеуіндегі кәрі әйелдің символын Абай жалпы әйел символы болып есептелетін қызыл түспен алмастырады. Осы қызыл түсті не себепті таңдап алғанын Масғұт Тургеневтің Жапарынан мүлде өзгеше түсіндіреді.

Ал, жоғарыда келтірілген бирма ертегісінің сюжетін Абай Масғұттың егде тартқан кезін суреттеуге пайдаланған. Бұл жолы да Абай ертегіге біраз өзгеріс енгізген. Ертегіде патша мен оның көріпкел жұлдызшы уәзірінің аты-жөні белгісіз. Абай оларға нақты есім беріп, ертегі оқиғасы атақты Ғарон Рашидтің және оның уәзірі Масғұттың басынан кешкен болып әңгімеленеді. Сондай-ақ аспаннан сұмдық жаңбыр жауатыны туралы ертегіде патшаға уәзір жұлдызға қарап айтса, Абайда бұл хабарды Масғұтқа, Ғарон Рашидке емес, Қыдыр айтады.

Жалпы, бас кейіпкердің мінез-құлқын, іс-әрекетін Абай Тургеневтен басқаша бағалайды. Мәселен, Тургеневтің әңгімесінде Жапар сары алманы жеп, сол арқылы Халифтің кәрі анасына ұнағандықтан уәзір болды деген ой жатыр. Ал, Абайдың поэмасында Масғұт өз қасиетінің арқасында емес, Қыдырдың көмегімен уәзір болады. Егер Тургеневте және ертегіде уәзір өзінің тапқырлығын немесе данышпандығын көрсетсе, Абай Масғұтты тек Қыдырға ғана арқа сүйеген адам ретінде көрсетеді. Ол ертегідей данышпан да емес, алдағыны да болжай алмайды.

Абай Масғұтқа риза емес, өйткені Масғұт қолында бар зор мүмкіндікті дұрыс пайдалана білмейді, ешнәрсенің парқына бармайды, ақылға салмайды, өмірдің ағымымен жүре береді. Өз бетімен ештеңе істемейді, біресе Қыдырдың айтуымен жүреді, біресе халифтің айтқанын істейді, біресе көптің ырқына көнеді. Абай мұндайға қарсы. Соның үшін де ол поэмасын „Ғақіл боп, көп нәрседен құр қаласың, аңдамай көп сөзімен жүріп кетсең!"— деген оймен аяқтайды. (Кеңірек қараңыз: З. Ахметов, Современное развитие и традиции казахской литературы. А. —А, 1978, стр. 62—73; С. Қасқабасов. Абай Құнанбаев — Кітапта: „Қазақ фольклористикасының тарихы. А., 1988, 187—193-б.).

„Масғұт"— 1909 жылғы кітапта басылған (17-бөлік. Әңгіме Масғұт", 98—100-беттер), көлемі отыз бір шумақ, бір жүз жиырма төрт жол өлең.

Ендігіге не сұрау бұл заманда,
Ақыл-ой, ар-намыс жоқ еш адамда.
Өлген мола, туған жер жібермейді,
Әйтпесе тұрмас еді осы манда, –

деп аяқталады.

Дастанның „Сол Масғұт халифаға уәзір болды" деп басталатын екінші бөлімі (он үш шумақ, елу екі жол өлең) 1939 жылғы жинаққа қосылған. „Масғұттың" бұл II бөлімі бұрын басылмаған" деген ғана түсінік берілген (252-бет). Екінші бөлім туралы 1945 жылғы жинақта „Нұсқасы Мүрсейіт қолжазбасынан алынған. Бұл дастан „Мың бір түн" жүйесіндегі әңгіменің бір түрі сияқты"– делінген (439-бет).

1957 жылғы жинақта бұл дастанға берілген түсінікте: „Мүрсейіттің 1907 жылғы қолжазбасында Тургеневтен деп көрсетілген.

И. С. Тургеневтің „Восточная легенда" атты қысқа әңгімесі мен „Масғұт" дастанының бірінші бөлімінің сюжеті бастан аяғына дейін дәл түсіп отырады. Бұл „Восточная легенда" мен „Масғұттың" Шығыс елінің белгілі бір сюжеті негізінде құрылғандығын анықтайды" (355-бет) дей келіп, Тургеневтің 1883 жылы жазған „Восточная легенда" әңгімесі орыс тілінде келтірілген (356–357-беттер).

Мұхтар Әуезовтің 1939 жылы шыққан „Әр жылдар ойлары" атты зерттеулер, мақалалар жинағында жарияланған Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы үлкен монографиялық зерттеу еңбегінің „Абайдың поэмалары" атты тарауында „Масғұт" дастанына арналған түсініктемесін келтірейік.

„... Бұл поэма туралы Абайдың өзі атап көрсеткен деректері жоқ. Бірақ шығарманың ішіндегі кейбір белгілерге қарағанда, бұның уақиғасы, тақырыбы Шығыс халықтарының аңызынан алынғаны байқалады.

Ең әуелі геройдың аты – Масғұт. Оның тіршілік еткен шәһәрі – Бағдат. Заманы – Һарон-Рашид халифтың тұсы. Кейбір Масғұтта кездесетін мұсылмандардың дін аңыздарында жүретін Қызыр, қазақша Қыдыр аталады. Ол сол айтылған аңыздар бойынша өлмейтін, мәңгі жасайтын жалғыз жан. Әр заманда, әр ортаның адамына оқта-текте бақ-дәулет әкелетін, ырыс үлестіруші болады. Міне сөйтіп, осы аталған белгі, деректердің бәріне қарап, біз Абай поэмасының негізі Шығыс аңызынан алынған дейміз.

Жалғыз-ақ Абай осы аңызды өзінің адамгершілік үгітіне мысал етіп, өзіндік ойларын тарату жөнінде үлкен кәдеге жаратады.

Ақынды шығарманың ішінде қызықтыратын бір-ақ геройдың – Масғұттың ғана жайы. Сол Масғұтты бірнеше ерекше халдерге, уақиғаларға ұшыратып барып, Абай оған үлкен

сапалы адамгершіліктің қасиеттерін бітірмек болады. Бұл жағынан қарағанда, Масғұт қай заманның адамына болса да, Абайдың ұғымынша үлгі боларлық, жоғары дәрежедегі ұжданды адам (нравственная личность).

Өзі үгіттеп жүрген жақсы жастардың өз заманындағы мінез-құлқына, адамгершілігіне Масғұтты үлгі етеді. Масғұт қандай боп танылады? Ол ақылдылықтан қашады. Байлықтан қашады. Соның екеуін де сынап, талғап отырып, жиреніп шығады. Сол Масғұттың ақылдан қашуы — Абайдың өз басындағы, өз ортасындағы күйге аса жақын келеді. Ол көп айтатын шерлі уайымы бойынша, көп наданның арасындағы бір жалғыздың халін қандай трагедиялық, ауыртпалық хал деп отыр. Масғұтқа Абай сол өз басының аянышты күйін айтқызып отыр. Байлық турасында сөйлегенде де, Масғұт Абай заманындағы байлық аздырып жүрген байдың өзін де және оның қоршау-қошаметтерін де сынайды. Кейін Масғұт қызыл жемісті алғанда, жеңсікшіл, нәсіпқұмар көп жастың жолынан жырақ шығады. Ол әйелді, ең алдымен, адамзаттың қақ жарымы деп түсінеді. Әйелдің достығын ерекше қадір тұтады. Адам баласына дос боламын деген үлкен адамгершілік талапты өз өмірінің мақсаты етіп қояды. Ер жынысы мен әйел жынысы адамдық алдында терең дәрежеде бағаланады. Осы ойлардың барлығы да біз тексеріп өткен Абай шығармаларында ақынның өзі көп үгітпен көркем жырлар, терең ойлар тудырған тақырыптары емес пе еді?

Ендеше, Масғұт аузыменен Абай өз заманындағы, өз ортасында қанықты болған жайларды айтады. Үлкен гуманист ақын сол өзі тартпақ болған моральдық философиясын жаңа түрде шартты мазмұнға байланыстырып ұсынып отыр...".

„Масғұт" поэмасын сөз еткенде, М. Әуезовтің осы шығармаға айтқан сын пікірлерін де есте ұстаған жөн. Мәселе бұл жерде сол айтылған сынды қолдау немесе қолдамауда емес. Біз үшін маңыздысы — М. Әуезов Абай поэмасының кемшіліктері деп көрсеткен кейбір ерекшеліктерді ой көзімен барлап, байыппен түсіне білу.

М. Әуезовтің пікірінше, бұл поэманың басты кемшілігі — онда композициялық тұтастықтың, бірінші және екінші бөлімдердің арасында сюжеттік сабақтастықтың болмауы. Оқиғаның логикасы бойынша, Масғұт қызыл жемісті жеп, әйелдердің достығын алудың орнына, ақыр-аяғында ақылды адам болып шығады. Іс жүзінде ол қызыл жемісті жеген кісі емес, қайта өзі жемеймін деген ақ жемісті жеген кісі боп, үлкен ақыл иесі боп, тіпті Шәмсижиһан атанады. Ақыл, парасаты арқылы ханның уәзірі болған делінеді.

„Сөйтіп, — дейді М. Әуезов, — қорыта айтқанда, Масғұттың идеясы араб Шығысы аңызының идеясы емес. Ақын шығармаларының бұрын басқаша жанр, стильде айтылып

жүрген идеялары болады. Бірақ сол жайлары заманындағы халдерден туған сыншылдық ойлар болғандықтан, ескі Бағдат тонын кидіргенше, өз тұсындағы қазақтың өзіндік тіршілігінен алып, сюжетті сол болмыстан құрастырып қиюластырса, шығарманың басты идеялары оқушыларына орағытып жетпей, төтелей жеткен болар еді...

Түп идея Арабстанда болған оқиғаны айту емес, Абайдың өзіндік қазақтық шындықтарды білдіруге арналғандықтан, поэманың жаңағы аталған өзіндік түрі идеялық мазмұнымен байланысты туған болады" (М. О. Әуезов. Абай Құнанбаев, 177—178-беттер).

Дастанның бірінші шумағының бастапқы екі жолы әр жинақта әр түрлі болып басылып жүр. Мысалы, 1909 жылғы кітапта:

Я, Алла, күрметінде достын Махмуд,
Тілге яр берілсін түгры максуд.—

деп басылса, 1922 жылғы (Қазан) жинақта:

Я, Алла, күрметінде достын Махмуд,
Тілге жардем берілсін, туры максуд,—

деп басылған (197-бет).

1922 жылғы Ташкентте шыққан жинақта:

Я, Алла күрметінде достын Махмуд,
Тілге жардем берілсін тура максуд, —

деп басылған.

Ал ең соңғы 1977 жылғы жинақта:

Я, Алла, күрметіне (?) достын Махмут,
Тілге яр бер, білінсін түгры максут,—

деп, бұрмаланып басылған.

Сондықтан 1909 жылғы кітапта:

Я, Алла, күрметінде достын Махмуд,
Тілге яр берілсін түгры максуд,
Харон Рашид халифа заманында
Багдатта бір жігіт бар аты Масгуд,—

деп дұрыс басылған. Абай сөзін бұрмаламай дұрыс жазып, дұрыс оқуымыз керек.

Он төртінші шумақтың бастапқы жолы 1909 жылғы кітапта:

Ол жігіт сөзін үгып тура қалды,–

деп дұрыс басылса, 1977 жылғы жинақта:

Ол жігіт шал сөзіне құлақ салды,–

деп мүлдем бұрмаланып басылған. Бұл жолдың орынсыз бұрмаланғанын дәлелдей түсу үшін, осы өлең шумағының соңғы екі жолын оқып көрейік:

Ақ пен сары ексуін алмаймын деп,
Қызыл жеміс жеймін деп қолқа салды.

Сөйтіп, Абайдың „салды" деген сөзді бір шумақ өлеңде екі рет қолданбағанын және қолданбайтынын көреміз.

Он бесінші шумақтың соңғы төртінші жолы 1909 жылғы кітапта:

...Мәнісін айтсаң қайтер, жаным, сірә,–

деп басылса, 1977 жылғы жинақта:

Мәнісін айтсаң екен, жаным, сірә,–

деп, ақынның орынды тұрған „қайтер" деген сөзін өзгертіп басқан. Жиырма екінші шумақтың екінші жолындағы „болдың" деген сөз өлеңнің ұйқасына қабыспай, оғаш тұр:

Берсең қалар оларда несі ардың,
Бермесең сен дағы ит бірге болдың (?) –

деп, 1909 жылғы кітаптан бастап (99-бет) барлық жинақтарда басылған. Бұл арада өлеңнің шырқын бұзып тұрған „болдың" деген сөз. Бірінші жолдағы „ардың" деген соңғы сөзбен, екінші жолдың „болдың" деген соңғы сөзі мүлдем ұйқаспайды.

Бұндай жағдайда, Абай сөзін қалпына келтіру үшін жорамал жасап, шартты түрде болса да, түзетіп оқуымыз керек. Сондықтан „болдың" сөзінің орнына „атандың" деген сөзді қолданып:

Берсең қалар оларда несі ардың,
Бермесең сен дағы ит бірге атандың.
Не өзің ит, немесе бар елің ит,
Дауасыз бір пәлеге міне қалдың,–

деп түзетіп оқысақ, өлең дұрысталатын сияқты.

Жиырма төртінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (99-бет):

... Хан каһар, қара халық қастық қылса,–

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

Хан каһар, қара кісі қастық қыла,–

деп бұрмаланып басылған.

Жиырма алтыншы шумақтың соңғы төртінші жолы 1909 жылғы кітапта (100-бет):

... Басында ойлап, тегін де абайладым,–

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

... Басында-ақ ойлап тегін абайладым,–

деп, бұрмаланып басылған.

Жиырма жетінші шумақтың төртінші жолы 1909 жылғы кітапта:

... Өміріңше артылсын, жаным бағың,–

деп дұрыс басылған. Ал 1977 жылғы жинақта:

... Өміріңмен артылсын, жаным бағың,–

деп, орынсыз өзгертіліп басылған.

Жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы шумақтардағы, 1909 жылғы кітапта „Хызыр" деп басылған сөз 1977 жылғы кітапта „қыдыр" деп өзгертілген.

Отызыншы шумақтың төртінші жолы 1909 жылғы кітапта:

... Арашашы іздеткен қатын, қыздан,–

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

... Арашашы іздепті (?) қатын, қыздан,–

деп бұрмаланып басылған.

Отыз бірінші шумақтың бірінші жолы 1909 жылғы кітапта:

Ендігіге не сұрау бұл заманда,–

деп дұрыс басылған. 1977 жылғы жинақта:

Ендігіге не сұрау бұл жалғанда (?) –

деп дұрыс қолданылған „заман“ сөзі тіпті орынсыз өзгертіліп „жалған“ деп бұрмаланып басылған.

„ӘЗІМ ӘҢГІМЕСІ“ поэмасы. Қай жылы жазылғаны белгісіз. Аяқталмаған немесе соңы сақталмаған. Алғаш хатқа түсірген М. Әуезов (1927 ж.). Тұңғыш рет 1933 жылғы жинақта жарияланды.

Поэманың фабуласы „Мың бір түннен“ алынған („Хасан зергер туралы әңгіме“). Ертегі өте көлемді, ғажайып сипатты бірнеше сюжеттен құралған. Оның мазмұны шытырман оқиғаға толы, небір қиялдан туған жәйттерден тұрады, сондықтан бұл ертегі қиялғажайып қана емес, хикаялық та сипатқа ие.

„Әзім әңгімесін“ Абай сәл басқаша құрған, кіріспені кеңейтіп, бас кейіпкердің жас кезінен молырақ мәлімет берген.

„Мың бір түнде“ қысқаша ғана Басра қаласында ерте кезде бір саудагер тұрғаны, оның екі баласы болғаны жайлы хабарлап, саудагер өлген соң екі ұлы дүниені бөліп алып, бірі зергер, бірі мыскер (мысшы) болғаны жайында айтылады. Зергердің аты — Хасан. Күндердің бір күнінде оның дүкеніне бір адам келеді деп хабарланады да, әрі қарай оқиғаның өзі беріледі.

Абайдың бастамасы: Бағдатта Мұстапа және Сана деген екі жігіт тұрады. Олар әкесі өлген, жетім, бірақ өте еңбеккор. Өздерінің талабы арқасында ағасы Мұстапа суретші, інісі Сана тігінші әрі кестеші болады. Өсе келе Сана Шынмашынға, Мұстапа Балсұраға кетеді. Мұстапа әділ еңбек етіп, тұрмыс құрады, үйлі-баранды болады. Сөйтіп, Әзім атты ұлы туады. Ол медреседе оқиды. Ұлы ержете бастағанда Мұстапа дүние салады. Енді Әзім өз өнері мен еңбегінің арқасында бұрынғыдан да байи түседі. Бір күні оның „лапкесіне торғын тон алтын кемер бір шал“ келеді.

Осы бастаманың өзі-ақ Әзімді толық мінездеп тұр. Ол еңбекқор, адал, өнерпаз адам. Аярлық, алдау, арбау дегенді білмейді, аңқау, әрі сенгіш. Әзімнің бұл қасиеттері Абайдың еңбекке, өнер-білімге, адалдыққа шақырған өлеңдерін еске түсіреді. Демек, Әзімнің бойына ұлы ақын өзінің демократтық-гуманистік ойларынан туған нағыз адам, қоғамның қатардағы мүшесі кандай болу керек, оларға қандай касиет қажет деген пікірін, өзінің адамгершілікке қатысты түсінігі мен шарттарын сіңірген.

Солай бола тұра Әзім аяр шалдың сөзіне сеніп, талай қорлық көреді, аңқаулықтан көп зардап шегеді. Міне, Әзімнің осы сенгіштігін Абай, бір жағынан, оның кемшілігі деп санайтын тәрізді. Ұлы ойшыл ақынның „өзінді сенгіштікпен әуре етпе“ деген сөзі осы ойға дәлел секілді. (Кеңірек қараңыз: С. Қасқабасов. Абай Құнанбаев. — Кітапта: „Қазақ фольклористикасының тарихы“. А. 1988, 193—195-б).

1939 жылғы жинақта, 1933 жылғы жинақ бойынша басылып, берілген түсінікте: „Әзім әңгімесі“ деген әңгімелі жырды бұның

алдындағы жинақта та басып едік. Қазірде де басып отырмыз. Бас жағындағы біраз өлеңіне қарағанда бұл Абай шығармасы сияқты емес, әлсіз де, үстірт те көрінеді. Бірақ Тұраш Абайдың басылмаған сөздерін жинағанда осыны да Абайдікі болуға тиіс деп әкеліп кіргізген еді. Оның дәлелі, осы өленді тауып беруші Ырысайұлы Ысқақ деген Абайдың жақын туысқаны „Әзімді" даусыз Абай сөзі депті. Ысқақ ерте күннен Абай сөзіне ұқыпты болып, көп жинаған туысқанының бірі екен. Ол: „Абай мұны ерте уақытта өлең етіп, бір жазған соң, қайта қарамай тастаған еді. Мен сол уақытта жиыстырып алғанмын" дейді екен. Өленнің бас жағында кездесетін шикілеу жерлер, ескіріп, жыртылып қалған жазбадан Ысқақтың я шала көз-шіріп, я шала ұғынып, өз жанынан төлеу салып айтқан жері болса да ғажап емес" (275-бет), – деген.

1957 жылғы жинақта берілген түсінікте „Әзім" поэмасы „Мың бір түндегі" (774–827-түндер) „Хасан зергер туралы әңгіменің" сюжет желісіне негізделіп құрылған. „Мың бір түнде" басты кейіпкердің аты Әзім емес, Хасан. Шалдың аты – Баһарам, – дейді. Және әңгіменің поэмада аяқталмай қалған жері „Мың бір түн" ертегісі бойынша келтіріледі.

Түсініктеменің соңында: „Шығарманың („Әзім" поэмасының) текстін 1927 жылы М. Әуезов Ысырапұлы (дұрысы: Ырысайұлы – ред.) Ысқақ деген адамнан жазып алған" (358-бет) – деп қате мағлұмат берілген.

„Әзім" поэмасы туралы 1957 жылғы жинақта берілген түсініктеме 1977 жылғы жинақта да қайталанған. Бірақ, көп қысқартылып берілген.

Енді Мұхтар Әуезовтың түсініктемесін келтірейік.

– Абайдың 1933 жылғы жинағына алғаш рет басылған бір поэмасы –"Әзім". Бұл поэманың тақырыбы „Мың бір түн" ертегісінен алынған. Қазақ ортасында ауызша көп айтылып жүретін „Мың бір түннің" бір тарауы –"Әлидің Әзімі" деген ұзақ ертегі болатын. Сол ертегінің ішінен жас бала Әзімнің жетімдік шағы, жігіттік кездегі басынан кешетін бейнет соры, кейін барып өзінің туралығы, жазықсыздығы арқылы арманына жететін оқиғалары Абай поэмасына желі, арқау болған тәрізді.

Бұл поэманың ішінде Абайды қызықтырған тағы бір адам аяр шал болады. Ол шалдың кәсібі өзгеше. Қара тасты алтын ететін амалы бар. Осындай әрекет соңына түскен адамның жайы Шығыста ертегі ғана емес, химия ғылымы деп аталып жүретін алхимия жайынан туған неше алуан жасырын сырлы әңгімелер бар-ды. Ондай әңгіме нанымдар Шығыста ғана көп жайылған емес. „Философский камень" дейтұғын қара тас пен қара металды алтынға айналдыратын ғажайып сырлы бөлекше бір затты іздену орта ғасырлық Еуропада талай фантастикалық әңгіме, аңыздарды көп тудырған.

„Мың бір түннің" „Әзім әңгімесі" сол жаңағы жайдың шығыста да өзгеше орын алатынын аңғартады. Бірақ халықтың

сыншыл ойы кейін ол әрекеттер арасында болып жүретін неше алуан арамшылық, аярлықтарды танытады. Көпті алдап жем ететіндерді өз әңгіме, аныздарымен әшкерелейтін болады.

Абай Шығыс ертегісінің, осындай өзгеше мән, тартыстарына қызыққан болу керек. Поэманың бастауына қарағанда, әкесі өлген жазықсыз, тәжірибесіз жас баланың аярға кездесіп, алданған бейнесі көрінеді. Бірақ бұл поэма Абайда аяқталмай қалады. Өз уақытында аяқталған болса да жалғыз ғана қолжазба болып, мезгілімен көшірілмей, тозып-шашылып кетеді. Сөйтіп, соңғы бөлімдері жоғалып қалады. Сондықтан қолда қалған үзіндісі бітпеген поэма болып басылып жүр.

Жоғарыда тексерілген „Масғұт", „Ескендір" поэмаларынан мына поэманың жазылу үлгісі басқарақ. Бұнда Абай Пушкиннің орыс ертегілерін балаларға арнап өлең еткені тәрізді жеңіл тілді, қызық оқиғалы әңгіме жасамақ сияқтанады.

Бұл алдыңғы поэмалардай ойшылдық, зор тәрбиешілік мақсаттар көздеп жазылған шығарма емес. Халық аузындағы әңгіменің өзін ғана барлық оқиғаны рет-тәртібімен жеңіл өлең етіп берудің талабы танылады.

Ал, өлендік құрылысына, кейбір сөз кестелерінің, ұйқастарының оншалық Абай шығармаларына лайықты шеберлікке сай келмейтініне қарағанда, бұл поэманы оншалық жоғарғы дәрежедегі көркем шығарма деуге келмейді.

Біздің ойымызша, 1927 жылы осы поэманың тексті Абай шығармаларын жинаушыларға табыс еткен Ырысайдың Ысқағы Абай поэмасының ұмытылған немесе ескірген, қолжазбада өшіп қалған кейбір жолдарын өз жанынан да „төлеу" салып аламыштап жіберген сияқты. Өйткені поэманың кейбір ұйқастары, кей кезде жол ішінде сөз құраулары Абайдың ақындық шеберлігіне, поэтикалық лексикасына жанаспайтыны да бар.

Бұлай болмаса, поэма Абайдың тіпті ерте кездерде өзінің ақындық күшін алғашқы тәжірибе ретінде, әр тақырыпты байқастап жүрген кезінде туған алғашқы черновик есепті бір вариант болуға керек. Қалай да „Әзім" поэмасы ең әуелі бітпеген шығарма болғандықтан, екінші — көркемдік, шеберлік жағынан көңілдегідей қалыптанған дастан болмағандықтан, бұл поэма жөніндегі түсінік сөздерді осы, жоғарыдағы айтылған жайлармен аяқтаймыз.

Екінші шумақтың екінші жолы 1933 жылғы жинақта:

Екеуі жетім еді әкесі өлген,
Талаптан, жетімбіз деп, бос жүрмеген, —

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

... Талаптан жетеміз (?) деп, бос жүрмеген,—

деп басылып, өлеңнің мазмұн-мағынасы жойылған.

Оныншы шумақтың екінші жолы 1933 жылдан бастап, барлық жинақтарда:

... Торғын тон, алтын кемер (?) бір шал келді,–

деп басылып келеді. Бұл арада „кемер" деген сөз өлеңнің мазмұнын бұзып тұр. Өлең жолында: шалдың киген сәнді киімі суреттелетін болғандықтан өлеңді түзетіп:

... Торғын тон, алтын кәмәр бір шал келді, –

деп оқысақ, торғын тон киген, алтын белдік яғни кәмәр буынған бай шал келген болып шығады. Ақын бұл арада қазақтың белдік (белбеу) деген сөзінің орнына парсының „кәмәр" деген сөзін қолданған деп білеміз. Кәмәр парсы тілінде – әшекейлі белбеу деген сөз. Он екінші шумақтың үшінші жолы 1933 жылғы жинақта:

Қарекетпен көз сүзбей күн көремін,–

деп дұрыс басылған.

1977 жылғы жинақта:

Еңбекпен коз сүзбей күн коремін, –

деп орынсыз өзгертіліп басылған.

Жиырма сегізінші шумақтың төртінші жолы 1977 жылғы жинақта:

Кім корсе, айтады аң-таң калып, –

деп басылып, өлең жолы толық болмай қалған. Дұрысы:

Кім корсе, сол айтады аң-таң калып, –

деп басылуы керек.

Отыз екінші шумақтың екінші жолы „Нашалы" деген сөзден басталады:

Сырлассақ, сұхбаттассақ, аулақ артық,
Нашалы боламыз ғой сөйлеп шалқып,–

осындағы „нашалы" деген сөзге, 1977 жылғы жинақта: „Шөптің басына шығатын дән, түтінін шығарып, түтікпен тартады", – деп, мүлдем ақылға қонбайтын және өлеңнің мазмұнына қабыспайтын түсінік берілген (38-бет).

Біздің түсінігімізше „Нашалы боламыз ғой“ дегені: нашымызға келеміз яғни көңілді боламыз деген ұғымда айтылған сөз болды.

Қырық жетінші шумақтың төртінші жолы 1933 жылғы жинақтан бастап барлық жинақтарда:

... Қол-аяғы байлаулы жатыр жалғыз,
Темір шетік қапас боп түрды үсте, –

деп басылып келеді. „Шетік“ деген сөз өлеңнің мазмұнына мүлдем қабыспайды. Шетік (мәсі) аяқ киімнің аты және „шеті шетік“ деген шетік болмайды.

1933 жылғы жинақтағы Абай өлендерінің тексін қайта қарап, қате басылған көп сөздерді түзеткен жазбасында Мұхтар Әуезов:

„Темір шетік қапас боп түрды үсте“ (250-бет) – ұғымсыз сөз“– деп жазыпты (Мұхтар Әуезов. „Абайтанудан жарияланбаған материалдар“, Алматы, 1988 жыл, 38-бет). Сейтіп, „темір шетік“ ұғымсыз сөз болып қала берген. Мұхтардан кейін бұл „ұғымсыз сөзге“ ешкім көңіл бөлмеген.

Біз осы сөзге текстологиялық талдау жасай келіп, „шетік“ деп қате басылып келе жатқан сөздің дұрысы: „шеттік“ болады деген қорытындыға келдік. Шеттік татар тілінен алынған сөз.

„Татарша-орысша сөздікке“ „Читлек-клетка“ деп түсініктеме берілген („Татарча-русча сүзлек“, Москва, 1966, 638-бет).

Сондықтан қате басылып, ұғымсыз болып келген сөзді түзетіп:

Зар үрды ойбай салды не бітірсін,
Темір шеттік қапас боп түрды үсте,–

деп дұрыс оқуымыз керек.

Тағы осы сияқты қате басылған бірнеше сөз түзетілді.

„Әзім“ поэмасына бірде-бір басылымда текстологиялық зерттеу жасалмаған.

„ВАДИМ“ („Батар күнге шымылдық көк бұлт кең“) – шығарманың тексті Мүрсейіт қолжазбаларымен және кейінгі басылымдармен салыстырылып берілді.

М. Ю. Лермонтовтың аяқталмай қалған романынан аударма. Абай алғашқы екі тарауы мен үшінші тарауынан басын өлеңмен еркін аударған. Онда түпнұсқа мазмұнының ұзын ырғасы ғана бар. Біраз жерлері қалдырылып кеткен.

Романда II Екатерина падиша тұсында болған нақты оқиғалар суреттеледі. Оған жазушының бала кезінде нағашы әжесі Е. А. Арсеньевадан естіген әңгімелері арқау болған. Лермонтов шығармаларын зерттеушілердің пайымдауынша, егер роман аяқталған болса, онда әрі қарай, сөз жоқ, Пугачев көтерілісіне байланысты оқиғалар баяндалатын болуы керек.

Шығарманың анық тақырыбы белгісіз. Өйткені қолжазбаның бірінші беті жыртылып кеткен.

Аударманың алғашқы нұсқасында 2-тарауы „Елуге келген, шашы бурыл тартқан", 3-тарауы „Бай ер деді, артынан ере бердім" деп басталса керек. Ал Мүрсейіт қолжазбасында тарауға бөлінбей, тұтас жазылғандықтан. сол күйінде басылып келеді.

Алғаш рет 1933 жылғы жинақта жарық көрген. Содан бергі Абай шығармаларының барлық басылымдарына енгізілген.

Төменде мысал ретінде орысша түпнұсканың басынан үзінді беріп отырмыз.

ВАДИМ

Часть 1-я

Глава I

День угасал; лиловые облака, протягиваясь по западу, едва пропускали красные лучи, которые отражались на черепицах башен и ярких главах монастыря. Звонили к вечерни; монахи и служки ходили взад и вперед по каменным плитам, ведущим от кельи архимандрита в храм; длинные, черные мантии с шорохом обметали пыль вслед за ними; и они толкали богомольцев с таким важным видом, как будто бы это была их главная должность. Под дымной пеленою ладана трепещущий огонь свечей казался тусклым и красным; богомольцы теснились вокруг сырых столбов, и глухой, торжественный шорох толпы, повторяемый сводами, показывал, что служба еще не началась.

У ворот монастырских была другая картина. Несколько нищих и увечных ожидали милости богомольцев; они спорили, бранились, делили медные деньги, которые звенели в больших посконных мешках; это были люди, отвергнутые природой и обществом (только в этом случае общество согласно бывает с природой); это были люди, погибшие от недостатка или излишества надежд, олицетворенные упреки провидению; создания, лишенные права требовать сожаления, потому что они не имели ни одной добродетели, и не имеющие ни одной добродетели, потому что никогда не встречали сожаления.

Их одежды были изображения их душ: черные, изорванные. Лучи заката останавливались на головах, плечах и согнутых костистых коленах; углубления в лицах казались чернее обыкновенного; у каждого на челе было написано вечным и буквами н и щ е т а! — хотя бы малейший знак, малейший остаток гордости отделился в глазах или в улыбке!

ҚАРА СӨЗДЕР

Абайдың қара сөздері жалпы тақырып, мазмұн жағынан алғанда, оның ақындық мұрасымен тығыз байланысты. Көп сөздеріндегі ойлар, пікірлер өлеңдерімен ұштасып, солардың мән-мағынасын кейде қайталап пысық-тап, кейде әрі қарай жалғастыра дамытып отырады.

Енді бірқатар жазбаларында автор тың өрістерден ой толғап, табиғат пен қоғам құбылыстары, халықтың тарихы мен тағдыры, адамның жеке басының проблемалары жайындағы жаңа бір пайымдауларын алға тартады.

Бұл еңбектер жанрлық, стильдік жағынан да әралуан. Мұнда терең публицистикалық тебіреністер де, жүйелі философиялық толғаулар да, ойға оралымды нақыл сөздер де, ғибрат ретінде жазылған аңыз-хикая да, тарихи эссе-очерк те табылады.

Қара сөздерді алғаш жазуға отырғанда ақын: „... ойыма келген нәрселерді жаза берейін..., кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым“, – деп қаншалықты қарапайымдық білдірсе де, бұл жазбалар ғылыми-танымдық және әдеби-көркемдік мәні өте зор, ақынның жалпы ақыл-ой өрісін, дүниеге көзқарасын танытуда баға жетпес мағлұмат беретін аса құнды қазына болып табылады.

Қара сөздердің түпнұсқа қолжазбасы сақталмаған. Кейбір абайтанушылардың айтуынша, ол ақынның кіші баласы Зікәйілдің қолында болады екен, қатал саяси қудалау кезінде Абайдың өз қолымен жазылған басқа да мұра-ларымен бірге жерге көміліпті де кейін табылмай қалыпты.[1]

Қара сөздердің қазіргі нұсқасы 1905, 1907 және 1910 жыл-дардағы Мүрсейіттің көшірме қолжазбалары бойынша жарияланып келеді. Оларда сөздердің рет саны басқаша көрсетілген, ал жазылған мерзімдері жөнінде ешқандай дерек айтылмаған.

Кейін шығармалардың мағынасына қарай рет саны өзгертілген. Сол өзгерістер күні осы уақытқа дейін сақталып келеді. Ал жазылу мерзімдері жөнінде нақты мағлұмат жоқтығына қарамастан, 1945 ж. басылымда 1890–1899 жылдар арасы деген жорамал айтылып, сөздер рет санымен жылдар бойынша топтастырылған және томның түсініктер бөлімінде әр сөздің жазылған жылы жақша ішінде көрсетілген. Бірақ артынан бұл жөнінде даулы пікірлер айтылғандықтан, кейінгі басылымдарда жазылу мерзімі көрсетілмей келеді.

---

[1] Абайдың тол қолжазбаларынан осы күні қолда бары – „Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы“ деген еңбегі ғана. Бұл жайында толығырақ мәлімет түсініктің тиісті бөлімінде беріліп отыр – *Ред.*

Қара сөздердің жариялану тарихы да әрқилы. Жекелеген сөздері ертеректе баспасөз бетінде әр жылдары бір-бірлеп жарық көрген. Мәселен, Бірінші сөз 1916 жылы „Абай термесі" (Орынбор) атты жинаққа алғысөз ретінде жарияланған. Одан кейін Тоғызыншы сөзі 1925 жылы „Таң" журналының (Ташкент) екінші санында басылған.

Ақынның қара сөздерін оқырмандарға таныстыруда кезінде „Абай" журналы бірсыпыра жұмыс тындырды. Атап айтқанда, журналдың 1918 жылғы бес санында (№ 1, 5, 7, 10, 11) Жиырма үшінші, Қырқыншы, Жиырма тоғызыншы, Он төртінші, Он жетінші сөздері баспа жүзін көрді.

Ақын жазбалары түгелдей дерлік тұңғыш рет 1933 жылы М. Әуезов құрастырған бір томдық шығармалар жинағына енгізілді де, содан бергі барлық басылымдарда қайталанып келеді.

Бір өкініштісі — қара сөздерді кейінгі басылымдарға әзірлеу кезінде текстологиялық жұмысты жалғастыру, ғылыми аппаратты толықтыру бағытында дәйектілік болмады. Соның салдарынан 1945 жылғы басылымнан кейін жеке сөздерге түсінік берілмей, жалпылама жазылған шағын текст қайталанып келді. Бұл олқылықтың орны 1977 жылғы екі томдық академиялық басылымда ғана біршама толтырылған.

Ақынның 150 жылдық мерей тойына арналған басылымға әзірлік үстінде қара сөздердің тексті жоғарыда аталған қолжазбалармен және ілгергі басылымдармен қайтадан салыстырылды. Сөйтіп, бұрынғы нұсқаларда жіберілген кейбір жаңсақтықтар түзетіліп, түпнұсқа дәлдігі қалпына келтірілді.

Бірінші сөз. Жоғарыда айтылғандай, тұңғыш рет 1916 ж. Орынборда шығарылған „Абай термесі" атты жинақта (бастырушы Самат Әбішұлы) алғысөз ретінде жарияланған да, сонсоң 1939—1940 жж. екі томдық толық жинақтың II томына (1940) енгізілген. Содан бергі басылымдарда қайталанып келеді.

М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қорындағы Мүрсейіт қолжазбасында 23-сөз болып көшірілген (40-бет).

Бірінші абзацтың екінші сөйлемі бұрынғы басылымдардың бәрінде де қолжазба бойынша: „*Енді ер ортасы жасқа келдік*" деп басталады екен, 1977 жылғы басылымда мағынасына қарай „Енді жер ортасы жасқа келдік" деп түзетіліпті. Бұл жинақта сол түзету қабылданды.

Екінші сөз. Алғаш рет 1933 ж. жинақта жарық көрген. Мүрсейіт қолжазбасында 27-сөз (44-бет).

Бірінші абзацтың екінші сөйлеміндегі „*түкке ыңғайы келмейді*" деген сөздер 1977 ж. басылымда, 1905 ж. қолжазба негізінде: „түкке ыңғайы келмейтұғын" деп түзетілген екен, бұл жолы да сол күйінде қалдырылды.

Екінші абзацтағы: „бізден басқа халықтың бәрі антұрған, жаман келеді" деген тіркестерде „*жаман келеді*" деген сөздер

бірсыпыра жинақтарда алынып қалған екен, 1977 ж. басылымда қолжазбалар негізінде қалпына келтіріліпті. Бұл жинақта да сол түзету қабылданып отыр.

Үшінші абзацтағы: „қазақтың *өлісінің*", „қуып *шығарады*", „біз құлы, күні қадарлі де жоқпыз" деген тіркестер ілгергі басылымдарда: „қазақтың *өлгенінің*", „қуып *шығады*", „біз күні құрлы да жоқпыз" деп өзгертілген екен, бұл жолы қолжазбалар мен 1945, 1977 ж. басылымдарға сәйкес бұрынғы қалпына келтірілді.

Үшінші сөз. 1933 ж. жинақтан бермен қарай жарияланып келеді. Мүрсейіт қолжазбасында 1-сөз (20-бет).

Жетінші абзац ілгергі басылымдарда 1910 ж. қолжазба негізінде *„ондай кісі жоқ"* деген сөздермен аяқталған екен. 1957 ж. екі томдықта, 1905, 1907 жж. қолжазбаларға сәйкес. *„ондай кісі аз, яки тіпті жоқ"* деп түзетіліпті. Содан бері осы нұсқа қабылданып келеді.

Төртінші сөз. Алғаш рет 1933 ж. жинаққа енгізілген. Мүрсейіт қолжазбасында 2-сөз (22-бет).

Екінші абзацтың соңғы бөлігі бұрынғы басылымдарда: „орынсыз күлкіменен азайтпа, орынды қарекетпен азайт!" деп аяқталған екен, 1977 ж. жинақта, 1907 ж. қолжазба бойынша: „орынсыз күлкіменен азайтпа *қайғыны*, орынды қарекетпен азайт!" деп түзетіліпті. Бұл басылымда да сол түзету қабылданды.

Бесінші сөз. 1939 ж. бері қарай жарияланып келеді. Мүрсейіт қолжазбасында 3-сөз (24-бет).

Бірінші абзацтың екінші сөйлемінің аяғы бірсыпыра басылымдарда „көзім көрді" деп алынған екен, 1977 ж. жинақта 1907, 1910 жж. қолжазбалар бойынша, „өзім көрдім" деген алғашқы нұсқасы қалпына келтіріліпті. Бұл жолы да сол түзету қабылданды.

Осыған жалғас үшінші сөйлемдегі „*ескермес* нәрсесі жоқсып" деген сөздер 1954, 1957, 1961 жж. басылымдарда „*ескермек* нәрсесі жоқсып" деп қате басылған екен, бұл жолы қолжазбалар мен 1945, 1977 ж. жинақтар негізінде түзетілген нұсқасы алынды.

Бұрынғы басылымдардың бірқатарында екінші абзац-тың екінші сөйлемінде бір топ сөз түсіп қалып, айтылар ойға едәуір нұқсан келтірілген. Бұл басылымда, 1945 ж. және 1977 ж. жинақтарды қолжазбалармен салыстыра келіп, сөйлемнің алғашқы бөлігі былай деп түзетілді: „*Мағлұм* болды: қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен, *мал үшін қам жейді екен, бірақ* ол малды қалайша табуды білмейді екен, бар білгені..." (әрі қарай текст бойынша).

Алтыншы сөз. 1933 ж. бергі жинақтарда басылып келеді. Қолжазбада 4-сөз (25-бет).

Бірінші абзацтағы 4-сөйлемнің соңғы сөзі біраз басылымдарда *„зиян"* деп алынған екен, 1977 ж. жинақта және осы жолы 1905 ж. қолжазба бойынша *„залал"* деп өзгертілді.

Жетінші сөз. Алғаш рет 1933 ж. жинаққа енгізілген. Қолжазбада 5-сөз (25-бет).

Үшінші абзацтың орта шеніндегі: „Жанды тәнге бас ұрғыздық" деп басталатын сөйлем бірсыпыра басылымдарда жекелеген сөздер қалып қойғандықтан әртүрлі басылып келген екен, бұл жолы қолжазбалармен және 1957 ж. жинақтағы дұрыс нұсқасымен салыстырылып, былай деп түзетілді: „жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге *көңілмен қарамадық*, көзбен де *жақсы* қарамадық, көңіл айтып тұрса сенбедік".

Сегізінші сөз. 1933 ж. бергі басылымдарға енгізіліп келеді. Қолжазбада 33-сөз (55-бет).

Үшінші абзацтың төртінші сөйлемі кейбір басылымдарда (оларда екінші абзац): „Мал болса, Құдай тағаланы да *паралап алам* дейді" болып алынған екен, бұл жолы, 1905, 1907 жж. қолжазбалар мен 1945, 1977 жж. жинақтарға сәйкес: „Мал болса, құдай тағаланы да *паралап алса болады* дейді" деген нұсқа алынды.

Төртінші абзацтағы *„өзі"* деген сөз 1910 ж. қолжазба мен 1957 ж. жинақ бойынша *„өздері"* деп түзетілді.

Тоғызыншы сөз. Алғаш рет 1925 ж. „Таң" журналының екінші санында басылып, 1933 ж. жинаққа енгізілген. Қолжазбада да 9-сөз (29-бет).

Бірінші абзацтың төртінші сөйлеміндегі „Тыянақ *қылар-лық*" деген сөздер 1977 ж. басылымда, 1905 ж. қолжазбаға сілтеме жасай отырып, „тыянақ *қаларлық*" деп өзгертілген екен. Бұл жолы мағынасына қарай, бұрынғы басылымдардағы нұсқасы қалдырылды.

Екінші абзацтың екінші сөйлемі әр жылғы басылым-дарда тыныс белгі дұрыс қойылмай, басқа да грамматикалық қателер жіберілгендіктен, мағынасы бұзылып келген екен. Бұл жолы қолжазбалармен қайтадан салыстырылып, былай түзетілді: „Әншейін осылардың ызасынан ба, өзіме-өзім ыза болғанымнан ба, яки бөтен бір себептен бе?– еш білмеймін".

Екінші абзацтың соңынан санағандағы екінші сөйлемі 1907 ж. қолжазба мен соңғы басылым негізінде: „Сол себептен де бір жүрген қуыс кеудемін" деген нұсқада қабылданды.

Оныншы сөз. Бірінші рет 1933 ж. жинақта басылған. Қолжазбада 23-сөз (41-бет).

Үшінші абзацтағы: „*Егер* жаманшылықты көп қылған болсаң, баланың *окыған* құраны сені неге жеткізеді" деген екінші сөйлемнің асты сызылған сөздері 1977 ж. басылымда, 1905 ж. қолжазбаға сілтеме жасай отырып, не алып тасталған, немесе ықшамдалып өзгертілген екен, бұл жинақта өзге басылымдар (1945, 1954, 1957) мен 1907, 1910 жж. қолжазбалар негізінде бұрынғы қалпына келтірілді.

Төртінші абзацтың он бірінші сөйлеміндегі 1977 ж. басылымда, 1910 ж. қолжазбаға сілтеме жасай отырып, „*Бастай*

баланды“ деп өзгертілген алғашқы екі сөз 1905 ж. қолжазба мен 1957 ж. басылым бойынша: „*Басында* баланды“ деп қайтадан түзетілді.

Соңғы абзацтағы бесінші сөйлемнің бірінші бөлігі 1977 ж. басылымда, 1907, 1910 жж. қолжазбаларға сілтеме жасай отырып, „*Өзіне табылмаса*“ деп өзгертілген екен. Бұл жолы 1905 ж. қолжазба мен негізгі басылымдар (1945, 1957) бойынша „*Өзің таба алмасаң*“ деп қайтадан түзетілді.

Он бірінші сөз. Алғашқы рет 1933 ж. жинаққа енгізілген. Қолжазбада 30-сөз (47-бет).

Бірінші абзацтың екінші сөйлемінде сызықшадан кейінгі тіркес 1905 ж. қолжазба мен бұрынғы басылымдар бойынша „батыр *кісі* дегені“ деп түзетілді.

Екінші абзацтың екінші сөйлеміндегі: „...сонша *ауыл-аймағыммен сойылынды* соғайын“ деген сөздер 1977 ж. жинақта: „...сонша *ауыл таяғынды* соғатын“ деп өзгертілген екен, бұл жолы 1905 ж. қолжазба негізінде, бұрынғы басылымдардағы нұсқасы қалпына келтірілді.

Осы абзацтың төртінші сөйлемінің басы бұрынғы кейбір басылымдарда: „Бай *малын* бағып“ деп алынған екен, кейін (1977 ж.) 1907, 1910 жж. қолжазбаларға сәйкес: „Бай *барын* бағып“ деп өзгертіліпті. Бұл басылымда да сол өзгеріс қабылданды.

Он екінші сөз. Ең алғаш 1933 ж. жинақта жарық көрген. Қолжазбада 7-сөз (27-бет).

1977 ж. басылымда сөздің басындағы: „жақсы дүр, жаман дүр“ деген нұсқалар қолжазба бойынша алынған екен, бұл жолы, ілгері-ректегі басылымдарға сәйкестеп, „дүр“ қосымшасы алынып қалды.

Төртінші сөйлемнің екінші бөлігі бұрынғы басылымдарда: „үйреніп жеткенше, осы да болады *ғой деп тоқтамай, үйрене беру керек*“ деп алынған екен, 1977 ж. жинақта, қолжазбалармен салыстырылып: „үйреніп жеткенше, осы да болады *ғой демей, үйрене берсе керек*“ деп түзетіліпті. Бұл басылымда да сол түзету қалдырылды.

Он үшінші сөз. Алғаш рет 1939 ж. жинаққа енгізілген. Қолжазбада 6-сөз (27-бет).

Бірінші абзацтың бірінші сөйлеміндегі „уа *әртүрлі*“ деген сөздер 1977 ж. жинақта, 1910 ж. қолжазбаға сүйеніп, „уә *әрнеге*“ деп түзетілген екен, бұл жолы 1905 ж. қолжазба бойынша бұрынғы нұсқасы қалпына келтірілді.

Осы абзацтың төртінші сөйлемінде „соншалық беріктік“ дегеннен кейін, қолжазбаларды салыстыра отырып, „*боларға*“ деген сөз қосылды.

Осы принципмен 1977 ж. басылымда екінші абзацтың төртінші сөйлемінің басында келетін „*уә*“ сөзі алынып тасталды және соңғы сөйлемдегі „қылыш *арасында* серт жоқ“ деген тіркес „Қылыш *үстінде* серт жоқ“ деп бұрынғы басылымдардағы қалпына келтірілді.

Он төртінші сөз. Ең алғаш рет 1918 ж. „Абай журналының оныншы санында жарияланып, сонсоң 1933 ж. жинаққа енгізілген. Қолжазбада 8-сөз (28-бет).

1977 ж. басылымда, 1905 ж. қолжазба негізінде енгізілген төртінші сөйлемдегі „*уә*", тоғызыншы сөйлемнің басындағы „*біздің*" деген сөздер, басқа қолжазбалармен салыстыра отырып, алынып тасталды.

Осы абзацтағы тоғызыншы сөйлемде „адасқан *көптің*" деген тіркес „адасқан *көптен*" болып түзетілді.

Он бесінші сөз. Алғаш рет 1933 ж. жинаққа енгізілген. Қолжазбада 11-сөз (30-бет).

Үшінші абзацтың үшінші сөйлемінің басы 1977 ж. басылымда 1905 ж. қолжазба бойынша: „әрбір құмарлық өзіне бір *түрлі* дерт болады екен, *уа* әрбір құмар болған нәрсеге жеткенде" деп түзетілген екен. Бұл жолы, басқа қолжазбалармен салыстыра келіп, сол қалпында қабылданды, тек „уә" алынып тасталды.

Төртінші абзацтың бірінші сөйлеміндегі „ананы-мынаны" деген түзету де өзгеріссіз қалдырылды.

Он алтыншы сөз. Бірінші рет 1933 ж. жинаққа енгізілген. Қолжазбада 13-сөз (32-бет).

1977 ж. басылымда 1905 ж. қолжазбаға сілтеме жасалып өзгертілген екінші сөйлем басқа нұсқалармен салыстырылып: *„Тек жұрт қылғанды қылып, жығылып-тұрып жүрсек болғаны дейді"* деген бұрынғы нұсқасы қалпына келтірілді.

Бесінші сөйлемдегі: „Тілін жаттықтырып, дінін тазартып" деген түзету сол күйінде қалдырылды.

Он жетінші сөз. Ең алғаш рет 1918 ж. „Абай" журналының 11-санында жарық көріп, 1933 ж. жинаққа енгізілген. Қолжазбада 15-сөз (33-бет).

Бірінші абзацтағы: „Қайрат айтыпты: Ей, ғылым" деп басталатын екінші сөйлемге 1977 ж. басылымда 1905 ж. қолжазба негізінде енгізілген өзгерістер сол күйінде қабылданды. Жалғыз-ақ *„жетпейтұғынын"* деген сөзден кейін нүкте қойылып, одан кейінгі: „Әуелі, ғылым, өзінді білуге" деген сөздерден жаңа сөйлем басталатын болды.

Бесінші абзацтың екінші сөйлеміндегі „сенсіз" деген сөзден кейін бұрын қалып қойған „ешнәрсенің" деген сөз қосылды.

Алтыншы абзацтың бесінші сөйлемінің алғашқы бөлігі қолжазбалар негізінде: „Жақсының, жаманның *екеуінің де* сүйенгені, сенгені – сен",– деп өзгертіліп, асты сызылған сөздер жаңадан қосылды.

Жетінші абзацтағы төртінші сөйлем қолжазбалар бойынша: „Осы үшеуің басыңды қос, бәрің де жүрекке билет" деп түзетілді. Әрі қарай текст бойынша оқылады.

Он сегізінші сөз. Алғаш рет 1933 ж. жинаққа енгізілген. Қолжазбада 22-сөз (40-бет).

1977 ж. жинақта 1905 ж. қолжазба негізінде, жекелеген сөздерге енгізілген стилистикалық өзгерістер негізінен сол күйінде қалдырылды.

Екінші абзацтың бірінші сөйлеміндегі *„жүріс-тұрысын“* деген тіркес 1905 ж. қолжазба мен 1945, 1957 ж. негізгі басылымдар бойынша *„жүрісін“* деп түзетілді.

Он тоғызыншы сөз. Алғаш рет 1933 ж. жинаққа енгізілген. Қолжазбада да 19-сөз (38-бет).

1977 ж. жинақта 1910 ж. қолжазба негізінде *шайқақтап, шалықтаның, жерде* деген сөздерге енгізілген стилистикалық өзгерістер бұл жолы қабылданбаіі. 1905, 1907 жж. қолжазбалар мен бұрынғы басылымдар бойынша (1945, 1954, 1957) осы нұсқалары қалдырылды.

Жиырмасыншы сөз. 1933 жылдан бері ақын жинақ-тарына енгізіліп келеді. Қолжазбада 9-сөз (29-бет).

Бірінші абзацтың екінші сөйлеміндегі *„бар“* деген сөз кейбір басылымдарда (1957, 1961) алып тасталған екен. 1977 ж. жинақта 1910 ж. қолжазба бойынша қосылып: „Пендеде бір іс бар жалығу деген“ деп түзетіліпті. Бұл жолы да сол түзету қабылданды.

Бұған керісінше, соңғы жинақта 1905 ж. қолжазба негізінде үшінші сөйлемге қосылған *„жора“* деген сөз бұл басылымда алып тасталып: *„оны адам өзі танқан емес“* деген бұрынғы нұсқасы қалпына келтірілді.

Осы абзацтағы алтыншы сөйлемде 1977 ж. басылымда енгізілген өзгерістер қолжазбалармен тағы да салыстыру нәтижесінде *„байқаса“* деген сөз қалдырылды да, „бір“ сөзі алып тасталды. Сонда бұл сөйлемнің басы былай оқылады: „Ақылы түгел, ойлы адамның баласы *байқаса...*“ Әрі қарай текст бойынша.

Екінші абзацтың екінші сөйлемінің басында соңғы басылымда енгізілген „Хаттаки“ деген сөз өзгертіліп, бұрынғы: „ *Соншалық* ғұмырының“ деген тіркес қалпына келтірілді.

Жиырма бірінші сөз. Алғаш рет 1933 ж. жинаққа енгізілген. Қолжазбада 12-сөз (31-бет).

1977 ж. жинақта бірінші абзацтағы төртінші сөйлемнің басында, бұрынғы басылымдарда қайталанып келген *„Мысалы“* деген сөздің қолжазбалар бойынша *„Яғни“* деп өзгертілуі, он екінші, он бесінші сөйлемдерде *„яки“*, „һәм“ деген сөздердің *„әжин“* деп өзгертілуі сол күйінде қабылданды.

Ал соңғы басылымның жетінші сөйлеміндегі *„әрнешік“* деген сөз *„әрдайым“* болып, бұрынғы қалпына келтірілді.

Жиырма екінші сөз. Алғаш рет 1933 ж. жинақта басылған. Қолжазбада 16-сөз (95-бет).

Қолжазбалармен салыстыра отырып, 1977 ж. жинаққа жеке сөздер бойынша енгізілген өзгерістер бұл басылымда да негізінен қабылданды.

Сонымен бірге үшінші абзацтың үшінші сөйлеміндегі „кейбіреуі“ деген сөз бұрынғыша „біреулер“ деп қалпына келтірілді.

Жиырма үшінші сөз. Алғаш рет 1918 ж. „Абай“ журналының бірінші санында жарияланып, кейін 1933 ж. жинаққа енгізілген. Қолжазбада 17-сөз (36-бет).

1977 ж. жинақта 1905, 1907 жж. қолжазбалар бойынша жеке сөздердің жазылуына енгізілген түзетулер негізінде бұл басылымда да қабылданды.

Бірінші абзацтағы сөйлемнің аяғы 1910 ж. қолжазба мен 1945, 1957 жж. басылымдар бойынша: „бір қуаныш, бір жұбаныш *дегендер* бар“ деп түзетілді.

Екінші абзацтың төменнен санағанда екінші сөйлеміндегі „мен бәйге алдым деген сөз болса *жарар*“ тіркесіндегі „*жарар*“ сөзі артық тұрғандықтан алынып тасталды“.

Жиырма төртінші сөз. Бірінші рет 1933 ж. жинаққа енгізілген. Қолжазбада 25-сөз (43-бет).

1977 ж. жинаққа енгізілген түзетулер бұл басылымда да қабылданды. Жалғыз-ақ бірінші сөйлемнің басындағы „*осы күнде*“ деген сөз 1907, 1910 жж. қолжазбаларда және негізгі басылымдарда (1945, 1957) жоқ болғандықтан алынып тасталды.

Үшінші сөйлемде „Бірімізді біріміз аңдып“ дегеннен кейін өткен басылымда түсіп қалған „*жауап*“ деген сөз қайта қосылды.

Жиырма бесінші сөз. Алғаш рет 1933 ж. жинаққа енгізілген. Қолжазбада 28-сөз (45-бет).

1977 ж. басылымға бұрынғы жинақтарды қолжазба нұсқалармен салыстыра отырып енгізілген түзетулер бұл жолы да негізінен қабылданды.

Сонымен бірге оларға мынадай қайыра немесе тың өзгерістер кіргізілді: Екінші сөйлемнің басы: „*Аның*“ үшін емес, „*Оның*“ үшін. Оныншы сөйлемнің басы „*Оның үшін*“ емес, „*Оның себебі*“. Он үшінші сөйлем: „*Дінге де* жақсы *білгендік керек*“. Он төртінші сөйлемнің басы: „Жорғалықпенен көңілін алсам екен *деген* надан...“. Он тоғызыншы сөйлемнің ортасы: „соны *үйретейік, мұны* көріп...“.

Жиырма алтыншы сөз. Бірінші рет 1933 ж. жинаққа енгізілген. Қолжазбада 36-сөз (53-бет).

1977 ж. жинаққа енгізілген өзгерістер бұл жолы да негізінен сақталды.

Сонымен бірге 1907, 1910 жж. қолжазбалар мен 1945, 1957 жж. негізгі басылымдар бойынша мынадай өзгерістер енгізілді:

Бірінші абзацтың бірінші сөйлеміндегі „күреске“ деген сөз алынып қалды.

Екінші абзацтың соңғы сөйлемі былай өзгертілді: „Соның бәрін де біле тұра, жерге кіргендей *болып я бір арамдығы, жамандығы шыққандай* несіне ұялып, қорланады екен?“.

Үшінші абзацтың басындағы „Енді осылардан“ деген тіркестен кейін келетін „*ойлап*“ деген сөз алынып тасталды.

Жиырма жетінші сөз. Алғаш 1933 ж. жинаққа енгізілген. 1905, 1907 жж. қолжазбаларда жақша ішінде „Сократ хакимнің сөзі" деген тақырыппен рет саны көрсетілмей жеке берілген, 27-сөз деген рет саны сол 1933 ж. басылымда М. Әуезовтің жүйелеуі бойынша тағайындалған. Түпнұсқасы Мүрсейіт қолжазбасында (63-бет).

1977 ж. жинаққа қолжазбалармен салыстыру арқылы енгізілген өзгерістер негізінде сақталды. Сонымен бірге бұл басылымда оған мынадай түзетулер жасалды:

– „Жә, олай болса" деп басталатын абзацта бесінші сөйлемнің басындағы: „Мандай *теріні*" деген тіркес „Мандай *терді*" деп өзгертілді.

Осыған жалғас келетін сөйлемнің аяғындағы „ләззат ала алмас едік" деген тіркеске „*ләззаттанып хабар* ала алмас едік" деген өзгеріс енгізілді.

Осыдан кейінгі абзацтың бірінші жолында „Көзді, мұрынды" дегеннен кейін „*мұндай*" деген сөз алынып тасталды.

„Сонда Аристодим" деп басталатын абзацта „Махаббаты *бірлән*" деген сөз „*махаббатыменен*" болып өзгертілді.

– „Олай болғанда" деп басталатын абзацта „*мақұлықтарды*" деген сөз „*мақұлықатты*" деп түзетілді.

Осыдан кейінгі:– „Ей, Аристодим!" деп басталатын абзацта, үшінші сөйлемдегі „*тамшысы*" „*тамшысындай*" деп өзгертілді.

Келесі, „Бұл ғаламды көздің" деп басталатын абзацта, „Егер ақылменен болмаса, бұлайша бұл *хисабына*" деген тіркестегі соңғы сөз „*есебіне*" деп, бұрынғыша жазылды.

Жиырма сегізінші сөз. Алғаш 1933 ж. жинаққа енгізілген. Қолжазбада 14-сөз (92-бет).

1977 ж. жинаққа енгізілген өзгерістер мен түзетулер негізінен қабылданды.

Сонымен бірге, қолжазбалар мен бұрынғы басылымдарды салыстыра келгенде, мынадай қайыра немесе тың өзгерістер енгізілді:

Бірінші абзацта: „Құдай тағаланың жаратуынан" дегеннен кейін „*яки*" деген сөз қосылды. Осыдан кейінгі сөйлемде „*ғайыбы*" „*айыбы*" болып түзетілді.

Келесі сөйлемдегі „бір антұрғанға, *еңбексізге*" деген тіркес „бір антұрғанға *еңбексіз*" деп өзгертілді. Осыдан кейінгі сөйлемде „еңбек қылып" деген тіркестің алдынан „*адал*" деген сөз қосылды.

Осы абзацтағы „Жұрт та, мүлік те" деген тіркестен кейін „бәрі құдайдың" деген сөздер қайтадан қосылды. Осы абзацтың соңынан санағанда үшінші сөйлем: „Бәрін *қылушыға* қылдырушы өзі екен" деп түзетілді. (1907, 1910 жж. қолжазбалар мен 1945, 1957 жж. негізгі басылымдар бойынша).

Сондай-ақ келесі абзацтың басына „*Құдай тағала*", текстің ішіне „ғибадат парыздан" кейін „деген" сөздер қосылып, сөйлем бұрынғы мынадай нұсқасына келтірілді:

„Құдай тағала“ әрбір ақылы бар кісіге иман парыз, әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз *деген* екен“.

„Жоқ, сен жақсылық“ деп басталатын сөйлемдегі „*лекин*“ деген сөз өзгертіліп, бұрынғыша „*бірақ*“ деп жазылды.

Жиырма тоғызыншы сөз. Ең алғаш рет 1918 ж. „Абай“ журналының жетінші санында басылып, кейін 1933 ж. жинаққа енгізілген. Қолжазбада 18-сөз (37-бет).

1977 ж. жинаққа енгізілген түзетулердің біразы қабылданды. Сонымен бірге, қолжазбаларды салыстыра келгенде, мынадай түзетулер қайта қалпына келтірілді немесе жаңадан енгізілді:

Бірінші абзацтағы бірінші сөйлемнің басына „*Біздің*“ деген сөз қосылды.

Үшінші абзацтағы „*бермесі* жоқ“ деген тіркес „*бермейтіні* жоқ“ деп қайыра қалпына келтірілді.

Төртінші абзацтағы екінші сөйлемде „*аттың*“ „*атыңның*“ болып қайта өзгертілді.

Соңғы абзацтағы үшінші сөйлемнің басына: „*Бұлардың бәрінен де қымбат*“ деген сөздер қосылып, сөйлемнің аяғы „ең арсыздың *ісі* емес пе?“ деп түзетілді.

Отызыншы сөз. 1933 ж. жинақта 19-сөз болып басылған да, 1939-40 жж. екі томдықта „отызыншы сөз“ деп түзетілген. Қолжазбада 29-сөз (47-бет).

Бірінші абзацтағы екінші сөйлемнің аяғы „не *ақылдылығы*, арлылығы жоқ“ деп түзетілді.

Отыз бірінші сөз. Алғаш рет 1933 ж. жинаққа енгізілген. Қолжазбада 20-сөз (38-бет).

1977 ж. жинаққа енгізілген өзгерістер сол күйінде қабылданды.

Сонымен бірге осы абзацтағы екінші сөйлемнің басына „Егер“ деген сөзден кейін 1910 ж. қолжазба бойынша „*бір*“ деген сөз қосылды.

Отыз екінші сөз. Алғаш рет 1933 ж. жинаққа енгізілген. Қолжазбада 21-сөз (38-бет).

1977 ж. жинаққа енгізілген стильдік өзгерістер негізінен мұнда да сақталды. Сонымен бірге қолжазбаларды және ілгеріде шыққан негізгі басылымдарды (1945, 1957) салыстыра отырып, мынадай түзетулер енгізілді.

Бірінші абзацтың үшінші, төртінші сөйлемдері қолжазбалар мен бұрынғы басылымдар негізінде біріктіріліп: „Оларды білмек керек, *білмей іздегенмен* табылмас“ деп түзетілді.

Екінші абзацтағы бірінші сөйлемнің аяғы „іздемеске“ емес, „*іздемекке керек*“ деп бұрынғы қалпына келтірілді.

Үшінші абзацтың бірінші сөйлемінен кейін, 1905, 1910 жж. қолжазбалар бойынша: „*Бастапқыдай болғанда, тапқан шешенің мейірімі секілді болады*“ деген сөйлем қосылды. Осы абзацтағы соңғы сөйлемде „ғылым-білімнің өзі де“ дегеннен кейін „*адамға*“ деген сөз қосылды.

Алтыншы абзацтағы бірінші сөйлемде „мұлахаза", „мұхафаза" деген сөздерден кейін „*қылу*" деген сөз қалпына келтірілді.

Жетінші абзацтың соңғы сөйлеміндегі „*Олар*" деген алғашқы сөз „*Ол*" болып түзетілді.

Соңғы абзацтың соңғы сөйлемінде „Бұл" дегеннен кейін 1905, 1910 жж. қолжазбалар бойынша „*берікпік*" деген сөз қосылды.

Отыз үшінші сөз. Алғаш рет 1933 ж. жинақта жарық көрген.

1977 ж. басылымда енгізілген өзгерістер негізінен қабылданды. Сонымен бірге қолжазбаларды негізгі басылымдармен қайыра салыстыру арқылы қосымша мынадай өзгерістер енгізілді:

Төртінші абзацтағы бірінші сөйлемнің аяқ жағында келетін „*қу тілге алданып*" деген тіркес „*қу тілге әуреленіп*" болып өзгертілді.

Бесінші абзацтың бірінші сөйлеміндегі „*қарық қыламын*" деген тіркес „*қарыс қыламын дегенге мәз болып*" деп түзетілді.

Ең соңғы сөйлемдегі „*алданыш болатындығы*" деген тіркес қолжазбалар бойынша „*алданыш болатұғыны*" деп өзгертілді.

Отыз төртінші сөз. Алғаш рет 1933 ж. жинаққа енгізілген. Қолжазбада 31-сөз (48-бет).

Бірінші абзацтың алтыншы сөйлемінде: „Ол екеуіне анық сенген" дегеннен кейін „*кісіге*" болып түзетілді (1905 ж. қолжазба).

Екінші абзацтың бесінші сөйлемінде: „Егер де екі нәрсе" дегеннен кейін „*кез*" деген сөз қосылды.

Үшінші абзацтағы екінші сөйлемде: „махшарда сұралуың" дегеннің алдына „*көрден*" деген сөз қосылды.

Отыз бесінші сөз. Алғаш рет 1933 ж. жинаққа енгізілген. Қолжазбада 32-сөз (49-бет).

Бірінші абзацтың бірінші сөйлемінде: „*қажы, молда, соны, жомарт, шейіт — соларды*" деген өзгеріс енгізілді. Екінші сөйлемнің басы: „*Дүниеде ғизат үшін, сый-құрмет алмақ үшін қажы болғанды, молда болғанды*" деп түзетіліп, әрі қарай текст бойынша қалдырылды (1907, 1910 жж. қолжазбалар).

Екінші абзацтың үшінші сөйлемінде: „сонымен *бірге* қылған өнерлерің де бітті" деген тіркестегі „*бірге*" деген сөз алынып қалды.

Үшінші абзацтың басындағы „*Әне*" деген сөз „*Ана*" болып түзетілді (1905 ж. қолжазба).

Отыз алтыншы сөз. Алғаш рет 1933 ж. жинақта басылған. Қолжазбада 39-сөз (55-бет).

1977 ж. жинақта, 1905 ж. қолжазбамен салыстыру арқылы, бірінші абзацтың аяғындағы „ұялмас нәрседен ұялған" деген тіркестерден кейін „*мұндай ұят — шын ұялу емес*, ақымақтық, жамандық" деп түзетілген екен. Бұл басылымда да сол қалпында қалдырылды.

Сондай-ақ екінші абзацтың төменнен санағанда соңғы сөйлеміндегі „*көздің*" деген сөз „*көзіңнің*" деп, үшінші абзацтың соңғы сөйлеміндегі „*(сонын)*" деген сөз „*осындай адамның*" деп түзетілгені де сол күйінде қабылданды.

Отыз жетінші сөз. 1905, 1907, 1910 жж. Мүрсейіт қолжазбаларында „Насихат" деген атпен берілген. 1907, 1910 жж. қолжазбаларда 15 нақылдан, 1905 жылғыда – 16 нақылдан тұрады. 16–23-нақылдар 1933 ж. басылымда жинаққа алғаш рет қосылған.

Мүрсейіт қолжазбалары мен Абай жинақтарындағы нақылдардың рет саны бірдей емес, кейбіреулері ауысып келеді. Мысалы, 1957 ж. жинақта 15-нақыл 14-інші, 16-ыншы нақыл 15-інші болып басылған. Оның себебі – қолжазбалар мен 1933 ж. жинақта осы „Насихат" аталатын сөздің 13-бабындағы ұзағырақ текст 1940 ж. басылымнан кейін 45-сөз етіп дербес берілігті.

Сөйтіп, 1940 ж. жинақта 24 баптан құралған 37-сөз („Насихат") кейінгі басылымдарда 23 баптан тұрады.

4-баптың екінші жолындағы „болыстықтан" кейін „*өзі*" деген сөз қосылды (1905 ж. қолжазба бойынша).

7-баптың екінші жартысындағы „*адамшылықтың*" деген сөз қолжазбаларға сәйкес „*адамдықтың*" болып өзгертілді.

9-бапта „замандасынын" деген сөздің алдына 1907 ж. қолжазба бойынша „*оның*" деген сөз қосылды.

13-баптағы „аузынан қара қан ағызса" деген тіркесте қолжазбалар бойынша „*қара*" деген сөз алынып тасталды.

Отыз сегізінші сөз. Алғаш рет 1933 ж. жинаққа енгізілген. Мүрсейіт қолжазбаларында „*Китап тасдих*" деген тақырыбы бар. 1905–1907 жж. қолжазбаларда 1-беттен басталады.

1977 ж. жинаққа қолжазбалармен салыстыру арқылы енгізілген түзетулер бұл басылымда негізінен қабылданды. Сонымен бірге барлық нұсқаларды қайта салғастыру нәтижесінде қосымша мынадай өзгерістер жасалды:

Бірінші абзацтағы үшінші сөйлем былай деп құрылды: Ықыласпенен оқып, ұғып алыңыздар: оның үшін *махаббаттың төлеуі – махаббат*.

Осы абзацтағы бесінші сөйлемдегі „*қалмысы* жақсы ата" деген тіркестер „*калмыс өзгелерінің* бәрі жақсы ата" деп толықтырылды.

Ескерту: Бұл сөзде бұрынғы басылымдардағы „*анын*" деген сөз, „*бірлан*" деген жалғау түпнұсқаға сәйкес „*оның*", „*менен*" болып өзгертілді.

Екінші абзацтағы үшінші сөйлемнің басы „Олардың *адамдығының*" деп жазылды. Келесі сөйлем „хақиқат" дегеннен кейін „*растықтың жолы*" деген сөздермен толықтырылды. Одан кейінгі сөйлем: „*Қиянат* – хақиқат пен растықтың дұшпаны" деп өзгертілді.

Үшінші абзацтағы төртінші сөйлемнің аяғы: „иманның хақиқаты *не сөз екенін білсін*" деп өзгертілді.

Бесінші абзацтың соңынан санағанда үшінші сөйлемінде: „жоғарыдағы *жазылмыш*" деген тіркес „жоғарыда *жазылған*" деп түзетілді.

„Басына Іәм“ деп басталатын абзацта осы тіркестен кейін „*бір*“ деген сөзі қосылды. Осы абзацта төртінші сөйлемнің екінші бөлігі „*айтылмыш-жазылмыштар*. Оны нақлия деп те айтады“ деп өзгертіліп, аяғына нүкте қойыл-ды. Осыдан кейінгі бір сөйлемнен кейінгі екінші сөйлем: „*Құдай тәбәрак уа тағала*“ болып басталады.

Ал бұдан кейінгі сөйлемнің басындағы „Құдай тағаланың затына“ деген тіркес „*Құдай табараканың* затына ынтық“ деп өзгертілді.

„Адаспай тура іздеген“ деп басталатын абзацтың екінші сөйлеміндегі „әр нәрсе дүниеде *салардың*“ деген тіркес „әр нәрсе дүниеде *бұлардың*“ деп өзгертілді.

Осы абзацтың соңғы сөйлеміндегі „*электрді* тауып“ деген тіркеске „*элекрияны* тауып“ деген өзгеріс енгізілді. Сондай-ақ осы сөйлемнің ең соңғы „*дағуа* жоқ“ деген екі сөзі „*дау* жоқ“ деп түзетілді.

„Бұл заманның молдалары“ деп басталатын абзацтың бесінші сөйлемі „*өзімшілдік*“ деген сөзбен аяқталып, одан әрі жаңа сөйлем: „*Әр өзімшілдік — адам баласын бұзатын фиғыл*“ де түзетілді.

Осы абзацтың соңғы сөйлеміндегі: „ессіз адам болып шығады да“ дегеннен кейін „*ешбір*“ деген сөз қосылды.

„Дүниенің мағмұрлығы“ деп басталатын абзацтың үшінші сөйлеміндегі „өзгешелік бермек *қасты*“ деген тіркес „өзгешелік бермек хасады“ деп өзгертілді. Осы сөйлемнің аяғындағы „езгулікке бола“ деген тіркес „ізгілікке бола“ деп түзетілді.

„Енді біліңіздер“ деп басталатын абзацтың алғашқы сөйлемі былай деп өзгертілді: „Енді біліңіздер, *ей* перзенттер! Құдай тағаланың жолы деген жол *алла тағаланың өзіндей* нинаятсыз болды“.

Осы абзацтың орта шеніндегі „Ол — нинаятсыз жол“ деп басталатын сөйлемде „нинаятсыз құдаға“ деген тіркестен кейінгі „*тақырып*“ деген сөз „*тағрип*“ болып өзгертілді.

„Бұлардың емі“ деп басталатын абзацтың бірінші сөйлемінен кейін мынадай өзгеріс енгізілді:

„Ол білім, *ғылымы* құдаға мұқтәди болсын. *Ғылым әуелі ғалами ғылымға мұқтади болсын, яғни*“ (әрі қарай текст бойынша).

Отыз тоғызыншы сөз. Алғаш рет 1933 ж. жинаққа енгізілген Қолжазбада 26-сөз (43-бет).

1977 ж. жинаққа қолжазбалармен салыстыру негізінде енгізілген түзетулер бұл басылымда да қабылданды.

Сонымен бірге екінші абзацтың бесінші сөйлеміндегі: „*мал* айтып тілеу қылып“ деген тіркес 1905 ж. қолжазба бойынша „*мақал* айтып тілеу қылып“ деп өзгертілді.

Үшінші абзацтың бірінші сөйлемі осы қолжазбаға сәйкес: „Екінші *мінезі — намысқорлық екен*“ деп түзетілді. Осы абзацтың төменнен санағанда төртінші сөйлемінің аяғына: „осы екі мінез қайда *бар*?“ деген өзгеріс енгізілді.

Қырқыншы сөз. Ең алғаш рет 1918 ж. „Абай“ журналының бесінші санында жарияланған. Содан кейін 1933 ж. жинаққа енгізілген. Қолжазбада 35-сөз (52-бет).

1977 ж. басылымда, 1907 ж. қолжазбаға сілтеме жасай отырып, жетінші, он екінші, он жетінші абзацтардың жекелеген сөздеріне енгізілген өзгерістер бұл жолы басқа да қолжазбалармен салыстыру арқылы, 1957 ж. жинақтағы нұсқаларына сәйкес қайтадан қалпына келтірілді.

Осы ретпен 15-абзацтағы сөйлем: „Көп кісі досым жетілсе екен демейді, егер де жетілсе, бағанағы досына *бір* бітімі жоқ дұшпан сол болатұғыны қалай?“— деп түзетілді.

Соңғы абзацтың соңғы сөйлемінің аяғы: „*ұқпай тыңбайтыңдығы қалай?*“ деп өзгертілді (1905 ж. қолжазба).

Қырық бірінші сөз. Алғаш рет 1933 ж. жинаққа енгізілген. Қолжазбада 37-сөз (54-бет).

1977 ж. басылымға енгізілген түзетулер негізінен қабылданды. Оларға қосымша, бұрынғы басылымдар мен қолжазбаларды қайта салыстыру арқылы мынадай өзгерістер енгізілді:

Екінші абзацтың екінші сөйлеміндегі „медреселерге беріп“ дегеннен кейінгі сөздер былай өзгертілді: „бірін ол жол, бірін бұл жолға *салу керек*. Дүниеде көп есепсіз ғылымның жолдары бар, әрбір жолда *үйретушілерге беріп*: сен бұл жолды үйрен, сен ол жолды үйрен деп жолға салып“ (әрі қарай текст бойынша).

Бесінші абзацтың үшінші сөйлемінің орта тұсындағы „бұрыла алмайды“ деген тіркестен кейін „*егер*“ деген сөз қосылды. Осы сөйлемнің аяғы „аландап *отырады*“ деп өзгертілді.

Қырық екінші сөз. Алғаш рет 1933 ж. жинаққа енгізілген. Қолжазбада 38-сөз (54-бет).

Бірінші абзацтың үшінші сөйлемінде „біреуден бір жылқының майын *сұран* мініп“ деген тіркестегі „*сұран*“ деген сөз қолжазбалармен салыстыру негізінде қалпына келтірілді. Осы абзацтағы „Не үшін десең“ деп басталатын сөйлемде „*сол*“ „*жол*“ болып өзгертілді.

Төртінші абзацтың басындағы екі сөйлем біріктіріліп, бір сөйлем болды.

Осы абзацтағы „Байдың өз жауабы“ деп басталатын сөйлемде „өз мінезі оңбай тұрған соң“ дегеннен кейінгі тіркес „*бағанағы* кісі бұзылса, әлгі антұрған *бағанағы байға*“ деп түзетілді. Одан әрі текст бойынша: „мен айтып па едім“ деп жалғастырылады.

Қырық үшінші сөз. Алғаш рет 1933 ж. жинаққа енгізілген. түзетулер бұл басылымда сол күйінде қабылданды.

Сонымен бірге мынадай қосымша түзетулер енгізілді:

Үшінші абзацтың үшінші сөйлеміндегі „көрген, естіген. *көргенінді*" деген тіркес „көрген, естіген *нәрсенді*" деп түзетілді. Осыдан кейінгі сөйлемде „қазынаңды жоғалтып" деген тіркестен кейін „*алып*" деген сөз алынып тасталды.

Соңғы абзацта „Пайда, *залалды*" деп басталатын сөйлемдегі осы тіркес „Пайда, *зарарды*" деп түзетілді. „Егер де" деп басталатын сөйлемде „жүгенсіз" деген сөзден кейін „*мінген*" деген сөз қосылып, одан кейін нүктелі үтір қойылды. Соңғы екі сөйлем біріктіріліп, бір сөйлем болды.

Қырық төртінші сөз. Алғаш рет 1933 ж. жинаққа енгізілген. Қолжазбада 41-сөз (59-бет).

Екінші абзацтың орта тұсындағы „Осыған орай" деп басталатын сөйлем мен екінші сөйлемнің бірінші бөлігі былай деп өзгертілді: „Осыған орай біреу *ер атанамын*, біреу қажеке атанамын, біреу *молдеке* атанамын, біреулер білгіш, қу, сұм атанамын деп, сол харекетте жүр. Әрқайсысы қазаққа бұлдамақ та болып" (әрі қарай текст бойынша).

Ең соңғы сөйлемде „оқып" дегеннен кейін „*білім*" деген сөз қосылып, соңынан үтір қойылды.

Қырық бесінші сөз. 1933 ж. жинақта, қолжазбаларға сүйеніп, 37-сөздің („Насихат") 13-бабы (нақылы) ретінде берілген. 1945 ж. бір томдықта мағына өзгешелігі ескеріліп, жеке 45-сөз етіп бөлінген. Содан бері осылай қабылданып келеді.

1977 ж. жинақта жеке сөздерге енгізілген грамматикалық түзетулер бұл басылымда да қабылданды.

БІРАЗ СӨЗ ҚАЗАҚТЫҢ ТҮБІ ҚАЙДАН ШЫҚҚАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ

Алғаш рет 1933 ж. жинақтың „Тарихи сөз" деген бөлімінде жарияланған. Одан кейін 1933-34 жж. М. Әуезов басқарған экспедиция тауып әкелген Абайдың өз қолжазбасымен (1899 ж.) салыстырылып, тиісті түзетулер жасалып, 1939—40 жж. екі томдық жинаққа енгізілген (II том, 248—253-беттер).

Абайдан қалған бірден-бір бұл қолжазба қазір Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұражайында сақтаулы.

1977 ж. екі томдықта, түпнұсқа және көшірме қолжазбалармен, сондай-ақ бұрынғы басылымдармен қайтадан салыстырылып, жекелеген әріп, сөз қателері түзетілген.

Бұл басылымда негізінен сол түзетулер қабылданды. Сонымен қатар жаңадан байқалған кейбір қателері мен дәлсіздіктері түпнұсқаға сәйкес келтірілді.

Мәселен, тақырыптағы бұрын бірнеше рет қайталанып келген „*шыққаны*" деген сөз 1899 ж. Абай қолжазбасы мен 1907 ж. Мүрсейіт қолжазбасы бойынша „шыққандығы" деп түзетілді.

Бірінші абзацтағы үшінші сөйлемнің басы „*Әммана мағлұм*" деп өзгертілді.

Екінші абзацтағы „Біздің қазақтың" деп басталатын сөйлемде „Ақтабан шұбырынды *көретұғыны Амудариядан* қашамын деп болған" деген тіркес қолжазба бойынша: „Ақтабан шұбырынды *көретін себебі Нәдірден* қашамын деп болған" деп түзетілді.

Үшінші абзацтың төртінші сөйлемі: „Осы күнде де қазақтың төре нәсілдері өзін-өзі біз татармыз деп айтысады" деп өзгертілді.

СЕНАТҚА ХАТ

Абайдың сенатқа хаты дейтін құжат соңғы кездерге дейін ғылымға беймәлім болып келген еді. Зерттеуші ғалымдардың арқасында сексенінші жылдарда Петербордағы мемлекеттік тарихи архив қорынан (1352-қор, 20-тізбе, 379-іс) табылған. Бұл жөнінде баспасөз бетінде алғаш рет хабарлаған филология ғылымының кандидаты П. Асылжанов болатын (қараңыз: „Қазақ әдебиеті", 1981 жыл, 24 апрель). 1984 жылы, ол кезде Қазақстан архив басқармасының бастығы болып істеген осы шағын түсініктеме авторының тікелей ресми хат жолдауы арқылы Петербордан құжаттың толық фотокөшірмесі алдырылып, Қазақстан Орталық мемлекеттік архивіне тұрақты сақтауға табыс етілген.

Ресей империясының ең жоғарғы үкімет құзыры Сенат атына жолданған бұл хат бұдан тоқсан бес жыл бұрын, Абай өмірінің соңғы кезеңінде дүниеге келген. Көлемі қолжазбамен 30 бет. Сауатты орыс тілінде маржандай тізіліп, мұқият жазылған. Сірә, Абайдың ұлы Мағауияның қолымен жазылған деп топшылауға болады. Жазу мәнері бұған дейін архив құжаттары арқылы бізге белгілі Мағауия қолтаңбасына әбден ұқсас. Мағауия орысша оқыған, орысша едәуір сауатты болғаны көптен мәлім. Абай өзі „шағым-пікір" деп ат қойып жолдаған бұл құжаттың соңына „киргиз чингизской волости Ибрагим Кунанбаев" деп өз қолымен қол қойған. Мұндағы қолтаңбасы да республика архивінде сақталған бізге мәлім Абай қолтаңбасына өте дәлме-дәл келеді.

Хатта Абайға қатысты бір оқиға сөз болады. Бір ғана оқиға төңірегіндегі жайлар, соған араласушы адамдар, олардың сол тұстағы әрекеттері баяндалады. Солардың өзінен-ақ заман тынысы, адамның қоғамдағы орны, өзара ара-қатынасы, шиеленіскен тартысы мен арпалысы анық сыз береді. Абай сойылшоқпардың адамы емес, ой мен ақылдың адамы. Осынау кикілжің қырқыстың барысында да оның кісілігі, оқшау даналығы қапысыз қылаң береді. Ұлықтық бәсеке, бақталастық ойран үстінде содыр шонжарлар оны қайтқенде еңсесін басып, съезден аулақтату ниетімен соққыға жығып, қамшымен сабалай бастағанда Уәйіс Соқин дейтін азамат Абайдың үстіне өзі жата қалып, өз денесімен оның денесін қалқалап, арашаға түсуі — былайғы жұрттың Абайға деген ықылас-сүйіспен-

шілігінің жалт еткен бұрқағы деп бағалауға лайық. Дана Абайға деген абзал жүректің азаматтық арашасы, халқымыздың қысас қиянатка, озбыр өктемдікке қасқая қарсы тұрған бұла мінезі кезінде осылай бой көрсеткен.

Хат иесі өз басын арашалаушы мүсәпір пенде емес, сорақылықты күстәналаушы, айыптаушы ретінде еңселенеді. Содыр-сотқарларды қисынсыз ақтаушы, билік, төрелік қызметін үстірт атқарушы, көпе-көрнеу бұрмалаушы әкімгерлерді жағадан ала жазғырады, олардың жұмысындағы шалағайлық пен жаңсақтықтарды тап басып әйгілейді. Жалпы сөзбен емес, фактімен сөйлейді, мәселені егжей-тегжейлі біртіндеп талдап, сот ісінің тиісті беттерін, айыпкерлер мен куәлардың уәж-жауаптарын тілге тиек ете отырып, сол кездегі заңдардың талаптарын нақты статьяларды ауызға ала отырып, тергеуші прокурор, сот шешімдерінің ақаулы, қисық тұстарын көзей отырып, бұтарлап бұзады. Ресей мемлекетінің Заң жиынтығына, нақты статьяларына сүйене отырып, келелі түйіндер келтіреді. Осынау оқиғаның басы-қасында ең басты куә — үкіметтің ең сенімді адамы, әкімшілік тәртіп пен әділет сақшысы болуға борышкер — ояздан жауап алынбағанын, бұл үлкен мін екенін қадап айтады. Осы тұста Абайдың темірдей логикасы, философиялық сара тұжырымдары, сұңғыла сүрелері тұшындырмай, иландырмай қоймайды.

Архив деректеріне қарағанда үкімет — сенат кеңсесіне 1899 жылдың аяқ кезінде келіп түскен шағым-пікір дереу іске қозғау салып, істі Семей округтік сотынан Петерборға алдырып тиянақты қарауға түрткі болған. Архивте сақталған Семей округтік сотының сенат атына 1900 жылғы 5-ақпанда жолдаған № 9 646, 1901 жылғы 5-ақпанда жолдаған № 659 рапорттары істің қалай бет алып, ақыры немен тынғаны жөнінде нақты айғақ береді.

Бірнеше жыл бойы сергелдеңге түскен іс сенат кеңсесінде бір жылға жуық мерзім егжей-тегжейлі қаралғаннан кейін, ақыры шағым иесінің талабы қанағаттандырылып, Семей әкімшілік орындарының бұрынғы шешімдері бүтіндей бұзылған, іс қайта қаралған. Бұл жөнінде Сенат кеңсесінің мына бір құжатын келтірсек те жеткілікті.

„1900 жылғы декабрьдің 11-күні. Ұлы мәртебелі император құзырымен Үкімет Сенат тыңдады: Семей уезі мен облысы, Шыңғыс болысының жәбір көрген қырғызы Ибрагим Құнанбаевтың шағымы бойынша оның тоналғаны жайында жеке ісі қаралды. Бұйырылды: Бұрынғы Семей облыстық сотының қырғыздар Әбен Бітімбаевты, Рақым Өмірзақовты, Бейсенбі Жақыповты және Әзімжан Исабаевты жазалар жинағының 1642-статьясымен айыптау жөніндегі істі қысқарту туралы 1899 жылғы 11-майдағы үйғарымы бұзылсын және Семейдің округтік сотына қайтарылып, істің бұдан былайғы барысын бұрынғы сот құрылымы орындарында істерді аяқтау жөніндегі

1869 жылғы 10-марттағы ереже негізінде және оларға қосымша ретінде шығарылған заңдастыру қаулыларына сәйкес жүргізуге жарлық берілсін. Түпнұсқасы сенатор мырзалардың қол қоюларымен орындауға жолданған және ол 1901 жылғы 3-январьда № 8 бен орындалды.

Обер-хатшының көмекшісі
(қол қойылған)".

Құжаттың орысша түпнұскасы мынау:

В ПРАВИТЕЛЬСТВУЮЩИЙ СЕНАТ

Киргиза Чингизской волости,
Семипалатинской области, того же
уезда Ибрагима Куанбаева

Апелляционный отзыв

В июне 1898 года, в присутствии Семипалатинского уездного начальника, производились выборы должностных лиц в Мукурской волости, на трехлетний с 1899 по 1902 год, в это же время предполагалось наведение и установление границ между Мукурской и Чингизской волостями. Для указания границ были посланы из Чингизской волости уполномоченными: Искаков, Салтабаев и Баисов. 17 июня я был вызван Уездным начальником для указания прежде бывших границ, так как Уездный Начальник не надеялся на лиц, назначенных уполномоченными от Чингизской волости, и желал, чтобы и я принял участие в разграничении волостей совместно с двумя или тремя аксакалами (стариками).

18 июня я приехал к Уездному Начальнику и сообщил ему, что требуемые им из Чингизской волости лица – собрались. Уездный Начальник приказал обождать в виду того, что мукурцы явились еще не все. Я вышел из юрты, в коей помещался Уездный Начальник, и сел невдалеке, ожидая сбора людей Мукурской волости. Нужно заметить, в что Мукурской волости скрывается много бродяг, бежавших из ссылки, которых Волостной Управитель держит и укрывает у себя. Зная это, Уезный Начальник просил меня оказать ему содействие в поимке бродяг, насколько это было возможно с моей стороны. Об этом знали мукурцы. Прошло не более часа, когда я сидел около юрты Уездного Начальника, на меня напала толпа озлобленных и возбужденных киргиз Мукурской волости, во главе коей были: Волостной Управитель Мусажан Акымгожин, Бисембы Джакупов, Абен Битембаев, Азимжан Исабаев и Рахим Умырзаков. Вся эта толпа бросилась на меня, причем

Джакупов вырвал у меня из-за пояса нож, Абен Битембаев сорвал с меня шапку, Рахим Умырзаков сорвал с меня часы с золотой цепочкой, а затем повалили меня на землю и стали бить меня плетью. От дальнейших побоев я был избавлен киргизом Уваисом Сокиным, который прикрыв меня своим телом и тем лишив возможности наносить мне дальнейшие побои. На мой крик выбежал из своей юрты Уездный Начальник и при содействии стражников разогнал толпу, а затем в сопровождении провожатых я отправился в свою волость, боясь еще более жестокого насилия надо мной со стороны мукурцев. Кроме ограбления указанных мною вещей, киргизы взяли у меня насильно лошадь, сломали замок у моего сундука, находившегося в моей юрте, вытащили из сундука две скатерти, ковер и другие вещи на сумму 50 рублей, всего же ограблено у меня на 241 рубль.

Было произведено по этому делу дознание, которое и было передано следователю Семипалатинского уезда для производства формального следствия. Следователем, по выяснении обстоятельств дела, были привлечены в качестве обвиняемых (в ограблении меня, на основании 120 и 1642 ст.). Уложения о наказаниях Волостной Управитель Мусажан Акымгожин, Бисембы Джакупов, Абен Битембаев, Азимжан Исабаев и Рахим Умырзаков. По окончании, следствие было направлено следователем на основании 332 ст. XVI т. ч. II, изд. 1892 г. 18 ноября 98 года за № 1197 Прокурору бывшего Семипалатинского областного суда. Прокурор почему-то дело о грабеже направил в Семипалатинское областное правление, которое, рассмотрев следственное производство относительно грабежа, нашло, что к обвинению Мусажана Акымгожина, Бисембы Джакупова и др. нет достаточных данных и делопроизводство прекратило по журнальному постановлению своему от 13 февраля 1899 года. Постановление это, в копии, вместе с делом препроводило обратно Прокурору бывшего Семипалатинского областного суда. Прокурор отослал дело с постановлением в бывший Семипалатинский областной суд при отношении от 24 апреля 1899 года, в коем было написано: „разделяя изложенные в копии постановления Областного правления от 13 февраля 1899 года соображения о недоказанности преступления, нахожу, что преследование должно быть прекращено".

Областной суд и прекратил дело. Обвиняемым о прекращении дела было объявлено судом через полицию 13 мая 1899 года; мне же не было объявлено ни через полицию, ни посредством вывешения объявлений в суде о прекращении дела, так что я узнал об этом 4 января 1900 года, когда получил сообщение о прекращении дела от товарища прокурора Семипалатинского окружного суда.

Прекращение этого дела я считаю неправильным как по мотивам существа дела, так и со стороны формальной по следующим основаниям: мною на следствии, в подтверждение справедливости обвинения, были указаны свидетели киргизы: Кокпай Джанатаев, Садык Увакпаев, Кунбазар Чилдыбаев, Кусаин Кикымбаев, Назимбай Зурманов, Нурманбай Уватаев, Сарджан Юсупов, Габулхаким Искаков, Искак Салтыбаев, Кадыр Баисов, Адил Божаев, Есендык Базаров и Уваис Сокин. Показаниями этих свидетелей вполне установлен факт нападения на меня и ограбления Акымгожиным, Битым-баевым и другими. Обвиняемые на формальном следствии виновными себя не признали, объяснив, что все обвинение я вывожу на них по наущению Дутпая Увандыкова, который состоит во вражде с Волостным управителем Акымгожиным и с другими. В доказательство основательности своего оправдания обвиняемые указали на свидетелей: Оразбая Аккулова, Сергазы Сакалова, Бекена Кулайгырова, Койчубека Коркенбаева, Битымбая Нуралина, Мусабека Коркенбаева и Буламбая Найманбаева. Из показаний этих свидетелей видно, что в Мукурской волости существовало две партии: одна принадлежала, будто-бы, зятю моему Дутпаю Увандыкову, а другая Битымбаеву и Акымгожину; что я явился на Мукурский съезд, желая сделать зятя Волостным Управителем; стал подстрекать народ в пользу своего зятя, в том числе некоего Кулайгырова, и когда Кулайгыров отказался исполнить мое решение, то я будто бы, стал бить его; за него вступился Булкаиров, но и его, будто бы, я стал бить, что и послужило к общей драке, во время которой мне были нанесены побои. Что же касается грабежа, то свидетели со стороны обвиняемых показали, что все это выдумано мною из мести за нанесенное оскорбление.

В деле имеется еще третья группа свидетелей, которые не были указаны мною и обвиняемыми, но которые случайно присутствовали во время происходившего, и которые не принадлежали ни к какой партии — это Омарбек Оспанов, Василий Красильников и Николай Литвинов.

В общем из показаний установили следующие факты: в юрту, где находился Уездный начальник, 14 и 18 июня приходил Волостной управитель Акымгожин с киргизами своей партии и просил удалить меня со съезда на том основании, что я подговариваю киргиз к переселению в Чингизскую волость. Уездный начальник уговорил киргиз успокоиться и приказал Оспанову передать мне приказание удалиться в свою волость. Оспанов пошел передать мне приказание Уездного начальника, когда я сидел около юрты Уездного начальника, но в это время на меня набросилась толпа мукурцев, впереди которых был Абен Битымбаев, завязалась драка, которую прекратил Уездный начальник при

помощи стражников. После драки мною было заявлено, что у меня ограбили шапку, часы с золотой цепочкой и пояс, но насколько это справедливо, свидетели этого обстоятельства подтвердить не могли, так как эти свидетели не заметили, были или не были у меня часы с цепочкой и нож; шапки же на моей голове после драки, они видели, что не было. Свидетель Оспанов предполагал, что нож, шапка и часы с цепочкой действительно могли быть сорваны с меня во время драки, но кто это сделал – не знает. Относительно ограбления моей юрты, свидетель Литвинов показал что его Уездный начальник послал в мою юрту, он осмотрел ее и видел, что в юрте было все цело, что в юрте моей лишь сидели киргизы и пили мой кумыс. Наконец последняя группа свидетелей: Джангир Комекбаев, Бозамбай Абдин, Каримжан Тайчекин, Багмет Доскелдин, Кошкин Магомбетов, Джаулды Байтуров, Дюсембай Буранов, Кожамбай Иманбаев, Бегендык Байготанов и Акылбек Чуванов показали, что Управитель Акымгожин, Азимжан Исабаев и Битымбаев в драке не участвовали.

По журнальному постановлению Семипалатинского областного правления, 13 февраля 1899 года, дело о нанесении мне побоев и ограблении было прекращено по следующему умозаключению: „выслушав доложенное и, рассмотрев следственное производство, Областное правление находит, что киргиз Чингизской волости Ибрагим Кунанбаев поданными прошениями 4 и 9 июля 1898 года на имя Семипалатинского областного прокурора заявил, что он был вызван Уездным начальником в Мукурскую волость для присутствия при выборах должностных лиц Мукурской волости и для размежевания земли между Чингизской и Мукурской волостями, но по подстрекательству киргиза Бугулинской волости Оразбая Аккулова на него напали толпою киргизы Мукурской волости под предводительством управителя волости Мусажана Акымгожина, Абена Битымбаева, Рахима Умырзакова, Азимжана Исабаева и Бисембы Джакупова, – причинили ему побои и при этом Битымбаев сорвал с него шапку, Умырзаков часы с золотой цепочкой и Джакупов вырвал нож из-за пояса. Кроме того упомянутые лица ограбили у него тогда же из юрты разные вещи и лошадь, всего на сумму 241 рубль. Все это Кунанбаев подтвердил при производстве следствия, а также равно подтвердили это и свидетели его Кокпай Джанатаев, Садык Увакпаев, Байжурун Байгожин и др., всего в числе 19 человек (л. д. 23, 24, 25, 50, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 80).

При этом Кунанбаев объяснил, что Битымбаев просил его о прекращении этого дела, но этого факта Кунанбаев доказать ничем не мог. Между тем показаниями обвиняемого Акымгожина и его свидетелей Комекбаева, Абдина, Тайчекина, Доскельдина, а также равно показаниями переводчика

Оспанова и бывших на месте драки киргиз Мукурской волости и стражников вполне устанавливается тот факт, что Управитель Акымгожин в драке этой не принимал участия (л. д. 94, 95, 78, 30 и 31).

Если прибавить к этому, что в Мукурской волости существовало в то время партийная вражда, как это видно из показаний Оразбая Аккулова и др. свидетелей (л. д. 73, 74, 75, 76), при чем к враждебной Управителю партии принадлежал и принадлежавший к Мукурской волости и бывший даже Управителем этой волости Ибрагим Кунан-баев и, что вражда эта была настолько велика, что Упра-вителем в Мукурскую волость, как показывает справка, — г. Начальник области признал необходимым назначить киргиза из посторонней волости без выборов, то становится весьма вероятно, что Кунанбаев действительно мог сделать на Управителя Акымгожина ложный вывод в участии в ограблении его.

Кроме того и самый факт-то ограбления у Кунанбаева часов с золотой цепочкой, ножа, лошади и пр. вещей из юрты его, хотя с одной стороны и подтверждается показаниями свидетелей, выставленных Кунанбаевым, но показания их не заслуживают доверия, во-первых, потому, что слишком тождественны, шаблонны, во-вторых нельзя допустить, чтобы в общей драке целой массы народа каждый из этих свидетелей видел кто с Кунанбаева сорвал шапку, кто выдернул у него нож, кто сорвал часы с цепочкой и проч., а между тем каждый из поименованных выше свидетелей Кунанбаева показывает, что видел все это; в-третьих, потому, что показания этих свидетелей опровергаются целым рядом показаний другой группы, выставленных обвиняемыми; и наконец, в-четвертых, обвинение, выводимое на Управителя Мусажана Акымгожина и др., ничуть не подтверждается показаниями незаинтересованных в деле лиц, как напр. Омарбека Оспанова и стражников Красильникова и Литвинова (л. д. за № 31), а наоборот показаниями последних трех лиц устанавливается, что драка действительно была и что Кунанбаеву нанесли побои киргизы Мукурской волости, но в драке этой Управителя Акымгожина не было и они не знают, действительно ли у Кунанбаева во время этой драки ограблены часы, нож и другие вещи.

В виду вышеизложенного Областное управление не находит достаточных оснований к привлечению бывшего Управителя Мукурской волости Мусажана Акымгожина к ответственности по 120 и 1642 ст. Уложения о наказаниях и тем более, что в случае партийных интриг и раздоров киргизы ничуть не стесняются даже под присягой показать ложь, лишь бы это средство оправдывало цель их. А потому и принимая во внимание, что о бездействии власти в этом деле бывшего Управителя Мукурской волости Мусажана Акымгожина произведено особо

от сего дела следствие, как показывает справка, которую будет рассмотрено особо по журналу, Областное управление определяет: заслушиваемое постановление Помощника Мирового судьи Семипалатинского уезда о привлечении к ответсвенности бывшего Мукурского Волостного Управителя Мусажана Акымгожина в качестве обвиняемого в преступлении пред. 120 и 1642 ст. Улож. о наказаниях за недостаточностью улик признать не подлежащим удовлетворению, с чем и объявить заинтересованным лицам через г. Семипалатинского Уездного начальника, которому и послать указ. Следственное производство в отношении обвинения остальных лиц (как частных, а не должностных) препроводить на усмотрение Семипалатинского областного прокурора.

Таким образом, как видно из всего производства, следствие было прекращено на основании мнения и убеждения Семипалатинского Областного правления, изложенного в журнальном постановлении от 13 февраля 1898 г. Независимо от того, что мнение учреждения административного и убеждения лиц, не принадлежащих к чинам судебного ведомства, не может служить основанием для вывода о виновности или невиновности лиц, привлеченных в качестве обвиняемых, сделанный областным правлением вывод неправилен и по существу.

Областное правление находит, что нет оснований для привлечения Волостного управителя и других обвиняемых к ответственности, во-первых потому, что хотя потерпевший Кунанбаев подтвердил на следствии факт нанесения ему побоев и ограбления, и что и свидетели указанные им в подтверждение своего объяснения подтвердили этот факт, но этим показаниям нельзя давать веры, так как они тождественны и шаблонны.

Впервые узнаю, что если свидетели об одном и том же событии, виденном ими в одно и то же время показывали сходно, то это обстоятельство может служить доказательством того, что такого события не было.

Я думаю, что если об одном и том же событии показывают многие, а не один или два, и показывают совершенно схоже, то это служит доказательством того, что событие действительно признано, а не выдуманное. Может, конечно, случиться, что и многие, в каких либо интересах, будут рассказывать о событии неслучившемся вовсе, или бывшем, не в таком виде, как оно произошло, то опровержение должно заключаться не в одном выводе, что рассказы тождественны, а в проверке этих рассказов в других обстоятельствах дела и показаниями других лиц. Посредством такого умозаключения можно приходить как к отрицательному, так и положительному выводу — показания тождественны, значит ложны; для убеждения в истинности их нужно, чтобы показания были разноречивы; но можно сделать и такой силлогизм: показания

разноречивы — значит ложны, для убеждения в истинности их нужно, чтобы показания были тождественны.

Вывод логически правилен и в том и другом случае, но дело в том, что для убеждения в истинности происшедшего нужно не одно убеждение личное, на основании которого построено умозаключение, а убеждение, основанное на факте, раз этого убеждения нет — то будь показания тождественны или разноречивы — все равно нельзя сделать вывода, соответствующего событию, а можно лишь иметь мнение, лишенное фактической почвы. В основании всякого приговора или определения о виновности или невиновности должны лежать факты во всей своей совокупности, на что указывает 119 ст. Уст. Уг. суд. и 335 ст. XVI т. свод. законов изд. 1892 года.

Второе условие неосновательности обвинения Областного управление нашло в том, что Кунанбаев объяснил на следствии, что обвиняемый Битымбаев просил Кунанбаева прекратить это дело, но ничем этого последний не мог доказать. Из того обстоятельства, что у меня нет доказательств относительно просьбы Битымбаева, никоим образом нельзя сделать вывода, что не было нанесено мне побоев и не было ограбления. Если бы я даже имел возможность доказать, что Битымбаев просил прекратить дело, то это, само по себе, так же не могло служить доказательством на суде виновности Битымбаева и других, так как этот факт не вытекает из самого следствия, а есть лишь единоличное желание Битымбаева, которое могло быть или не быть, несмотря на произведенное надо мною насилие.

Между тем — рассуждает Областное правление —показаниями Акымгожина и свидетелей Комекбаева, Абдина, Тайчекина, Доскельдина, а также равно показаниями переводчика Оспанова и бывших на месте драки стражников вполне устанавливается тот факт, что Управитель Акымгожин в драке не принимал никакого участия. Если же прибавить к этому, что в Мукурской волости существовала в то время партийная вражда, как это видно из показаний Оразбая Аккулова и др. свидетелей, причем к враждебной партии принадлежал и принадлежащий прежде к Мукурской волости и бывший даже Управителем этой волости Ибрагим Кунанбаев, и что вражда эта была настолько велика, что Управителем в Мукурскую волость Начальник области признал необходимым назначить киргиза из посторонней волости, то становится вероятным, что Кунанбаев действительно сделал на Управителя Акымгожина ложный вывод в участии в ограблении его".

На основании каких данных, установленных показаниями свидетелен Комекбаева и др., Правление пришло к убеждению, что Акымгожин не участвовал в нападении, или как говорит Областное правление, в драке, — это не видно, но рассматривая показания этих свидетелей в их существе, более правильным

можно признать, что эти свидетели скрывают истину. Для примера, чтобы выяснить показания этих свидетелей, сравним показания свидетеля Джангазы Комекбаева с показаниями: Базомбая Абдина, Каражана Тайчекина и Багамбета Доскельдина. Комекбаев показывает, что Волостного управителя на месте происходившего не было, что он, сидя около юрты Уездного начальника, услыхал крик и шум на другой стороне юрты начальника, побежав туда, увидел драку; в драке не участвовал, и что происходило не видел. Свидетели Абдин, Тайчекин, Доскельдин и др., показали, что они тоже сидели вместе с Волостным управителем Акымгожиным около юрты Уездного начальника с той стороны, где сидел Комекбаев и услыхав крик и шум на другой стороне юрты, побежали туда, и видели драку, но кто с кем и за что дрался, не видели. Уже само по себе показание этих свидетелей не выдерживает критики в своем существе: все видели драку, но никто из них не видел дравшихся; неужели, если идет толпа на толпу, то стоя тут же на месте, невозможно видеть дравшихся и не заметить кого либо из участвовавших в драке. Выходит, что драка выразилась в крике и шуме, а сами дравшиеся не были видимы для этих свидетелей. Ясно, что показания их имели в виду установить только факт отсутствия Акымгожина и не выяснить суть совершившегося, но цель их и в этом случае не достигается – одни утверждают, что Акымгожина не было вовсе во время драки, а другие, что он был, но не участвовал в драке. При утвердительном показании других свидетелей, это отрицание –"не видели"– не может служить доказательством отсутствия и участия Акымгожина. Эти свидетели, как оказывается по их показаниям, были от начала события до конца его, не только видели то, что не было перед их глазами, а не видели того, что происходило в действительности.

Свидетель Омар Оспанов показал, что Кунанбаев приехал по приказанию Уездного начальника в качестве выборного для проведения границ между Чингизской и Мукурской волостями; что Управителя Акымгожина он во время драки не видел – он куда то скрылся, а явился после драки. Полагаю, что часы, шапка и нож были сорваны с Кунанбаева во время драки. Он видел, что Кунанбаев показывал сломанный сундук Уездному начальнику. Показание Оспанова: „во время драки не видел Акымгожина, он куда-то скрылся и явился, когда драка кончилась"– имеет важное и существенное значение. Из следственного производства видно, что Кунанбаев явился по приглашению Уездного начальника, что появление его было сильно неприятно для Волостного управителя Акымгожина и его партии, и они старались всеми способами его удалить и с этой целью 17 и 18 июня приходили к Уездному начальнику и просили его сделать распоряжение об удалении

меня со съезда. Уездный начальник такого распоряжения не сделал, тогда они прибегли к насилию.

Главным руководителем, подстрекателем и деятелем был Акымгожин. Собрав толпу своих приверженцев, он подговорил их напасть на меня, причем руководил ими, принимал сам деятельное участие, в то время, когда, выйдя из юрты Уездного начальника, я сидел невдалеке. Когда он увидел, что достиг своей цели, что толпа напала на меня и разделывается со мной, он на время скрывается, затушевывается в толпе, а уже является и показывается на глаза всем, когда я избитый, оборванный и обобранный, валялся на земле.

Если бы Уездный начальник хотел меня удалить, то это он мог сделать и до нападения, и толпе, под предводительством Акымгожина, не было бы нужды и цели нападать на меня, грабить и бить, раз она уже знала, что по распоряжению Уездного начальника я буду удален от выборов и участия в установлении границ, а равно не буду участвовать в открытии скрывающихся в Мукурской волости беглецов.

В постановлении Областного управления говорится лишь о драке, но только говорится: — так как из всего следственного производства видно, что драки не было, драка бывает тогда, когда происходит физическая борьба между равными приблизительно силами, и в драке всегда бывают побитые, израненные и с той и с другой стороны, но в настоящем деле является странным, что побит только я — и больше никто; следовательно я один вступил в драку с целой толпой. Это невозможно физически, разве бы я только обладал силой Самсона и имея ослиную челюсть в руках, чтобы решиться на борьбу одному с толпой.

Обвиняемые стараются доказать, что была драка. Да это и естественно с их стороны. Но в каких обстоятельствах дела усмотрело Областное правление драку, не могу понять. Обвиняемые и их свидетели показывают, что драка завязалась из-за того, что я стал бить Кулайгырова за то, что он не согласился на мое предложение перейти в Чингизскую волость; за него заступился Булкаиров и я его стал бить, а затем пошла общая потасовка, в которой по какому-то чуду оказался побитым и ограбленным только я. Для выяснения неосновательности и выдуманности этой драки обвиняемыми в свое оправдание, помимо показания других свидетелей, достаточно сличить показания, данные на формальном следствии Азбергеном Кулайгыровым и Абдильды Булкаировым, — тех лиц, которых будто бы я бил. Азберген Кулайгыров показывает следующее: „Ибрагим Кунанбаев, находясь по другую сторону юрты Уездного начальника, сбросил с лошади Абдильды Булкаирова, отобрав у него лошадь и повел ее. Рахим Умырзаков подошел к Кунанбаеву и стал ему говорить, что так делать нехорошо и стыдно. Кунанбаев

бросился бить Умырзакова, тут нахлынула толпа, подняли шум, крик; что происходило далее – не видел. Вышел Уездный начальник и стал разгонять. Никакого участия в драке не принимал". Абдильда Булкаиров показывает: „Кунанбаев посредством аркана стащил с лошади Кулайгырова, стал его бить, помнит, что стали его бить, помнит, что его отнимал Умырзаков, когда очувствовался, был далеко от толпы.

Два и совершенно разноречивые показания, так что не знаешь из-за чего началась драка – по показанию Кулайгырова из-за того, что я стал бить Булкаирова, а из показания Булкаирова, что стал бить Кулайгырова. Это ли правдивые показания? Даже и сами битые мною лица не знают, его ли или другого я бил. – Если таковые показания главных свидетелей, битых, будто-бы, мною, то что можно сказать относительно других! Все показания обвиняемых и их свидетелей таковы, что из них нельзя видеть, как началась, как продолжалась, и как окончилась драка; кто начал первый, кто вмешался и кто с кем дрался. Все их показания сводятся к одной общей, заготовленной наперед фразы:– „услыхав шум, крик, побежал на место происшествия и затем ничего не видел".

Ссылка их на то, что драка началась из-за Кулайгырова и Булкаирова – тоже вымышлена, так как если Кулайгыров и Булкаиров сами не знают из-за кого из них началась драка, то откуда могли знать указанные обвиняемые свидетели. Отсюда можно ясно увидеть, насколько свидетели обвиняемых показывают правду. Семипалатинское областное правление (я разбираю только выводы и заключение Областного правления, так как в деле нет заключения Прокурора и определений суда о прекращении дела, есть только согласие их с мнением Правления) в своем постановлении говорит, что свидетели обвинения не могли видеть все одинаково – кто сорвал часы с цепочкой, кто нож и кто шапку, так как в общей драке все не могли видеть одно и то же.

Но дело в том, что Областное правление почему-то убеждено, что была драка, – и, с этой точки разбирает показания свидетелей, а не со стороны сущности в достоверности показаний. Для того, чтобы выводы соответствовали истинности событий – нужно, чтобы и само событие было установлено правильно. Из каких данных Областное правление усмотрело, что была именно драка? Из показаний обвиняемых и их свидетелей! Но показания их как в своем существе, так и по форме ровно ничего не выясняют – это только утверждение, что была драка, а не свидетельство показания, как в действительности все происходило. Что свидетели обвинений могли видеть кто сорвал с меня часы, кто нож, кто шапку – это очень естественно, так как они были тут же при нападении на меня и могли видеть, как обвиняемые напали на меня, стали бить и тут же срывать вещи, бывшие на мне.

В действительности напали на меня – старика, который не мог сопротивляться: Волостной управитель Акымгожин, Битымбаев, Умырзаков и другие, как главные заправила всего, а остальная толпа лишь поощряла и отчасти способствовала нападению. Кроме отнятия вещей при нанесении побоев, у моего слуги была отнята принадлежащая мне лошадь и разграблена юрта моя в присутствии всех. По понятию Областного правления это тоже кража.

То обстоятельство, что мотивом для нападения на меня послужило нежелание Акымгожина, Битымбаева и других мукурцев, чтобы я присутствовал при выборах и при определении границ, не может служить основанием отрицания грабежа: раз в присутствии моем и других совершенно открытое похищение вещей, то какой бы повод к нападению ни был, все таки будет грабеж, о котором говорит 1637 ст. Уложения о наказаниях, так как намерение похитить может возникнуть и во время нападения. В своем постановлении о прекращении дела Областное правление признало, что деяние обвиняемых есть кража, и, так как это преступление совершено киргизами и в районе киргизских кочевок, то дело это подсудно местному киргизскому суду.

Я считаю это заключение Областного правления неправильным. В какой суд я должен обратиться в Мукурской волостной суд! В Мукурской волости все приятели Акымгожина, Битымбаева, Исабаева и подчиняются им, как влиятельным лицам. В этом суде я ничего не добьюсь. Передать дело на решение Чингизского волостного суда они сами не согласятся – это им невыгодно. Остается одно – обиду свою поручить возмездию Божьему. Но я полагаю, что если уже будет и кража, или какое-либо другое преступление, то во всяком случае оно должно быть рассматриваемо русским судом, который один будет беспристрастным и справедливым судом в этом деле. Областное правление привлекло Акымгожина к ответственности по этому делу за бездействие власти. Я полагаю, что со стороны Акымгожина было не бездействие власти, так как лицо являющееся главным подстрекателем, главным зачинщиком и главным деятелем не есть лишь только бездействующее, а лицо активное.

По настоящему делу не допрошен самый главный свидетель – Уездный начальник, бывший очевидцем всего происходящего. Причин этого я не знаю, но полагают, что не допрос его имеет самое существенное значение для дела и разъяснения истины. Теперь перейду к рассмотрению дела с формальной стороны. Следствие производилось по старому порядку, уничтоженному при введении новых судов 14 мая 1899 года. Порядок этот по общим преступлениям следующий: Следователем производится формальное следствие, которое по

окончании, если к делу привлечены обвиняемые, направляется Прокурору суда, согласно 335 ст. XVI т. св. зак. изд. 1892 года. Прокурор или его товарищ по делам, по которым кто-либо из обвиняемых может подвергнуться лишению всех или некоторых прав и преимуществ, составляет заключение, в коем излагается: 1) событие, заключающее в себе признаки преступного деяния; 2) время и место совершения преступного деяния; 3) звание, имя, отчество и фамилия или прозвище обвиняемого; 4) сущность доказательств и улик, собранных по делу против обвиняемого; 5) определение по закону: какому именно преступлению соответствуют признаки рассматриваемого деяния; 6) произведено ли следствие с надлежащей полнотою и 7) следует ли обвиняемого предать суду, или же дело о нем должно быть прекращено или приостановлено. Это заключение Прокурора вносится в суд вместе с делом для дальнейшего направления согласно законам Уголовного Судопроизводства, изложенным в XVI т. ч. 2, изд. 1892 года. На основании 388 ст. того же тома, части второй, Губернатор не может входить в рассмотрение уголовных дел, производящихся в суде и давать по оным предложения прежде, нежели к нему поступят установленным порядком. Постановление же Семипалатинского областного правления утверждено Губернатором до поступления дела в суд.

И так, – из всего производства дела видно, что оно получило направление, совершенно противоположное законам Уголовного Судопроизводства, установленным XVI т., ч. 2, изд. 1892 года. Следователь, окончив дело по обвинению Акымгожина, Битымбаева, Исабаева и Умырзакова в ограблении меня, привлек их в качестве обвиняемых в грабеже и следствие по этому обвинению направил Прокурору бывшего Семипалатинского областного суда. Прокурор вместо того, чтобы составить заключение согласно 335 ст., направил дело для дачи мнения и заключения в Семипалатинское областное правление, которое по постановлению своему, от 13 февраля 1899 г. прекратило дело относительно Акымгожина, а об остальных обвиняемых оставил вопрос открытым, предоставив Прокурорскому надзору дать свое заключение об их виновности или невиновности; последнее обстоятельство мотивировано тем, что остальные обвиняемые не состоят на службе государственной.

Давая заключение о прекращении дела по обвинению Волостного управителя Акымгожина в грабеже, Семипалатинское областное правление вошло в служебную деятельность, вовсе не подлежащую его компетенции, так как по законам Уголовного судопроизводства, как старого, так и нового, преступные деяния по общим преступлениям, хотя бы таковые были совершены и во время служебных обязанностей, не

подлежат рассмотрению административных учреждений и должностных лиц, от которых зависит предание суду обвиняемых по служебным преступлениям. Лица, состоящие на службе государственной, совершившие преступления общего характера, а не по службе, — хотя бы и во время службы, подчиняются тому же порядку предания суду, как и частные лица.

На этом основании я считаю прекращение дела о Волостном управителе Акымгожине по обвинению его в грабеже — неправильным. Что же касается остальных обвиняемых, то хотя нет постановления Областного правления относительно их виновности или невиновности, но также нет заключения прокурорской власти, как это требуется 335 ст. XVI т. ч. 2, изд. 1892 года. Прокурор, препровождая дело об ограблении меня при одном только отношении за № 879, пишет: „Разделяя мнение Семипалатинского областного правления, изложенное в постановлении от 13 февраля 1899 года, нахожу возможным дело производством прекратить".

В этом случае подлежат разрешению дела два вопроса — первый: имел ли Прокурор право делать предложение суду на том основании, что он разделяет мнение Областного правления, не составляя своего заключения, основанного на личном рассмотрении следствия, и при этом, по делу, по которому не только не требуется мнения посторонних лиц и учреждений, но прямо не дозволяется законом?— Второй: относительно каких обвиняемых было это разделенное мнение — одного ли Акымгожина или это всех?

Я полагаю, что в основании заключения о прекращении дела или о предании суду обвиняемых по общим всем преступлениям Прокурорская власть должна руководствоваться лишь одним своим собственным убеждением, основанным на личном рассмотрении всей совокупности доказательств и улик, имеющихся в следственном производстве, а не руководствоваться чужим именем и убеждением. Это установлено всем содержанием и смыслом 335 ст. XVI т., ч. 2, изд. 1892 года. Я не говорю о более широком и более полном развитии этой мысли в уставе Уголовного судопроизводства. Дело мое рассматривалось по старому — ныне канувшему в вечность порядку, но и в этом устарелом порядке Уголовного судопроизводства положена в основание та же.., тот же дух, которые более ясно выражены в Судебном Уставе императора Александра III.

Относительно второго вопроса могу сказать, что для меня является непонятным пропуск в предложении прокурора и в определении суда о прекращении дела. Прокурор потому направил дело на прекращение, что разделял мнение Семипалатинского областного правления. Суд прекратил дело согласно этого предложения. Но дело в том, что мнение

Областного правления было лишь относительно Акымгожина по обвинению его в грабеже, но относительно других обвиняемых по тому же обвинению Правление никакого мнения не высказало. Выходит так, что дело по обвинению Акымгожина в грабеже прекращено потому, что прокурор разделял мнение Областного правления, а суд согласился с таким предложением прокурора, — а относительно других обвиняемых дело прекращено без всякого мнения и заключения прокурора и суда, так как разделять того мнения, которое не было высказано никем, невозможно.

Ввиду вышеизложенного я имею честь просить Правительствующий Сенат рассмотреть дело о нападении на меня и ограблении Волостным управителем Мусажаном Акымгожиным, Абеном Битымбаевам, Бисембаем Джакуповым, Рахимом Умырзаковым, сданное в архив Семипалатинского окружного суда бывшим Семипалатинским областным судом и, по рассмотрении дела определение бывшего Семипалатинского областного суда от 12-го мая 1899 года о прекращении этого дела отменить, так как оно было прекращено с нарушением того порядка решений дел, который установлен законами о судопроизводстве по делам уголовным, кои изложены 335, 337, 369 и 370 ст. XVI т., ч. 2. изд. 1892 года. Но так как этот порядок судопроизводства при введении судебной реформы 14 мая 1899 года отменен и в настоящее время в этих областях введены судебные уставы императора Александра III и прежний порядок Судопроизводства не может быть применяем, то дело это по отмене приговора бывшего Семипалатинского областного суда препроводить Прокурору Семипалатинского окружного суда для направления согласно 510— 528—3 Уст. Уголовного судопроизводства.

Настоящая апелляционная жалоба подлежит подаче в Правительствующий Сенат через Семипалатинский Окружной суд на основании правил, Высочайше утвержденных 10 марта 1865 года и 19 сентября 1865 года (14 и 88); порядка производства от прежних судебных установлений, в коих вводятся судебные уставы в полном объеме.

Киргиз Чингизской волости Ибрагим КУНАНБАЕВ

Ескерту: „Сенатка хат" атты бұл құжатты архивтен алып, қазақшаға аударған және оның түсінігін жазып, баспаға әзірлеген — филология ғылымының кандидаты Сапар Байжанов. — *Ред.*

КІСІ АТТАРЫ

I том

АБЫРАЛЫ (1839–1920) – Құнанбай ауылымен көп араласқан, Абайлармен бірқатар жыл сыйлас болған адам. Тілі орамды, сөзшең де кісі болыпты. Сонысы үшін „Сары жорға" деп атанған. Құнанбайдың Ысқағы болыс болғанда, алты жыл бойы болыстың кандидаты сайланған.

Намаз оқығанда құрандағы аяттың мағынасын ұқпай, бүлдіріп, бұзып оқитын адамдардағы әдет сол кездерде көп болған ғой. Осындай теріс әдетті Абай Абыралыдан байқаған. Осы өлеңін сонан жазған. Өлең бұдан ұзағырақ болса керек. Бірақ аяғы ешкімнің есінде қалмаған.

АЙТҚОЖА – Тобықтының Бәкең дейтін тобынан шыққан. Арғы аталары момын, инабатты адамдар болғанына қарамастан, Шотқара дегені парақор болып, Қыздар, Байұзақ, Дауылбай дейтін ұрпақтары ұрлыққа үйір жүріпті. Әрі оларға Айтқожа қосылыпты. Бәрі бірімен-бірі ымы-жымы бір адамдар болған. Олар Абайдың сыртынан Оспанның олімінен соң ел ішінде түрлі өсек, қаңқу сөздер таратса керек.

„Айтқожаның қулығы сені елірткен" деп, Абайдың Қыздарға арнай сөз шығаратыны сонан. Тұрағұлдың әкесі туралы естелігінде осылай айтылады.

АҚСАҚ ТЕМІР – Орта Азияда болған ірі қолбасшы, мемлекет қайраткері. 1336–1405 жылдарда өмір сүрген ол Қашқа-Дария алабын мекен еткен Барлас деген рудан шыққан. Самархан ханы Хусейінді 1370 жылы жаулап алып, оның орнына Ақсақ Темір хан боп отырады. Осыдан кейін 1398–1403 жылдардың аралығында Үндістанды, Сирияны, Түрік сұлтаны Баязитті, т. б. көп жерлерді жаулап алған. Кезінде осы соғыспен, жорықты ұрыспен болып жүрген жерлерінде, Орта Азияның көп қалаларында тоқтап, онда көпшілікке арналған түрлі сарайлар, мешіттер салдырып отырған.

Ақсақ Темірге 1388 жылы Алтын Орда ханы Тоқтамыс қарсы шығып, әуелі соғыс ашады. Осыдан соң 1395 жылы Темір Алтын Орданы шабады. Оның астанасы Сарай Беркені өртетіп жібереді. 1405 жылы Қытайды жаулап алмақ болып, жорыққа әзірленеді. Бірақ сол жолда Түркістанға жақын жердегі Отырар қаласында Ақсақ Темір қайтыс болады. Қазақтар Ақсақ Темірді „Әмір Темір көреген" деп атайды.

АТАЛЫҚ – Ақын „Қыздарға" деген өлеңінде бұл адамның атын атап өтеді. Аталық Абайлардан бұрын өмір сүрген, әкелері тұстас кісі болса керек. Заманында ел іші қатты құрметтейтін, сыйлы адам болыпты. Ол да Тобықтының Бәкең дейтін тобынан.

ӘБДІРАХМАН (Әбіш) (1868–1895) – ақынның Ділдәдан туған екінші баласы. Абай әуелден үміттеніп, оны ерекше жақсы көрген. Жасында Әбдірахман Семей қаласындағы орыс мекте-

бінде оқиды. Түмендегі реальное училищені бітіреді де, Петербургтағы технология институтына түспек болып жүреді. Бірақ оқудың басталар уақытынан кешігіп қалғандықтан, түсе алмайды да, сондағы Михайлов артиллерия училищесінде оқып, бітіріп шығады. Осыдан кейін Әскери артиллерия академиясына түсуге бекініп жүргенде, сырқатқа шалдығады. Сол аурудан ақыры 1895 жылы 1 қаңтар күні Алматы қаласында қайтыс болады. Абай Әбдірахманға арнап бірнеше өлең жазған.

ӘЗІРЕТ ӘЛІ (ҒАЛИ) – VII ғасырдағы араб жұртының қолбасшысы. Мұхаммедтен кейінгі алғашқы төрт шаһриардың бірі. Мұхаммед пайғамбардың қызын алған күйеу баласы, әрі досы. „Зархұм", „Сал-сал", „Хасан-Шам" сияқты аңыздар мен хиссалар Ғалиды дін жолындағы күрескер, ғажайып күшті батыр ретінде бейнелейді.

ӘСЕТ НАЙМАНБАЙҰЛЫ (1867–1923) – белгілі ақын, әнші. Абай төңірегінде болған талантты әнші, сазгер ақындардың бірі. Турашыл Абай оның кейбір кінәмшіл, теріс мінездерін ұнатпай, Көкпайды сынағаны секілді, оған да өлең шығарған деген сөз бар. Атап айтқанда, кейбір зерттеушілер „Біреуден біреу артылса" деп басталатын өлеңді Әсет атымен байланыстырады. Баспасөзде оны теріске шығаратын да пікірлер айтылған. Әзірге бұл жайында қалыптасқан белгілі үйғарым жоқ.

БАЙМАҒАМБЕТ МЫРЗАХАНҰЛЫ – Ел аузында айтылып жүргенінен алынған бұл өлеңді Абай Баймағамбет деген көршісіне әзілдеп айтқан. Ол ақынның досы, әрі шәкірті ретінде саналады. Абаймен бірге көп жүрген. Абай да қалаға барғанда оны қасынан тастамаған. Ол қазақ ертегілерін көп білген және жақсылып айта білген. Абай өзі оқыған Батыс, Шығыс әдебиетіндегі талай хикаялы роман, әңгімелердің сюжетін әңгімелеп беретін болған. Баймағамбет те оны ұғып, ел арасында ертегідей етіп айтып жүрген. Ел іші оны ертегіші Баймағамбет атаған. Өз үйінде аз болатынын желеу етіп әзілдеп, Абай осы өлеңді Баймағамбеттің әйелінің атынан шығарған.

БАЙТҰРСЫНОВ АХМЕТ (1873–1938) – аса көрнекті ғалым, ақын, публицист, аудармашы, мемлекет және қоғам қайраткері. 1895–1909 жж. Ақтөбе, Қостанай және Қарқаралы уездерінде орыс-қазақ мектептерінде бала оқытады. 1913–1917 жж. Орынборда шығатын „Қазақ" газетінің редакторы болған. Сол жылдары Алаш партиясын құруға атсалысады. Кейін Кеңес өкіметінің саясатын қабылдап, Қазақстанда жаңа құрылысты нығайтуға белсене қатынасқан. Бүкілодақтың Орталық атқару Комитетінің және Қазақ Орталық атқару комитетінің мүшесі болған.

Жиырмасыншы жылдардың аяғында саяси қуғынға ұшырап, ақыры сталиндік репрессия тұсында жазықсыз ату жазасына бұйырылған.

1914 ж. „Қазақ" газетінде Абайға арнап „Қазақтың бас ақыны" деген көлемді мақала жазған.

БАЙҰЗАҚ – Тобықты ішіндегі Бәкең дейтін топтан шыққан, Қыздардың ағасы. „Қыздарға“ деген өлеңінде оны айтып өтеді. Осы өлең шыққан кезде Байұзақ жасы жеткен адам екен.

БОРАГАНСКИЙ ІЛИЯС – бірінші мұсылман баспаханасын ұйымдастырушы. 1852 жылы Қырымда туған, қай жылы өлгені белгісіз. Жасында Түркияда болып, Стамбулда баспа хат өнерімен шұғылданады. 1882 жылы Петербургте мұсылман баспаханасын ашып, онда орыс, араб, парсы, түрік тілдерінде кітап басуға кіріседі. Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағы 1909 жылы осы Бораганский баспасы арқылы жарыққа шыққан болатын.

БӨКЕЙХАНОВ ӘЛИХАН – XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ ұлт-азаттық қозғалысының басшысы. „Алаш“ партиясының негізін қалаушы, Алашорда үкіметінің төрағасы болған. Әлихан Нұрмахамедұлы 1866 жылы бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысының жетінші ауылында дүниеге келген. Ол – қазір әкімшілік аймақтық бөлініс бойынша Жезқазған облысы, Ақтоғай ауданының Қаратал кеңшарына қарасты жер.

Сталиндік репрессияға ұшырап, 1937 жылы атылған. Әлихан Бекейханов ақынның баласы Тұрағұл Құнанбаев бастаған оның туыстарымен жақсы қарым-қатынаста, сырлас, дос болған. Ол 1922 жылы Семей түрмесінде Міржақып Дулатовпен, Тұрағұлмен бірге қамауда жатады.

1905 жылы „Семипалатинский листок“ газетінде және 1907 жылы орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібірге қарасты „Семей бөлімшесінің жазбаларында“ Абай туралы орыс тілінде некролог жазып, жария еткен. Әлихан Бөкейханов алғашқылардың бірі болып Абайдың ақындық талантын ерекше құрметтеп, оған қатты ден қойып өткен.

БҰХАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫ (1693–1787) – Ұлы хан Абылайдың заманында өмір сүрген, халыққа әйгілі болған қазақ ақыны. Ұзақ өмір сүрген, көпті көріп, "Көмекей жырау“ атанған ол хан сарайындағы басты ақылгөй, кеңесші болған. Жыраудың кезінде елге көп тарап, бізге жеткен мұралары әдебиетіміздің тарихында көрнекті орын алады. Бұхар жырау – қазақ поэзиясының дамуына елеулі үлес қосқан адам.

БІТІМБАЙ – Тобықтының Бәкең тобынан шыққан. Абайдың „Қыздарға“ деген өлеңінде аты аталады. Оңда ақын бұл кісіні елінің беделді, басты адамы ретінде атап өтеді.

ҒҰЛАМАhИ ДАУАНИ (1472–1501) – XV ғасырда жасаған парсы-тәжік халқының атақты ғалымы, философы. Оның ресми аты Джалалад-дин Мұхаммад ибн Асхад-ад-Даувани. Атақты оқымыстыны жұрт Ғұламаhи Даувани атап кеткен. Ол көптеген еңбектерге түсініктеме жазумен бірге философия, этика, логика, астрономия, алгебра т. б. ғылым салаларында жүзден астам еңбек қалдырған. Дауанидан Орта Азия, Азербайжан, Рум, Хорасан ғалымдары дәріс тыңдаған. Кейін Дауанидың идеяларын

таратушылар да осы шәкірттері болады. Оның атын шығарған еңбектерінің бірі „Ахлоки-Жалоли“ („Жалоли этикасы“). Оның еңбектері XIX ғасырда Калькутта, Мадрас, Лондон қалаларында жарияланған. Абайдың „Ғылым таппай мақтанба“ деген өлеңіндегі:

Мұны жазған білген құл –
Ғұламаһи Дауани
Солай депті ол шыншыл, –

деуіне қарағанда, ол Дауани еңбектерімен жақсы таныс болған.

ДАУЫЛБАЙ – Тобықтының Бәкең дейтін тобынан шыққан, атышулы ұры, әрі ол өзі сол топтың белді адамы. Қыздармен араз, өшпенді болған.

Дауылбай Қыздар менен айпар-жайпар,
Екеуі бітім десе, басын шайқар, –

деп Абай екі туысқанның өзара келісімге келе алмағанын кекесінмен сөз етеді.

ДОСАҚ – Бұл да сол атадан (Бәкең). Қыздарға жақын адам болған. Мұның атын Абай „Қыздарға“ деген өлеңінде атайды.

ДУЛАТ ЖЫРАУ БАБАТАЙҰЛЫ (1802–1874) – XIX ғасырдағы қазақтың көрнекті ақындарының бірі. Оның „Ата қоныс Арқадан“, „Ақ жайлау мен Сандықтас“, „Замана“, „Ей, айтайын арнап ишанға“, „Барақ төреге“, „Кеңесбайға“, „Сүлейменге“ деген толғаулары бар.

ДҮЙСЕНҚҰЛ – Абайдың ауылындағы жігіт. Қай жылы жазылғаны мәлімсіз бұл өлеңнің шығуына мынадай себеп болған: Абайдың Жақып деген туысқанының бір қызы күйеуден шығып келіп, үйінде отырады. Әйелі өлген Дүйсенқұл енді соған үйленеді. Бірақ ол әйел ауру екен. Өзі де бұрын әйел тастағыш жігіт, күйеуден шыққан әйелдерге үйлене беретін болуы керек. „Саудайы-ай, сауды алмадың-ау, сырқауды алып“,– деуі сол әдетін келекелеп айтқаны екен.

ЖАҚСЫЛЫҚ – Тобықты елінен шыққан Қоңыр Көкше болысының ел билеген адамы. 1880 ж. Абай Қоңыр Көкшеге болыс болып барғанда, Жақсылық оған: „Мен борышты болып қалдым. Шығынымды жұртқа бөліп, салық етіп сал“,– деп қолқа айтады. Сонда Абай ұнатпай, оған өлең шығарған.

ЖАНҚОЖА – Тобықтының Бәкең дейтін тобынан шыққан, ертерек өмір сүрген адам. Абай оның атын „Қыздар“ деген өлеңінде қолданады. „Алдарында өткен Жанқожа жақсы кісі еді, сендер оған жете алмадыңдар“– деп, Қыздар мен Дауылбайды сынайды.

ЖӘМШИД (ЯМШИД) – парсы жұртының ертегісінде айтылатын патша. „Шаһнамадағы“ қаһармандардың бірі Рүстем батырдың бабасы. Ертеде қазақтар арасында „Жәмшид патша“ жайлы айтылатын хисса көп тараған.

КӘКІТАЙ – Абайдың інісі Ысқақтың баласы. Мағауиямен құрдас болған, әрі ұзақ жыл Абайдан тәрбие алған. Ол Абай қайтыс болғаннан кейін Тұрағұл екеуі 1909 ж. Абай өлендерінің жинағын Петербургтегі Боргаганский баспаханасында бастырып шығарады.

КӨЖЕКБАЙ ЖАМАНТАЙҰЛЫ (1847–1916) – Абаймен бір кезде араласқан адам. Ол Тобықтының Мамай деген тобынан. Көжекбайдың тұрақсыз, берекесіз мінездерін көріп, Абай соған өлең шығарған.

КӨКБАЙ ЖАНАТАЙҰЛЫ (1863–1927) – бұрынғы Шыңғыс болысы, қазіргі Абай ауданының жерінде туған, Тобықты руының Көкше тобынан шыққан, ақын. Жасында Семей қаласындағы медіреседе оқып, ескіше білім алады. Кейін өз қаржысымен мектеп ашып, бала оқытумен айналысқан. Көкбайдың жазғандарынан „Абылай" („Сабалақ"), „Құлынды" атты дастандары мен бірнеше ұсақ өлеңдері бізге жеткен. „Абылай" дастанында қазақ халқының Жоңғар басқыншыларына қарсы күресі суреттеледі. Көкбай – Абайдың досы, әрі шәкірті. 1880 жылдан бастап ғұмырының ширек ғасырын ақынмен бірге өткізген. Абай өлендерін әуелі Көкбайдың атынан шығарып келген. Кейін, 1886 жылдан ғана Абай өлеңін өз атынан жариялай бастаған. Абайдың Көкбайға арнап жазған бірнеше өлендері бар. („Сорлы Көкбай жылайды", „Бұралып тұрып... ", т.б.). Бұлар – екі ақынның арасындағы әдеби шығармашылық байланыстың айғағы.

КУДАШЕВ В. А. (туған, өлген жылы белгісіз). Абайдың шын мәніндегі аудармасын жасауға орыс интеллигенттері ерте әрекеттенгенін айтқанда, В. А. Кудашевтің есімін атауға болады (академик Ә. Марғұланның айтуы бойынша). Ақын шығармаларын орыс тіліне аударып, оны жарыққа шығаруға Кудашевтың ерекше еңбек жасағаны жөнінде деректер табылған. В. А. Кудашев 1898–1899 жылдары Абай өлендерін орыс тіліне аударып, баспаға даярлаған. Белгісіз себептермен басылмай қалған бұл аударма Абай шығармаларын орыс тілінде тұңғыш бастыру әрекеті еді.

КҮЙІСБАЙ ӘБЕНҰЛЫ (1842–1910) – Тобықтының Мамай дейтін тобынан шыққан адам. Әкесі баукеспе ұры болыпты. Жасында өзі де ұрлықпен кәсіп еткен. Абай ұрлығын қойдырған. Кейін ол ел қатарлы, беделді адамдардың бірі болады.

КҮЛЕМБАЙ БОЗАМБАЙҰЛЫ – Абаймен замандас болған адам. 1883 жылы ояз келіп, Бақанас өзені бойында „Шербешнай" съезд өткізіледі. Сонда Күлембай Мұқыр еліне болыс болып сайланады. „Болыс болдым, мінеки" деген әйгілі өлеңін Абай осы Күлембайға арнап сонда шығарған дейді.

Бұл арада мынаны еске алу керек. Мұхтар Әуезов шебер сатирик Абай „Күлембайға" деген өлеңін жазғанда, бұл адамның мінезі түгелімен тап осындай екен деуге келмейді. Онда сөзі, ойы „елге, көпке жетсін" деп Абай, „бір Күлембай емес", сол секілді, сол кезгі ел басқарушылардың бәрінің „психологиясынан жиынтық бейне туғызған" деген.

ҚОНДЫБАЙ, ҚАНАЙ – Тобықты, Ырғызбайлармен көршілес қыстап жүретін кедей ауылдардың аттары. Олар Найман, Уақ руларымен сілемдес. Қалаға жақын тұратын, жаздай шөп жинап, қыс оларын сатып, кәсіп ететін Қондыбай, Қанай елінің еңбекқор адамдарын көріп жүретін Абай олардың сол кезгі кәсібін бағалап, өз өлеңінде мадақтай айтады.

ҚҰНАНБАЙ (1804–1886) – Абайдың әкесі. Тобықты, оның ішінде Кішік деген тобынан. Арғы атасы – Ырғызбай, атақты Өскенбай бидің баласы. Жас кезінде ер жігіт, жау түсіргіш, найзагер болған. Ұстанған мақсатты ісіне берік, қолмен де, жолмен де іскер қимылдайтын адам. Қарқаралы округының аға сұлтаны болған. Сонда Құнанбай салдырған мешіт бар. Өмірінің соңғы кездерінде ол Меккеге барады. Онда арнайы құдай үйін салғызады.

Құнанбайдың төрт әйелі болған: 1) Күңке, онан Құдайберді туған (ол ерте өліп кеткен). Онан ақын, философ Шәкерім қажы туады; 2) Ұлжан, онан Тәңірберді, Абай, Ысқақ, Оспан туады; 3) Айғыз, одан Халиолла мен Смағұл туған; 4) Нұрғаным. Бұдан бала жоқ.

ҚЫЗДАР – Тобықтының Бәкең тобынан шыққан. 1898 жылдары болыстық съезд өткізілгелі жатқанда сөзге орашолақ әрі мінезі топас осы Қыздар: „Бұрын ішсе аска, кисе киімге жарымаған Абай еді. Енді Оспан өлген соң, үлкен үйге келіп алып, тоғайып, тойынайын деген екен деп сөз таратыпты“,– дейді Тұрағұл өз әкесі туралы естелігінде.

Абай соған күйініп, осы „Қыздарға“ деген өлеңін жазған. Өлең басында бұдан ұзағырақ болса керек, ертеңінде Қыздар келіп жалынып сұрап алып, өлеңді жағып жіберіпті. Мынау – сонан кейбір адамдардың есінде жатталып қалғаны.

ЛЕКЕР – Абайдың „Қыздарға“ деген өлеңінде айтылады. Ол да Тобықты ішіндегі Бәкең тобынан шыққан адам.

МАҒАУИЯ (МАҒАШ) (1870–1904) – Абайдың 25 жасында туған сүйікті баласы. Ол жастайынан оқуға, өнер үйренуге ынталанып өскен, талантты ақын болған.

„Мағауияның жаратылысы халыққа өте жұғымды, бір ғана Абайдың баласы емес, халықтың, көптің баласы сияқты еді. Абайдың елі болсын, жауы болсын Мағауияны жақсы көрмейтіні жоқ еді“, – дейді Рахымжан Мамырқазов өзінің естелігінде. Бұл адамның өзі Ырғызбай ауылында туып өскен, әкесі Мамырқаз Ақылбаймен замандас боп бірге жүрген, кейін Мағауияның жылқысын бакқан.

Мағауия көкірек ауруына шалдығып калған соң, қалада оқи алмайды. Көбінесе Абайдың қолында болады. Тәуір көретін бұл баласы 1904 жылы 14 мамыр күні, 34 жасында Шыңғыста, өз ауылында қайтыс болады. Өлеңдерінен басқа „Медғат-Қасым“, „Енлік-Кебек“ поэмаларын жазған.

Мағауия өлімі Абайды қатты күйзелтеді. Баласының қырқынан кейін ақын өзі де көз жұмған.

МАҒЫШ – Абайдың баласы Әбдірахманның әйелі. Шын аты – Мағрипа.

МАСАҚБАЙ – ертеден Ырғызбай ауылында тұрған. Тобықтының Әнет тобынан шыққан адам. Бүкіл өмірін (70 жыл жасаған) Құнанбай ауылында өткізген. Ысқақ болыс болған кезінде Масақбай атшабар болған. Үйінде мазасыз, ашушаң адам екен. Ал қатыны момын, салақ екен, үйде араларында ұрыс-қағыс жиі бола берсе керек. Абай соған өлең шығарған.

МҮРСЕЙІТ БІКІҰЛЫ (1860–1917) – Тобықты ішінде Әнет тобынан шыққан, ескіше оқығаны бар, молда болған. Абайдың өлеңдерін қағазға түсіруде, бүгінге дейін сақталып жетуінде көп еңбек сіңірген адам. Қазір Мүрсейіттің 1905, 1907 және 1910 жылдары жазған үш қолжазбасы бар. Оның екеуі Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының Орталық кітапханасында (1905, 1910), ал үшіншісі – Мұхтар Әуезовтың әдеби-мемориалдық музейінің қорында. 1909 жылы Петербургте басылған кітапты шығаруда Мүрсейіт Абай өлеңдерін көшіріп дайындасып, көп қызмет жасаған.

НАЗАР – Тобықтыларға көршілес Қанай дейтін рудан шыққан адам. Ол Абаймен замандас болса керек.

НАУАИ ӘЛИШЕР (1444–1486) – өзбек халқының ұлы ақыны. Көбінесе Герат шаһарында тұрған ол тұңғыш рет түрік тілінде (шағатайша) өлең жазған. Оның „Хамса“ (бес хисса) деп аталатын эпостық шығармасы бар. Олар –“Хайратүл абрар“, „Фархад пен Шырын“, „Ләйлі мен Мәжнүн“, „Сабан Шаяра“, „Жеті жұлдыз“, „Садди Скендри“ („Скендірдің соққан қорғаны“) және төрт „Диуан“ (өлеңдер жинағы).

НҰРЖАНОВ САМАТ – 1916 жылы Орынборда жарық көрген „Абай термесі“ деп аталатын өлеңдер жинағын бастырып шығартқан кісі. Абайдың бірінші қара сөзі мен жеті өлеңінен тұратын бұл кітапшаның ақын шығармаларының революцияға дейінгі жариялаған екінші жинағы деп аталуына толық негіз бар. Себебі бұл кітапшаға 1909 жылы шыққан бірінші жинақта жарияланбаған шығармалары енгізілген.

ОМАРХАН – Мұхтар Әуезовтың әкесі. Құнанбай ауылына ертеде Түркістан өңірінен көшіп келген Берді деген қожа болған. Оның баласы Әуез қожаның бәйбішесі Дінәсілден Омархан туады. Омархан 1910 жылдары Мұхтардың жас кезінде қайтыс болады. Өзінің „Разаққа“ деп айтқан суырып салма өлеңінде Абайдың Омархан жайлы:

Оны дағы: байқармыз,
Біраз ғана сынасақ, –

деп айтатыны бар.

ОСПАН (1851–1891) – Абайдың інісі. 1889–1891 жылдарда Мұқыр елінде болыс болған. Сонда Абайдың айтуынсыз, өз бетімен кеудемсоқтық жасап, Тобықты ішіндегі мықты

бай Аққұлының Оразбайын жазалайтыны бар. Осыдан соң көп ұзамай, Оспан қайтыс болады. Бәрі бір Оразбай Абайға кекті, өшпенді болып қала береді. Басқа жақындарының ішінде жақсы көретін туысы болған соң, Оспан өлімі Абайға қатты батқан. Ақын оған арнап бірнеше өлең жазған.

ПЛАТОН (АПЛАТОН) – көне юнан (грек) елінің философы. Біздің жыл санауымыздан бұрынғы 427–347 жылдар арасында Афинде өмір сүрген.

РАЗАҚ – Абай ауылындағы жас жігіт. Абайға және оның балаларына құдандалы, сыйласты, досжар адам болған.

РАХЫМШАЛ – Абайдың ауылында тұратын Көжекбай дейтіннің баласы. Баланың бұзақы, сотқар мінезін көрген жерде Абай осы өлеңін айтқан.

САҒДИ (1184–1291) – тәжік, парсы елінің ұлы ақыны. Сағди Бағдаттағы „Назамия" академиясында оқыды. Соңынан туған жері Ширазға келіп, „Гүлстан", „Бостан" деген дастандар жазған. Семейдегі медіреседе жүріп, өлеңге, ақындыққа ынтық боп талпынған шәкірт Абай әуелден-ақ Шығыстың классик ақындарына ерекше құрмет етіп табынған. Солардың ішінде ақын Сағди да бар.

САЛТЫКОВ-ЩЕДРИН М. Е. (1826–1889) – орыстың әйгілі сатирик жазушысы. Абай оны өте жоғары бағалап, жастарға ұстаз ретінде ұсынады.

СӘЙХАЛИ – Абайдың шәкірт кезінде ден қойып оқыған ақындарының бірі, XV ғасырда өмір сүрген. Шағатай тілінде „Диуан Сайхали" дейтін тарихи жыр жазған. Ол жырда „Дүниенің жаралуынан" бастап, Хұсайын Иманның 680 жылы Кербаланың шөлінде өлетін кезіне дейінгі дәуірдің тарихын қамтып жырлаған.

СҮЛЕЙМЕН – Ол туралы аңыз-әңгімелер қазақ арасында көп тараған. Ежелгі еврей жұртының патшасы делінетін Сүлейменді Дәуіт пайғамбардың баласы деп айтады. 18 мың ғаламның тілін білген деп мадақталатын Сүлеймен пайғамбардың аты құран аяттарында жиі айтылады.

ТОЛСТОЙ Л. Н. (1828–1910) – орыстың ұлы жазушысы, кемеңгер ойшылы. Оның „Крейцерова соната", „Анна Каренина", „Арылу", „Соғыс және бейбітшілік", „Казактар", „Қажымұрат" сияқты ірі-ірі шығармалары бар. Абай оның шығармаларын аса жоғары бағалап, зер сала, зейін қоя оқыған және оны жас ұрпаққа өнегелі ұстаз ретінде ұсынған.

ТҰРАҒҰЛ (1875–1934) – Абайдың екінші әйелі Әйгерімнен туған баласы. Оқыған, талантты кісі болған. 1909 жылы Көкітай екеуі Абайдың өлеңдерін тұңғыш рет Петербургте бастырып шығарған. Горькийдің „Челкаш" әңгімесін, Неверовтың „Я хочу жить" атты шығармасын қазақшаға аударған. Абай шығармаларының кітап боп жарық көруінде Тұрағұлдың еңбегі зор. Ол туралы Мұхтар Әуезов Абайдың жақындарының ішінде Тұрағұлдан „артық мағлұмат берген ешқайсысы жоқ" деп және атап көрсетеді. Тұрағұл өмірінің соңғы кездерінде азапты

күндерді басынан көп кешірген. Бірнеше жылдар бойы куғынға ұшыраған. Өмірінің соңғы кезінде Ташкент қаласына барып, сонда 1934 жылдың наурызында қайтыс болған.

ТҮҢЛІКБАЙ – Абай бұл кісінің атын „Шәріпке" деген өлеңінде атайды. Түңлікбай Абаймен ауылдас, әрі Абайға жас жағынан құрбылас адам болған. Құрбылардың бір-біріне қатты әзіл, қалжың айтатын сол кездің әдеті бойынша бір кездескен жерде Абай „Түңлікбайдың әйелі атың Шәріп" деп басталатын ащы мысқылды, экспромт қалжың өлеңін айтқан.

ФЗУЛИ (1502–1562) – Ахмет, яки Махмуд Сүлеймануғлы. „Ләйілі-Мәжнүн", „Кәузате", „Шаһида" сынды шығармалар берген. Оларын парсы, түрік тілдерінде жазған азербайжан ақыны. Медіреседе оқып жүргенде жас шәкірт Абайды поэзияға, ақындық өнерге ынталандырған Шығыс ақындарының бірі осы кісі болған.

ФИЛИПП (ФИЛИПП II) – Александр Македонскийдің (яғни қазақтарда көп айтылатын Ескендір Зұлхарнайынның) әкесі. Біздің заманымызға дейін 359–336 жылдары патшалық еткен. Абай өзі жазған „Ескендір әңгімесі" дейтін дастанында:

Филипп өлді, Ескендір патша болды,
Жасы өрен жиырма бірге толды,–

дегені тарихи шындыққа келеді.

Парсылармен соғыста әкесі Филипп өз қорғаушысының қолынан өлгенде, жиырмаға толған Ескендір таққа отырыпты.

ФИРДОУСИ ӘБІЛҚАСЫМ ТУСИ (934–1027) – тәжік-парсы жұртының ұлы ақыны. Парсы елінің исламнан бұрынғы тарихынан алып, атақты „Шаһнама" дастанын жазған. Абай бұл ақынды көп оқыған.

ХОЖА ХАФИЗ (шын аты – Шамсиддин Мұхаммед) – 1325 жылдардың шамасында туған, тәжік-парсы жұртының ұлы ақыны. Махаббатты, өмір рахатын, жаз көркін, жастық шаттығын, сүйіспеншілік сезімін жырлап, көп ғазалдар жазған. Абайдың шәкірт кезінде көп оқып, құмарта еліктеген ақындарының бірі.

ШӘКЕРІМ ҚҰДАЙБЕРДҰЛЫ (1858–1931) – ақын, ағартушы демократ, композитор, аудармашы. Абайдың немере інісі әрі шәкірті болған адам. Абайдың тәрбиесін көп көрген, әрі жаңашылық дәстүрге үйреніп жетілген ол Шығыс пен Батыстың классикалық әдебиеттерінен мол үлгі алады. Араб, парсы, түрік және орыс тілдерін жетік меңгерген. Терең мазмұнды өлеңдерімен қатар ол „Ләйілі-Мәжнүн", „Қалкаман-Мамыр", „Еңлік-Кебек", „Нартайлақ-Айсұлу" атты дастандар және „Әділ-Мария" романын жазған. А. С. Пушкиннің „Боран", „Дубровский" атты повестерін өлеңмен қазақшаға аударған. Л. Н. Толстойдың „Патша Асар-хадон". „Үш сұрақ" әңгімелерін және Г. Бичер-Стоудың „Том ағайдың лашығы".

атты шығармасын қазақша тәржімелеген. 1905–1906 жылдары Шәкерім Меккеге барып, қажылық парызын өтеген. „Мен жазбаймын өленді ермек үшін“ деген өлеңінде іні-шәкірті ретінде Абайдың Шәкерімге ұстаздық жөн көрсетіп, арнайы кеңес білдіре сөз айтатыны бар.

ШӘМСИ-ШАМСУДДИН ГАБРИЗИ – тәжік, парсы елінің ақыны. Шәкірт бала кезінде Абай Фирдоуси, Фзулилермен қатар бұл ақынның да шығармаларын оқып, үйреніп, алғаш ақындыққа әуестенуді бастаған.

ШӘРІП – Абайдың ауылдасы әрі құрбылас адамы Түнлікбай дегеннің әйелі.

ШОРМАНОВ САДУАҚАС МҰСАҰЛЫ (1854–1927) – Абай шығармаларын насихаттаушылардың бірі. Қазақтың ауыз әдебиетінің мұраларын жинаумен шұғылданған. Осы толық жинақты дайындау кезінде Садуақас Шормановтың қолжазбаларындағы деректер пайдаланылды.

ШОРТАНБАЙ ҚАНАЙҰЛЫ (1818–1881) – қазақтың көрнекті ақыны, XIX ғасыр әдебиетіндегі „Зар заман“ атты бағытты тудырушылардың бірі. „Байды құдай атқаны“, „Зар заман“, „Бала зары“ деген толғаулары бар. Оның көптеген өлең тармақтары лұғатты сөз үлгісі ретінде халық жадында сақталып қалған.

ШОТҚАРА – Тобықтының Бәкең дейтін тобынан шыққан би. Абай оны жебір, парақор болғаны үшін өзінің „Қыздарға“ деген өлеңінде сынай, әжуа етеді.

ШЫҢҒЫСХАН (1153–1227) – шын аты Темучин Есугейұлы. Монғол жұртынан шыққан аса көрнекті мемлекет қайраткері, атағы дүние жүзіне тараған әйгілі жаулаушы, қаһарлы қолбасшы. 1203–1206 жылдар аралығында Керей, Найман хандықтарын жеңіп, монғол елін бір хандыққа біріктіріп, билейді. 1206 жылы бүкіл монғол елінің құрылтайында оған Шынғысхан (Ұлы хан) деген атақ беріледі. 1215– 1221 жылдарда Бейтінді (Қытай), Иран, Хорезмді жаулап алады да Кавказ жеріндегі елдерді бағындырады. Үлкен ұлы Жошыдан туған немересі Бати бұдан соң Шығыс Еуропаны жаулайды, 1249 жылы ол Еділ бойынан Сарай деген қала салдырған.

II том

АҚЫЛБАЙ (1863–1904) – Абайдың Ділдәдан туған үлкен баласы. Шағын жеке өлеңдерінен басқа „Хисса Жүсіп“, „Зұлыс“ (соңғысы түгел емес, аяғы жоғалып, табылмай кеткен) атты жазған көлемді дастандары бар.

1904 жылы 41 жасында қайтыс болады. Мағауия мен Абайдың және Ақылбайдың өлімі сол кезде ел ішінде айта қалғандай аяныш туғызған. Баласы Мағауия қайтыс боп, оның қырқы өткен соң Абай дүние салады. Осыдан кейін Ақылбай мен Әйгерімнен туған інісі Тұрағұл екеуі 40 бие сойып, 40 саба қымыз жеткізіп, Семей

қаласында әкелерінің қырқын өткізеді. Соның артынан іле төсек тартып ауырған Ақылбай Семейдегі Бекбай деген досының үйінде қайтыс болады. Араларына ылғи қырық күннен салып, бірінен соң бірі кеткен Мағауия, Абай, Ақылбай өлімінің төтеншелігіне жұрт қатты қайғырып, күйзелген.

Ақылбай да бойына әртүрлі өнер дарыған домбырашы-күйші, сазгер болған. Оның „Ақылбай әні" атты әсем музыкалық шығармасы осы күнге дейін айтылып жүр.

АРИСТОТЕЛЬ – есімі мен еңбегі дүние жүзіне әйгілі болған ғалым, философ. Біздің заманымыздан бұрын 384–322 жылдардың шамасында өмір сүрген, ол көне грек елінен шыққан. „Метафизика", „Физика", „Этика", „Поэтика" деген шығармалар жазған. Логика ғылымының да тұңғыш негізін салған сол адам.

Аристотель есімі қазақтар арасында да ертеден аңыз боп тараған. Сол аңыз-ертегілерде есімі Ескендір Зұлхарнайын деп аталатын ел жаулағыш қолбасшының (тарихтағы Александр Македонскийдің) тәрбиеші ұстазы болған адам. Абай өзінің „Ескендір" атты дастанын осы қызба, өркөкірек қолбасшының мінезі мен әрекетін арнайы мысал етіп жазған. Сонда Ескендірге тоқтау айтып, ой салып отыратын ақылшы, ұстазы осы даныштан Аристотель еді.

АХМЕТ ХАН – Моғолстан ханы болған Юнус ханның баласы, ол атақты Бабыр сұлтанның нағашы ағасы болып келеді. Ахмет хан қалмақтармен соғысып жүрген кезінде, жауын шыдатпай жеңе берген екен. Сонан қалмақтар оны: „Мынау бір алашы болды ғой!"– десіпті („Жан алғыш" деген мағынада). Осыдан барып Ахмет хан „Алашы хан" атанған дейді. Ал қазақ аңыздарында айтылатын Алаша хан бұдан басқа.

ӘБІЛҒАЗЫ БАhАДУР (1613–1663) – Хиуада 1642 жылдан бастап 20 жыл бойы хандық еткен. Ол „Шежіре и түрік" деген кітаптың авторы. 1646 жылы Жаңа Үргеніш қаласын салдырған да сол кісі.

ӘБУ АЛИ ИБН СИНА (980–1037) – Еуропада Авиценна деген атпен белгілі. Есімі мен еңбегі Орта Азияда ерте күннен әйгілі болған кісі. Бұхара қаласының төңірегіндегі Афшана деген жерде туған. Дәрігерлік қызметті бірден жетік меңгеріп, замандастарының зор құрметіне ие болған. Адамдардың денсаулығына, дәрігерлік қызметке қатысты „Медицина канондары" атты атақты кітабын жазып қалдырған. Ондағы ғуламаның ойлары мен тәжірибелік тұжырымдары әлі күнге өзінің құндылығын жойған жоқ.

Сондай-ақ философия ғылымын да терең зерттеп, ілгері дамыта меңгерген.

БАБЫР ЗАХИРЕДДИН МҰХАММЕД (1483–1530) – үнді елінде патшалық құрған. Жауынгер қолбасшы болған. Ақындық, жазушылық өнерімен де шұғылданған. Темір әулетінен шыққан ол – Омар Шеихтың баласы. Бабыр Мұхаммедтің түркі тілінде жазылған „Бабыр-наме" атты басты еңбегі бар. Ол 1493–1529

жылдардың аралығындағы тарихи оқиғаларды баяндауға арналған. Жәнібек, Қасым, Арыслан секілді қазақ хандары туралы, сонымен бірге ғалым әрі ақын, қолбасшы Мұхаммед Хайдар Дулати туралы тоқтала айтады. Олардың атқарған іс-әрекеттері туралы бағалы пікірлер қалдырған. Абай оның еңбектерімен танысып, „Біраз сөз казақтың түбі қайдан шыққандығы туралы" деген еңбегінде онан кейбір деректерді пайдаланған.

БАЙРОН ДЖОРЖ ГОРДОН (1788–1824) – ағылшын халқының ұлы ақыны. Оның шығармалары көп тілдерге аударылып, XIX ғасырда атақ-даңқы бүкіл Еуропаға жайылған. Бірқатар лирикалық өлеңдерімен қатар, оның „Чайльд Гарольд", „Дон Жуан", „Корсар", т. б. көптеген кесек шығармалары бар.

Лермонтов аудармасы арқылы Абай Байронның „Еврей сазы" атты шығармасын қазақ тіліне аударған.

БЕЛИНСКИЙ В. Г. (1811–1848) – орыстың ұлы демократ ойшылы, әйгілі әдебиет сыншысы. XIX ғасырдағы орыс әдебиетінің реалистік бағытта дамуына зор еңбек сіңірген адам. Абайдың эстетикалық көзқарастарының қалыптасуында оның еңбектерінің елеулі әсері болған.

БУНИН И. А. (1870–1953) – орыстың белгілі ақыны. Нобель сыйлығының лауреаты. Лирикалық өлеңдерінен басқа көптеген прозалық шығармалар жазған. Батыс әдебиетінің бірсыпыра үздік шығармаларын орыс тіліне аударған.

Абай оның „Не пугай меня грозою" деп басталатын өлеңін жалпы мағынасын сақтап аударған.

ГЕТЕ И. В. (1749-1832) –немістің ұлы ақыны. Ол көптеген лирикалық өлеңдер, сонымен бірге „Фауст", „Жас Вертердің азаптары", „Прометей" сияқты ірі шығармалар жазған. Заманының өте білімдар адамы.

Абай оның орысшаға М. Ю. Лермонтов тәржімелеген нұсқасынан қазақ тіліне „Қараңғы түнде тау қалғып" деген өлеңін аударған. Абай шығарған әні және бар.

ГОМЕР – көне грек елінің ұлы ақыны, „Илиада", „Одиссея" атты мәңгі өлмейтін шығармалары біздің заманымыздан бұрынғы VIII–VII ғасырлардан бастап дүние жүзіне мәлім болған.

Абай өзінің жиырма жетінші сөзінде Гомердің ақындық талантына зор құрмет білдіре айтады.

ГРОСС С. (1858–1893) – поляк халқының ағартушы қайраткері, Петербург университетін бітірген, право ғылымының кандидаты. Кезінде поляк жастарының астыртын революциялық жұмысына ат салысқан. Сол үшін 1882 жылы түрмеге жабылып, Сібірге жер аударылған. Осыдан соң Семейге жіберілген. Ол мұнда қазақ халқының тұрмыс-салт, әдет-ғұрпына қатысты мұралар жинау, зерттеу жұмыстарымен шұғылданды, Абаймен танысты.

Ұлы ақынның дүниеге көзқарасының, дүние-танымының қалыптасуына Гросс игі әсерін тигізген.

ҒАБИДОЛЛА (1867–1932) – ерте кезде Ырғызбай ауылына сіңген Ғабитхан дейтін ноғайдың баласы. Кейіндер Ғабидолла өз тіршілігін жасап, біраз жыл сауда істеп малданады. Шаруасын жөндеп әлденіп алған соң, әркіммен сөз таластырып, кісілік көрсете бастаған. Сол мінездерін көргенде, Абай оған „Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын" деп басталатын өлеңін шығарған.

ДҮТБАЙ УАНДЫҚҰЛЫ – Тобықтының Көкше тобынан шыққан, Абаймен туыстас, жақын да адам болған. Ыскақ, тұрақсыз мінездерін көргеннен соң, Абай сонысын ұнатпай өлең шығарған.

ЕСКЕНДІР ЗҰЛХАРНАЙЫН (біздің заманымыздан бұрынғы 356–326 жылдар) – көне юнан жұртының (Македониянның) патшасы, ұлы қолбасшы болған. Оны Еуропа жұрты Александр Македонский деп атайды. Кезінде көп елдерді жаулап алған адам.

ЕСІМ ХАН (1598–1628). Тәуекел ханның інісі. Екеуі Сығай ханнан туған. 1560–1580 жылдарғы Хақназар ханның билігінен кейін Сығай ханның тұсында қазақ хандығын осы Есім хан күшейтеді. Үш жүздің басын біріктіріп, ел қылу үшін заң шығарып, тәртіпті күшейткен. Сырттан келген жаулаушылармен, әсіресе Жоңғар басқыншыларымен жиі соғысып, олардың бетін қайтарған. „Қасым салған қаска жол, Есім салған ескі жол!" деген ел арасында айтылатын сөз осыдан қалған.

ЖАМАНБАЛА – Абайдың інісі Оспанның ауылындағы адам. Жазда Оспанның биесін сауып, қыста малын жайғасқан. Руы Тобықты, оның ішінде Әнет деген топтан 1893 жылдың шамасы болуы керек, Жаманбаланың үш жаска толған баласы өлген екен, соны естіп, Абай не бір ой үстінде отырып: „Белгілі сөз – өлді, өлді" деген өлеңін жазған.

ЖАННА Д'АРК (1412–1431) – француз халқының батыр қызы. Жүз жылдық соғыс (1337–1453) кезінде француздардың ағылшындарға қарсы азаттық күресінде ол ерекше ерлік көрсеткен. Жанна д'Арк 1430 жылы тұтқынға алынып, Руандағы шіркеу соты оны құдайдан безген сиқыршы деп айыптаған. 1431 жылы отқа өртеп өлтірілді. Француз халқы Жанна д'Аркты әулие санап, құрмет етеді.

„Иоанна Арк" деп атын келтіретін Абай ол жайлы өзінің отыз жетінші сөзінде әңгімелеген.

ЖӘНКЕ ХАН – Абай „Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы" деген еңбегінде Жәнке хан мен інісі Алаша хан екеуін Шайбактың Оратөбе деген жерде жеңіп, өлтіргенін айтады. Бұған дейін ол Ташкентте хан болған.

ЖӘНІБЕК ХАН – 1446 жылы Әбілқайыр ұлысынан бөлініп шығып, Шу, Сарысу бойында қазақ хандығын орнатқан. Халық арасында оны кедей Жәнібек деп те атайды. Ол ертеректе өмір сүрген Алтын Орда ханы Жәнібектен басқа. Жошының үлкен ұлы Орда ханның тұқымынан шыққан ол 1480 жыл шамасында өлген.

„Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы" деген еңбегінде Абай Жәнібек ханға қатысты дерекке тоқталып өтеді.

ЖОШЫ ХАН (1187–1227) – Шыңғысханның үлкен ұлы. Балаларына ұлыс бөлгенде, Шыңғыс хан Дәшті Қыпшақ даласын және батыс беттегі „болашақта жауланып алуға тиісті" барлық жерлерді өзіне қаратасың деп, Жошыға берген. Жошының баласы Бату хан Еуропаны жаулап, сонан Алтын Орда хандығын құрған.

ЖҮНІС ХАН – Шағатай ханның тұқымы. XV ғасырдың аяғында Самарханд, Ташкент өңірін билеген.

ЗЕВКСИС (біздің дәуірімізге дейінгі V ғасырдың аяғы) – ескі юнан жұртынан шыққан сурет өнерінің шебері. Абай „Сократ хәкімнің сөзі" деп жазған жиырма жетінші сөзінде „Зевксиске суретшілігі себепті таңырқаймын..."– дегенді айтқызады.

КӨР ХАН – XII ғасырдың бас кезінде Жетісу өңірінде болған қара қытай ханын „Көр хан" деп атаған. Көр ханның орталық қаласы кезінде Іле бойындағы Баласағұнда болған. 1212 жылы Көр ханды Шыңғыс ханның әскері жеңіп, жаулап алды.

КРЫЛОВ ВИКТОР АЛЕКСАНДРОВИЧ (1838–1906) – орыстың ақын драматургы.

Абай „Мен көрдім ұзын қайың құлағанын" деген өлеңді орыс романсының сөзінен аударған. Сол романстың сөзін В. А. Крылов жазған (Музыкасы Рубинштейндікі).

КРЫЛОВ И. А. (1768–1844) – орыстың атақты мысалшыл ақыны. Абай оның көптеген шығармаларын қазақшаға аударған.

ҚАСЫМ ХАН (1495–1523) – Жәнібек ханның баласы. Қазақ хандығын нығайтуға көп күш жұмсап, еңбек еткен адам. Соған байланысты ел ішінде „Қасым ханның қасқа жолы" деген сөз қалған.

ҚҰТАЙБА ибн МУСЛИМ – VIII ғасырдың басында Орта Азия мен Шығыс Түркістанды жаулаған араб басқыншыларының қолбасшысы. Ол жаулап алған жерінде мұсылман дінін күшпен ендіріп, жергілікті халықтың жазу-сызуын, білімін, мәдениетін жойып жіберген.

Абай „Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы" деген еңбегін жазғанда, ол жайлы деректерді бұхарлық тарихшы Абу Бакр Мұхаммед ибн Жафар Наршахидің „Бұхара тарихы" деген кітабынан және ат-Табаридың жазғандарынан алған.

ЛЕРМОНТОВ М. Ю. (1814–1841) – орыстың ұлы ақыны. Абай оның өлеңдерін беріле көп оқыған және қазақ тіліне шабыттана аударған.

МАЙҚЫ БИ – Шыңғыс хан жолдағы елдің бәрін жаулап алып, қазақ жеріне келгенде Шыңғыс тауында, Қарауыл өзенінің бойында әскерімен біраз жатып тыныстаған. Мәнгүлдың өз заңы бойынша, Шыңғысты ақ киізге отырғызып, бір үлкен биіктің басына апарып, хан көтерген. Таудың „Шыңғыс", биіктің „Хан" аталмақ себебі сонан болса керек. Шыңғысты қарсы алуға, хан көтеруге шыққан сондағы 12 бидің бірі қазақтың осы Майқы биі деседі.

„Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би" деген сөз бар. Майқы – сол кісі, дейді Абай. Майқы би Рәшид-единнің

тарихында жазылған. Сірә Абай сонан алған болса керек.

МИХАЭЛИС Е. П. (1831–1913) – XIX ғасырдың 80 жылдарында Семейге жер аударылып келген адам. Кезінде Россиядағы халықшылдар тобында болған. Білімдар кісі.

Абай қалаға барып жүргенде, Семейдегі Гоголь атындағы орталық кітапханада кездесіп танысады да, сонан былай сырлас болып, достасып кетеді. Кейіндер ақынның ауылына барып, ұзақ уақыт жатып, демалысын өткізіп жүрген. Абайдың әдебиеттен, әр түрлі ғылым саласынан өздігінен оқып, білімін молайта түсуіне бұл кісінің ақыл-кеңесі көп себепші болған.

МИЦКЕВИЧ АДАМ (1798–1855) – поляк халқының ұлы ақыны, ұлт-азаттық көтерілісінің қайраткері, „Пан тадуеш", „Гражина", „Дзяды" т. б. көптеген поэзиялық шығармалар жазған. Ол 1824–1829 жылдарда Россияда болып, декабрист К. Ф. Рылеев, А. А. Бестужевтермен кездесіп, А. С. Пушкинмен танысқан. 1826 жылы Россияда өлеңдер жинағы („Сонеттер") басылып шықты. А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, А. А. Фет және И. А. Бунин секілді көрнекті ақындар Мицкевич Адам өлеңдерін орыс тіліне аударды. А. Мицкевич шығармаларының 1882 жылғы орысша басылымынан Абай „Түгқындағы поляк жандаралының сөзі" деген өлеңін қазақшаға аударған.

НӘСІРИДДИН ШАҺ (1831–1896) – XIX ғасырдағы Иран патшасы. Ирандықтардың Қажар деп аталатын руынан шыққан. Бірқатар жыл Еуропа елдеріне саяхат жасап, ұзақ аралаған. Келген соң өздеріндегі мемлекет аппаратын бүтіндей қайтадан құрған. 1896 жылы фанатик шииттердің қолынан қаза тапқан.

Абай өзінің „Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы" дейтін еңбегінің басында осы Нәсіриддин шаһ жайлы арнайы тоқталып өтеді.

ПОЛОНСКИЙ ЯКОВ ПЕТРОВИЧ (1819–1898) – орыс ақыны. 1844 ж. Москва университетінің Заң факультетін бітірген. Шығармаларын 1840 жылдан бастап жариялаған оның тұңғыш өлеңдер жинағы – „Гаммалар" (1844 ж.) деп аталады.

1850 ж. „Русское слово" журналының редакторы болады. Полонскийдің „Сауыққой шегіртке" (1859) поэмасы мен „Сергей Чалыгиннің мойындауы" (1867) „Тік тобешік" атты повестері бар. Полонскийдің көптеген өлеңдеріне арналып ән жазылған. Абай „Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы" деп басталатын өлеңді содан аударған.

ПУШКИН А. С. (1799–1837) – орыс халқының ұлы ақыны. Оның шығармаларын Абай ерекше бағалап, қызыға көп оқыған. Өлеңдері мен дастандарының ішінен, әсіресе „Евгений Онегин" атты өлеңмен жазылған романын ерекше шабытпен тұңғыш рет қазақшаға аударған. Кемеңгер ақынның талантына ден қойып, онан үйренуді де өзіне жол көрген Абай Онегин мен Татьяна арасындағы хаттарға арнап бірнеше әндер шығарған. Кезінде олары бірден ел арасына кеңінен тарап кеткен.

СОКРАТ – көне юнан (грек) жұртының ойшыл философы. Ол біздің жыл санауымыздан бұрын (470–399 жылдар шамасында) өмір сүрген.

Абай отыз жетінші сөзінде „Сократқа у ішкізген... " деген сөздерді келтіретіні бар. Ол шындыққа жақын. 399 жылы Грецияда демократия үкімет басына келгенде, Сократты „діншілдігі" үшін айыптап, дарға аспақ болған. Сонда ол у ішіп өлген деседі.

СОФОКЛ – біздің жыл санауымыздан бұрынғы 496–406 жылдарда өмір сүрген, ескі грек жұртының ұлы жазушысы. Ол трагедия жанрының атасы саналады. Софоклдың „Эдип-патша" пьесасын жұртшылық осы күнге дейін сахнадан көріп келеді.

ТӘУКЕ ХАН (1650–1718) – қазақтың белгілі хандарының бірі. Ол 1681–1684 жылдарда қалмақтарды, 1710–1713 жылдары ойраттарды жеңіп, қазақ арасында үш жүздің бірлігін орнатуға күш салған. Қазақтарда „Жеті жарғы" деп аталатын әдет-ғұрыптық заңды шығарған. Тәуке хан – қазақ елінің тұтастығы мен бірлігін күшейтуге едәуір ықпал жасаған адам.

ТУРГЕНЕВ И. С. (1818–1883) – орыстың аса көрнекті жазушысы. „Рудин", „Қарсаңда", „Әкелер мен балалар", „Дворян ұясы", „Түтін" сияқты жарқын шығармалар берген адам. Ақын Абай „Масғұт" атты дастанын жазғанда, оны осы И. С. Тургеневтің „Шығыс аңызы" („Восточная легенда") атты шағын әңгімесінің желісі бойынша құрған.

ХАРУН АР-РАШИД – Аббасидтер династиясынан шығып, 786–809 жылдары Бағдатта халифалық еткен. Дін мен ғылым, өнер қайраткерлеріне ерекше қамқорлық көрсетумен ол кісінің даңқы Шығыс халықтары арасында көпке жайылып кеткен. Қазақтардың „Арон Рашид" деп, аңыз, ертегілерінде айтып отыратыны – осы адам. Ол – дүние жүзіне әйгілі „Мың бір түн" ертегісіндегі қаһармандардың бірі.

ШАҒАТАЙ (XIII ғасыр) – Шыңғыс ханның екінші баласы. Балаларына билік ету үшін ұлыс бөлгенде, Шыңғыс хан оған Орта Азия мен Иран жерін берген. Сонан Шағатай және оның ұрпақтары Орта Азия мен Иранды Әмір Темір заманына дейін билеп келген.

Шағатай мен оның нәсілдерінің ел билеуі жөнінде Абай өзінің „Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы" деген еңбегінде тоқталып өтеді.

ШАЙБАҚ (ШИБАН) – көшпелі өзбектер жұртында болған хан. 1451–1510 жылдарда өмір сүрген Шайбақ – Әмір Темір тұқымын тақтан құлатқан адам. Орта Азияны жаулап, өзбек хандығын нығайтуға көп күш жұмсаған.

ШИЛЛЕР Ф. (1759–1805) – немістің ұлы ақыны, әрі драматург. „Қарақшылар", „Зұлымдық пен махаббат", „Дон Карлос", „Вильгельм Тель" сынды көрнекті шығармалар жазған.

Абай „Кең жайлау жалғыз бесік..." өлеңін Лермонтовтың аудармасы арқылы орысшадан тәржімелеген.

ЕКІНШІ ТОМҒА ЕНГЕН ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ АЛФАВИТТІК КӨРСЕТКІШІ

„Адам – бір боқ көтерген боқтың қабы“ 46
„Адамның кейбір кездері“ 6
Ала қойлар („Бір таудағы хайуанды бір арыстан“) 38
„Алла деген сөз жеңіл“ 13
„Алланың өзі де рас, сөзі де рас“ 56
„Альбомға („Сал демеймін сөзіме ықыласыңды“) 11
„Асау той, тентек жиын, опыр-топыр“ 59
„Ауру жүрек ақырын соғады жай“ 24

„Әйелің – Медет қызы, аты Ырым“ 63
Әзім әңгімесі 73
Әншілер („Көршіні көрші шақырды“) 37

Бақа мен өгіз („Қарасаң, тым-ақ көп“) 41
„Болды да партия“ 20
„Боскa әуре боп келдің бе тағы мұнда“ 16
„Бөстегім, құтылдың ба Көтібақтан?“ 63
„Буынсыз тілің“ 109
„Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында“ 4

Вадим 84

Ғабидоллаға („Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын“) 15
„Ғалымнан надан артпас ұққанменен“ 63
„Ғашықтық іздеп тантыма“ 9

„Домбыраға қол соқпа“ 61
Дұға („Өмірде ойға түсіп кем-кетігің“) 19
Дүйсенқұлға („Саудайы-ай, сауды алмадың-ау, сырқауды алып“) 9
Дүтбайға („Жылуы жоқ бойының“) 47

Емен мен шілік („Шілік пен емен бір күн сөйлесіпті“) 28
„Ерекше естен кетпес қызық қайда?“ 16
Есек („Қырық-елу қос бір жерден“) 43
Есек пен бұлбұл („Тойған есек шөпті оттап маңайдағы“) 34
Ескендір 64
„Есінде бар ма жас күнің“ 45

Жалау („Жалғыз жалау жалтылдап“) 48
„Жалын мен оттан жаралып“ 60
Жаманбаланың баласы өлгенде („Белгілі сөз: „өлді, өлді“) 23
„Жапырағы қуарған ескі үмітпен“ 54
Жарлы бай („Жаман үйде жалғыз шал“) 31
Жартас („Қонады бір күн жас бүлт“) 48
„Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезбек“ 63
„Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз“ 26
„Жүрегім менің қырық жамау“ 45
„Жүрегім, нені сезесің“ 50
„Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас“ 59
„Жүректе қайрат болмаса“ 22
„Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы“ 49

„Көк тұман – алдыңдағы келер заман“ 12
„Көк ала бұлт сөгіліп“ 7
„Көлеңке басын ұзартып“ 51
Көңілдің күйі тағы да“ 51
„Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа“ 5
Күйісбайға („Дұғай сәлем жазамын Күйісбайға“) 8
„Күн артынан күн туар“ 23
„Күнді уақыт итеріп“ 52
„Күшік асырап ит еттім“ 46

Қазаға ұрынған қара шекпен („Қорасына бір байдың“) 29
„Қалдам-ай, мен үндемей жүремін көп“ 24
Қанжар („Сүйкімді болат қанжар, тұрсың жайнап“) 11
Қарға мен бүркіт („Қой жайылып жаздыгүн“) 35
Қарға мен түлкі („Жұрт біледі, күледі“) 39
Қарға мен түлкі („Боқтықта талтандап“) 40
Қасиетті дұға („Өмірден тепкі жесем жазығым жоқ“) 19
Қатыны мен Масақбай („Сырмак қып астына“) 8
„Қуанбандар жастыққа“ 53
„Қуаты оттай бұрқырап“ 21
„Құлақтан кіріп бойды алар“ 15
„Құр айқай бақырған“ 14

Масғұт 68
„Малға достың мұңы жоқ малдан басқа“ 3
„Мен боламын демендер“ 62

„Мен көрдім ұзын қайың құлағанын“ 28
„Мен сәлем жазамын“ 14
„Менің сырым, жігіттер, емес оңай“ 18

„Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен“ 47
Ой („Қарасам қайғыртар жұрт бұл заманғы“) 9
„Ойға түстім, толғандым“ 61
„Осы қымыз қазаққа“ 54

„Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?“ 22

„Піл мен қанден („Көшеде піл жетелеп біреу жүрді“) 43
„Разаққа („Мына үйде отыр Разақ“) 9
Рахымшалға („Сұлу аттың көркі — жал“) 7

„Сағаттың шықылдағы емес ермек“ 5
„Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап“ 13
„Соры қалың соққы жеген пышанамыз“ 15
„Сүйсіне алмадым, сүймедім“ 46
„Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма?“ 21

Теректің сыйы („Асау Терек долданып, буырқанып“) 25
„Тоты құс түсті көбелек“ 56
„Туғызған ата-ана жоқ“ 3
„Түбінде баянды еңбек егін салған“ 63

„Ұяламын дегені көңіл үшін“ 53

Шайтан („Мұңлы шайтан — құдайдың қуған жаны“) 26
Шегіртке мен құмырсқа („Шырылдауық шегіртке“) 36

МАЗМҰНЫ

Өлеңдер мен аудармалар

1896

„Малға достың мұңы жоқ малдан басқа“.....3
„Туғызған ата-ана жоқ“.....3
„Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында“.....4
„Сағаттың шықылдағы емес ермек“.....5
„Көңіл құсы күйқылжыр шартарапқа“.....5
„Адамның кейбір кездері“.....6
„Көк ала бұлт сөгіліп“.....7
Рахымшалға („Сұлу аттың көркі – жал“).....7
Қатыны мен Масақбай („Сырмақ қып астына“).....7
Күйісбайға („Дүгай сәлем жазамын Күйісбайға“).....8
„Дүйсенқұлға („Саудайы-ай, сауды алмадың-ау,
сырқауды алып“).....9
Разаққа („Мына үйде отыр Разақ“).....9
„Ғашықтық іздеп тантыма“.....9
Ой („Қарасам қайғыртар жұрт бұл заманғы“).....9
Қанжар („Сүйкімді болат қанжар, тұрсың жайнап“).....11
Альбомға („Сал демеймін сөзіме ықыласыңды“).....11

1897

„Көк тұман–алдындағы келер заман“.....12
„Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап“.....13
„Алла деген сөз жеңіл“.....13
„Құр айқай бақырған“.....14
„Мен сәлем жазамын“.....14
„Соры қалың соққы жеген пышанамыз“.....15
Ғабидоллаға („Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын“).....15
„Құлақтан кіріп, бойды алар“.....15
„Ерекше естен кетпес қызық қайда?“.....16
„Боска әуре боп келдің бе тағы мұнда?“.....16
„Менің сырым, жігіттер, емес оңай“.....18
Дуға („Өмірде ойға түсіп кем-кетігің“).....19
Қасиетті дуға („Өмірден тепкі жесем жазығым жоқ“).....19

1898

„Болды да партия“.....20
„Қуаты оттай бұрқырап“.....21
„Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма?“.....21
„Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?“.....22
„Жүректе қайрат болмаса“.....22

Жаманбаланың баласы өлгенде („Белгілі сөз: „өлді, өлді“) 23
„Күн артынан күн туар“ 23
„Ауру жүрек ақырын соғады жай“ 24
„Қалқам-ай, мен үндемей жүремін көп“ 24
Теректің сыйы („Асау Терек долданып, буырқанып“) 25
„Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз“ 26
Шайтан („Мұңлы шайтан – құдайдың қуған жаны“) 26
„Мен кордім үзын қайың құлағанын“ 28
Емен мен шілік 28
Қазаға ұрынған қара шекпен 29
Жарлы бай 31
Есек пен бүлбүл 34
Қарға мен бүркіт 35
Шегіртке мен құмырсқа 36
Әншілер 37
Ала қойлар 38
Қарға мен түлкі („Жұрт біледі, күледі“) 39
Қарға мен түлкі („Боктықта талтаңдап“) 40
Бақа мен өгіз 41
Піл мен қаңден 43
Есек 43

1899

„Есіңде бар ма жас күнің“ 45
„Жүрегім менің қырық жамау“ 45
„Адам – бір боқ көтерген боқтың қабы“ 46
„Күшік асырап, ит еттім“ 46
„Сүйсіне алмадым, сүймедім“ 46
Дүтбайға („Жылуы жоқ бойының“) 47
„Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен“) 47
Жалау („Жалғыз жалау жалтылдап“) 48
Жартас („Қонады бір күн жас бүлт“) 48
„Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы“ 49

1900

„Жүрегім, нені сезесің“ 50
„Көлеңке басын үзартып“ 51
„Көңілдің күйі тағы да“ 52
„Күнді уақыт итеріп“ 52

1901

„Қуанбандар жастыққа“ 53
„Ұяламын дегені көңіл үшін“ 53
„Жапырағы қуарған ескі үмітпен“ 54

„Осы қымыз қазаққа“.....54
„Буынсыз тілің“.....55

1902

„Тоты күс түсті көбелек“.....56
„Алланың өзі де рас, сөзі де рас“.....56
„Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас“.....59
„Асау той, тентек жиын, опыр-топыр“.....59

1903

„Жалын мен оттан жаралып“.....60

Кейін табылған өлеңдер

„Домбыраға қол соқпа“.....61
„Ойға түстім, толғандым“.....61
„Мен боламын демендер“.....62
„Ғалымнан надан артпас үккенменен“.....63
„Түбінде баянды еңбек егін салған“.....63
„Әйелің–Медет қызы, аты Ырым“.....63
„Бөстегім, күтылдың ба Көтібақтан?“.....63
„Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезбек“.....63

Поэмалар

Ескендір.....64
Масғұт.....68
Әзім әңгімесі.....73
Вадим (М. Ю. Лермонтовтан).....84

Қара сөздер

Бірінші сөз.....89
Екінші сөз.....89
Үшінші сөз.....90
Төртінші сөз.....93
Бесінші сөз.....94
Алтыншы сөз.....95
Жетінші сөз.....95
Сегізінші сөз.....96
Тоғызыншы сөз.....97
Оныншы сөз.....98
Он бірінші сөз.....99
Он екінші сөз.....100
Он үшінші сөз.....101

Он төртінші сөз.....102
Он бесінші сөз.....102
Он алтыншы сөз.....103
Он жетінші сөз.....103
Он сегізінші сөз.....105
Он тоғызыншы сөз.....105
Жиырмасыншы сөз.....106
Жиырма бірінші сөз.....106
Жиырма екінші сөз.....107
Жиырма үшінші сөз.....108
Жиырма төртінші сөз.....109
Жиырма бесінші сөз.....109
Жиырма алтыншы сөз.....110
Жиырма жетінші сөз.....111
Жиырма сегізінші сөз.....114
Жиырма тоғызыншы сөз.....115
Отызыншы сөз.....116
Отыз бірінші сөз.....116
Отыз екінші сөз.....117
Отыз үшінші сөз.....119
Отыз төртінші сөз.....119
Отыз бесінші сөз.....120
Отыз алтыншы сөз.....121
Отыз жетінші сөз.....122
Отыз сегізінші сөз.....124
Отыз тоғызыншы сөз.....146
Қырықыншы сөз.....147
Қырық бірінші сөз.....148
Қырық екінші сөз.....149
Қырық үшінші сөз.....150
Қырық төртінші сөз.....152
Қырық бесінші сөз.....153

Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы.....154

Үкімет билігіндегі сенатқа шағым пікір.....158

Түсініктер

Өлеңдер мен аудармалар.....172
Поэмалар.....263
Қара сөздер.....282
Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы.....296
Сенатқа хат.....299
Кісі аттары.....313
Екінші томға енген шығармалардың алфавиттік көрсеткіші.....329

АБАЙ (ИБРАҺИМ) ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

Шығармаларының екі томдық толық жинағы

II ТОМ

ӨЛЕҢДЕР МЕН АУДАРМАЛАР

Редакторы *Б. С. Қошым-Ноғай*
Суретшісі *Л. Тетенко*
Көркемдеуші редакторы *Б. Серікбаев*
Техникалық редакторы *Л. Линькова, А. Тілеукеева*
Компьютерде терген *И. Алмабаева*
Компьютерде беттеген *С. Ахметова*

ИБ № 6116

Теруге 10.08.2001 ж. жіберілді Басуға 8.07.2002 ж. қол қойылды. Қалыбы 84x108 1/16. Қаріп түрі „Таймс Каз". Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 17,64. Шартты бояу көлемі 18,04. Есепті баспа табағы 17,55. **Таралымы 5000 дана. Тапсырыс № 1768.** Келісімді баға.

Қазақстан Республикасы „Жазушы" баспасы, 480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Тапсырыс дайын диапозитивтерден басылды.

«Кітап» баспа үйі, 480009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93.